

# ҚАЗАҚСТАН КОММУНИСТ

---

4-6

**АПРЕЛЬ**

**1959**

**АЛМАТЫ**

ҚАЗАҚСТАННЫҢ КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ ЖАНЫНДАҒЫ РЕПУБЛИКАЛЫҚ  
ГАЗЕТ-ЖУРНАЛДАР БАСПАСЫ



# Қазақстан КОММУНИСТІ

ҚАЗАҚСТАН ҚП ОРТАЛЫҚ  
КОМИТЕТІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ  
және САЯСИ ЖУРНАЛЫ  
—  
XXXVIII ЖЫЛ ШЫҒУЫ

№ 4

А П Р Е Л Ъ

1959

## МАЗМҰНЫ

БАС МАҚАЛА — Ауыл шаруашылығын онан әрі көтерудің келелі міндеттері	2
Совет кәсіподақтары — коммунизм мектебі	9
Т. ЖАНКЕЛДИН — Философияның партиялығы жөніндегі маркстік ілімді В. И. Лениннің дамытуы	15
Сталин облысы еңбекшілері арасындағы бұқаралық-саяси жұмыстың жайы және оны жақсарту шаралары туралы	23
Т. ЖАҚЫПОВ — Қызылорда облысында ег. өндіруді арттыру мүмкіндіктері	33
Т. ЫДЫРЫСОВ — Кәзіргі заман тақырыбы — әдебиетіміздің ең басты тақырыбы	38

## СОВЕТ ОДАҒЫ КОММУНИСТІК ПАРТИЯСЫНЫҢ ТАРИХЫ

X тарау — Партия халық шаруашылығын қалпына келтіру жолындағы күресте (1921 — 1925 жылдар)	44
--	----

## ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ

С. БАЙЕДІЛОВ — КПСС XXI съезінің шешімдері бұқараға кеңінен түсіндірілсін	88
Қ. СЫЗДЫҚОВ — Жетіжылдықтың алғашқы жылында біздің алдағы асуы	93
Т. СӘМБЕТОВ — Коммунистік жарыс — жетіжылдықты мерзімінен бұрын орындаудың қуатты құралы	96

## ОҚУШЫЛАРДЫҢ СҰРАУЛАРЫНА ЖАУАП

А. ФАРИЗОВ — Социалистік қоғамның ұлттық табысы және оның бөлінуі	99
---	----

## БАСПАСӨЗГЕ ШОЛУ

КПСС XXI съезінің шешімдері кең насихатталсын	103
---	-----

## СЫН ЖӘНЕ БИБЛИОГРАФИЯ

С. ХАЙДАРОВ — Атеист лектордың кітапханасы	107
--	-----

## ТЕРМИН СӨЗДЕРГЕ ТҮСІНІК

Әлеуметтік-экономикалық терминдер	111
-----------------------------------	-----



# Ауыл шаруашылығын онан әрі көтерудің келелі міндеттері

Совет Одағы Коммунистік партиясының ХХІ съезі Отанымыздың экономикасы мен мәдениетін онан әрі үздік дамытудың, еңбекшілердің тұрмыс-күйін жақсарту түсудің керемет болашағын белгіледі, совет адамдарының жарқын да ізгі мақсаты — коммунизмге қарай алып адыммен, шалшаң қарқынмен алға басу жолдарын айқын көрсетіп берді.

Жетіжылдық жоспарды жүзеге асыру коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасауда, еліміздің негізгі экономикалық міндетін — халықтың жан басына өнім шығару жөнінде неғұрлым дамыған капиталистік елдерді қуып жетіп, басып озу міндетін тарихи қысқа мерзімде орындауда шешуші қадам болмақ. Ал бұл жөнінде ауыл шаруашылығын онан әрі көтеру өлшеусіз үлкен орын алады. Міне сондықтан да партияның ХХІ съезі белгілеген жетіжылдық жоспарда ауыл шаруашылығын жан-жақты дамыту міндетіне де ерекше назар аударылды.

Соңғы жылдары елімізде ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру жағынан Қазақстанның салмағы едәуір өсті. Енді республикамыз астық өндіру жөнінде одақта Россия федерациясынан кейін екінші, ет пен сүттен — төртінші, жүннен — екінші орынға ие болып отыр.

Коммунистік жетіжылдықтың алға қойып отырған міндеті айқын. 1965 жылы астықтың өнімін, жалпы түсімін едәуір арттыру, техникалық дақылдарды, картопты, овощты, жемісті және басқаларын барған сайын мол өндіру жетіжылдықтың аяғында қой мен ешкі санын 75 миллионға, ірі қараны 7,5 миллионға, шошқаны 2,6 миллионға, жылқыны 1,8 миллионға, құсты 30 миллионға жеткізу — республика колхозшыларының, совхоз, РТС қызметкерлерінің негізгі нысанасы міне осындай.

Қазір бүкіл елдегі сияқты, Қазақстанның ауыл-село еңбекшілері арасында да жетіжылдықтың алға қойған міндеттерін орындау жолындағы социалистік жарыс күннен күнге құлашын кен жаюда. Совет халқының өмірінде 1959 жыл — жетіжылдықтың тұңғышы, елеулі кезең болып табылады. Ауыл шаруашылығы саласында алып жоспар бойынша белгіленген міндеттерді абыроймен жүзеге асырудың берік негізін қалау алдымен биылғы жылдың жұмысына, егіншілік пен мал шаруашылығын жаңаша мықтап өркендету бағытында елеулі қадам жасауға байланысты. Ендеше жетіжылдықтың тұңғышы — биыл әр колхоз, совхоз, аудан, облыс, бүкіл республика бойынша ауыл шаруашылығын онан әрі мықтап өрге бастыруда алға қойылатын нақты нысананың қандай болатынын белгілеп, айқындап алудың үлкен мәні бар. Бұл жөнінде ауыл шаруашылығы озаттарының жақында болып өткен республикалық кеңесінің маңызы болды.

Кеңеске қатысушылар — ерлік еңбегімен даңқы шыққан, елімізде азық-түлік молшылығын жасау күресінің алдыңғы шебінде жүрген, халық құрметіне бөленген, айтулы саңылақ, жүйріктердің ішінде Қызылорданың даңқты күрішішісі Ыбырай Жақаев, Көкшетау облысындағы комбайнмен егін жинаудың шебері В. Ярошенко, Жамбыл облысының

Гос. рес. библиотеки  
1949/6.



білікті қызылшашысы Социалистік Еңбек Ері С. Оңғарбаева, Гурьев облысының былтыр әр жүз саулықтан 150, қозыдан өсіріп, әр қойдан 5 килограмға дейін жүн қырыққан атақты шопаны С. Дәулетқалиев, Солтүстік Қазақстан облысының қоян өсірушісі А. Чайкова, Семей облысының шошқа бағушысы В. Бауэр және тағы басқалары болды.

Кеңесте озаттардың көбі сөз сөйлеп, қол жеткен табыстарын баяндады, тәжірибелерін ортаға салды, өздері жұмыс істейтін шаруашылықтың дәулетін шалқыту, бүкіл республика ауыл шаруашылығын өркендету міндеттерін орындауға қосар үлесін, жетіжылдықтың биік мұратына жетудегі асыл ойларын, игі тілектерін білдірді. Облыс басшылары өз сөздерін жер-жерде істеліп жатқан жұмыстардың жайын баяндауға, еңбекшілердің жарыста алған міндеттемелерді орындау жолындағы күресіне арнады. Ғалымдар ауыл шаруашылығын өркендетудің ғылыми жолдарын, оны тәжірибемен ұштастырудың тәсілдерін айтты.

Кеңестің соңында КПСС Орталық Комитеті Президиумының мүшесі Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары Н. И. Беляев жолдас ұзақ сөз сөйлеп, ауыл шаруашылығын өркендету жөнінде республика колхозшыларының, совхоз, РТС қызметкерлерінің, мамандарының, бүкіл партия, совет, ауылшаруашылық органдарының алдында тұрған маңызды міндеттерге тоқталды.

Кеңеске қатысушылар Қазақстан ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің 1959 жылға арналған міндеттемесін бірауыздан қабылдады, ауыл шаруашылығын өркендету жөнінде жетіжылдық жоспарды жеті жылда емес, бес жылда орындауға ұйғарылды.

Кеңесте КПСС XXI съезінің ауыл шаруашылығы жөніндегі шешімдерін және мал шаруашылығы мен егіншілік өнімдерін өндіріп, мемлекетке тапсыру жөнінде 1959 жылға арналған міндеттемелерді орындау ісінде Қазақстанның ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің міндеттері туралы Қазақ ССР Министрлер Советінің председателі Д. Қонаев жолдастың баяндамасы тыңдалды.

КПСС XXI съезінің шешімдеріне патриоттық іспен жауап беруге ұмтыла отырып, Қазақстанның ауыл шаруашылығының еңбекшілері жетіжылдықтың тапсырмаларын мерзімінен бұрын орындауға серт етті. Олар астықтың жалпы түсімін жетіжылдықтың аяғына белгіленген 1 миллиард 370 миллион пұт орнына, оны 1959 жылдың өзінде кемінде 1,5 миллиард пұтқа жеткізуге, сөйтіп астық сатудың мемлекеттік жоспарын асыра орындауға, елімізге кемінде 200 мың тонна мақта, көптеген қант қызылшасын, майлы дақылдар дәнін, былтырғыдан екі еседен аса артық — 800 мың тонна ет, 887 мың тонна сүт, 76 мың тонна жүн және басқа да толып жатқан өнімдерді орасан зор мөлшерде тапсыруға және сатуға міндеттенді. Бұл міндеттемелер партияның XXI съезінің шешімдеріне КПСС Орталық Комитеті декабрь Пленумының қорытындысына арналған Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті XIV пленумының қарарларына толық сай келеді.

Жетіжылдықтың, оның ішінде ең алдымен биылғы жылдың ауыл шаруашылығын өркендету саласындағы белгіленген жоспарды, алынған міндеттемелерді абыроймен орындауға бізде мүмкіншілік жеткілікті. Колхоздар мен совхоздардың маңдайалды техникамен мол қаруланып отырғаны, тың жерлерді игеріп, үлкен тәжірибеге ие болып, мемлекетке миллиондаған пұт астық тапсырып, елімізді өздерінің ерлік істерімен неше мәртебе қуантқан тамаша кадрларымыздың өсіп жетілгені бұған толық айғақ бола алады.

Егіншіліктегі басты бағыт — астық өндіру мөлшерін бұдан былай да арттыра беру болмақ, өйткені ол бүкіл ауыл шаруашылығы өндірісінің негізі. КПСС XXI съезінің шешімдерінде, партияның леңиндік Орталық Комитетінің декабрь Пленумы қарарында астық өндіру мәселесіне айырықша көңіл бөлінуі де міне осыдан. Астық өндіруді арттыру



міндетін көңілдегідей шешу үшін таяудағы жылдары республикамызда тағы да үш — үш жарым миллион гектар тың жер игерілуге тиіс. Сөйтіп егіс көлемін онан әрі ұлғайту керек. Негізгі тың және тыңайған жерлер игерілгендіктен кәзір астық өндіруді арттыру жөніндегі басты да шешуші арна дәнді дақылдардың шығымдылығын еселеп арттыру болып отыр. Үстіміздегі жылдан бастап дәнді дақылдардың өнімі гектарына үш-төрт центнер арттырылуын қамтамасыз ету керек. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен республика үкіметі мақұлдаған егіншіліктің ғылыми жүйесін енгізуге зейін қойып, оны мемлекеттік маңызы өте зор іс деп тану — әрбір колхоз, совхоз басшыларының түбегейлі міндеті.

«Не ексең — соны орасың» деп халық біліп айтқан. Дәнді дақылдардың шығымдылығын, жалпы түсімін арттыруда тұқымның шешуші маңызы бар. Жаппай сортты егіске көшуді таяудағы бір-екі жылда аяқтау міндеті алда тұр. Алайда бұл жөнінде елеулі кемістіктер орын алып жүр. Негізгі астықты алқап — Қостанай, Павлодар облыстарында былтыр бүкіл егіс көлемінің төрттен үш бөлігінен көбі жай тұқыммен егілді. Колхоздар мен совхоздардың сортты тұқыммен қамтамасыз етілуі биыл да жақсы емес. Бұл кемшілікті түзету керек.

Тыңайтқышты кең қолдану, егін қорғайтын орман алқабын өсіру, зиянды жәндіктерді жою, егіс жұмыстарын қолайлы мерзімде, неғұрлым тез сапалы орындап отыру — егін шығымдылығын арттыруға көмектеседі. Бидаймен бірге тары, күріш өндіруге баса көңіл бөлінуге тиіс.

Республикамызда техникалық және майлы дақылдарды, картопты, овошты, жемісті көп өндірудің зор болашағы белгіленген. Бұған да барлық мүмкіншілікті пайдаланған жөн. Алдын-ала жасалған есепке қарағанда, қызылша егісінің көлемін 1960 жылдың өзінде 60 мың гектарға жеткізіп, оның өнімін кәзіргіден үш еседен аса молайтуға болады. Шығыс Қазақстан, Семей облыстарының жеке аудандарында былтыр қызылша тұңғыш егілсе де одан мол өнім жиналды. Мұның өзі қызылшаның жалпы түсімін көбейтуге, қантты көп өндіруге біраз себін тигізді. Дегенмен агротехникалық талаптардың дұрыс қолданылмауынан, әсіресе бұл дақылды өсірудің шаршы және шаршы-ұялы әдісінің елеусіз қалуынан көп шаруашылықта өнім аз алынды. Республика бойынша өткен жылы қант қызылшасы жалпы егіс көлемінің үштен бір бөлігінде өнім гектар басы 200 центнерден кем болды. Биыл қызылшаның шығымдылығын суармалы жерлерде гектарына 300 — 350 центнерге, суарылмайтын жерде 200 центнерге арттыру міндеттемесін қайткен күнде орындап шығу керек болады.

Жетіжылдық жоспар бойынша 1965 жылы шитті мақта өндіру былтырғымен салыстырғанда 1,7 — 2 есе арттырылуы көзделіп отыр. Республика мақташыларының уәдесі — 1959 жылы әр гектардан кемінде 20 центнер өнім алып, оның жалпы түсімін бұрынғыдан едәуір арттыру. Мұны мүлтіксіз орындау мүддесі мақта шаруашылығының артта қалушылығын батыл жою, кейін қалған колхоз, совхоздарды озаттар дәрежесіне жеткізу, мақтаның шығымдылығын шұғыл көтеретін агротехникалық озық әдістерді кең қолдану шараларын жүзеге асыруды талап етеді. Оңтүстік Қазақстан облысының партия, совет ұйымдары мақталы шаруашылықтарға өздерінің басшылығын анағұрлым жақсартуға, кездескен кемшіліктерді жою жөнінен оларға нақты көмек көрсетіп отыруға міндетті.

Күнбағыс, салалы зығыр, арыш, мақсары, қыша және майлы дақылдардың өзге түрлерінің дәнін өндіру, дайындау жұмыстарын кәзіргіден анағұрлым жақсарту түсудің де маңызы бар. Майлы дақылдар өнімі халықтың азық-түлігі үшін де, өнеркәсіптің қажеті үшін де өте керек.



Қалалар мен өнеркәсіп орталықтары төңірегіндегі совхоздарды картоп, овощь өндіруге бағыттап мамандандыру қала еңбекшілерінің бұл өнімдер жөніндегі қажетін өтеу мәселесін шешудің бірден-бір дұрыс жолы болып табылады. Қарағанды, Шығыс Қазақстан облыстарындағы өнеркәсіп орталықтарын, Алматы қаласын картоппен, овощьпен жабдықтау үшін осындай шаралар қолданылып жатыр.

Ауылшаруашылық дақылдарынан мол өнім алудың берік негізін қалау, ең алдымен көктемгі егіске мінсіз әзірленіп, оны ұйымшылдықпен сапалы өткізуге байланысты. Көктемде қыруар жұмысты атқаруға тура келейін деп отыр. Республиканың колхоздары мен совхоздары 23 миллион гектардан астам жаздық дақылдар, оның ішінде 21 миллиондай гектар дәнді дақылдар егуге тиіс. Ал егіске жер өткен күзде толық даярланған жоқ. Көктемде жыртылатын жердің көлемі 13 миллион гектар. Демек, әзірленген жердің жеткіліксіздігі қосымша қиыншылық туғызатыны даусыз. Бұл қиыншылықты қайткенде де жеңу керек. Оңтүстік облыстардағы аудандардың көбі егіс жұмыстарын негізінен аяқтады. Республикамыздың басқа жерлерінде көктемгі егіс жаппай басталды. Егіс жұмыстарын ұйымшылдықпен қысқа мерзімде орындау — кәзіргі ең басты міндет.

Колхоздың әр машинасын бақылауға алып, ауыл шаруашылығы артельдерін запас бөлшектермен керегінше жабдықтап отыру егісте күрделі техниканы неғұрлым өнімді пайдалануға барынша көмектесу — РТС қызметкерлерінің абыройлы ісі. Қолда бар техника мейлінше өнімді пайдаланылатын болса, республикамызда көктемгі егіс жұмыстарын 8 — 10 күн ішінде толық, аяқтап шығуға, яғни күніне екі миллион гектардан астам жерге тұқым себуге болады. Шаруашылықтардың мүмкіншіліктері негізінде алдын-ала жасалған есеп осыны айқын көрсетуде. Көктемгі егіс жұмыстарын агротехникалық қолайлы қысқа мерзімде сапалы өткізу үшін зор ынтымақ, асқан ұйымшылдық керек.

Елімізде мал шаруашылығы өнімдерін дайындау ісінде Қазақстан көрнекті орын алып, жан басына ет, сүт, май өндіру мөлшері жарынан АҚШ-ты тез қуып жету жолындағы баршахалықтық іске елеулі үлес қосуға тиіс. Совет адамдары біздің республикамыздан осыны күтеді.

Тың және тыңайған жерлерді игеруге қандай күш-жігер жұмсалған болса, кәзір мал шаруашылығын өркендетуге де дәл сондай күш-жігер жұмсау керек болып отыр. Шаруашылықтың бұл маңызды саласында жетіжылдықтың алға қойған міндеттерін мерзімінен бұрын орындау жарысына қосылған республика еңбекшілері 1959 жылды мал санын көбейтудің, мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді арттырудың және дайындауды ұлғайтудың шешуші жылына айналдыруға бел байлап отыр. Олар колхоздар мен совхоздарда биылдың өзінде ірі қара санын 12,6 процент, қойды 17,2 процент, шошқаны 31 процент, күсті 2,6 есе көбейтуге ұйғарды. Үстіміздегі жылы малдың санын көбейте отырып, мемлекетке 800 мың тонна ет сату күресі кәзір кеңінен өрістетіліп отыр. Өткен жылғыдан екі есе артық мұндай көп ет өткізу міндеттемесін әбден орындауға болады. Оған мүмкіншіліктің бәрі бар. Біріншіден, оған кәзірдің өзінде негіз қаланып отыр. Ет тапсырудың және сатудың бірінші тоқсан жоспары республика бойынша біржарым еседей асыра орындалды, былтырғыдан 3,2 есеге жуық артық ет дайындалды.

Ет өндіруді шұғыл арттырудың мүмкіндіктері қандай? Етке өткізетін малды жайып семірту, бордақылауды тыңғылықты ұйымдастыру осы мүмкіншіліктің бірі. Жайып семірткенде ірі қараның тірідей салмағын кемінде жүз, қойдың салмағын 15 килограмм арттыру керек. Осының есебінен де қосымша көп ет алынуға тиіс. Салмағы ауыр, семіз мал тапсыруды берік заңға айналдыра отырып, әрбір колхоз бен



совхоз етке берілетін ірі қараның салмағын орташа есеппен 300 — 320 килограмнан, қойды 52, шошқаны 86 килограмнан келтіру үшін күресу керек. Жайып семірілетін мал отарлары, табындары мезгілінде құрастырылуы, ондай малды бағуға тәжірибелі, өз ісін сүйетін таңдаулы малшылар тағайындалуы шарт. Малды неғұрлым жақсы семірту жолындағы жарысты ұйымдастырып, адамдарды материалдық жағынан ынталандыру шараларын қолдану керек.

Астықты аудандардың бәрінде шошқа, құс, үй қояны фермаларын құру жедел қолға алынатын міндет. Алайда бірқыдыру астық совхоздарында мал өсіруге, әсіресе шошқа өсіруге көңіл бөлінбейді, оның тез жетіліп, көп ет беретіні, сөйтіп шошқа шаруашылығының ет проблемасын шешудегі орасан зор маңызы бағаланбайды, тіпті шошқа фермасын жою сияқты қылмысты жолға түсушілік фактісі де бар. Мұндай өрескел фактіге үзілді-кесілді тиым салу керек.

Жылқы шаруашылығын өркендетуді де ет дайындау мөлшерін арттырудың бір көзі деп қарау керек. Енді дайындау ұйымдары жылқы етін малдың басқа түліктерінің етімен бірдей қабылдап отыруға, бұрынғы шек қоюшылықты жоюға міндетті.

Халықтың басы артық малын сатып алу ісі қоғамдық мал санын көбейтіп, ет өндіру мөлшерін арттыруға көмектесетін шараның бірі. Әрине, мал сатып алу ісін еңбекшілер арасында тиісті түсінік жұмысын кеңінен жүргізе отырып, жүзеге асырған жөн. Бұл жөнінде ешбір асыра сілтеушілік болмауға тиіс.

КПСС Орталық Комитеті декабрь Пленумының қарарында атап көрсетілгеніндей, бұдан былай облыстардың, аудандардың, колхоздар мен совхоздардың табыстары, ең алдымен мал шаруашылығының аса маңызды өнімі — ет өндіру дәрежесіне қарай бағаланады. Мұны есте берік ұстай отырып, жергілікті партия, совет, ауылшаруашылық органдары малды жайып семірту, бордақылау, жалпы ет дайындау ісіне күнделікті бақылау жасауға, сөйтіп республика бойынша ет тапсыру және сату жөнінде 1959 жылға белгіленген жоспарды жылдың бірінші жартысында, ал алынған міндеттемелерді жылдың екінші жартысында орындап шығуды қамтамасыз етуге тиісті.

Ет қорын молайтуға барлық мүмкіндікті пайдаланумен бірге әр шаруашылықта малды төл есебінен өсіріп көбейту де өрелі міндет. Мұны, әрине, мал қыстатуды барлық жерде бірдей ойдағыдай аяқтап, малдың өлім-жітімін мүлде жойғанда, төл алуды жақсылап өткізіп, жемшөп қорын молайтқанда ғана орындауға болады. Жасыратыны жоқ төлдейтін малды көбейту, оның қысыр қалуын жою үшін күрес ойдағыдай емес. Соның салдарынан былтыр 160 мыңнан астам бұзау, бір миллиондай қозы кем алынды. Мал шаруашылығына үлкен нұқсан келтіретін мұндай жағдайға келешекте төзіп отыра алмаймыз. Малдың қысыр қалуын жою арқылы, зоотехникалық-малдәрігерлік шараларды ойдағыдай жүргізу жолымен биыл әр жүз саулықтан кемінде 110 қозы, әр сиырдан бір бұзау, әр мегежіннен 25 — 30 төрай алып, аман өсіру міндеті алға қойылып отыр. Кәзір малшылардың назары осы мәселеге ерекше аударылуға тиіс.

Колхоздар мен совхоздарда сауын сиырларды өсіруге, оны күтіп бағуға, талан-таражға түсуден, шығын болудан сақтауға айырықша көңіл бөліп отырудың маңызы бар. Өйткені сүт дайындау міндетін орындау осыған тікелей байланысты.

Қазақстанда 1965 жылы қойдың санын 75 миллионға жеткізу ұйғарылып отыр. Мұның өзі 1958 жылғыдан үш еседей, бүкіл еліміздегі қой санының жартысынан да көп, ал АҚШ-тағыдан екі еседен аса артық болады. Республикамыз алдағы жетіжылдықта мемлекетке жыл сайын жүнді, әсіресе биязы, биязылау жүнді, қаракөл елтірісін, қой етін едәуір мол беріп отыратын болады. Әр ауданның табиғи экономи-



калык жағдайына қарай қойдың сапалы жүн, құнды елтірі беретін тұқымдарымен бірге, еті майлы да дәмді келетін, тондық тері беретін жергілікті құйрықты қой мен еділбай қойын өсіру ісін жолға қойған жөн.

«Біздің елімізде, — дейді Н. С. Хрущев жолдас, — ет және мал шаруашылығының басқа өнімдерін өндірудің арнасы ұшан-теңіз. Бірақ бір шарт бар, онсыз бұл арналарды толық пайдалану туралы ешқандай сөз болуы мүмкін емес. Мұндай шарт — жемшөп қорын онан әрі нығайту, ең алдымен жүгері өндіруді арттыру болып табылады» Расында, жүгері дегеніміз ет, сүт, май, ең байлықтың көзі. Агротехникалық шараларды дұрыс қолданғанда, Қазақстанның қай жерінде болса да жүгері көкшөптен де, балауызданған собықтан да мол өнім бере алатынын тәжірибе көрсетті.

Бізге жүгерінің төңірегінде даурықпа, құрғақ сөз көп те, нақты іс аз. Азық-түліктік, жемшөптік қасиеті күшті — жүгері сынды дақылды бағаламай, оған немқұрайды қараушылық жойылмай келеді. Көп шаруашылықтарда жүгері егуге керенаулық жасалатыны, бұл дақылдың шамалы жерге егіліп, одан болмашы өнім алынатыны да міне осыдан деп білу керек. Алматы облысындағы Ақсенгір совхозында былтыр жүгерінің әр гектарынан не болғаны 4,8 центнер астық, Павлодар облысының «Май» совхозында 4,5 центнер көкшөп қана алынды. 1959 жылды жүгеріден неғұрлым мол өнім алатын жылға айналдыруымыз керек. Еліміздің атакты механизаторлары Мануковский, Гиталов жолдастардың үлгісі бойынша жүгеріні қол еңбегін қолданбай егіп өсірудің озық тәжірибесін кеңінен пайдалану — бұл бағалы дақылды өндіру ісін мықтап алға бастырады.

Жемшөп қорын нығайтуда жоңышқа, беде, арпабас сияқты екпе шөптердің, мал азығына арналған картоп, қызылша, бақша дақылдарының егіс көлемін ұлғайтып, шығымын арттыру ісі де үлкен орын алады. Жайылым, шабындықтарды суландыру, жайып суару, құдық қазу, су қоймаларын жасау жұмыстарын да бәсеңдетуге болмайды.

Совхоздар — республика ауыл шаруашылығында шешуші күш. Олай дейтініміз жалпы егіс көлемінің жартысынан астамы, дайындалып жүрген астықтың 67 проценттейі совхоздардың үлесіне тиеді. Демек, жетіжылдық жоспардың орындалу тағдыры, көбінесе осы шаруашылықтардың жұмысына байланысты. Сондықтан да кәзір совхоздардың жұмысын жақсарту түсудің маңызы ерекше зор. Жұмысты үнемі пайдалы істеп, үлгілі шаруашылыққа айналған, табысы үшін талай рет сый-құрметке ие болған совхоздар бізде аз емес. Бірақ сонымен бірге әлі де біржақты өркендеп, астықты және басқа өнімдерді өндіру мүмкіншілігін жөнді іске асыра алмай, зиян шегіп, етті, сүтті тым қымбатқа түсіретін шаруашылықтар бар. Жеке совхоздарда салдыр-салақтық, жауапсыздық, мығым, мемлекеттік мүддені қадірлей білмеушілік орын тепкен, шаруашылықты ғылым, озық тәжірибе негізінде жүргізуге басшылық ойдағыдай емес, адамдардың жұмысын күнделікті қадағалап, бақылап отыру жағы нашар. Ал осындай жерде табысқа жету мүмкін емес екені аян. Көкшетау облысындағы Ленинград совхозы өткен жылда жеті миллион сомның зиянын шекті. Әр центнер өнімнің өзіндік құны жоспардағыдан едәуір қымбат болды. Мысалы, ол сүттен 127 сом, сиыр етінен 928, шошқа етінен 2042 сом артық болып шықты. Совхозда финанс тәртібі өрескел бұзылған, орынсыз шығын көбейген. Сол облыстың «Коммунизм» совхозында иесіздік салдарынан бір мыңнан аса центнер картоп далада жиналмай қалып, үсіп кеткен, ұқыпсыздықтан техниканы жөндеуге төрт жүз мың сом артық жұмсалған. Ақша қаражатты, жемшөпті бей-берекет орынсыз пайдалану бар. Совхоз 1958 жылы алты миллион сомның зиянын көрген. Міне бұл фактілер ең алдымен осы совхоздардың директорлары Шепи-



лов, Елихин жолдастардың мемлекет алдындағы жауапкерлік сезімін түсінбей, шаруашылықты бетімен жібергенін сыпаттайды.

Осындай фактілер басқа облыстардан да табылады. Соның салдарынан былтыр көптеген шаруашылықтардың экономикалық көрсеткіші нашарлап кетті: республика бойынша астықтың өзіндік құны 260 миллиондай, сүттің өзіндік құны жүз миллиондай сом қымбатқа түсті. 400-ден астам совхоз пайда келтірудің орнына зиян жасады.

Совхоздардың жұмысындағы мұндай елеулі олқылықтар неден болып отыр? Оның негізгі себебі алдымен Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі (министрі Рогинец жолдас) және оның төменгі орындары, жергілікті партия, совет ұйымдары, әсіресе Қостанай, Көкшетау, Солтүстік Қазақстан облыстарының басшылары совхоздарға қағаз жүзінде, жалпылама үстірт басшылық етеді, олар әр шаруашылықтың ерекшеліктерін, мұн-мұқтажын ескермейді, кемшілікті түзетуге дер кезінде көмектеспейді. Совхоздарды олқылықтан шығару дереу күн тәртібіне қойылуға тиіс.

Колхоздарды ұйымдық-шаруашылық жағынан онан әрі нығайту жұмыстарын жетіжылдықтың жауынгерлік міндеттерімен тығыз байланыстыра жүргізу керек. Соңғы жылдары партия мен үкімет жүзеге асырған ірі шаралар колхоз өндірісінің күрт көтерілуіне кең өріс ашты. Бұл күндері колхоздар өздерінің қоғамдық шаруашылығын өркендетудің 1959—1965 жылдарға арналған жетіжылдық жоспарын жасап жатыр. Ол жоспарда әр шаруашылықтың табиғи-экономикалық мүмкіншіліктері жан-жақты ескерілуге тиіс.

Кәзір бүкіл республика бойынша, сондай-ақ барлық облыс, аудан бойынша ауыл шаруашылығын жаңапы мықтап өркендету мақсатын көздеген социалистік жарыс міндеттемесі қабылданды. Белгіленген жоспарды, алынған міндеттемені абыроймен орындау, ауыл-селодағы барша жұртшылықтың қажымай-талмай еңбек етуін, партия, совет, ауылшаруашылық органдарының үлкен ұйымдастыру жұмыстарын жүргізуін, олардың қызметті ширақ істеуін талап етеді. Социалистік жарысқа басшылық етуде, міндеттеменің орындалуын әрбір ферма, егіс-трактор бригадасы бойынша бақылап, қадағалап отыруда колхоз, совхоз бастауыш партия ұйымдарының ролін арттырудың кәзір өте мәте маңызы зор.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірудің жетіжылдық жоспарын мерзімінен бұрын орындау және асыра орындау күресінің алдыңғы шебінде болу, қайнаған өмірге емін-еркін араласу, сөйтіп халықтың ын-та жігерін әрістетіп, еңбек өрлеуін туғызып отыру—ауыл-село партия ұйымдарының, әрбір коммунистің жауынгерлік борышы. Партия ұйымдарының барлық бұқаралық-саяси жұмысы әр шаруашылықтың алдында тұрған нақты міндетпен тығыз байланысты, ауылшаруашылық өнімдерін өндіруді арттыру күресіне қалың бұқараны жұмылдыру бағытында жүргізілуі керек.

Ауыл шаруашылығы қызметкерлеріне олардың мұн-мұқтажына күнделікті көңіл бөліп, жұмысты өнімді істеп, мәдениетті дем алуына жағдай жасау—бүкіл партия, совет, ауылшаруашылық органдарының жауапты міндеті. Республикамыздың сауда, денсаулық сақтау, мәдениет министрліктері, тұтынушылар одағы және олардың төменгі орындары дихандардың, механизаторлардың, малшылардың мәдени-тұрмыс жағдайларын жақсарту бағытында өздеріне жүктелген міндетті мүлтіксіз орындап отырулары керек.

КПСС XXI съезінің тарихи шешімдерімен жігерленген Ленин орденді Советтік Қазақстанның еңбекшілері 1959 жылы ауыл шаруашылығын өркендетуде жана табыстарға жетеді.



# Совет кәсіподақтары — коммунизм мектебі

Өткен март айының аяғында, Ұлы Отанымыздың астанасы Москвада, совет кәсіподақтарының бүкілодақтық XII съезі болып өтті. Съезд кәсіподақтардың Бүкілодақтық Орталық Советінің есепті баяндамасын тындап, кәсіподақтар алдында тұрған айбынды жаңа міндеттерді белгіледі, кәсіподақтар уставына өзгерістер енгізді, басшы органдар сайлады.

Кәсіподақтардың XII съезі басынан аяғына дейін туысқан Коммунистік партияның тарихи XXI съезінің қарарлары, партияның Орталық Комитетінің XII съезге жазған хаты рухында өтті. Съездің барлық жұмысы кәсіподақтарға біріккен еліміздің сан миллион еңбекшілерінің социалистік Отанымызға деген шексіз сүйіспеншілігін, халқымыздың ар-намысы, ақыл-ойы — Коммунистік партия төңірегіне берік топтана түскенін, еліміздегі коммунистік құрылыс жұмыстарын кең көлемде жүргізу күресіне белді бекем байлап кіріскенін жарқын бейнеледі.

Бір пікірлестер, шындалған айбынды революцияшылдар ұйымы ретіндегі Коммунистік партия жаңа қоғам құру, жаңа өмір орнату, халық бұқарасымен байланысты нығайта беру, оларды қайта тәрбиелеу жолындағы бүкіл алып жұмысын белсенді көмекшісіз, мықты таянышсыз, сенімді тірексіз орындай алмақ емес. Партияның мұндай сенімді тіректері, оның бұқаралық ұйымдары — советтер, кәсіподақтар, жастар одағы тағы басқа қоғамдық ұйымдар.

Кәсіподақтар — шын мәнісіндегі бұқаралық ұйым, қоғамдық саяси зор күш. Ол халық шаруашылығы мен мәдениеттің алуан түрлі саласындағы кәсіпкерлерді біріктіреді, олардың өмірлік мүддесін қорғап, жоғын жоқтайды.

Партияның Орталық Комитетінің кәсіподақтардың XII съезіне жазған хатында былай деп көрсетілген: «... Совет кәсіподақтары коммунизм жолындағы күресте партиямыздың сенімді тірегі болып табылады. Кәсіподақтар еліміздің мемлекеттік, шаруашылық және қоғамдық өмірінде маңызды роль атқарып, халық шаруашылығын ұдайы өрге бастыру жолында, совет адамдарының материалдық әл-ауқаты мен мәдени дәрежесін арттыру жолында қажырлы күрес жүргізіп келеді».

Кәсіподақтарға, партияның сенімді тіректерінің бірі ретінде, ұлы көсеміміз В. И. Ленин ерекше маңыз берген болатын. Ол кәсіподақтардың социалистік қоғам жағдайындағы алатын орны мен маңызын өте айқын да дәл анықтап берді. Кәсіподақтар «... тәрбиеші ұйым, іске тартушы, үйретуші ұйым, — деп жазды В. И. Ленин, — бұл мектеп, басқару мектебі, қожайындық ету мектебі, коммунизм мектебі» (Шығармалар, 32-том, 2-бет).

Еліміздің социализмнен біртіндеп коммунизмге өту дәуіріндегі кәсіподақтардың ролі мен міндеттерін партияның тарихи XXI съезі белгілеп берді. Н. С. Хрушев жолдастың съезде жасаған баяндамасында және съездің қарарларында кәсіподақтар жөніндегі лениндік қағида онан әрі дамытылды, коммунистік құрылыстың кең көлемде жүргізілуі қарсаңында кәсіподақтардың ролі артып, міндеттері ұлғая түсетіні, праволары барған сайын кеңейе беретіні атап көрсетілді.

Қазіргі тарихи дәуірдегі кәсіподақ ұйымдарының ең басты құрметті міндеті — еңбекшілер бұқарасын партияның XXI съезі қабылдаған



коммунистік құрылыстың ұлы программасын жүзеге асыруға жұмылдыру, алдымен жетіжылдық алып жоспарды орындауға жұмылдыру, осы мақсатпен әрбір коллективті өз алдындағы биік асуды алуға аттандыру. Осы бағытта кәсіподақ ұйымдары коммунистік құрылыс жұмыстарының барлық саласына жұмысшылар мен қызметшілерді неғұрлым белсенді қатыстыруға, олардың творчестволық ынта-жігерін мейлінше кең өрістетуге тиіс.

Еңбекшілердің саяси және өндірістік белсенділігі арта түсуі, өндіріс техникасының өсуі, өндірісті ұйымдастыру, басқару жұмыстарының жақсаруы, социалистік жарыстың кең өріс алуы негізінде соңғы жылдарда халық шаруашылығының барлық саласында да жаңа зор табыстарға қол жетті. Социалистік өнеркәсіп, оның күре тамыры ауыр өнеркәсіп үздік қарқынмен өркендеп келеді. Өнеркәсіп пен құрылысты басқару ісі негізінен қайта құрылды. Ауыл шаруашылығында түбірлі өзгерістер жасалып, оның күрт көтерілуіне жағдай туғызылды. Машина-трактор станциялары қайта құрылып, күрделі техника колхоздарға сатылатын болды.

Соңғы жылдарда жүзеге асырылған бұлар сияқты маңызды шаралардың бәрі де өндірістің неғұрлым тиімді ұйымдастырылып, қоғамдық еңбектің өнімділігі онан әрі шапшаң арта беруіне кең жол ашты. Соңғы бес жылда еңбек өнімділігі өнеркәсіпте 43 процент, құрылыста 58 процент, совхоздарда 35 процент өсті.

Еңбекшілердің өндірістік белсенділігін арттыра беру жолындағы кәсіподақтар жұмысының сүбелісі — социалистік жарысты ұйымдастыру. Социалистік жарыс бұған дейін еліміздегі социалистік құрылыстың негізгі әдісі болып келген болса, бұдан былайғы жерде коммунистік құрылыстың да негізгі әдісі болмақ. Бұған социалистік жарыстың жаңа да жоғары түрі — коммунистік еңбек коллективі деген атақ алу жолындағы бүкілхалықтық қозғалыстың өріс алуы кепіл. Қазіргі уақытта елімізде коммунистік еңбек коллективі деген құрметті де жауапты атақ алу үшін жарысқа 60 мыңнан астам бригада, смена, учаске ұштасты. жүз мыңдаған жеке жұмысшылар коммунистік еңбектің екпінділері деген атақ алу үшін жарысқа қосылды.

Коммунистік жарыс кәзірдің өзінде-ақ тамаша табыстарға жеткізетін болса, оның болашағы одан да жарқын. Ол еңбек өнімділігін коммунизмге лайықты жоғары дәрежеге көтерумен бірге саналы, жан-жақты мәдениетті, адамгершілік өресі биік жаңа адамдарды тәрбиелеп, өсіруді көздейді. Оның айбынды ұраны: «Коммунистше еңбек етіп, коммунистше өмір сүру, коммунистше оқып білім алу» болып отыр.

Еңбекшілер бұқарасының патриоттық бастамасын барынша қуаттау, оны қалың көптің игілігіне айналдыру, сөйтіп социалистік жарысты жетіжылдықтың бірінші жылы — 1959 жылдың жоспарын мерзімінен бұрын орындауға бағыттау — кәсіподақ ұйымдарының бүгінгі таңдағы айбынды міндеті. Көптеген кәсіподақ ұйымдары осы бағытта қажырлы жұмыс істеп келеді. Олар әрбір коллективтің және жеке жұмысшылардың өздеріне көтеріңкі, нақты міндеттемелер алып, оларды абыроймен орындауға жетуін, қолда бар мүмкіндіктерді сарқа пайдалану ісін ойдағыдай ұйымдастыруда. Өнеркәсіп орындарының коллективтері өндірістік жоспарды сан, сапа жағынан да ай сайын, тоқсан сайын асыра орындап отыруға жұмылды. Ауыл шаруашылығының озаттары таяуда болып өткен республикалық кеңесінде биыл 1,5 миллиард пұт астық алып, оның бір миллиард пұтқа жуығын мемлекетке тапсыруға, мұнымен бірге мал шаруашылығын онан әрі өрістетіп отырып, елімізге биыл 800 мың тонна ет өткізуге міндеттенді.

Қазір бұл құрметті міндеттемелерді мүлтіксіз орындауға бағытталған бүкілхалықтық патриоттық қозғалыс барған сайын кең өріс



алып келеді. Осының арқасында үстіміздегі жылдың бірінші тоқсанының жоспары республика өнеркәсібінде мерзімінен бұрын орындалды. Өткен жылдың бірінші тоқсанымен салыстырғанда өнеркәсіптің жалпы өнімі 12 процент өсті. Еңбек өнімділігін арттыру тапсырмасы да артығымен орындалды. Мемлекетке ет тапсырудың тоқсандық жоспары бір жарым еседей артық орындалды.

Дегенмен, социалистік жарысты ұйымдастыру ісі барлық жерде бірдей жақсы емес. Өнеркәсіп, құрылыс, колхоз, совхоз коллективтері жұмысты жаппай біркелкі атқармайды. Кейбір кәсіподақ ұйымдары социалистік жарысқа қалың көпшілікті түгел қатыстыру, әрбір жұмысшы, қызметшінің жарыстан тыс қалмауына жету жөнінде жеткілікті қамқорлық жасамайды. Олар жарыста алынған әрбір міндеттеменің орындалуына кедергі болатын себептерді, сол сияқты жеке коллективтердің артта қалу себептерін кезінде мұқият тексермейді, көбінесе алдыңғы қатарлы коллективтерде болып, солардың табыстарын мадақтаумен шұғылданады.

Әрине, озаттарды көтермелеп отыру, олардың жұмыс тәжірибелерін көпшіліктің игілігіне айналдырып отыру жақсы іс. Бірақ мұнымен бірге артта қалғандарды ұмытуға, олардың артта қалу себептерін зерттеп, ашпауға болмайды. Осы тәрізді кемшіліктер Қарағанды экономикалық ауданында орын алып келеді. Мұнда өткен жылда жоспар жалпы алғанда орындалды. Бірақ экономикалық аудандағы өнеркәсіп орындарының 35 проценті тапсырманы орындамады.

Қарағанды экономикалық ауданының әсіресе көмір өнеркәсібінде социалистік жарысты ұйымдастыру ісінде кемшілік көп. Мұнда шахта коллективтерінің жартыға жуығы жоспарды орындамай жүр. Өткен жылы мұндай шахталар елімізге 800 мың тонна көмірді кем берді. Кәсіподақтардың облыстық советі (председателі Серіков жолдас) мен халық шаруашылығы советі (председателі Оника жолдас) жоспарды орындай алмай жүрген шахта коллективтерінің артта қалу себептерін ашып, оларға кезінде нақты көмек ұйымдастырмайды. Алдыңғы қатардағы коллективке қысымды күшейте түсу, олқылықты жою үшін аттаныс жариялау, сөйтіп уақытша ғана табысты болу және соларға мәз болып босқа даурығу сияқты ескі, жарамсыз әдістер бұлардың басшылық жұмыстарында әлі орын алып жүр. Қарағанды экономикалық ауданы кәсіподақ ұйымдары жұмысындағы бұл кемшіліктер кәсіподақтардың XII съезінде өте орынды сыналды.

Кәсіподақ ұйымдары социалистік жарысты ұйымдастырғанда, жарыстың жариялылығы, оның қорытындыларын ұдайы шығарып, салыстырып отыру, үлгілі тәжірибені кең таратып, қалың көпшіліктің игілігіне айналдырып отыру, өзара жолдастық көмек сияқты лениндік ережелерін жүзеге асыру ісіне ерекше назар аударатын болуы керек. Социалистік жарыста жалпылама даурықпаға, алынған міндеттеменің ресми, немқұрайды сипатына ешбір жол берілмеуге тиіс. Әрбір міндеттеме қолда бар күш пен мүмкіндіктерді толық пайдалануға негізделген, сөзсіз орындалуға тиісті нақты міндеттеме болуы керек.

Еңбекшілердің әл-ауқат күйін жақсарту беру жолында тынбай күресу — кәсіподақ ұйымдарының төл ісі. Социалистік өндірістің үздіксіз ұлғаюы, қоғамдық еңбек өнімділігінің ұдайы артуы негізінде совет халқының әл-ауқат дәрежесі барған сайын көтеріліп келеді. Халықтың нақты табысы өсуінің қайнар көзі — Совет Одағының ұлттық табысы соңғы бес жылда 61 процент өсті. Бізде ұлттық табыс тек еңбекшілердің өскелең материалдық және мәдени қажеттерін неғұрлым толық өтеу мақсатында бөлінеді. Осы мақсатта оның төрт бөлігінің үші жұмсалыады.

Коммунистік партия мен Совет үкіметі соңғы жылдарда еңбекшілердің әл-ауқат дәрежесін көтере беруге бағытталған бірсыпыра күрде-



лі шараларды жүзеге асырды. Аз ақы алатын жұмысшы, қызметшілердің жалақысы өсірілді, мереке күндер, демалыс күндері алдындағы жұмыс күні қысқарды, өнеркәсіптің бірсыпыра саласында жетісағаттық жұмыс уақыты қолданылады, екіқабат әйелдердің демалыс мерзімі ұзарды, еңбекшілерге берілетін пенсия көлемі артты. Еңбекшілердің көпшілік қолды товарлары, азық-түлік заттары, пәтер үй жөніндегі қажеттерін өтеуге байланысты да елеулі шаралар қолға алынды.

Партия мен үкімет белгілеген бұлар сияқты маңызды шараларды толық жүзеге асырып, еңбекшілердің әл-ауқат күйін жақсарту беруде кәсіподақ ұйымдарының алатын орны, атқаратын міндеті зор. Кәсіподақ ұйымдары жұмысшы, қызметшілердің жалақысын тәртіптеу, олардың еңбек жағдайларын жақсарту беру, әлеуметтік қамсыздандыру, еңбекшілердің мезгілінде мәдениетті дем алып, денсаулығын көтеруін ұйымдастыру, дене тәрбиесі жұмыстарын жақсарту істерін тікелей ұйымдастырып, басқаруға тиіс. Пәтер үй құрылысының барысын бақылап, жаңа салынған үйлерді жұмысшы, қызметшілерге бөліп беру жөнінде де кәсіподақ ұйымдарына партия мен үкімет кең право берді.

Республикамыздың кәсіподақ ұйымдары еңбекшілердің демалысын, емделуін жақсарту мақсатымен демалыс үйлерін, курорттар мен санаторийлерді көбейту жөнінде бірсыпыра жұмыс істеді. Бірақ Қазақстан кәсіподағы советінің бұл бағыттағы жұмысы еңбекшілердің өскелең талабына, республикада жұмысшы, қызметшілер санының шапшаң өсу қарқынына толық сай емес. Республикамыздың демалыс үйлерін, курорттар, санаторийлер салуға қолайлы байлықтары шабан игеріліп келеді. Мысалы, Сарыағаш, Аяққалған минералды ыстық су бұлақтары емдік қасиеттері жағынан жоғары бағаланып жүр. Бұлардың ашылғанына да көп уақыт болды. Дегенмен, бұл бұлақтар әлі ойдағыдай игерілген жоқ. Бұларды шапшаң игеру жұмыстарын Қазақстан кәсіподақтар советі де, денсаулық сақтау министрлігі де батыл қолға алмай келеді. Бұлар сияқты курорттық байлықтарымыз тезірек игерілетін болса, емделуге зәру жұмысшы, қызметшілер «жер түбіндегі» Кавказ, Қырым курорттарына барып әуре болмаған болар еді, көптеген күш-қаражатты, уақытты үнемдеген болар еді.

Еңбекшілердің денсаулығын көтерудің маңызды құралдарының бірі дене тәрбиесі мәдениеті мен спортты онан әрі кең өрістетуге болып табылады. КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советі дене тәрбиесі мәдениеті мен спорт жұмыстарына басшылық ету жөнінде қаулы қабылдады. Бұл қаулы бойынша физкультура, спорт комитеттері тартылып, бұдан былайғы жерде дене тәрбиесі, спорт жұмыстарын қоғамдық ұйымдар — спорт қоғамдары атқаратын болады. Елімізде спорт қоғамдарының одағы құрылады. Одақтың барлық басшы органдары сайланып қойылады. Бұл одақ кәсіподақтармен бірге қоян-қолтық жұмыс істейді. Бұл шаралар дене тәрбиесі, спорт жұмыстарына қалың көпшілікті кең қатыстыруға, дене тәрбиесі мәдениетін бұқараның игілігіне айналдыруға жаңа зор мүмкіндіктер ашады.

Кәсіподақ ұйымдары еңбекшілердің әл-ауқат күйін жақсарту беру жолындағы жұмыстарында партия мен үкіметтің соңғы кезде қабылдаған еңбекшілердің тұрмыс қажетін өтеу, қоғамдық тамақтану кәсіпорындарын онан әрі дамытып, олардың жұмыстарын жақсарту беру жөніндегі қаулыларын басшылыққа алып отыруға тиіс.

Кәсіподақ ұйымдары өздеріне берілген кең праволар мен міндеттерді жүзеге асыра отырып, жұмысшы, қызметшілердің тұрмыс жағдайын жақсартуға тынбай қамқорлық жасай отырып, еңбекшілерге қызмет көрсететін, олардың күнбе-күнгі қажеттерін өтейтін кәсіпорындардың, қоғамдық тамақтану, сауда орындарының жұмысын жолға қою, олардың жұмысына қоғамдық бақылауды күшейту жөнінде көптеген игілікті істер атқарады.



Кәсіподақ ұйымдарының алуан түрлі жұмыстарының ерекше маңызды саласының бірі — еңбекшілерге коммунистік тәрбие беру. Коммунизм мектебі болу роліне сәйкес кәсіподақ ұйымдары өзінің бүкіл жұмысын жұмысшы, қызметшілерді коммунизмнің белсенді құрылысшылары етіп тәрбиелеуге жұмылдырады, олардың коммунистік саналылық, адамгершілік дәрежесін көтере беруге бағыттайды. Осы мақсатта кәсіподақ ұйымдары еңбекшілерге партия мен үкіметтің дана саясатын түсіндіру, марксизм-ленинизмнің ұлы идеяларын, ғылыми және техникалық білімдерді насихаттау, мәдени-ағарту жұмыстарын жүргізеді.

Кәсіподақтардың бүкіл тәрбие жұмысының өзегі еңбекшілерді еңбекте тәрбиелеу, әркімді өз міндетін бар ынта-жігерімен адал орындау рухында тәрбиелеу болып табылады. Еңбек жұмысқа жарамды әрбір адамның шын мәнісіндегі өмірлік қажетіне, күнделікті, әдетті ісіне, қасиетті міндетіне айналуға тиіс. Еңбекшілер коммунистік құрылыс жұмыстары алдымен материалдық игіліктер өндірісіне, еңбек өнімділігінің арту дәрежесіне байланысты екенін жақсы түсінетін болу керек.

Жұмысшы, қызметшілерге коммунистік тәрбие беру ісінде еңбекшілердің мәдени-техникалық дәрежесін, жалпы білім дәрежесін көтере беру міндетінің де маңызы зор. Елімізде жүзеге асырылған мәдени революцияның нәтижесінде совет халқының жалпы мәдениет, техникалық білім дәрежесі орасан көтерілді. Халық шаруашылығының, ғылым мен мәдениеттің барлық саласына қажетті маман кадрлар даярлауда елімізде түбірлі өзгерістер жасалды. Кәзір халық шаруашылығында жоғары және арнаулы орта білімі бар 7 миллион 500 мың маман жұмыс істейді. Оқудың барлық түрімен елімізде 54 миллиондай адам қамтылған, яғни әрбір төртінші адам оқып жүр.

Совет өкіметі жылдарында Қазақстанда жұмысшы табының және маман кадрлардың қуатты отряды қалыптасты. Кәзір республиканың халық шаруашылығында 2,5 миллионнан астам жұмысшы, қызметші жұмыс істейді. Ондаран мың жұмысшы, қызметші өндірісте жұмыс істей жүріп, өндірістік-техникалық білім дәрежесін көтереді, жоғары оқу орындары мен техникумдарда сырттан оқиды.

Еңбекшілердің мәдени-техникалық дәрежесін көтеру жолындағы жұмыстар алдағы жеті жылда онан әрі кең көлемде жүргізіледі. Бұл уақытта халық ағарту істерін қайта құру толық аяқталып, оқу пайдалы, өнімді еңбекпен тығыз ұштастырыла жүретін болады, жастарға политехникалық білім беру енгізіледі, кәсіптік оқу онан әрі дамиды. Жұмысшылардың өндірістік оқуы барған сайын күшейіп, олардың мамандығы көтеріле береді. Бұлардың нәтижесінде жұмысшылардың мәдени-техникалық дәрежесі инженер-техник қызметкерлер дәрежесіне дейін көтеріліп, ой еңбегі мен дене еңбегі арасындағы елеулі өзгешеліктің жойылуына мүмкіндік туады.

Еңбекшілердің мәдениетін көтеру, олардың творчестволық өнерпаздық жігерін тасыту ісіне кәсіподақтардың мәдени-ағарту мекемелері де елеулі үлес қосады. Клубтар, кітапханалар, көркемөнершілер коллективтері жұмысшы, қызметшілерге тәлім-тәрбие беру, олардың мәдениетін көтеру жұмыстарының маңызды орталығына айналуға тиіс.

Еліміздің социализмнен біртіндеп коммунизмге өту дәуірінде мәдени-ағарту мекемелерінің жұмыстары еңбекшілердің өз күшімен атқарылу бағытында жүргізілуі керек. Кәзірдің өзінде-ақ жұмысын негізінде қоғам күшімен — еңбекшілер күшімен жүргізіп отырған клубтар, кітапханалар аз емес. Олар жалдамалы қызметкер ұстауды мейлінше азайтты. Тіпті жұртшылық күшімен мәдени-ағарту мекемелеріне қажетті үй салу, материалдық база жасау сияқты игілікті іске бастаушы болған коллективтер де бар. Ақмола облысының Есіл ауданындағы «Двуречный» астық совхозының коллективі жұртшылық күшімен клуб,



стадион салып алды. Міне мұндай өнегелі бастамаларды кәсіподақ ұйымдары барынша қуаттап, кең өріс алдыра беруі керек.

Еңбекшілерге коммунистік тәрбие беру ісінде кәсіподақ ұйымдарының көне қоғамдардың адам санасындағы, тұрмыстағы қалдықтарына қарсы күресінің де маңызы зор. Совет адамдары саяси сезімінің өсуі, қоғамдық өмірге, дүниеге көзқарасы жағынан жоғары сатыға көтерілді. Алайда ескі қоғамдардың адам бойына ғасырлар бойы сіңіріп қалдырған сарқыншақтарына шырмалып жүргендер әлі де болса кездеседі. Олар маскүнемдікке салынады, қоғамдық мүлікке қол сұғады, бұзақылық жасап, қоғамдық тәртіпті, еңбек тәртібін бұзады, өзі үшін, қоғам үшін адал еңбек етуден бас тартушы арамтамақтар да бар. Міне мұндай адамдармен коммунизмге баруға болмайды. Мұндайларға кәзірдің өзінде-ақ біздің арамызда ешқандай әлеуметтік, қоғамдық жағдай жоқ. Кәсіподақ ұйымдары капитализм қалдықтарына шырмалып жүрген адамдарға қарсы күреске жұртшылықты неғұрлым кең, белсенді қатыстыруға тиіс, коммунистік адамгершілікке жат қылықтарға қарсы жұртшылық пікірін ұдайы ұйымдастырып отыруы қажет.

Еңбекшілерге коммунистік тәрбие беру жұмыстарының осылар сияқты алуан түрлерін мейлінше кең пайдалана отырып, кәсіподақ ұйымдары партияның басшылығымен елімізде коммунистік құрылыстың кең өріс алу дәуірінде жаңа зор табыстарға жетеді.

Кәсіподақ ұйымдары алдында тұрған алуан түрлі міндеттерді абыроймен орындау дәрежесінде болуы үшін өздерінің ұйымдық жұмыстарын да тынбай жетілдіре беруі керек. Кәзір кәсіподақ ұйымдары қатарында 52 миллион 780 мың жұмысшы, қызметші бар. Бұл — шын мәнісіндегі зор күш.

Соңғы жылдарда праволары мен міндеттерінің кеңеюіне байланысты кәсіподақ ұйымдарының шаруашылық және мәдени құрылыстағы ролі арта түсті, олардың жұмыс әдістері едәуір жақсарды, бастауыш ұйымдардың әрбір коллектив жұмысындағы ықпалы күшейді.

Кәсіподақ ұйымдарының барлық жұмысы партия ұйымдарының жетекшілігімен коллективтік басшылық принципін берік ұстау, демократияны кең өрістету, ұйым мүшелерінің белсенділігін арттыру негізінде жүргізіледі. Кәсіподақ ұйымдары әрбір кәсіпорынның өндірістік-финанс жоспарын жасау, өндірісті, еңбекті ұйымдастыру, жұмысшы, қызметшілердің еңбек, тұрмыс жағдайларын жақсарту мәселелерін шешуге белсене қатысады.

Дегенмен, кәсіподақ ұйымдарының ұйымдық жұмыстарында кемшіліктер де жоқ емес. Бірсыпыра кәсіподақ комитеттері мен бастауыш ұйымдары өздерінің праволары мен міндеттерін нашар пайдаланады, шаруашылық басшылары, партия ұйымдары алдына жұмысшы, қызметшілердің еңбек, тұрмыс жағдайына байланысты тағы басқа өмірлік қажетті мәселелерді кезінде батыл қойып отырмайды, өздерінің күнбе-күнгі жұмыстарында кәсіподақ мүшелерінің өскелең белсенділігін, әсіресе кәсіподақтар активін сүйеніш етпейді.

Кәсіподақ ұйымдары өздерінің жұмысындағы бұлар сияқты кемшіліктерді батыл жоя отырып, өздерінің праволарын кең және дұрыс пайдалануға, ұйымдық жұмыстарының түрлері мен әдістерін барған сайын жақсартып беруге тиіс.

Кәсіподақ ұйымдары туысқан Коммунистік партияның дана басшылығымен еліміздегі коммунистік құрылыс жұмыстарына белсене ат салысады, еңбекшілер бұқарасының творчестволық күш-жігерін партияның тарихи ХХІ съезі белгілеген ұлы программаны жүзеге асыруға жұмылдырады, коммунизмнің белсенді құрылысшыларын тәрбиелеп өсіру жолында қажымай-талмай күресе береді. Сөйтіп өзінің коммунизм мектебі деген роліне сай қызмет атқарады.



# Философияның партиялығы жөніндегі маркстік ілімді В. И. Лениннің дамытуы

(В. И. Лениннің «Материализм және эмпириокритицизм» деген еңбегінің жарыққа шығуының 50 жылдығына)

Т. ЖАНКЕЛДИН,

*философия ғылымының кандидаты*

Ғылыми коммунизмнің негізін салушылар Маркс пен Энгельс материализм мен идеализм біріне бірі қарама-қарсы екі түрлі көзқарас екендігін жан-жақты дәлелдеді, философияның негізгі мәселесін—ойдың болмысқа қатнасын шешуіне байланысты философтардың материалистерге немесе идеалистерге қосылатынын дүниеге материалистік көзқарас идеализмнің түрлі формаларына қарсы күресте қалыптасып, дамығанын көрсетті.

Маркс пен Энгельс сонымен бірге философияның партиялық принципін негіздеді; философияның бүкіл даму тарихы материализм мен идеализмнің үздіксіз күрес тарихы екенін, философиядағы бұл екі негізгі бағытты ұстайтын партиялардың күрес тарихы екенін айқындап берді. Қоғамдағы қарама-қарсы таптардың арасындағы күресті философиядағы күрес бейнелейді.

Тап күресінің ең жоғарғы, шиеленіскен түрі капитализм жағдайында кездеседі, өйткені бұл қоғамдағы негізгі екі таптың—буржуазия мен пролетариаттың арасындағы күрес, қайшылықтар адамдар арасындағы қоғамдық қатнастардың барлық жағын қамтиды. Міне, сондықтан да капиталистік қоғамдағы теориялардың партиялылығы, әртүрлі философиялық көзқарастар арасындағы күрес буржуазия мен пролетариаттың арасындағы шиеленіскен күресті бейнелейді. Буржуазия өзінің қарамағындағы барлық күшін, соның ішінде рухани күшін де, капитализмді нығайтып, қанаушылардың үстемдігін сақтап қалу үшін жұмсайтын болса, пролетариат, оның керісінше, өзінің барлық революциялық жігер-қайратын және өзінің идеялық қаруы—марксизмді капитализмге қарсы, қанаушыларға қарсы бағыттайды. Жұмысшы табының идеологтары Маркс пен Энгельс, осы таптың дүниеге бірден-бір ғылыми көзқарасының теориялық негізі—диалектикалық және тарихи материализмді, маркстік философияны жасап берді.

Барлық буржуазиялық философиялық бағыттар, мектептер буржуазияның еңбекшілерге үстемдігін сақтау үшін және оны нығайта беру үшін қызмет етеді және жұмысшылардың таптық сана-сезімін өсірмеу, оларды қараңғылықта ұстау жолына жұмсалатын идеялық құрал. Ал маркстік философия—жұмысшы табының, еңбекшілер бұқарасының мүддесін көздейді, солардың жоғын жоқтайды, солармен тығыз байланысты; жұмысшы табының ескі қоғамдық құрылысты жойып және адамзаттың сәулетті болашағы—коммунистік қоғам орнату үшін күресінің күшті идеялық қаруы. Міне, осыған байланысты маркстік философия мен буржуазиялық философияның қызметі де, алдына қойған мақсаты да біріне бірі қарама-қарсы, бұл екеуі бірімен бірі күресуші екі таптың—буржуазия мен пролетариаттың—дүниеге екі түрлі көзқарасы.

Философияның партиялылығы жөніндегі маркстік ілім В. И. Лениннің көптеген еңбектерінде данышпандықпен негізделіп, онан әрі дамытылды. Оның ішінде В. И. Лениннің «Материализм және



эмпириокритицизм» атты данышпандық еңбегінің алатын орны орасан зор. Бұл еңбек маркстік партиялықтың, марксизмнің сара жолынан таюшыларға қарсы ымыраға келмейтін айбынды күрестің үлгісі болып табылады. Сонымен бірге В. И. Лениннің бұл еңбегі жұмысшы табының ашық және жасырын жауларына қарсы келісімге келмей күресудің, дүниеге коммунистік көзқарас үшін күресудің үлгісі болып есептеледі.

Таптық қоғам дамуының түрлі сатысындағы, әсіресе империализм жағдайындағы түрлі философиялық мектептердің және бағыттардың күресін жан-жақты зерттей келіп В. И. Ленин өзінің «Материализм және эмпириокритицизм» атты еңбегінде былай деп көрсетті: «Мұнан екі мың жыл бұрын да философияның партиялық болғаны сияқты, ең жаңа философия да сондай партиялық. Істің мәнісіне келгенде, гелертерлік-шарлатандық жаңа аттармен немесе топас ойдан шыққан партиясыздықпен бүркеліп жүрген күресуші партиялар — материализм мен идеализм болып табылады» (В. И. Ленин, Шығармалар, 14-том, 394-бет).

Буржуазия және оның идеологтары өз теорияларының, идеологиясының партиялық сипатын барынша жасырып бағады. Олар бұрын да, кәзіргі кезде де, қанаушы таптардың мүддесін қорғайтын, оны жақтайтын қоғамдық ғылымдарды, мәдениеттің барлық түрлерін таптар тартысынан, партиялық айтыстардан тыс тұрады, барлық адамдарға бірдей қызмет етеді деп түсіндіргісі келеді. Соның ішінде өздерінің философиясын да «партиялықтан тыс», «таптар тартысынан тыс» философия етіп көрсетпекші болады. Мұның себебі түсінікті, олар өздерінің идеологиясының, теориясының ат төбеліндей қанаушылардың ғана мүддесін жақтайтынын, езілуші, қаналушы таптарға қарсы бағытталатынын ашып айта алмайды; мұны ашық айту олардың таптық көзқарасына пайдасыз екендігін, оған зиян келтіретінін біледі, сондықтан «объективизмді», «партиясыздықты» бетке ұстайды. Капиталистік қоғамдағы таптар арасындағы қайшылықтарды жасыру үшін және еңбекшілер бұқарасына буржуазияның ықпалын тарату үшін «объективизмнің» өздеріне пайдалы екендігін жақсы түсінеді, сондықтан да оны бүркеншік етеді.

Марксизмнің дұшпандары бүркеншік етіп жүрген «объективизм» буржуазиялық объективизм, ол буржуазиялық идеологияның, теорияның партиялығын, оның таптық сипатын, қанаушы, үстем таптың мүддесін қорғайтынын жасырады. В. И. Ленин партиясыздық буржуазияның идеясы екендігін, ал ашық айтылатын, табандылықпен жүргізілетін партиялық социалистік идея екендігін данышпандықпен дәлелдеп берді.

Идеологияның, теорияның партиялығы жөніндегі маркстік ілімді дамыта отырып, В. И. Ленин «жария марксистер», бернштейншілер, «экономистер», меньшевиктер, махистер тағы сондайлар сияқты марксизмнің жауларына қарсы аяусыз күрес жүргізді.

П. Струве тағы басқа «жария марксистер», жұмысшы табын буржуазияның идеологиясына бағындыру мақсатымен, философияның және басқа да қоғамдық ғылымдардың партиялығы жөніндегі маркстік принципке тексеру жасады. Революцияшыл бұқараны алдау, оларды өздеріне сендіру мақсатымен «жария марксистер» сөз жүзінде марксизмді қабылдайтындар болып көрінді, ал іс жүзінде марксизмнің революциялық мазмұнын, ең алдымен оның пролетарлық революция және пролетариат диктатурасы жөніндегі ілімін жоққа шығаруға тырысты. Өздерінің теориясының реакциялық мәнін жасыру үшін, оны таптар тартысынан тыс, барлық адамдарға бірдей қызмет ететін теория етіп көрсеткісі келді, буржуазиялық объективизмді бетке ұстады.

Струвенің және басқа ревизионистердің буржуазиялық объективизмінің өзгешелігі сонда, олар жоғарыда айтылғандай, партиялық жө-



ніндегі маркстік принципті ашықтан-ашық жоққа шығармайды, сөз жүзінде марксизмді мойындаған болады, ал іс жүзінде оған қарсы күресті. Партиялықтың маркстік принципінен өздерінің аулақ тұрғанын жасыру үшін, өздерінің марксизмнің жаулары екенін жасыру үшін, олар материализм мен идеализмнен жоғары көтерілу керек, философиядағы осы екі партияның арасындағы қайшылықты жеңу керек, оларды келісімге келтіру керек дегенді айтты.

Буржуазияшыл объективистер қанаушылар қоғамына тән бітіспес қайшылықтар жөнінде әңгіме етпейді, ол қайшылықтарды айтуға қорқады. Өйткені ол қайшылықтар жөнінде әңгіме ету буржуазияның таптық мүддесіне қайшы келетінін біледі. Сонымен бірге олар қоғамдық жағдайларды өзгерту қоғам дамуын тездету жолындағы алдыңғы қатарлы күштердің революцияшыл таптың атқаратын қызметін, шешуші ролін жоққа шығара отырып, тарихи қажеттілік жөнінде жалпы әңгіме етеді.

Буржуазияшыл объективистер партиялық болған жерде ғылыми көзқарас болмайды деп те даурықты. Олардың айтуынша философиядағы, ғылымдағы партиялық пен дүниені ғылыми тұрғыдан түсіндіру қатар өмір сүре алмайтын сияқты. Шынына келгенде идеализмнің, сонымен бірге буржуазиялық объективизмнің дүниені, өмірді, шындықты ғылыми тұрғыдан танумен үш қайнаса сорпасы қосылмайды. Ал, буржуазиялық қоғамның ең алдыңғы қатарлы, революцияшыл табы — пролетариаттың дүниеге көзқарасы болып табылатын маркстік философияның партиялығы мен ғымилығы ұштасып отырады, бұл екеуін бірінен бірін ажыратуға, бірінен бірін бөліп қарауға болмайды. Өйткені пролетариат өзінің таптық мақсатын жасырмайды және өзінің барлық қызметін марксизм ашқан қоғам дамуының объективті заңдарының әрекетіне сәйкес жүргізеді.

В. И. Ленин «жария марксистерге», марксизмнің тағы басқа жауларына қарсы аяусыз күрес жүргізе отырып, буржуазиялық объективизмнің реакцияшыл мәнін ашып берді, философияның тағы басқа қоғамдық ғылымдардың партиялығы жөніндегі маркстік принципті қорғап және оны одан әрі дамытты. Жұмысшы табы идеологиясының, оның партиялығының теориялық негізі дүниеге бірден бір ғылыми көзқарас болып табылатын маркстік философия екендігін көрсетті. Міне сондықтан да В. И. Ленин материализм «өз мағнасына, былайша айтқанда, партиялықты да енгізеді, оқиғаға қандай да болса баға бергенде, белгілі бір қоғамдық топтың көзқарасын ашықтан-ашық, турадан-тура қолдауға міндеттейді» деп тұжырымдады (Шығармалар, 1-том, 438-бет).

Егерде жұмысшы табы және еңбекшілердің басқа топтары әртүрлі философиялық, діни, саяси тұжырымдаулардың аржағында белгілі бір топтың мүддесі тұрғанын сезе білмесе, онда олар алдап-арбаудан шыға алмайтынын В. И. Ленин баса көрсетті.

Буржуазиялық объективизмнің, «партиясыздықтың» алдаушылық сипатын әшкерелей отырып, В. И. Ленин бұлардың мадақтап жүрген «партиясыздығы» аш, жалаңаштардың, езіліп, қаналғандардың қайрысына басы ауырмайтын, оларды езіп, жанша түсетін токтардың, қанаушылардың таптық партиялығы екендігін дәлелдеп берді. Сондықтан В. И. Ленин буржуазиялық философиялық бағыттардың партиялығына қарсы тұратын, онымен күрес жүргізетін маркстік философияның партиялығын берік ұстауды маркстік партияның алдына талап етіп қойды.

В. И. Ленин марксизмнің, оның философиясы — диалектикалық материализмнің партиялығы мен ғымилығы тығыз байланысты екендігін көрсетті. Марксизмнің, оның философиясының таптық табиғаты, оның ғылыми сипатына қайшы келмейді. Себебі жоғарыда айтылғандай, про-



летариат алдыңғы қатардағы прогресшіл тап болғандықтан шындықты, дұрыс, объективті көрсетуді керек етеді. Ал буржуазиялық философиялық бағыттардың таптық табиғаты шындыққа ғылыми тұрғыдан қарауға қайшы келеді. Сондықтан да маркстік философияның партиялығы дүниені ғылыми тұрғыдан тануға қарама-қарсы деп даурыққан ревизионистердің бұрын да, кәзіргі кезде де өздерінің шын ғылыми жолдан ауытқып шығып, алдыңғы қатарлы ғылым жауларының лагеріне қосылатындығын тарих дәлелдеп келеді.

В. И. Ленин өзінің «Материализм және эмпириокритицизм» атты еңбегінде марксизмнің жалған достары махистерді өлтіре сынға алып, олардың марксизмнің жауы екенін әшкереледі; махизмнің философиясының реакцияшыл мәнін ашты, оның таптық және партиялық сипатын көрсетті.

Махистер өздерінің философиясының субъективтік-идеалистік бағытын жасыру үшін әртүрлі сұрқиялық әрекет етіп бақты, өздерінің философиясын материализм мен идеализмнен жоғары тұрған жаңа бағыт ретінде көрсетуге тырысты. Сонымен бірге диалектикалық материализмнің партиялығын айыптай отырып, өздерін философияда партиясыздықты жақтайтындар етіп көрсеткісі келді.

В. И. Ленин махистердің материализм мен идеализмнен жоғары көтерілеміз деуінің, бұл екеуінің арасындағы қарама-қарсылықты «тәжірибе» деген сөз арқылы шешпекші болуының бос сөз екендігін көрсетті. Бұлардың «жаңа» ілімінде Берклидің, Юмның субъективтік идеалистік философиясын басқа сөзбен айтудан өзге ешқандай жаңалық жоқ екендігін В. И. Ленин баса көрсетті.

Махистердің философиядағы партиясыздық үшін, объективизм үшін күресіміз деген жалған сөздерінің шын мәнісі философияның буржуазиялық партиялығы үшін және диалектикалық материализмге қарсы күресу еді. Бұлардың бет пердесін аша отырып, В. И. Ленин былай дейді: «Барлық махистердің барлық шығармаларында басынан аяғына дейін материализм мен идеализмнен «жоғары көтерілмек» болған, осы «тозығы жеткен» қарама-қарсылықтан асып түспек болған топас ойлы құрғақ дәмені көресін, ал іс жүзінде бұл тумаластардың бәрі де, материализмге қарсы жаппай және үнемі күресе отырып, минут сайын идеализмге қарай шегініп отырады» (В. И. Ленин, Шығармалар, 14-том, 374-бет).

В. И. Ленин махизм философиясының басқа реакциялық философиялық бағыттармен, мектептермен тығыз байланысты екенін де көрсетті. Бұлардың барлығының бастарын біріктіретін, бәрінің іске асырып жүргені идеализм екендігін дәлелдеді, идеализмді іске асыру үшін махистердің философиядағы партиясыздықты бетке ұстайтынын анықтады.

В. И. Лениннің махизмге қарсы күресінің өте зор партиялық маңызы болды. Бұл күресте В. И. Ленин махизмнің буржуазиялық реакцияның философиясы екенін дәлелдеді, біздің философиямыз тап тартысынан тыс, жалпы халыққа бірдей объективтік философия, біз ғылымның соңғы жаңалықтарына сүйенеміз деп даурыққан махистердің философиясының, идеалистік философияның бір түрі ғана екенін ашып берді.

Өткен дәуірдегі ғылыми ойдың табыстарына, жетістіктеріне күмән келтірген Струве және басқа да сол сияқты буржуазияның идеологтарына қарсы күрес жүргізе отырып, В. И. Ленин партиялықтың маркстік принципін басты талаптарының бірі — өткендегі ғылым мен мәдениеттің жетістіктерін жоққа шығармай, қайта олардың табыстарын терең және жан-жақты зерттеп, олардың пайдалы жағын жұмысшы табының мүддесі үшін пайдалану керек екендігін баса көрсетті. Ол өзінің осы пікіріне Совет өкіметі орнағаннан кейін де әлденеше рет қайта оралды, адамзат ақыл-ойы дамуының жемісі болған техниканың, ғы-



лымның және мәдениеттің барлық жетістіктерін жаңа, социалистік қоғам орнату ісіне пайдалану қажет екендігін айтты.

Социалистік мәдениетті құрғанда бұрынғы мәдениеттің жетістіктерінен ешнәрсе алмай, мүлде жаңа мәдениет жасау керек деген «пролеткультшілердің» кертартпа пікірлерін әшкерелей отырып, В. И. Ленин шын мәнісіндегі жаңа, алдыңғы қатарлы мәдениеттің құрылысшылары, нағыз коммунистер өздерінің ойларын өткендегі ғылымның, мәдениеттің барлық жетістіктерімен байыту керек екендігін, бұл мәселеде партиялықтың маркстік принципін ұдайы басшылыққа алып отыру керек екендігін көрсетті.

В. И. Лениннің бұрынғы ғылымның және мәдениеттің пайдалы жағын жаңа қоғам құру үшін пайдалану керек екені жөніндегі өсиетін Совет Одағының Коммунистік партиясы және социализм орнатып жатқан елдердегі туысқан коммунистік және жұмысшы партиялары бұлжытпай басшылыққа алып келеді. Ескі мәдениеттің жарамсыз жағын тастап, жағымды, пайдалы жағын жаңа қоғам құру ісіне пайдалануда.

Марксизмнің барлық жауларымен, ревизионистермен күрес жүргізе отырып, В. И. Ленин буржуазиялық идеология мен социалистік идеология жөніндегі маркстік қағиданы алға қарай дамытты, капиталистік қоғамда бірімен-бірі келісімге келмей күресуші, біріне бірі қарама қарсы негізгі екі тап — буржуазия мен пролетариат екі түрлі идеология құратынын — буржуазиялық және социалистік идеология құратынын көрсетті. Бұл екі түрлі идеологияның сол капиталистік қоғамдағы негізгі екі таптың — буржуазия мен пролетариаттың — мақсатын көздейтінін айтты. Буржуазиялық идеология кертартпа таптардың мақсатын көздейді де, социалистік идеология пролетариаттың таптық мақсатын көздейді. В. И. Ленин капиталистік қоғамда осы екі түрлі идеологиядан басқа үшінші идеология болуы мүмкін емес екендігін баса көрсетті. Сонымен бірге В. И. Ленин таптар арасындағы қайшылықтар шиеленіскен қоғамда тап тартысынан тыс және тап тартысынан жоғары тұратын идеология болмайтынын дәлелдеді. Сондықтан пролетарлық, социалистік идеологияның ролін, маңызын төмендету, оған мән бермеу әрдайым буржуазиялық идеологияны күшейтетінін ұдайы ескертіп отырды.

Жұмысшы қозғалысын буржуазияның саясатына және идеологиясына бағындыру мақсатын көздей отырып, ревизионистер бұрын да, қазір де жұмысшы табының өз алдына жеке идеологиясы жоқ және болуы да мүмкін емес, буржуазияның саясаты мен идеологиясы қоғамдағы барлық таптардың, соның ішінде пролетариаттың да мүддесін қорғайды, соны қамтамасыз етеді деп дәлелдеуге тырысады және тырысып та жүр. Олар түпкі мақсаты жоқ, идеологиялық бағыт алмаған жұмысшылардың стихиялық қозғалысын дәріптейді.

Жұмысшылардың стихиялық қозғалысын дәріптеп, жұмысшыларға бұдан басқа еш нәрсе керек емес деушілер Батыста бернштейншілер, ал Россияда «экономистер». Мысалы, Бернштейн «барлық мәселе қозғалыста, ал түпкі мақсат түк емес» деген болатын. Бұлардың стихиялық қозғалысты дәріптеудегі мақсаты — жұмысшы табының өз алдына жеке-дара көзқарасы болуын, өзінің қозғалысына бағыт беріп отыратын, өзінің мақсатын көздейтін таптық идеологиясы, өзінің партиясы болуын бекерге шығаруға тырысу еді.

В. И. Ленин ревизионистердің, оппортунистердің стихиялық теориясымақтарына аяусыз соққы берді, оның реакциялық мәнін ашты, олардың жұмысшы табының және еңбекшілердің басқа топтарының санасызімдерін уландыруға тырысатынын көрсетті. Жұмысшы табының өз алдына жеке-дара, буржуазиялық идеологияға қарсы тұратын, идеологиясы болуы қажет екендігін дәлелдеді.



В. И. Лениннің идеологияның, теорияның, философияның партиялығы жөніндегі маркстік принципті марксизмнің ашық және жасырын жауларының шабуылынан қорғап қалуы оны данышпандықпен алға қарай дамытуы маркстік партиялықтың үлгісі болып табылады. Өзінің «Материализм және эмпириокритицизм» атты еңбегінде Маркс пен Энгельстің диалектикалық материализмнің жауларымен күресті жоғары дәрежеде дәйектілікпен жүргізгенін айта келіп, В. И. Ленин былай дейді: «Маркс пен Энгельс бастан-аяқ философияда партияшыл болды, қандай болса да «ен жаңа» бағыттардың бәріндегі материализмнен шегінгендіктерді және идеализм мен фидеизмнің ыңғайына көшкендіктерді ашып әшкерелей білді» (Шығармалар. 14-том, 372-бет).

В. И. Лениннің өзі де марксизмнің жауларымен дәл осылай күресті, партиялық жөніндегі маркстік принципке зиян келтірушілермен ешқандай ымыраға келген жоқ. Маркстік теорияның, философияның тазалығын көздің қарашығындай сақтады.

Кәзіргі кезде АҚШ басқарған империалистік реакция өзінің идеологиялық қаруының барлық түрлерін, соның ішінде идеалистік философияны да социалистік елдерге қарсы, коммунистік және жұмысшы партияларына қарсы қолданып отырған уақытта В. И. Лениннің марксизмнің жауларына қарсы, ревизионистерге қарсы күресу үлгісінің алатын орны үлкен, маңызы орасан зор. Социализмнің жауларына қарсы күресте коммунистік және жұмысшы партиялары марксизм-ленинизмді басшылыққа алады.

Кәзіргі кезде халықаралық коммунистік қозғалыста ревизионизм басты қауіп болып есептеледі. Ревизионистер маркстік-лениндік теорияның барлық мәселесін, соның ішінде маркстік философияны да сынап-мінеген болып, тексеруге алып жүр. Ревизионизмнің кәзіргі кезде басты қауіп екендігі жөнінде коммунистік және жұмысшы партияларының Декларациясында ашық айтылған болатын. Бұл Декларация қабылданғаннан кейінгі уақыт та бұл тұжырымды дәлелдеп отыр.

Совет Одағы Коммунистік партиясының тарихи ХХІ съезінде жасалған Н. С. Хрущев жолдастың баяндамасында, съезд делегаттарының және туысқан коммунистік және жұмысшы партияларының өкілдерінің сөйлеген сөздерінде ревизионизмге қарсы күресті күшейту мәселесі баса қойылды.

В. И. Ленин әшкерелеген бұрынғы ревизионистер сияқты кәзіргі ревизионистер де философияда біріне-бірі қарама-қарсы екі лагерь — материализм мен идеализмнің лагері бар екендігі жөніндегі маркстік қағидаға қарсы шығады, философиядағы партиялық принципті жоққа шығаруға тырысады. Франциядағы кейбір ревизионистер материализмнің идеализмге қарама-қарсылығы жөніндегі мәселе кәзіргі кезде өзінің маңызын жоғалтты деп жұртшылықты сендірмекші болады.

Кәзіргі жағдайда дүние жүзінде екі әлеуметтік экономикалық система, екі лагерь — социализм мен капитализм лагері бар екендігін мойындаудан бас тарта отырып, ревизионистер дүние жүзінің екі системаға бөлінуі философиядағы қарама-қарсылық жөніндегі мәселені қайта қоздырып, жаңғыртты деп даурығады. Мұндай марксизм-ленинизмге қарсы көзқарасты Польшадағы, Франциядағы кейбір ревизионистер қуаттап жүр.

Югославия ревизионистерін алатын болсақ, олар дүние жүзінде екі экономикалық система, екі лагерь — социализм мен капитализмнің лагері бар екендігін мойындағысы келмегені былай тұрсын, тіпті, дүниеде тек екі блок, екі соғыс лагері ғана бар деп жұртшылықты шатастырысы келіп жүр. КПСС ХХІ съезінде жасалған баяндамасында Н. С. Хрущев жолдас көрсеткендей, социализм лагері соғыс лагері емес, ол бейбітшілік және еңбекшілер үшін жақсы тұрмыс орнату жолындағы социализм мен коммунизм жолындағы күресте тең праволы халық



тардың достық одағы болып табылады. Ал екінші лагерь — адамзатқа соғыс қатерін төндіріп отырған, езушілік пен зорлық құрылысын қайткен күнде де қалпында сақтауға тырысушы империалистердің лагерьі. Сондықтан социализм лагерьін соғыс лагерьі деп қарау, шындықты бұрмалау екені, марксизм-ленинизм жолынан тайған, ревизионистерге тән қылық екені айқын.

Югославия ревизионистерінің тағы басқалардың айтуынша кәзіргі кезде дүниеде біріне бірі қарама-қарсы екі система — социалистік және капиталистік система бар деп айтуға болмайды-мыс, өйткені капиталистік елдерде социализм өзінен өзі пісіп келеді-міс. Олар мысалы, Англияның буржуазиялық мемлекетінің экономика мәселесіне араласуын «дүниежүзілік социалистік процестің» бір буыны деп дәлелдегісі келеді. Олардың долбарлауынша пролетариат революциясынсыз-ақ, жұмысшы табының диктатурасынсыз-ақ капитализм бейбітшілік жолымен социализмге ұласады-мыс. Ревизионистердің бұлай деудегі негізгі мақсаты — капитализмді қорғап, жұмысшы табының алдыңғы қатарлы отряды — маркстік партияны әлеуметтік реформалар партиясына айналдыруға тырысу.

Югославия ревизионистері марксизм-ленинизмге жат көзқарастарын өздерінің ревизионистік программасында жинақтады. Бұл программада олар халықаралық коммунистік қозғалыстың маркстік-лениндік бағытына шабуыл жасады. Сондықтан да ол ревизионистік программаны барлық коммунистік партиялар өте орынды сынады, ондағы көзқарастың марксизм-ленинизмге үйлеспейтінін ашық айтты.

Ревизионистер кәзір дүние жүзінде социализм мен капитализм арасында күшті тап күресі жүріп жатқанын, бұл күрестің философиялық бағыттардың күресі арқылы да — диалектикалық материализм мен идеализмнің күресі арқылы да бейнеленетінін көргісі келмейді.

Кәзіргі философиядағы ревизионистердің айтып жүрген мәселелерінің бірі философияның ғылмилығы жөніндегі мәселе. Олардың айтуынша реакциялық буржуазиялық философияның ғылми бағалылығы бар, ал диалектикалық материализм таптық ғылым болғандықтан, субъективизмге ауытқи беретін сияқты, сондықтан оны түбірінен қайта қарау керек. Югославиялық ревизионист Лукич өзінің «Социологияға кіріспе» деген кітабында буржуазиялық социологияны жақтап, оның «ғылми бағалылығын» мақтайды.

Философияның, басқа да қоғамдық ғылымдардың партиялығы жөніндегі маркстік принципке қарсы күрестерінде ревизионистердің жаңын салып қолданатын әдістерінің бірі қоғамдық процестерді дұрыс көрсету мен партиялық принцип екеуі қатар өмір сүре алмайды деушілік. Шынында тек марксизмде ғана, оның философиясында қоғамдық процестерді дұрыс түсіндіру мен партиялық екеуі бірімен-бірі тығыз байланысатынын, бірінсіз бірі болмайтынын марксистер дәлелдеп келеді. Қертартпа таптың дүниеге көзқарасы болып есептелетін идеалистік философия дүниені, қоғамдық процестерді ғылми тұрғыдан түсіндіруі мүмкін емес. Ревизионистердің идеалистік философияны мақтап, партиялықтың маркстік принципіне қарсы шығуы, олардың буржуазияның мүддесін қорғайтындығын көрсетеді.

Социалистік елдердің коммунистік және жұмысшы партиялары өкілдері Кеңесінің Декларациясында марксизм-ленинизмнің теориялық негізі болып табылатын диалектикалық материализмнің орасан зор маңызы баса көрсетілген болатын. Онда былай делінген: «Бұл көзқарас табиғат, қоғам дамуының және адам ойының жалпыға бірдей заңын бейнелейді. Бұл көзқарасты өткендегі, кәзіргі және болашақтағы дәуірге қолдануға болады. Диалектикалық материализмге метафизика мен идеализм қарама-қарсы тұр. Егер маркстік саяси партия мәселелерді қараған кезде диалектика мен материализмге сүйенбейтін болса, онда



мұның өзі сыңар жақтылық пен субъективизмнің тууына, ойдың тоқырап қалуына, практикадан қол үзуге және заттар мен құбылыстарға тиісті талдау жасай алатын қабілеттен айрылуға, ревизионистік және догматтық қателіктерге және саясатта қателіктерге әкеліп соқтырады».

Кімде-кім маркстік диалектиканың және диалектикалық материализмнің сара жолынан тайса, ол дүниеге, қоғамдық процестерге дұрыс объективтік баға бере алмайды. Кәзіргі Югославия ревизионистері дәл осындай жағдайға ұшырап отыр.

Өзінің барлық қызметінде марксизм-ленинизмді басшылыққа алып отырған және оны алға қарай творчестволықпен дамытып отырған Совет Одағының Коммунистік партиясы әртүрлі әлеуметтік системадағы мемлекеттердің бейбітшілікпен қатар өмір сүруі мүмкін екендігін және оның қажет екендігін талмастан айтып келеді. Ал бейбітшілікпен қатар өмір сүруді идеология мәселесіне таратпау керек екендігін, идеологияның бейбітшілікпен қатар өмір сүруі мүмкін деп түсінбеу керек екендігін партияның тарихи XX және XXI съездері ашық көрсетті. Міне осы ашық айтылған мәселені ревизионистер өздерінше бұрмалайды.

Ревизионистер әртүрлі әлеуметтік системадағы мемлекеттердің бейбітшілікпен қатар өмір сүру мүмкіншілігін идеология мәселесіне таратуға тырысады. Олардың айтуынша — кәзір капитализмнің бейбітшілік жолмен социализмге өтуі мүмкін болып тұрған уақытта идеологиялық күрес жүргізу қажет емес сияқты. Капиталистік елдерде күрес тек қана парламенттік және реформистік күрес түрінде жүргізілуі керек те, ал социализм құрып жатқан елдерде пролетариат диктатурасынан бас тарту керек сияқты. Ревизионистердің бұл көзқарастары марксизмге жат көзқарас.

Совет Одағының Коммунистік партиясы, басқа туысқан коммунистік және жұмысшы партиялары идеологияның партиялығы жөніндегі маркстік-лениндік принципті басшылыққа ала отырып және оны алға қарай дамыта отырып, империалистік идеологияға қарсы тұратын социалистік идеологияны келешекте де күшейту керек екендігін, марксизм-ленинизм идеясын қолда берік ұстау керек екендігін өздерінің алдына басты міндет етіп қойып отыр.

Партияның тарихи XXI съезінде идеология мәселесіне үлкен көңіл аударылды. Партияның идеялық-тәрбие жұмысын күшейтіп, еңбекшілердің коммунистік саналылығын арттыру, оларды советтік патриотизм мен социалистік интернационализм рухында тәрбиелеу, адамдар санасындағы капитализмнің қалдықтарын жою буржуазиялық идеологияға қарсы күрес жүргізу мәселелеріне ерекше назар аударылды.

Империалистік буржуазияның идеологиясына қарсы, идеалистік философияға және ревизионистерге қарсы тынбай күрес жүргізе отырып, Совет Одағының Коммунистік партиясы марксизм-ленинизм теориясын дамытуды және оны творчестволықпен қолдануды қиындататын, бұқарадан қол үзуге әкеліп соқтыратын догматизм мен сектанттыққа қарсы күресу қажет екендігін, оны естен шығармау керек екендігін ұдайы ескертіп келеді; бұқарамен байланысты күшейте беру керек екендігін баса көрсетіп отыр.

В. И. Лениннің философияның партиялығы жөніндегі маркстік принципті марксизмнің дұшпандарынан қорғауы және оны алға қарай дамытуы коммунистік қоғам құрып жатқан совет халқын, социализм орнатып жатқан халықтық демократия елдерінің еңбекшілерін, барлық коммунистік және жұмысшы партияларын марксизмнің барлық дұшпандарына қарсы батыл күрес жүргізу рухында тәрбиелейді, адамзаттың сәулетті болашағы — коммунизм үшін күресуге жігерлендіреді.



## Сталин облысы еңбекшілері арасындағы бұқаралық-саяси жұмыстың жайы және оны жақсарту шаралары туралы

КПСС Орталық Комитеті «Сталин облысы еңбекшілері арасындағы бұқаралық-саяси жұмыстың жайы және оны жақсарту шаралары туралы» қаулы қабылдады.

Совет Одағы Коммунистік партиясының ХХІ съезі, деп көрсетілген бұл қаулыда, біздің елдегі коммунистік құрылыстың ұлы программасын бекітіп берді. Кәзіргі жағдайда Совет Одағы өзінің тарихи дамуындағы жаңа кезеңге аяқ басқан кезде, партия ұйымдары идеялық-саяси және ұйымдастыру жұмыстарының дәрежесін батыл көтеруге, бұқараны коммунистік рухта тәрбиелеудің барлық алуан түрі мен құралын жан-жақты және кең пайдалануға, совет халқының творчестволық күшін жетіжылдық жоспарды орындау және асыра орындау күресіне жұмылдыруға тиіс.

Украина Коммунистік партиясының Сталин облыстық комитеті мен КПСС Орталық Комитетінің Насихат және үгіт бөлімінің «Сталин облысы еңбекшілері арасындағы бұқаралық-саяси жұмыстың жайы және оны жақсарту шаралары туралы» баяндамаларын тыңдап және талқылап, КПСС Орталық Комитеті мынаны атап көрсетті: Сталин облыстық партия ұйымы соңғы жылдары еңбекшілер арасында үлкен ұйымдастыру, бұқаралық-саяси жұмыстарын өрістетуге арқасында шаруашылық және мәдени құрылыста елеулі табыстарға жетті.

Партияның соңғы жылдары социалистік демократияны онан әрі дамыту, халық шаруашылығына басшылық етуді қайта құру, жоспарлау, мемлекеттік және қоғамдық ұйымдар жұмысының стилі мен әдісін жақсарту жөнінде жүзеге асырған аса маңызды шаралары халық шаруашылығының барлық саласын жаңадан мықтап өркендетуге, еңбекшілердің материалдық әл-ауқатын көтеруге, бұқараның творчестволық ынта-жігері мен белсенділігін арттыруға көмектесті. Іскерлік қабілеті едәуір артқан облыстың партия ұйымдары ұйымдастыру және идеялық-тәрбие жұмыстарының көптеген құралдарын шаруашылық және мәдени құрылыс міндеттерін ойдағыдай шешу мақсатына неғұрлым кең қолданатын болды.

Кәзіргі уақытта бүкіл елдегі сияқты, облыста жетіжылдық жоспардың бірінші жылының тапсырмаларын орындау және асыра орындау жолындағы социалистік жарыс жаңа күшпен өрістеді. Н. Мамайдың, А. Қольчиктің, өндірістің басқа да жаңашылдарының әдісі бойынша өнім шығаруды арттырудың, оның өзіндік құнын кемітудің, сапасын жақсартудың нақты жолдары іздестірілуде. Коммунистік еңбек бригадаларының қозғалысы кең құлаш жаюда, сондай-ақ социалистік жарыстың басқа да көптеген жаңа түрлері туып келеді.

Облыстың партия ұйымдары саяси үгіттің дәрежесін көтерді. Әсіресе ХХІ съезге байланысты бұқаралық-үгіт жұмысы жаңадан түсті, ол коммунистік құрылыс практикасының аса маңызды мәселелеріне сай, бүгінгі күннің талабына неғұрлым үндес әрі нақты болып алды. Бұқаралық-саяси жұмысқа көптеген партия, совет, кәсіподақ және шаруашылық басшылары, сондай-ақ өндіріс озаттары, инженерлер мен техниктер, ауыл шаруашылығының мамандары қатысуда. Бірсыпыра қала-



лық және аудандық партия комитеттері жұмысшылар мен колхозшылардың ұсыныстарын, сын ескертпелерін үнемі қорытып, талқылап, тиісті шара қолданып келеді.

Көптеген кәсіпорындарда, құрылыстарда, колхоздар мен совхоздарда партия ұйымдары жұмысшылар мен колхозшылардың еңбектегі белсенділігін арттыру, оларды өндірістің түбірлі мәселелерін шешуге қатыстыру мақсатымен жұмыстың алуан түрлері мен әдістерін: еңбек ұйымдастыру ісін; жұмыс орнының жайын, техниканы пайдалану жұмысын жұртшылықтың жаппай байқауы мен тексеру рейдтерін, тұрақты өндірістік кеңестерді, экономикалық өндірістік-техникалық конференцияларды, озат бригадалар күндерін, социалистік міндеттемелердің орындалуын өзара тексеру әдістерін шебер қолданып келеді. Өнеркәсіп, ауылшаруашылық өндірісі жаңашылдарының тәжірибесін қорыту және енгізу жөнінде көп жұмыс жүргізілуде.

Жастарды жұмысшы табының революциялық және еңбек дәстүрлеріне тәрбиелеуде кәсіпорындарда, колхоздарда, мекемелер мен оқу орындарында өткізіліп жүрген Октябрь революциясының, азамат және Ұлы Отан соғыстарының ардагерлерімен, өндірістің атақты адамдарымен кездесу маңызды роль атқарады. Ауызекі және дыбысты-сәулелі журналдар, киногазеттер, сықак листоктар, «шахтер телевизорының» арнаулы программалары, кешкі мәдени университеттер және бұқаралық-саяси жұмыстың көптеген басқа да түрлері жұмысшылар мен колхозшылар арасына кең тараған.

Мұның бәрі саяси үгіттің мазмұнын едәуір байытады, партия ұйымдарының жүргізіп отырған шараларына еңбекшілердің ынтасын арттырады, облыстың халықшаруашылық жоспарын орындауға жақсы әсер етеді.

Сонымен бірге КПСС Орталық Комитеті облыстық партия ұйымында бұқаралық-саяси жұмысты жолға қоюда әлі де елеулі кемшіліктер бар екенін атап көрсетті. Егер партия ұйымының бәрі бұқара арасында күнбе-күн терең мағыналы саяси жұмыс жүргізген болса, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы және мәдени құрылыс саласындағы табыстар анағұрлым мол болған болар еді. Көптеген партия ұйымдары саяси үгіттің мазмұнын үнемі бақылап отырмайды, оның пәрменді және оралымды болуына жеткілікті қамқорлық жасап отырмайды. Облыстық партия комитеті еңбекшілерді коммунистік рухта тәрбиелеудің барлық алуан түрі мен әдісін пайдалануда қажетті табандылық көрсетпейді, облыстың кейбір партия ұйымдарында жинақталған құнды тәжірибені неғұрлым кең таратуға қажетті шаралар қолданбайды.

Еліміздің өміріндегі аса маңызды оқиғалар, халықаралық жағдай мәселелері, партия мен үкіметтің шешімдері жұмысшылар мен колхозшыларға әрдайым дер кезінде, айқын және нанымды түсіндірілмейді. Баяндамалар мен әңгімелерде тыңдаушылардың партияның саясатын терең ұғынуына көмектесетін жарқын, өмірден алынған фактілер мен мысалдар жеткіліксіз пайдаланылады. Үгіт кейде жалаң, үстірт және формальды болып келеді, белгілі бір кәсіпорынның немесе колхоздың нақты міндеттерімен ұштастырылып отырылмайды, жұмыстағы қиыншылықтарды жеңуге, еңбек тәртібін нығайтуға бағытталмайды, сондықтан да өндіріс міндеттерін шешуге көбінесе нашар әсер етеді.

Түнгі сменаларда, қалалардың маңында және шалғай елді пункттерде тұратын еңбекшілер арасында бұқаралық-саяси жұмыс әлі де нашар жүргізіледі. Халықтың тұрған жерлерінде, жатақханаларда саяси үгіт үздік-создық, науқан ретінде жүргізіледі. Көптеген үгіт пункттері жұмыс істемейді. Кейбір басшылар кәсіпорындардың коллективтерімен: жұмысшылармен, қызметшілермен, техникалық интеллигенциямен нашар байланыс жасайды және еңбекшілер арасында күнбе-күн бұқаралық-саяси жұмыс жүргізіп отырмайды.



Үгіт жұмысында әрбір үгітшінің өнері: жұртшылықпен тіл таба білуде, оған қалай да жақсы ықпал ете білуде, әрбір нақты жағдайда алға мақсат қойып, оны жүзеге асыра білуде деген лениндік қағида жеткілікті ескерілмейді. Бұқаралық-үгіт жұмысында нақтылық және белгілі бір мақсат көздеу әрдайым болмай келеді.

Көптеген партия ұйымдары, үгітшілер, лекторлар, баяндамашылар жершілдік, сұғанактық көріністерге, жалпы мемлекеттік мүддені ескермеушілікке қарсы күресті нашар жүргізіп келеді, еңбек және өндіріс тәртібін, социалистік тұрмыс ережелерін бұзушыларға қарсы жұртшылық пікірін туғызбайды. Олар көп жағдайда халық дәулетін талан-таражға салу, маскүнемдік, қыдырымпаздық фактілерін елемейді, буржуазиялық идеологияның көріністеріне, жау және тоғышар элементтердің тарататын түрлі өсек-аянына әрдайым дер кезінде және қатты тойтарыс беріп отырмайды.

Кейбір селолық партия ұйымдары бұқаралық-саяси жұмыста колхоз құрылысын онан әрі дамытудың түбірлі мәселелерін: ауыл шаруашылық дақылдарының өнімін арттыру, қоғамдық мал шаруашылығын үздіксіз дамытып, оның өнімділігін арттыру, өнім өлшемін өндіруге жұмсалатын еңбек шығынын кеміту, егіншілік мәдениетін көтеру, техниканы тиімді пайдалану, колхоздардың бөлінбейтін қорын молайту, колхозаралық кәсіпорындар салу, озат тәжірибені зерттеп, тарату мәселелерін шешуге тиісті назар аудармайды. Бірсыпыра колхоздарда лекция мен баяндама сирек оқылады, радио жоқ, халыққа кино көрсету ісі мардымсыз, көркем өнер үйірмелері жұмысты нашар істейді. Көптеген колхоздарға, бригадалар мен фермаларға газеттер мен журналдар көп кешігіп жеткізіледі.

Бұқаралық-саяси жұмыстағы елеулі кемшіліктердің басты себебінің бірі-сол — көптеген партия ұйымдарында үгітшілерді іріктеп алу, орналастыру және тәрбиелеу ісі қанағаттанғысыз, үгітшілердің, лекторлардың, баяндамашылардың жұмысына үнемі бақылау жасалмайды, жұмыс үстінде оларға ұдайы көмек көрсетілмейді.

КПСС Орталық Комитеті Сталин облыстық партия комитетіне облыстың партия ұйымында жинақталған бұқаралық-саяси жұмыстың жақсы тәжірибесін баянды етуге және кең таратуға шаралар қолдануды, сондай-ақ осы қаулыда көрсетілген елеулі кемшіліктерді жоюды ұсынды.

СССР халық шаруашылығын өркендетудің 1959—1965 жылдарға арналған бақылау цифрлары туралы Н. С. Хрущев жолдастың партияның XXI съезінде жасаған баяндамасын, КПСС-тің кезектен тыс тарихи XXI съезінің шешімдерін терең оқып үйрену және түсіндіру ісін, халықтың барлық күшін осы шешімдерді жүзеге асыруға, СССР халық шаруашылығын өркендетудің жетіжылдық жоспарының тапсырмаларын орындауға және асыра орындауға жұмылдыру жөнінде бұқара арасында жан-жақты партиялық-саяси жұмысты өрістетуге ісін КПСС Орталық Комитеті барлық партия және комсомол ұйымдарының ең басты міндеті деп есептейді.

Осы мақсатпен бұқаралық-саяси жұмыстың барлық түрі: еңбекшілердің жиналыстарын өткізу, әңгімелер, баяндамалар, лекциялар, баспасөз, кино, радио, телевидение мен мәдени-ағарту мекемелері кеңінен пайдаланылсын.

КПСС Орталық Комитеті газеттер мен журналдардың редакторларын, баспалардың директорларын КПСС XXI съезінің шешімдері мен документтерін терең жазып түсіндіруді қамтамасыз етуге, съезд материалдарын насихаттаудың жақсы тәжірибесін қорытып отыруға, жетіжылдық жоспардың негізгі теориялық проблемалары мен практикалық міндеттеріне арналған мақалалар мен материалдар жариялап отыруға, кітаптар, жұртшылыққа түсінікті кітапшалар, көрнекі құралдар ба-



сып шығаруға, осы жұмыстың бәрін еңбекшілерді партияның ХХІ съезінің шешімдерін жүзеге асыруға жұмылдыруда партия ұйымдарына көмек көрсету ісіне бағындыруға міндеттеді.

СССР Мәдениет министрлігіне КПСС ХХІ съезінің шешімдерін насихаттауға және жүзеге асыруға арналған ғылыми-көпшілік кинофильмдер мен кинохроника журналдарын жасап шығаруды қамтамасыз ету ұсынылды.

КПСС Орталық Комитеті СССР Министрлер Советі жанындағы радиохабар және телевидение жөніндегі Мемлекеттік Комитетті мыналарға міндеттеді:

орталықта және жергілікті жерде радио арқылы КПСС ХХІ съезінің материалдарын, съезд қойған теориялық проблемалар мен практикалық міндеттерді түсіндіруге арналған лекциялар мен әңгімелер ұйымдастыру, тандаулы үгітшілер мен насихатшыларды, ғалымдарды партия және совет қызметкерлерін, журналистерді, көркемөнер қайраткерлерін авторлыққа тарту;

орталықтан таралатын радиохабарында республикалардан, өлке-лер мен облыстардан олардың өмірі мен жетіжылдық жоспары бойынша даму келешегін көрсетуге арналған хабарларды ұдайы беріп тұру;

телевидение арқылы КПСС ХХІ съезінің шешімдерін жүзеге асыру жөнінде совет халқының қол жеткен нақты табыстары мен ұлы келешегін айқын және нанымды көрсететін арнаулы программаларды, телевизорлық фильмдерді, тағы басқаларын үзбей беріп тұруды қамтамасыз ету.

Саяси және ғылыми білімдер тарату жөніндегі Бүкілодақтық қоғамның Басқармасы мен оның жергілікті жердегі бөлімшелеріне КПСС ХХІ съезі партия мен халықтың алдына қойған теориялық мәселелер мен практикалық міндеттерді түсіндіру жөнінде қоғамның барлық мүшелерінің жұмысын күшейтуге қажетті шаралар қолдану тапсырылды.

КПСС Орталық Комитеті КПСС ХХІ съезінің тарихи шешімдерін насихаттау — бұл қысқа мерзімді науқан емес, ұзақ уақытқа арналған негізгі міндет екенін партия ұйымдарының есіне салды. Бұл міндетті жүзеге асыруға барлық коммунистер, ең алдымен партия активі қатысуға тиіс.

КПСС Орталық Комитеті партия ұйымдарының назарын біздің еліміз өз дамуының жаңа аса маңызды кезеңіне — коммунистік құрылысты кең өрістету кезеңіне кіріскен жағдайда, еңбекшілерді коммунистік рухта тәрбиелеу, бұқаралық-саяси жұмыс мәселелері партия, совет, комсомол, кәсіподақ және басқа қоғам ұйымдарының қызметіндегі маңызы зор өзекті мәселелерге айналғанына аударды.

Коммунизм орнату барлық азаматтардың сана-сезімін үздіксіз арттыру, еңбекшілерді, әсіресе жастарды коммунистік мораль рухында, еңбекке, қоғам алдындағы міндеттеріне дұрыс қарау рухында тәрбиелеу ісімен тығыз байланысты.

Бұқаралық-саяси жұмыстың негізгі міндеті партияның лениндік сара жолының салтанат күрғанын көрсететін совет халқының ұлы жеңістерінің маңызын терең түсіндіру, коммунистік құрылыстың ұлы келешегінің мәнін ашып беру, еңбекшілерді КПСС ХХІ съезінің тарихи шешімдерін ойдағыдай жүзеге асыруға жігерлендіру болып табылады. Бүкіл идеялық-тәрбие, бұқаралық-саяси жұмыстардың бәрі нақты, нысаналы болуға, СССР халық шаруашылығын өркендетудің жетіжылдық жоспарының тапсырмаларын жүзеге асыру жолындағы, жетіжылдықтың бірінші жылы — 1959 жылдың жоспарын орындау және асыра орындау жолындағы күреске совет халқының күшін жұмылдыруға көмектесуге тиіс.

Партия ұйымдары, насихатшылар мен үгітшілер еңбекшілерге коммунизм дегеніміз не екенін, оның халыққа қандай ұлы игіліктер әкеле-



тінің айқын және көкейге қонымды түрде түсіндіруге, коммунизмнің гүл шешектерін барынша қуаттап, дамыта беруге тиіс. Коммунистік идеалдар қоғамның материалдық және рухани игіліктері мол болған жағдайда ғана жүзеге аса алатынын, ал осы игіліктерді жасау үшін металдар, машиналар өндіруді, мұнай, көмір шығаруды, электр қуатын өндіруді, астық, ет, май, киім, аяқ киім өндіруді, үй салуды арттыру ісінің маңызы зор екенін барлық совет адамдары терең ұғынуы қажет.

Насихатшылар мен үгітшілердің аса маңызды міндеті — біз неғұрлым жоғары еңбек өнімділігіне жеткен кезде ғана жан басына өнім өндіру жөнінен неғұрлым дамыған капиталистік елдерді қуып жетіп, басып озу міндеті ойдағыдай шешілетінін әрбір еңбекшінің санасына жеткізу. Жетіжылдық жоспарды орындау және асыра орындау коммунизмге қарай жаңа ірі қадам жасау болып табылатынын, экономиканың барлық саласын жаңадан өрге бастыру, соның негізінде халықтың тұрмыс дәрежесін едәуір арттыруды қамтамасыз ету жұмысшы табының, колхоз шаруалары мен интеллигенцияның күш-жігеріне, әрбір совет адамының еңбек өнімділігінің жоғары болуына байланысты екенін еңбекшілерге үнемі түсіндіріп отыру қажет.

Бұқаралық-саяси жұмыстың өмірмен, практикалық міндеттермен неғұрлым тығыз байланысты болуы — оның табысты болуының кепілі. Өнеркәсіп орындарының партия ұйымдары саяси үгітті әрбір кәсіпорынның, учаскенің, цехтың, бригаданың, әрбір жұмысшының өндіріс жоспарларын сөзсіз орындауын, бірқалыпты жұмыс істеуін, еңбек өнімділігін барынша арттыруды, шығарылатын өнімнің сапасын жақсартып, өзіндік құнын кемітуді, қаржы мен материалдарды қатаң үнемдеуді, өндірісті кенінен механикаландырып, автоматтандыруды, жаңа техниканы меңгеріп, жақсы пайдалануды, озат тәжірибені насихаттауды және енгізуді қамтамасыз ететіндей етіп құруға тиіс.

Село партия ұйымдарына КПСС ХХІ съезінің нұсқаулары мен КПСС Орталық Комитеті декабрь Пленумының «Ауыл шаруашылығын өркендетудің соңғы бес жыл ішіндегі қорытындылары және ауылшаруашылық өнімдерін онан әрі мол өндіру міндеттері» деген қаулысын жан-жақты түсіндіру және жүзеге асыру ісіне басты назар аудару ұсынылды. Барлық ауылшаруашылық дақылдарының өнімін онан әрі арттыру, мал басын көбейтіп, қоғамдық мал шаруашылығының өнімін молайту жолындағы, колхоздар мен совхоздарда ең алдымен жүгері егісін онан әрі көбейту есебінен тұрақты жемшөп қорын жасау жолындағы, ауылшаруашылық техникасын ұқыпты және барынша толық пайдалану жолындағы, колхоздарды ұйымдық-шаруашылық жағынан нығайту, колхоз қаржысы мен еңбеккүнді жұмсаудағы ысырапқорлықты жою жолындағы күрес күшейтілсін. Кәзіргі уақытта халық шаруашылығының барлық саласындағы сияқты, ауыл шаруашылығында ұйымдастыру және еңбек өнімділігін арттыру, өнім өлшемін өндіруге жұмсалатын шығынды азайту мәселелері бірінші кезекке қойылып отырғанын колхозшыларға, совхоздар мен РТС жұмысшыларына түсіндіру қажет.

ХХІ съездің шешімдерін, халық шаруашылығын өркендетудің жеті жылдық жоспары міндеттерін түсіндіре отырып, партия ұйымдары еңбекшілердің жалпы цифрларды біліп қана қоймай, сонымен қатар өз кәсіпорнында, өз колхозында және совхозында не істеу керек екенін және қандай мерзімде орындау керек екенін, қандай ішкі мүмкіндіктер мен резервтер бар екенін және оларды қалай жақсы пайдалану керек екенін, еңбекте неғұрлым жоғары нәтижеге жетуде материалдық ынталылықтың қандай екенін білуіне жету керек. Партия ұйымдарының үгітшілердің аса маңызды міндеті әрбір кәсіпорнында, колхозда, совхозда, мекемеде творчестволық еңбек пен өндірістік өрлеу жағдайын туғызу, еңбекшілердің қалың бұқарасының белсенділігі мен іскерлігін



барынша арттыру, жұмыстағы кемшіліктерді ашып, оны жоюдың сенімді құралы ретінде сын мен өзара сынды кең өрістетуге болып табылады.

Мүшелері өздерінің алдына жоғары еңбек өнімділігіне жету, сонымен бірге жалпы білім және техникалық дәрежесін көтеруге, социалистік мәдениеттің шыңына жетуге, өткен заманның сарқыншақтарына қарсы бітіспес күрес жүргізуге міндеттенетін коммунистік еңбек бригадаларының жұмыс тәжірибелерін барынша кең тарату қажет. Сондай-ақ өнеркәсіпте, транспортта, ауыл шаруашылығында және экономикамыздың басқа саласында туып отырған социалистік жарыстың басқа түрлерін де қолдап отыру керек.

Партия ұйымдары ет, сүт, ауыл шаруашылығының басқа да өнімдерін өндіруді арттыру жөніндегі жетіжылдықтың тапсырмаларын мерзімінен бұрын орындауға міндеттеме алған, сөйтіп халықтың жан басына мал шаруашылығы өнімдерін өндіру жөнінен таяудағы жылдары Америка Құрама Штаттарын қуып жетудегі тамаша қозғалыстың бастаушысы болған озат колхоздардың, совхоздардың, аудандардың игілікті бастамасын бұдан былай да қуаттап, дамытып отыруға міндетті.

Өнеркәсіпте, ауыл шаруашылығында және транспортта озат тәжірибені тарату жұмысына өндіріс жаңашылдарының өздері кеңінен тартылсын. Жаңашылдардың тәжірибесі туралы әңгімелер, жұртшылыққа түсінікті лекциялар өткізу жиі қолданылсын, техникалық және агротехникалық фильмдер көрсетілсін, таңдаулы кәсіпорындарға, цехтарға, бригадаларға, фермаларға экскурсия ұйымдастырылып тұрсын.

КПСС Орталық Комитеті партия ұйымдарын еңбекшілерді коллективизм және еңбекті сүйу рухында, қоғам алдындағы борышына адал болуға, социалистік интернационализм мен патриотизм, коммунистік моральдың жоғары принциптерін сақтау рухында тәрбиелеу жұмыстарын күшейтуге міндеттеді. Адам санасындағы капитализм сарқыншақтарына, ең алдымен қоғамдық еңбек пен тәртіпке немқұрайды қарау, социалистік меншікті талан-таражға салу, маскүнемдік, бұзақылық, паракорлық, алыпсатарлық сияқты өрескел қылықтарға қарсы күресті күшейтуге ерекше көңіл бөлінсін. Буржуазиялық идеологияның түрлі көріністеріне қарсы бітіспес күрес жүргізуге, түрлі сыбыршыларды, жаппай қоршыларды, өтірік қауесет, антисоветтік өсек таратушыларды батыл әшкерелеуге міндеттеді.

Ғылыми-атеистік насихатты жақсарту үшін қажетті шаралар қолданылатын болсын.

КПСС Орталық Комитеті партия ұйымдарын артта қалған кәсіпорындарда, колхоздар мен совхоздарда бұқаралық-саяси жұмысты күшейту ісіне ерекше көңіл бөлуге, артта қалған учаскелерді маман кадрлармен, жақсы ұйымдастырушылармен нығайтуға міндеттеді. Бастауыш партия ұйымдарының өндірістегі істердің жайы үшін, халық шаруашылығы жоспарларының орындалуы үшін жауапкершілігі арттырылсын.

КПСС Орталық Комитеті партияның еңбекшілерді тәрбиелеу жөніндегі бүкіл қызметінің табысты болуының аса маңызды шарты ретінде басшы қызметкерлердің саяси үгітке тікелей қатысу қажеттігіне партия ұйымдарының назарын аударды. Бұқарамен күнделікті, іскер, байланыс жасау әрбір басшының жұмысына баға берудегі елеулі өлшем болуға тиіс.

Басшы қызметкерлерді саяси үгітке белсене қатыстыру мақсатымен КПСС Орталық Комитеті мынаны қажет деп санайды:

партия, совет, кәсіподақ, комсомол және шаруашылық ұйымдары басшыларының еңбекшілер алдында үзбей саяси баяндама жасап тұруы қамтамасыз етілсін. Облыстық, қалалық, аудандық партия комитеттері мен бастауыш партия ұйымдарының секретарьлары бұл істе өздері үлгі көрсетуге міндетті;



түрлі ұйымдар мен сауда, халық ағарту, денсаулық сақтау және коммуналдық қызмет көрсету ведомстволарының басшылары саяси баяндамалармен қатар халық алдында өздері басқарып отырған мекемелер мен кәсіпорындардың жұмысы туралы жиі-жиі есеп беріп тұратын болсын;

партия комитеттері партия активінің бұқаралық-саяси жұмысқа қатысу мәселелерін жиі талқылайтын, басшылардың халық алдында жасаған баяндамаларының қорытындысын шығарып отыратын, еңбекшілердің ұсыныстары мен ескертпелерін еске алып, зерттеп отыратын, бұлар жөнінен практикалық шаралар қолданатын болсын. Коммунистік құрылыстың теориясы мен практикасының, СССР-дің халықаралық жағдайының аса маңызды мәселелері жөнінде баяндамашылар үнемі хабардар болып отырсын;

партия ұйымдарына Сталин халық шаруашылығы советінің басшы қызметкерлері мен мамандарының, өнеркәсіп пен құрылыс орындарындағы еңбекшілер алдында халық шаруашылығы советінің жұмысы туралы оқтын-оқтын есеп беріп отыру тәжірибесін пайдалану ұсынылсын. Басшы қызметкерлер мен мамандардың еңбекшілер алдында өндіріс, жалпы саясат және ғылыми-техникалық мәселелер жөнінде баяндамалар жасауы бұдан былай да кеңінен қолданылсын.

КПСС Орталық Комитеті үгітшілерді іріктеп алу, орналастыру және тәрбиелеу ісін жақсартуды партия ұйымдарының аса маңызды міндеті деп есептейді. Осы мақсатпен:

үгітшілерді дайындығы неғұрлым күшті коммунистерден, комсомолецтерден, өндіріс озаттарынан, интеллигенциядан, басшы қызметкерлерден мұқият іріктеп алу қамтамасыз етілсін. Таңдаулы үгітшілер өндірістің шешуші учаскелерінде болсын. Үгітшілерді партия бюролары мен партия жиналыстарында бекіту және олардың баяндамаларын талқылау практикасы қайтадан қалпына келтірілсін; үгітшілерге басқа көп тапсырмалар берілмесін;

ішкі және сыртқы саясаттың аса маңызды мәселелері, шаруашылық және мәдени құрылыс жоспарларының орындалу барысы туралы үгітшілер ұдайы хабардар болып тұрсын, олар өмірлік құбылыстарды терең талдай білуге, партияның саясатын белгілі бір кәсіпорынның, колхоздың, мекеменің коллективі алдында тұрған нақты міндеттермен ұштастыра білуге баулынсын. Облыстық, қалалық, аудандық партия комитеттерінің бірінші секретарьлары, еңбекшілер депутаттарының облыстық, қалалық және аудандық Советтері атқару комитеттерінің председателдері, шаруашылық ұйымдарының басшылары үгітшілер алдында баяндама жасап тұруы қажет деп есептелсін;

бұқаралық-үгіт жұмысының мазмұны мен әдісінің түрлі мәселелері бойынша үгітшілердің семинары үзбей өткізіліп тұрсын. Үгітшілердің семинарларын тікелей озат кәсіпорындарда, колхоздар мен совхоздарда, бұқаралық-саяси жұмыстың жақсы тәжірибесі бар жерлерде ұйымдастыру қолданылсын;

үгітшілердің жиналыстары қалада, ауданда, сондай-ақ өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының жеке салаларында оқтын-оқтын өткізіліп тұрсын, мұнда үгітшілер үгіт жұмысының жақсы тәжірибесін алмасу кеңінен қолданылсын;

Ленинград, Сталин, Азербайжан, Свердлов және басқа бірқатар партия ұйымдарының үгітшілер мектебін құру жөніндегі тәжірибесі өзін ақтағанын атап көрсетіп, партия ұйымдарына үгітшілер оқуының осы түрін кеңінен пайдалану ұсынылсын. Мектептердің оқу программалары партия комитеттерінің бюросында әрбір қаланың, ауданның, кәсіпорынның, колхоздың ерекшеліктері ескеріле отырылып бекітілсін;

үгіт коллективтерінің жетекшісі партия ұйымдарының секретарьлары ғана емес, сонымен қатар партия активінен неғұрлым дайындығы



күшті басқа коммунистер де бола алады деп белгіленсін. Қалалық, аудандық партия комитеттері үгіт коллективі жетекшілерінің кеңестері мен семинарларын үнемі өткізіп тұратын болсын, бұларда тәжірибе алмасып отырылсын, үгіт жұмысының әдіс мәселелері, еңбекшілер арасында жасалатын кезекті баяндамалар мен әңгімелердің тақырыптары талқылансын;

саяси ағарту үйлері мен кабинеттеріне үгітшілердің қажетті әдебиеттер мен материалдарды іріктеп алуына көмек көрсету, олар үшін көп адам қатысқан және жеке консультациялар ұйымдастыру, бұқаралық-саяси жұмыстың жақсы тәжірибесін қорытып, таратып отыру міндеті жүктелсін.

Бұқаралық-саяси жұмысты жүргізуде партия ұйымдары мен үгітшілерге көмек көрсету үшін КПСС Орталық Комитеті КПСС Орталық Комитетінің Насихат және үгіт бөліміне, Мемлекеттік саяси әдебиет баспасына үгіт жұмысының практика мәселелері жөнінен де, аса маңызды жалпы саясат мәселелері жөнінен де жұртшылыққа түсінікті «Үгітші кітапханасын» оқтын-оқтын шығарып отыру тапсырылды. Партия қызметкерлері, жазушылар, үгітшілер, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы мамандары кітапшалардың авторлығына кеңінен тартылсын.

«Агитатор» журналының редакциясына КПСС ХХІ съезінің тарихи шешімдері мен материалдарын, жетіжылдық жоспардың міндеттерін, Совет Одағының ішкі және халықаралық жағдайын түсіндіруде және насихаттауда үгітшілерге көмек көрсетіп отыру ісіне басты назар аудару ұсынылды. Нақты фактілер мен цифрларға құрылған, социалистік системаның капиталистік системадан артықшылығын, еңбекшілер бұқарасының творчестволық белсенділігі мен іскерлігінің артқандығын көрсететін мақалалар мен материалдар жиі-жиі басылып тұрсын. Партия ұйымдарының, үгіт коллективтері мен үгітшілердің бұқаралық-саяси жұмысының жақсы тәжірибесі кең жариялансын. Журналға жергілікті қызметкерлер көбірек тартылсын.

«Правда» газетінің, «Партийная жизнь» мен «Агитатор» журналдарының редакцияларына Сталин партия ұйымындағы бұқаралық-саяси жұмыстың тәжірибесін жазу тапсырылды.

КПСС Орталық Комитеті партия ұйымдарын еңбекшілерге саяси тәрбие беруде, бұқаралық-саяси жұмыстың жайы мен жақсы тәжірибесін жазуда облыстық, қалалық, аудандық, көп тиражды газеттердің ролін арттыру үшін шаралар қолдануға міндеттеді. Газет бетінде үгітшілерге көмекші материалдар үзбей жарияланып тұрсын. Редакциядан тыс актив газетке кеңінен қатыстырылсын, еңбекшілердің хаттары көбірек басылсын.

Партия ұйымдарына еңбекшілер арасында бұқаралық-саяси жұмыс жүргізген кезде саяси үгіттің өмірде сыналған алуан түрлері мен әдістерін — баяндамаларды, газет оқып беру, саяси хабарды, әңгімелерді, тағы басқаларын творчестволықпен пайдалану, сондай-ақ жана, құнды бастамаларды барынша қуаттап отыру ұсынылды. Халықтың көкейтесті мәселелеріне дер кезінде көңіл бөлуге мүмкіндік беретін, саяси үгіттің маңызды және түсінікті түрі ретінде әңгіме өткізу ісіне ерекше көңіл бөлінсін. Басшы қызметкерлердің, үгітшілердің өндірісте, халықтың тұрған жерінде, еңбекшілер мен еркін, көкейге қонымды әңгімелер өткізіп тұрғаны, сонымен қатар бүгінгі күннің зәру мәселелерінен қаймықпай, оларға шынайы, айқын жауап бергені, халықтың тілегіне мұқият көңіл бөлгені жөн.

Үгітшінің жалпыхалықтық міндеттерді, партия мен үкіметтің шешімдерін ресми түрде түсіндірумен тынбай, оларды жүзеге асыру жолында табандылықпен күресетін, жұмыста, жалпы мемлекеттік мүдделерді түсінуде өзі үлгі көрсететін болуы керек.



КПСС Орталық Комитеті Украина Компартиясының Сталин облыстық комитетін халықтың барлық тобы арасында саяси жұмысты үзбей жүргізіп отыру үшін шаралар қолдануға міндеттеді. Осы мақсатпен:

енбекшілер арасында: өнеркәсіп орындарының жұмысшылары, құрылысшылар, колхозшылар, интеллигенция арасында, саяси үгітті саралап жүргізу қамтамасыз етілсін, сонымен қатар өндірістің сипаты, белгілі бір коллективтің көңіл күйі мен тілегі, адамдардың әзірлік дәрежесі, сондай-ақ ұлттық құрамы, халықтың әртүрлі топтарының (әйелдер, жастар, семья мүшелері, т. б.) басқа да ерекшеліктері ескерілсін;

түнгі сменадағы жұмысшылар арасында бұқаралық-саяси жұмыс жақсартылсын. Партия, шаруашылық, кәсіподақ және комсомол басшылары түнгі сменаларға ұдайы барып, оларда қажетті жұмыс жүргізетін болсын. Жұмысшылардың демалыс сағатында (күндізгі уақытта) лекциялар, баяндамалар жиі оқылып, кинокартиналар, көркемөнерпаздар өнері көрсетілсін, т. б.;

қаладан тыс жерлерде тұратын өнеркәсіп орындары жұмысшыларының арасында бұқаралық-саяси жұмыс жүргізу үшін арнаулы үгітшілер бөлінсін. Жұмысшы поездары газеттермен, журналдармен, шағын кітапханалармен, мәдени жабдықтармен жабдықталсын, сонымен қатар оларда радио орнатылсын. Сол жұмысшылар тұратын елді пункттерге мәдени-үгіт бригадалары, жылжымалы киноқондырғылар, кітап тасып сатушылар жіберілсін;

алыстағы бригадаларда, мал фермаларында, дала қостарында жұмыс істейтін колхозшылар арасында, механизаторлар арасында, әсіресе аса маңызды ауылшаруашылық жұмыстарын жүргізген кезде бұқаралық-саяси жұмыс жақсартылсын;

енбекшілердің үй-үйінде жүргізілетін бұқаралық-саяси жұмыстың дәрежесі арттырылсын. Кәсіпорындардағы, колхоздардағы, үлкен тұрғын үйлердегі, жатақханалар мен жұмысшы поселкелеріндегі тұрақты үгіт пункттері бұл жұмыстың орталығы болуға тиіс. Клубтарда, мәдениет үйлерінде, қызыл мүйістерде, үгіт пункттерінде анықтама столдары ұйымдастырылсын, өздері немесе маман қызметкердің көмегімен еңбекшілердің берген сұрақтарына жауап бере алатындай үгітшілерден кезекші қойылсын.

жатақханалардағы жұмыс жақсартылсын. Бұларда жабдықталған қызыл мүйістер, радио, газеттер мен журналдар, ойын жабдықтары болсын. Жатақханаларда жұмыс істеуге неғұрлым дайындығы күшті коммунистер мен комсомолецтер, сондай-ақ еңбек ардагерлері бөлінсін. Жатақханаларда тәрбиешілерді мұқият іріктеп алу қамтамасыз етілсін. Бастауыш партия ұйымдарына тәрбиешілерді партия бюросының мәжілістерінде бекіту ұсынылсын.

КПСС Орталық Комитеті жұмысшылар мен колхозшылардың жиналыстарын ұдайы өткізіп тұру қажеттігіне партия ұйымдарының назарын аударды. Жиналыстарда кәсіпорындар, колхоздар, мекемелер коллективтерінің өндірістік қызметі, тұрғын үй құрылысы және мәдени-тұрмыс қызметін көрсету мәселелері, сондай-ақ жалпы саясат мәселелері жиі талқылансын. Жиналыстардың беделі көтерілсін, талқыланған мәселелер, еңбекшілердің сын ескертпелері мен тілектері бойынша қабылданған шешімдердің орындалуын үнемі бақылап отыру қамтамасыз етілсін. Кәсіподақ, шаруашылық ұйымдарының басшылары, колхоз басқармалары өткен жиналыстарда қабылданған шешімдердің орындалуы туралы есеп беріп отыратын болсын.

КПСС Орталық Комитеті жастар арасында тәрбие жұмысын батыл күшейтуді партия ұйымдарының аса маңызды міндеті деп есептейді. Жастарды жұмысшы табының қаһармандық дәстүрі рухында, еңбекке, өз мамандығына сүйіспеншілік рухында, советтік патриотизм мен



халықтар достығы рухында тәрбиелеу ісіне басты назар аударылсын. Жас жігіттер мен қыздарды жоғары моральдық қасиетке баулу керек. Барлық жас жұмысшылар мен колхозшылар қоғамдық-бұқаралық шараларға қатыстырылатын болсын. Оқушы және студент жастардың арасында тәрбие жұмысын жақсарту қамтамасыз етілсін, бұл жұмыс біздің елімізде мектептің өмірмен байланысын нығайту және халық ағарту системасын онан әрі дамыту жөнінде партия мен үкімет белгілеген шараларды ойдағыдай жүзеге асыруға бағындырылсын.

ҚПСС Орталық Комитеті партия ұйымдарын демалыс және мейрам күндері еңбекшілер арасында саяси және мәдени-ағарту жұмыстарын жүргізуге көбірек қамқорлық жасауға міндеттеді. Бұл күндерде еңбекшілер алдында басшы қызметкерлердің баяндама жасауы, ғылым, әдебиет пен көркемөнер қайраткерлерімен, өндіріс жанашылдарымен кездесу, алаңдарда, парктерде, скверлерде ойын-сауық, спорт жарыстарының өткізілуі, жұмысшылар мен қызметшілердің басшы қызметкерлердің қатысуымен қала сыртына коллектив болып серуенге шығып тұруы қолданылсын, т. б.

Еңбекшілер арасында, әсіресе селолық жерлерде бұқаралық-саяси жұмыс жүргізуде клубтардың, мәдениет үйлерінің, басқа да мәдени-ағарту мекемелерінің ролі арттырылсын. Клубтар, мәдениет үйлері, кітапханалар партияның саясаты мен шешімдерін насихаттауға, ғылым мен техниканың жетістіктерін түсіндіруге, өндіріс озаттарының тәжірибесін таратуға, селолар мен жұмысшы поселкелерін көркейту, көгалдандыру, тағы сондай жұмыстарды жүргізуде инициатива көрсетуге тиіс. Әрбір мәдениет сарайы мен мәдениет үйі іс жүзінде жұмысшы клубтары мен село клубтарының методикалық орталығына айналуы қажет.

Партия, кәсіподақ және комсомол ұйымдарына, Мәдениет министрлігі мен оның жергілікті органдарына көркемөнер жұмысын онан әрі үздіксіз дамыту ісін, оған жұмысшылардың, колхозшылардың, интеллигенцияның кеңінен қатысуын қамтамасыз ету ұсынылды. Әрбір клубта, мәдениет сарайында драма, хор, музыка коллективтері құрылатын болсын. Халық әуесқойларынан театр құру жөніндегі жақсы дәстүр қайта жандандырылсын. Байырғы театрлардың, филармониялардың, көркемөнердің басқа да мекемелерінің көркемөнерпаз коллективтерін қамқорлыққа алып, оларға көмек көрсетуі күшейтілсін.

ҚПСС Орталық Комитеті партия ұйымдарына көрнекі үгітті алуан түрде және нақты жүргізуді, СССР халық шаруашылығын өркендетудің жетіжылдық жоспарын, социалистік жарыс озаттарының жетістіктерін, өндіріс жанашылдарының жұмыс тәжірибелері мен әдістерін көрнекі үгіт құралдарымен кеңінен насихаттауды ұсынды. Осы мақсатта плакаттар, үндеулер, арнаулы қалқандар мен стендтер, көрсеткіш тақталар, данқты еңбек листоктары, молния листоктары, сықақ газеттер, сәулелі газеттер мен киногазеттер, үгіттің тағы басқа түрлері кең пайдаланылсын.

Совет суретшілері одағы мен Бейнелеу өнерінің мемлекеттік баспасына жетіжылдық жоспардың міндеттері мен СССР халық шаруашылығының онан әрі даму болашағын көрсететін түрлі түсті саяси плакаттар мен диаграммаларды көптеп дайындап, басып шығару тапсырылды. Жазуы бар және жазуы жоқ (жергілікті жерде жазу үшін) бүгінгі күннің тақырыбына арналған РОСТА тақтасы сияқты плакаттарды көп тиражбен ұдайы басып шығару, сондай-ақ қабырға газеттерге, сықақ листоктарына, данқты еңбек листоктарына, молния листоктарына, т. б. арналған түрлі түсті үлгі жобаларды басып шығару қамтамасыз етілсін.



# Қызылорда облысында ет өндіруді арттыру мүмкіндіктері

Т. ЖАҚЫПОВ,

*ауыл шаруашылығы ғылымының кандидаты*

КПСС Орталық Комитетінің декабрь Пленумы кәзіргі уақыттағы аса маңызды және кезек күттірмейтін іс — колхоздар мен совхоздарда қоғамдық мал шаруашылығын жедел дамыту негізінде ет өндіруді барынша арттыра беру болып саналады деп атап көрсетті. Расында солай, өйткені халықты азық-түлікпен жабдықтауда еттің алатын орны ерекше. Енді бұдан былай облыстардың, аудандардың, колхоздар мен совхоздардың мал шаруашылығындағы жұмысы ет өндірудің дәрежесіне қарай бағаланады.

Елімізде ет молшылығын жасау ісіне қуатты мал шаруашылығы бар өлке — біздің Қазақстанның қосатын үлесі үлкен. Сондықтан да республика ауыл шаруашылығының қызметкерлері 1959 жылы мемлекетке 800 мың тонна ет тапсыруға, ауылшаруашылық жерінің әр жүз гектарына шаққанда тоғыз центнер ет өндіруге міндеттеніп отыр. Әрине бұл орындауға әбден боларлық міндет. Мәселе мүмкіншілікті тауып, оны ет өндіруді еселеп арттыруға тиімді пайдалануда болып отыр.

Қызылорда отарлы мал шаруашылығымен көбірек шұғылданатын республикада ең арзан ет беретін облыстардың бірі. Шаруашылық бағыты жағынан бұл облыс етті және елтірі қой шаруашылығы, етті ірі қара мал шаруашылығы, үйірлі жылқы шаруашылығы, суармалы егін шаруашылығы өңіріне жатады.

Партия мен үкіметтің мал шаруашылығын шұғыл өркендету жөнінде соңғы жылдары қолданған шаралары ішінде ет өндіруге айырықша маңыз берілді. Бұл мәселені, бүкіл ет проблемасын шешу ең алдымен ірі қара мал санын едәуір көбейтіп, оның өнімділігін мейлінше арттыруды керек етеді. Облыс шаруашылықтарының жұмысын талдаудың қорытындысы мал санын көбейтуде мал шағылыстыру ісін ұйымшылдықпен өткізу, төл алу, оны аман сақтау сияқты аса маңызды шаралардың дәрежесі төмен екенін сыпаттайды. 1958 жылы 24,4 мың сиыр мен қашардың 1,7 мыңы бұзаулаған жоқ, соның салдарынан төлдейтін ірі қараның әр жүзінен 83 бұзау ғана алынды. Соның өзінде совхоздарда екі мыңнан аса сиыр, қашар қысыр қалды. Мұнда 8 мыңға жуық төлдейтін малдың 87 проценті ғана бұзаулады. Мандайалды шаруашылықтардың тәжірибесі ірі қара малдан да төлді көп алып, өсіруге болатынын айқын көрсетуде. Мысалы, Сырдария ауданының Амандығы» колхоздары әр жүз сиыр мен қашардан орта есеппен 95—100 бұзау өсіріп келеді. Амал не, осындай озық тәжірибені көпшіліктің игілігіне айналдыру бағытында ойдағыдай жұмыс жүргізілмей отыр.

Ірі қара малды төл есебінен ойдағыдай көбейту — ет қорын молдайтудың шешуші шарты. Бірақ мұны облыстың бірқатар колхоз, совхоз басшылары ескермейді. Соның салдарынан мал санын көбейтуге жарамды сиырлар мен қашарларды орыссыз бракка шығарып, етке өткізіп жіберу фактісі жиі орын алып отыр. 1955 жылы етке тапсырылған барлық ірі қараның ішінде 44 процент сиыр мен қашар болды. Міне

1049946



осыдан барып облыс бойынша төлдейтін ірі қараның саны 6 мыңдай кеміді. Бұл аудандық партия комитеттері, аудандық совет атқару комитеттері, облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы тарапынан фермаларда төлдейтін малдың санын көбейтуге басшылықтың, бақылаудың қанағаттанғысыздығынан туған кемшіліктер. Ал егер бракқа шығарылған төлдейтін малдың тіпті жартысын сақтағанның өзінде шаруашылықтар мал өсімін жақсартып, оның санын едәуір көбейтер еді, ет өндіру мөлшерін біраз молайтқан болар еді.

Төлдейтін малды, сондай-ақ белгіленген салмаққа жетпеген төлді етке өткізуді мүлде тоқтату үшін колхоздар мен совхоздарда бір жас-тан жоғары бойдақ ірі қара малды етке тапсыруға әдейі арнап өсіруді ұйымдастырған жөн.

Соңғы жылдары облыстың алдыңғы қатарлы шаруашылықтары малды жайып семірту ісін жақсартты. Мұның өзі малдың еттілігін арттыруға қолайлы жағдай туғызды. 1958 жылы ірі қара малдың әрқайсысының орташа тірідей салмағы 1954 жылғы 230 килограмнан 306 килограмға дейін жетті. Былтыр етке берілген малдың 97,4 процентінің қоны жақсы болды. Ірі қара малды жайып семірту, бордақылау шаралары дұрыс қолданылса, ет өндіру мөлшерін арттыру жолында үнемі зор қардам жасауға болады. Бірақ етке көбіне салмағы аз арық мал тапсырылады. Бұдан мемлекет те, колхоздар да зиян көреді. Өйткені дайындау орындарына сапасыз ет түседі, ал колхоздар болса салмағы аз малды көп тапсыруға мәжбүр болады.

Малды жайып семірту, бордақылау ет қорын молайтудың негізгі резерві болып саналады. Екі-екі жарым жастағы ірі қара малды сақтап, жайып семірте отырып өсірудің өзі олардың тірідей салмағын елу процентке дейін арттыруды қамтамасыз етеді. Әр мал қосымша жүз килограмға дейін және одан да көп салмақ қосады. Міне бұл да ет өндіруді арттырудың үлкен резерві.

Қазалы ауданындағы Сталин атындағы колхозда малды оңалтуға жазғы жайылым жақсы пайдаланылды, мұның өзі ірі қараның тірідей салмағын 60 процент арттырды. Мұндай мысалдарды басқа аудандардан да келтіруге болады. Шиелі ауданындағы «Большевик» колхозының етке тапсырған малының тірідей салмағы орта есеппей 328 килограмнан айналды. «Тереңөзек» совхозы былтыр жайып семірткен кезде үш жүз ірі қараның әрқайсысының тірідей салмағын 126 килограмм арттырды, сөйтіп елу процент қосымша салмақ қосты.

«Тереңөзек» совхозы облыста ғана емес, тіпті бүкіл республикада ет тапсыру жөнінен озық шығып келе жатқан шаруашылық. Малдың қондылығын арттыру, соның негізінде ет қорын молайту жолындағы социалистік жарыста совхоздың табын бастығы М. Қойшыбаев жолдастың бригадасы ерекше көзге түсуде. Бригада 1956 жылы 200 ірі қара малды етке тапсырып, оның әрқайсысының тірідей салмағын 355 килограмнан келтірді. Қысқа мерзімді бордақылаудан кейін бригада тағы да елу шақты мал өткізді, оның әрқайсысының салмағы төрт жүз килограмға жуықтады. Ал былтыр тапсырған малының салмағы 420 килограмнан айналды. Жазда жайылымды дұрыс пайдалану, қыста қолдағы малды жақсы күту, жылы күндері өріске шығарып отыру, малды мейірі қанғанша суару — Қойшыбаев жолдастың негізгі жұмыс әдісі. Сонымен қатар ет малын жайып семірту, бордақылау ісінде бригаданың жылдың әр мезгіліне қарай қолданатын қатаң жұмыс тәртібі бар. Жазда, әсіресе сона, шыбын-шіркей көп болатын шақта — шілдеде мұнда малды түнгі салқында өріске айдау жиі қолданылады. Жайып бағылатын маусымда мал басына тәулігіне 600—700 грамм жем үстеп беріледі. Жылдың қай мезгілінде малдың қалай бағып, күтілетіні, семіртіп, бордақыланатыны жөнінде белгіленген қатаң тәртіпті әрбір малшы жақсы біледі.



Қоғамдық малды төл есебінен өсіруді жақсартумен, төлдейтін малды браққа шығару мөлшерін неғұрлым азайтумен бірге шаруашылықтар өз фермаларында мал санын толықтыра берудің басқа мүмкіншіліктерін де кең пайдаланып отыруға міндетті. Колхозшылардың, жұмысшылардың, қызметшілердің жеке меншігіндегі жас малын сатып алу осындай мүмкіндіктердің біріне жатады. Қолда бар мәліметке қарағанда, облыс еңбекшілерінің өз шаруашылықтарында жыл сайын 14 мың сиыр бұзаулайды, демек 14 мың бұзау алынады деген сөз. Міне осыдан шамамен 10 мыңдай бұзау (оның жартысы ұрғашы) сатып алып отыруға болады. Ал кейіннен осы бұзаулардың өгізшелерін екі-үш жыл ішінде етке тапсырғанның өзінде облыс бойынша жыл сайын 17 мың центнерден аса етті қосымша өндіруге болады. Бұл да елеулі резерв.

Ірі қара малды етке өткізуге арнап өсіру Қызылорда облысы үшін өте тиімді, өйткені оның табиғи-экономикалық жағдайы осыған бейім. Сиыр етінің өзіндік құны мұнда елдің басқа аудандарындағыдан едәуір төмен. Мысалы, бүкіл Одақтағы совхоздар бойынша сиыр етінің әр центнерінің өзіндік құны 680 сом, Қазақстан совхоздары бойынша 620 сом болса, Қызылорда облысының совхоздары бойынша небәрі 325 сомнан ғана келеді. Мұның өзі сиырдың арзан етін мейлінше мол өндіру үшін облыста елеулі мүмкіншіліктер бар екенін аяғартады.

Облыс шаруашылықтарының ет балансында қой еті де көрнекті орын алады. Демек, ет қорын молайту ісінде қой шаруашылығын мықтап өркендетудің де шешуші маңызы бар. Алайда бар мүмкіншілік ойдағыдай пайдаланылмай отыр. Қойды бағып-күту көп жерде зоотехникалық, малдәрігерлік талапқа сай ұйымдастырылмаған. Малдың өлім-жітіміне қарсы күрес нашар. Бірқатар фермаларда күйек алуға әзірлік, оны өткізу, төл қабылдау жұмыстары нашар. Соның салдарынан елеулі кемшіліктер орын алып, қой шаруашылығына нұқсан келтіруде. Соңғы үш жыл ішінде ғана облыс совхоздары бойынша саулықтардың қысыр қалуынан 40 мыңнан аса қозы кем алынды, ол ол ма, 36 мың төл шығынға ұшырады. Сөйтіп 76 мың қой кем өсірілді.

Бойдақ қойды жайып семіртіп, оның етке тапсырудағы салмағын арттыру — қой етін көп өндірудің үлкен мүмкіншіліктерінің бірі. Бірақ етке салмағы аз, арық мал көп өткізіледі. 1953—1958 жылдары облыс колхоздары бойынша етке тапсырылған жарты миллионнан астам қойдың әрқайсысының салмағы небәрі 42 килограмнан ғана айналды. Оның 6,2 проценті ғана семіз, 51 проценті ғана қоңы орта болды, қалғаны арық-тұрақ еді. Жасалған есепке қарағанда, облыс колхоздары салмағы аз арық мал тапсыру салдарынан 27 мыңдай центнер етті кем өндірді. Егер мұны ұсақ малға шақса 60 мыңнан астам қойға тең болады. Мұндай кемшіліктерге жол берілмеген болса ет өндіру мөлшерінің анағұрлым артатыны даусыз еді. Былтыр ет үшін қой тапсыру жұмысының біраз жақсарғаны байқалды. Совхоздар бойынша әр қойдың тірідей салмағы орта есеппен 52 килограмға жетті. Ал облысты тұтас алғанда етке берілген әр қойдың тірідей салмағы бұрнағы жылғыдан төрт килограмм артық болды.

Малды жайып семірту мен бордақылау ісін ұштастыра жүргізу шаруашылықтар үшін де, мемлекет үшін де пайдалы. Біріншіден, мұндай жағдайда ет комбинаттарына мал тапсырудың маусымдылығы жойылады, екіншіден, колхоздар мен совхоздардың бірінші және төртінші тоқсандарда арық малды тапсыруына тиым салуға мүмкіндік береді. Малды етке өткізуге даярлаудың бұл түрінде жайып семірткенде белгілібір себеппен тірідей салмағы көздеген нысанаға жетпей қалған мал қосымша бордақылауға қойылады. Содан кейін барып етке өткізіледі. Бұл әдісті қолданып жүрген шаруашылықтар облыста әлі са-



наулы ғана. Міндет оны колхоздар мен совхоздардың бәрінде жаппай қолдану керек.

Қой етін көбейтуге көмегін тигізетін шаралардың ішінде саулықтарды қыста және ерте көктемде қоздатуға көшіру көрнекті орын алады. Қыста не ерте көктемде қоздаған саулықтардың әр жүзінен жиырма-отыз қозыны артық алуға болады. Демек қой санын көбейтуге зор мүмкіншілік жасайды. Сонымен қатар жылдың бұл мезгілінде алынған қозы ширақ та, күтіп-бағуға көнбіс болып туады, кейіннен өскен соң жүнді де көп береді. Арал ауданындағы «Қарақұм» совхозының жұмыс тәжірибесі бұл жөнінен назар аударарлықтай. Былтыр мұнда 2924 саулық қыста қоздап, одан 3390 қозы алынды, сөйтіп әр жүз саулықтан 116 қозыдан өсірілді. Қыста туған қозылар көктемде қыркылғанда әрқайсысынан 350—400 грамм жүн алынды, күзде екінші рет қыркылды. Тұсақтар күзде әбден семірді, олардың тірідей салмағы өзгелерден 6—8 килограмм артық болып шықты. Мұның өзі совхоз малшыларының қажырлы еңбек етуінің қорытындысы. Олар саулықтарды ерте қашыруға даярлаудан қой қоздағанға дейін, туған төлді түгел аман өсіріп, енесінен айырғанға дейін толық сақтау жолында аянбай еңбек етіп отырады. Күйекті ерте алуға әзірлік тиянақты жүргізіледі. Бұл үшін іріктеп алынған саулықтардан дербес отар құрылады, оны күтіп-бағу тәжірибелі шопандарға жүктеледі. Зоотехниктер мен мал дәрігерлері мұндай отарларды өз бақылауына алады. Шөбі шүйгін, суы мол жайылымдар осыған бөлінеді. Күйек алу науканы алдынан қой отарлары тұрақтайтын жерге жем азықтары күні бұрын жеткізіліп қойылады.

Қойды қыста қоздату әдісін колхоздардың бәріне бірдей ұсына беруге болмайды. Оны қора-жайы жақсы, жемшөбі мол, басқаша айтқанда қыста қозы алуға барлық жағынан жағдай жасалған жерде ғана қолдану керек.

Кәзір жылқы шаруашылығын өркендетуге баса көңіл бөлу де ет қорын молайтуға қамқорлық жасағандық болып саналады. Жылқыны қысы-жазы бірдей үйірлеп бағу — жылқы етін арзанға түсірудің тиімді жолы. Жылқы жыл бойы жайылымда бағылып, оны өсіруге еңбек қаражат аз жұмсалады. Демек, Қызылорда облысында жылқы шаруашылығын өркендетіп, ет қорын молайтудың болашағы зор. Биелердің қысыр калуын, іш тастауын, шығынға ұшырауын жою — жылқы санын көбейтудің негізгі шарты. Шошқа, құс, қоян өсірудің бар мүмкіндіктерін дұрыс пайдалану керек. Ет қорын молайтуда бұл шаруашылықтардың елеулі орын алатынын Қызылорда облысы жағдайында да ерекше ескеру керек.

Қоғамдық мал шаруашылығын онан әрі өркендетіп, өнімділігін арттыруда зор маңызы бар іс — жемшөп өндіру облыста ойдағыдай болмай келеді. Суат, құдық тапшы болғандықтан жайылымдардың үштен бірі ғана пайдаланылады. Кәзір мұнда үлкен сушаруашылық құрылыстары салынып жатыр. Оның өте-мөте маңыздылары Жаңақорған, Қазалы су тораптары. Бұларды салып іске қосу 2 миллиондай гектар жана жайылымды суаруға мүмкіндік береді.

КПСС XXI съезінің шешімдеріне сәйкес облыстың колхоздары мен совхоздарында үстіміздегі жетіжылдықта жемшөп қорын молайтудың үлкен болашағы белгіленген. 1965 жылы жемшөп дақылдары егісінің көлемі 96 мың гектарға жеткізіледі. Мұның өзі өткен жылғыдан төрт есеге жуық артық. Жүгері, жоңышқа, судан шөбі егілетін жерлердің көлемі едәуір ұлғайтылып, шығымы арттырылуы көзделеді. Жайылымдарды, шабындықтарды жақсарту жөнінде көп жұмыстар істеледі. 110 мың гектар жердің томары, бұтасы аршылып өңделеді, 120 мың гектар жайылым көлтабандап суарылады. Жемшөп қорын нығайту, жайылымдарды, шабындықтарды жақсарту шаралары жетіжылдық



жоспар бойынша облыста 1965 жылы малдың санын 4,9 миллионға жеткізу (қойға шаққанда), 36 мың тонна ет өндіру міндетін ойдағыдай орындауға мүмкіндік береді.

Елімізде азық-түлік молшылығын жасау жолындағы, мал өнімдерін жан басына өндіру жағынан таяудағы жылдары АҚШ-ты қуып жету жолындағы бүкілхалықтық социалистік жарысқа қосылған облыс малшылары келелі міндеттемелер қабылдады. Қазір жергілікті партия, совет ұйымдарының көмегімен, міндеттеменің орындалуы үшін әрбір шаруашылықта не істелетіні, қанша сиыр, қой, шошқа, құс, қоян еті өндірілетіні, ол үшін қанша мал жайып семіртілетіні, бордақыланатыны жөнінде нақты шаралар белгіленуге тиіс.

КПСС ХХІ съезінің шешімдерімен қаруланған колхозшылар, совхоз жұмысшылары қазір өздерінің барлық ынта-жігерін мал қыстатуды ойдағыдай аяқтауға, етке берілетін малдың өнімділігін еселеп арттыруға жұмсауда. Облыстың партия, совет ұйымдары ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің саяси-өндірістік өрлеуін мал шаруашылығын мықтап өркендету, сөйтіп елімізге етті, сүтті, майды көп беру жолындағы абыройлы міндетті орындауға бағыттай білулері керек.

Социалистік жарыста алған міндеттемені Қызылорда облысы колхозшыларының, совхоз жұмысшыларының абыроймен орындап шығатындығына сенім зор.



# Кәзіргі заман тақырыбы — әдебиетіміздің ең басты тақырыбы

(Қазақстан жазушыларының IV съезінен)

Т. ЫДЫРЫСОВ

Осы жылғы март айының басында Алматыда Қазақстан жазушыларының IV съезі болып өтті. Съезд делегаттары әдебиетіміздің өсу, өркендеуі жайынан келелі сөз қозғап, КПСС XXI съезінің тарихи шешімдеріне байланысты оның алда тұрған міндеттерін белгіледі. Съезде Қазақстан жазушылар одағы басқармасының, тексеру комиссиясының жаңа құрамы және СССР Жазушылар Одағының III съезіне делегаттар сайланды.

Жазушылар жиынына одақтас республикалардан қонақтар, жергілікті әдебиет бірлестіктерінің өкілдері, ғылым мен мәдениеттің қайраткерлері, журналистер көп қатысты. Съезге жиналғандар Қазақстан КП Орталық Комитетінің республика жазушылары IV съезіне құттықтауын асқан ықыласпен тындап, жақсы қабыл алды.

Съезді қысқаша кіріспе сөз сөйлеп, советтің әйгілі жазушысы Мұқтар Әуезов ашты. «Қазақ совет әдебиетінің кәзіргі жайы мен міндеттері туралы» Қазақстан жазушылар одағы басқармасының председателі Ғабит Мүсірепов жолдас баяндама жасады.

Әдебиетіміздің бүгінгі биік мерейі, ертеңгі жарқын болашағы қазақ әдебиеті мен көркемөнерінің Москвада болған онкүндігінде де, республика жазушыларының IV съезінде де үлкен әңгіме болды.

Қазақстан жазушыларының III съезінен бергі төрт жылдан аса уақыт ішінде әдебиетімізге ондаған жаңа шығарма қосылды. Бұл кезеңнің бір ерекшелігі, ақындарымыз бен жазушыларымыз проза мен поэзия саласында ірі шығармалар жазуға шұғыл бет бұрды. Әдебиетіміз олжалы. Ең көрнекті екі жазушымыз Мұқтар Әуезов пен Сәбит Мұқанов өздерінің көп жылдан бері жазып келе жатқан күрделі еңбектерін сәтті аяқтады. Мұқтар Әуезовтың Абай жайындағы төрт томдық эпопеясы мен Сәбит Мұқановтың «Өмір мектебі» атты екі томдық романы Одақ көлемінде Лениндік сыйлық алуға ұсынылған төрт шығарманың қатарына ілікті.

Бұлардан басқа да бірнеше кесек шығарма туды. Ұлы Отан соғысын бейнелейтін романдар мен повестер, әңгімелер мен очерктер әдебиетіміздің проза жанрын едәуір көтеріп тастады. Қазақстан жазушыларының төртінші съезі Әбдіжәміл Нұрпейісовтың «Күткен күн», Тақауи Ақтановтың «Қаһарлы күндер» романдарын қазақ совет әдебиетінің соңғы жылдардағы елеулі табысы деп бағалады.

Жұбан Молдағалиевтің «Жыр туралы жыр» деген поэмасы да мақтауға тұрарлық. Татардың патриот акыны, абзал азамат Мұса Жәліл бейнесі бұл поэмада жақсы жасалған. Үшінші съезден бергі уақыт ішінде бір топ жас талант көзге түсе бастады. Ф. Егоровтың «Бас иместен» деген повесі, Р. Райымқұлов пен Қ. Исабаевтың «Ашынған жандар» пьесасы, Ә. Нұршаиховтың очерктері, Ғ. Қайырбековтың, М. Балыкиннің, Е. Ибраһимнің, Т. Молдағалиевтің, Ә. Дүйсенбиевтің тағы басқаларының өлең, жырлары оқушыларға таныс.

Сықақ-оспақ жанры шапшаң өсіп келеді. Әдебиет зерттеу ғылымы мен сын саласында да ілгері басқандық бар. Бұл жөнінде Қазақ ССР Ғылым академиясының тіл-әдебиет институты әзірлеген «Қазақ совет әдебиетінің очерктері» деген еңбекті, Е. Ысмайыловтың «Ақындар» атты монографиясын, М. Қаратаевтың «Туған әдебиет туралы ойлар»,



Т. Әлімқұловтың «Жемісті жолда» деген сын мақалалар жинақтарын, Т. Нұртазиннің, А. Нұрқатовтың, С. Қирабаевтың жеке жазушылар өнеріне арнаған кітаптарын атау қажет.

Бірақ жазушылар съезі қазақ әдебиетінің күнгейімен қоса көлеңкелі жағын да көрсетті. Баяндамашы Ғ. Мүсірепов жолдас болсын, жарыс сөзде шығып сөйлеген үлкенді-кішілі қалам қайраткерлері болсын әдебиетіміздің жалпы өсуіне кедергі келтіріп отырған кемшіліктер мен олқылықтарды кең талқыға салды.

Негізгі кемшілік — кәзіргі заман тақырыбының қазақ әдебиетінен жетекші орын ала алмай отырғанында. Мұның өзі республика жазушылары мен ақындарына, драматургтеріне үлкен ой салуға тиіс. Өткен жылы Москвадағы онкүндікке деп қыруар кітап шығарылды. Ал солардың ішінде совет адамдарының тамаша ерлік істерін суреттейтін, совет өкіметі тұсында қазақ халқының экономикалық, рухани өмірінде болған ғажап өзгерістерді баяндайтын көркем шығармалар тіптен аз еді. Ол ол ма, кәзіргі заман тақырыбына жазылып жүрген шығармалардың көркемдік дәрежесі төмен, оқушыларын тартпайды.

Мәселен, екі съезд аралығында жиырмаға жуық поэма жарық көрген екен. Осылардың дені — ескі тақырып. Сол сияқты 1958 жылы басылып шыққан сегіз поэманың алтауы өткен өмірден алынып жазылды. Ал бүгінгі күннің тақырыбындағы поэмалар замандастарымыздың бейнесін шығара алмаған, әрі көркемдік жағынан ақсаулы. Съезде кәзіргі заман тақырыбынан алынған Диқан Әбілевтің «Таудағы ту», «Отты толқындар» деген екі поэмасы, Қалижан Бекхожиннің «Ақан Ақтаев» поэмасы қатты сыналды. Сәбит Мұқанов «Ақан Ақтаев» поэмасы жөніндегі «Қазақ әдебиеті» газетінің сынына толық қосыла келіп, мұны «шықпаған шығарма» деп түйді. Дарынды қарт ақындардың бірі Ғали Орманов: «Д. Әбілев поэмаларының сюжеті сұйық, өрелі оқиға жоқ. Содан келіп поэма желісінде кездейсоқ, селкеу бөлшектер көбейіп кеткен, әрі қайталау көп» деді. Ғали Орманов «Отты толқындар» поэмасының көркемдік жағынан босаң тартқан жерлерін нақты мысалдармен дәлелдеді.

«Наркомымыз боп шыққан соң Уваров  
Есейкеміз жас балаша қуанып...»  
«Өз баласы ер жеткендей қуанып  
Қатар жүріп келе жатыр Уваров...»  
«Құттықтаумен бастап сөзін Уваров  
Сөйлей берді, тындады жұрт қуанып...»

Міне ақын «Уваров пен қуаныпты» қайта-қайта ұйқастырамын деп сөз қадірін түсіріп алған.

Сол сияқты драматургтеріміз де үлкен қарыздар. Театрлардың репертуарында кәзіргі күннің тақырыбына жазылған пьесалар жоқтың қасы. Бұған онкүндік кезінде астана жұртшылығына бір ғана Ә. Тәжібаевтың «Жалғыз ағаш орман емес» пьесасының көрсетілгенін айтсақ та жеткілікті. Пьесалардағы тартыс өмірдің өзекті мәселелеріне құрылмай, көбіне үстірт, жадағай оқиғалар маңында өрбіп жатады. Мұның себебін Ғ. Мүсірепов жолдас тауып айтты: «Жаңа пьеса сахнаға шықса, санымызды шапалақтап қуанып жүрдік те, сахнадан тайса, кабак шытпадық. Демек, осы заман тақырыбына жазылған жаңа пьесаға керегінше көмек көрсете алмадық, бір қайнауы ішінде шала піскен шығарманы сахнаға шығаруға себепкер болдық. Сөйтіп пьеса баянсыз болды да, театр репертуарға зәру боп қала берді».

Бізде бүгінгі өмірімізден жазатын тақырыптар аз ба? Республикамыздың өнеркәсібі қарыштап өркендеп отыр. Алдағы жетіжылдықтың берері көп. Кәзірдің өзінде Қазақстан Магниткасының, Соколов-Сарыбай кен-байыту комбинатының, Павлодар қомбайн заводының құрылы-



сы кең өрістетіліп жатыр. Тын және тынайған жерлердің зор көлемде игерілуіне байланысты Қазақстанның данқы шығанға кетті. Тын батырларының ерлігі нағыз дастан! Малшылардың өмірі де талай шығармаға таптырмайтын тақырып. Я болмаса, коммунистше еңбек етіп, коммунистше өмір сүру ұранын көтеріп отырған коммунистік еңбек бригадаларына өлең, очерк түгіл, поэма мен роман арнасаң да артық емес. Совет интеллигенциясының тұлғасы өз алдына.

Қазақстан жазушыларының IV съезі өмірді терең зерттеу, өмірге еркін араласу міндетін қойды. Жасыратыны жоқ, бізде Алматыдан атап шықпайтын, тек қиялмен ғана шығарма жазатын қаламгерлер табылады. Әсіресе жастар жағы өмірді жетік білмейді. Олардың көпшілігінің өмір тәжірибесі де жоқ. Бірқатарының бар көргені мектеп, институт, жазушылар одағы. Коммунизмнің сәулетті сарайын салып жатқан қаһарман жігіт пен қыздың қажырлы еңбегін жырға қосудың орнына, кейбір жас ақындардың «арман, арман, арман!» деп, я болмаса «жанымының жарасы бар» деп күйреуік өлеңдерге бой ұруы осыдан.

Әрине, қысқа командировкамен өмірді жақсы біле алмайсың. Өмірді терең зерттеймін десең, тамаша образдар жасаймын десең болашақ кейіпкерлеріңмен айлап, жылдап бірге тұр. Қазақ совет әдебиетінің көрнекті өкілдерінің кәзіргі заман тақырыбынан жазған сәтті шығармалары солай туған. Сондықтан жазушылардың мекені өндіріс орталығы, тың алқабы, мал жайлауы болса құба-құп. Мұны әсіресе жас таланттар қатты ойластырғаны мақұл.

Съезде сөз сөйлеген А. Брагин, Ө. Қанахин, З. Кедрин тағы басқалары қазақ совет әдебиетінде көркем очеркті дамыта беру мәселесіне тоқталды. Очерк — заман шежіресі, алып құрылыстар мен зор оқиғалардың жаршысы. Жетіжылдық жоспарды жүзеге асыруға қолма-қол ат салысатын жанр осы очерк. Бірақ жазушылар одағы очеркке тиісінше көңіл бөлмейді, жеке жазушылардың арасында очеркті «ұсақ-түйек» деп санап, очеркистерді елемеу сияқты ұнамсыз әдет жойылған жоқ.

Қазақстан жазушыларының IV съезі өзінің қарарында: «Шығарманың идеялық-көркемдік қасиеті тек тақырыбының жаңалығымен емес, көркемдік сапасымен, мазмұнының тереңдігімен өлшенеді. Бүгінгі замандастарымыздың бейнесін сом тұлғалы етіп жасау — жазушылардың айбынды міндеті» деп атап көрсетті.

Осы тұрғыдан съезд шеберлік мәселесінің төңірегінде едәуір сөз қозғады. Шығарманың тілі мен стилін, композициялық құрылысын, оқиғаның желісін шеберлік мәселесінен бөле қарауға болмайды. Шебер суреткердің қаламынан шыққан туындыларда жасандылыққа, жалғандыққа жол жоқ.

Сыншы Тәкен Әлімқұлов адам образын жасау үшін үлкен әрекет, тартыстар іздестіру керек екенін, кәзіргі жағымсыз кейіпкерлерді баяғы Гоголь, Щедрин суреттегендей суреттеуге болмайтынын, басқаша тәсіл, бояу таба білу керек екенін еске салды.

Москва сыншылары З. Кедрин мен А. Дементьев әдебиеттегі дәстүр мен жанашылдық тұрасында қазақ жазушыларына тәлім боларлық пікірлерін ортаға салды. — Әр дәуірдің өз философиясы бар, — деді З. Кедрин, — соны айқын көрсеткен абзал. — Басқа халықтар әдебиетінің озық үлгілерінен үйрене отырып өскен әдебиеттің болашағы зор, — деді А. Дементьев.

Шеберлік мәселесіне съезде сөз сөйлеген геолог Қышқашов пен агроном К. Райбаев та соқпай кете алмады. Бұлардың сөздерінен әдебиетімізді шын қастерлейтін, оның жақсысына қуанып, жаманына ренжіп отыратын оқушылар талабы аңғарылды. Әсіресе К. Райбаевтың пікірлеріне жиналғандар риза болды. — Сонғы кезде басылып шыққан кейбір поэмаларды оқығың келмейді, — деді ол, — неге десеңіз, оқиғала-



ры нанымсыз, әрі шұбалаңқы, тартыстары солғын, тілі жасық. Ел аралап жүргенде «Сұлушаш» сияқты шығарманы екі үйдің бірінен кездестірдік. Ал кәзіргі поэмалар кітап қоймаларында өтпей жатады. Өйткені оларда жүрек қылын шертетін, сезімді тербейтін шумақтар мен толғаулар табыла бермейді.

Қазақстан КП Орталық Комитетінің секретары Н. Жанділдин жолдас өзінің сөзінде осы заман тақырыбына бүтіндей бет бұру дегеніміз — ең алдымен біздің жазушыларымыздың шеберлігін арттыра беру деп атап кетті. Кәзіргі кітаптардың көпшілігі асығыс жазылады. Өзінің көркемдік сапасы жағынан жаңа тақырыпқа жазылған шығармалар ескі өмірді бейнелейтін шығармалардан көп төмен. Н. Жанділдин жолдас көркем әдебиетте ұлттық мінез бен кейіпті дұрыс ашу мәселесіне назар аударды. Бізде біреулер ұлттық ерекшелікті көрсетемін деп адамның сыртқы кескіні мен киіміне қарай жүгіреді. Ал ұлттық ерекшелік кейіпкерлердің республикамызда болған әлеуметтік-экономикалық өзгерістер негізінде қалыптасқан психологиясынан көрінетінін олар ескермейді.

Бір топ делегат әдебиетіміздің жеке салалары мен жанрларының даму жайын әңгімеледі. Жазушы Бауыржан Момышұлы әскери тақырыпқа жазылып жүрген прозалық шығармалардың табиғаты, өзгешелігі, соғыс өмірінің қат-қабаты туралы қызықты ойлары мен ұсыныстарын айтты. Ол Ұлы Отан соғысы тақырыбынан жазылған, Ғ. Мүсіреповтың «Қазақ солдаты», Ә. Нұрпейісовтың «Күткен күн», Т. Ақтановтың «Қаһарлы күндер» романдарын әдебиетіміздің соңғы кездегі үлкен жетістігі дей келіп, бұл шығармалардың әскери өмір мен соғыс көріністерін суреттеудегі кейбір кемшіліктерін сынады.

СССР Халық артисі Ш. Айманов кино өнерін дамытуға байланысты Қазақстан жазушыларының міндеттеріне тоқтап, киностудия мен жазушылар арасында тығыз ынтымақ болсын деген тілек білдірді. Алайда Айманов жолдас Алматы киностудиясы шығарған фильмдерді жер-көкке сыйғызбай мақтай берді. Оның сөзіне қарағанда, бізде шыққан фильмдердің бәрі тәуір, бәрі шебер жасалған. Шындығында олай емес. Ұлттық кино өнерімізді дамытуға кеселін тигізіп отырған көптеген кемшілік, шешілмей жатқан талай өзекті мәселе бар. Міне белгілі кино режиссер осыларды айтуы керек еді.

Балалар әдебиетіне де съезд айырықша көңіл бөлді. Қазақ балалар әдебиеті кейінгі кезде едәуір жаңа шығармалармен молықты. Ондаған повесть, поэма, өлеңдер мен әңгімелер жинақтары, суретті кітапшалар жарық көрді. Ә. Сәрсенбаевтың «Толқында туғандар» романы, жас жазушылар С. Сарғасқаевтың, Б. Сокпақбаевтың, Н. Ғабдуллиннің балалар өмірінен жазған повестері, аға жазушылар М. Зверевтің, С. Бегалиннің, Ә. Тұрманжановтың шығармалары Москвадағы онкүндікте жақсы баға алды. Дегенмен бұл салада да істелмей жатқан жұмыс көп. Съезде сөз сөйлеген қарт жазушы Сапарғали Бегалин, Қазақстан комсомолы Орталық Комитетінің секретары К. Егізбаев жолдастар жас өспірімдер мен бөбектер әдебиетінің міндеттерін баса көрсетті. КПСС ХХІ съезінің тарихи шешімдеріне сәйкес балаларды мектеп жасынан еңбекке баулып, оқуды өмірмен тығыз байланыстыру керек. Міне балалар жазушылары осыны естен шығармауға тиіс. — Бізде ғылыми-фантастикалық жанр енді-енді ғана туа бастады, — деді С. Бегалин. Оның кең қанат жаюына барынша жағдай туғызайық. Балаларға арналған кітаптардың тиражы аз. Бөбектер үшін өлеңдер жоқтың қасы. Жас өспірімдер өмірінен құнды пьесалар да жазылмай келеді.

Композитор М. Төлебаев өзінің сөзін ән тексттерінің сапасына арнады. Жазушылар одағының поэзия секциясы ән тексттеріне мән бермей, талғаусыз қабылдай береді. Соның салдарынан кейбіреулер әнге текст жазуды оңай кәсіпке айналдырып жүр.



Жергілікті жерлерде көптеген әдебиет бірлестіктері мен үйірмелері жұмыс істейді. Өнеркәсіп орындарында, құрылыстарда, колхоздар мен совхоздарда, мектептер мен институттарда жүздеген талантты жастар бар. Республика жазушылар одағының маңызды міндеттерінің бірі — әдебиеттің жаңа толқын, жас буынына күнделікті қамқорлық көрсету. Бірақ съезге келген әдебиет бірлестіктерінің өкілдері мұндай қамқорлық пен көмек әзірге аз болып отыр деді.

Семей әдебиетшілерінің өкілі С. Машақов, Оңтүстік Қазақстаннан келген Б. Батырбекова, Петропавлдың талапкері Петров жазушылар одағы жас таланттарға ойдағыдай көңіл бөлмей келеді дегенді айтты. Қаламының желі бар жастардың жазушылар одағына жіберген өлең, әңгімелері көп жағдайда хабар-ошарсыз кетеді, я болмаса айлап оқымай жатады. Қазақ мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, «Жұлдыз», «Советский Казахстан» журналдары облыс әдебиетшілерінің шығармаларын жариялауға самарқау қарайды. Жастардың жазғандарын оқуға, оларға ақыл-кеңес айтуға, уақтылы жауап қайтаруға одақ консульттарының мойны жар бермейді. Аға жазушылардың көпшілігі жер-жерге шықпайды, әдебиет бірлестіктеріне жәрдемдеспейді, жастар творчествосы туралы қалам тартпайды. Бұл жайында Б. Батырбекова жазушылар одағына біраз кінә тақты.

Төртінші съезде сын мәселесі үлкен сөз болды. Ғ. Мүсіреповтың баяндамасында да, сөйлеушілердің сөздерінде де әдеби сынның дәрежесі кәзіргі талаптарға сай емес екені орынды көрсетілді. Бізде сыншылар қатары көбейіп келеді. Әдебиет зерттеуші ғалымдар да аз емес. Бірақ не пайда, сыншылар әдеби өмірге белсенді түрде араласпайды. Жас сыншылар қорғалап қалған, қарттар жағы жалтақ. Бір кезде өткір сын мақалалар жазып келген Е. Ысмайылов, Т. Нұртазин, Б. Кенжебаев, Ә. Қоңыратбаев тағы басқалары «аш құлақтан тыныш құлақ» деп, енді одан бойын аулақ салды да, бүтіндей ғылыми-зерттеу жұмысына ойысып кетті. А. Нұрқатов, С. Қирабаев, Қ. Құттыбаев сияқты соңғы кезде аты шыққан сыншылар жарық көрген кітаптардың кем-кетік, мінін айтып, авторға көмектесудің орнына, жұрттың бәрін шетінен мақтай береді.

Баспасөз бетінде жарияланып жүрген сындардың негізгі кемшілігі оларда теориялық байымдаулар жетіспейді. Көпшілігі рецензия көлемінен аспайды. Әдебиеттің, көркемөнердің ерекшеліктерін түсінбей жазсаң-ақ сынның қадірі кетеді. Белгілі бір шығарманы бастан-аяқ қайталап шығып, оның композициясын, оқиғаның өрбуін, кейіпкерлердің характерін жасау тәсілін, жанр өзгешелігін қағажу қалдыратын сындардан авторға да, оқушыға да пайда шамалы.

Сын әділ болуы керек. «Тырнақ астынан кір іздеп», қиыт етсе сойыл ала жүгіру — большевиктік сынға жат қылық. Аға жазушыға азуы батпай, жас жазушыны төмпештей беру де принциптік сынның дәстүрі емес.

Жазушының, мейлі ол үлкен болсын, мейлі кіші болсын, сынды қадірлей білгені дұрыс. Бізде көп уақыттан бері сын көрмеген, сын десе аза бойы тік тұратын жеке жазушылар бар. Хамит Ерғалиевтің «Құрманғазы» поэмасы мен Қалижан Бекхожиннің «Ақан Ақтаев» поэмасына «Қазақ әдебиеті» газеті съезд алдында катал сын айтып еді. Екі белді ақынымыздың екеуі де тулап шыға келді, съезде принципсіз сөздер сөйлеп, әдептен ауа жайылды.

Съезге келген қонақтар да, С. Мұқанов, Ғ. Мұстафин, Ғ. Орманов, А. Токмағамбетов сияқты көп жасап, көпті көрген аға жазушылар да олардың мұндай дөрекі мінездерін ұнатқан жоқ. Принциптік әділ сынды жаратпау өз өнерін сүйетін жазушының бойына үлкен мін. Жақсы сын қалам қайраткерін онан сайын өсіріп, шындай түседі.



Ғабит Мүсірепов өзінің баяндамасында жазушылардың бір-бірінің арасында, жазушы мен сыншының арасында коммунистік ынтымақ орнату туралы мәселе көтерді. Мұның өзі тамаша идея. Сыншы жүректен шыққан адал сөзін айтсын, ал жазушы сыншыға әрдайым сенетін болсын.

Жазушылар одағының тағы бір қасиетті борышы — сыншыларға қамқоршы болу, оларды мәпелеп өсіру, сынға деген шамшыл көзқарастың орын тебуіне ешуақытта жол бермеу. Осыған орай съезде айтылған, сын еңбектерін өне бойы басып отыру керек деген сөздердің жаны бар. Расында да бірнеше өлең, не әңгіме жазған жазушының жинағы баспадан ілезде шыға қояды да, пәлен жыл бойы сынмен айналысып келе жатқан әдебиетшінің жинағы баспа жүзін көрмейді.

Қазақстан жазушыларының IV съезі одақтың ішкі жұмысындағы кемшіліктерді де батыл ашты. Бұл жөнінде Жұмағали Саинның, Сәбит Мұқановтың съезде айтқан сын ескертпелерінен тез арада қорытынды шығарған жөн. Одақтың секцияларында жаңа шығармалар ат үсті талқыланады. Жазушылар одағының басшылары, секция бастықтары өздері шығарманы үніліп оқымайды. Жаңа шығармаларды талқылау үстінде көңіл жықпастық, жүз шайыспау сияқты теріс әдеттер жойылмай келеді. Жаңа шығармалардың жақсы-жаманын тәптіштеп көрсетудің орнына, кейбіреулер қара бастың қамын ойлап, автордың райына, жүзіне, беделіне қарап бет алды мақтай береді.

— Бізде «қошаметшілдер» көбейіп кетті, — деді С. Мұқанов, — ондайлар мақтап-мақтап шығарманы секциядан өткізіп жібереді. Мысалы, поэзия секциясы Х. Ерғалиевтің «Құрманғазы» поэмасын талқылағанда З. Қабдолов пен Қ. Жармағамбетов «дәл мұндай шығарма қазақ әдебиетінде бұрын-соңды туып көрген жоқ, бұл бір керемет поэма екен» деп даурығып шықты. Әрине, мұндай «қошаметшілдерден» залалдан басқа түк пайда жоқ екені түсінікті.

Съезде шығармалардағы сүреңсіздікке, идеясыздыққа қарсы аяусыз күрес жүргізу талабы қойылды. Бәрінен бұрын жазушы деген ардақты атаққа кір келтірмеу керек. Өнер иелерін тәрбиелеуде одақтың бастауыш партия ұйымына ізгі міндет жүктеледі.

Дегенмен, есепті баяндамада да, жарыс сөзде де кейбір жазушылардың маскүнемдікке салынып, бұзақылық жасауы, моральдық жағынан азғындауы сияқты ұнамсыз фактілерге тойтарыс берілмеді. Сонымен бірге съезде сарапқа салынбай қалған көкейтесті мәселелер де аз болған жоқ. Мысалы, көркем аударма мәселесі тіптен ауызға алынбады, соңғы кезде шыққан бірсыпыра кітаптарға пікір айтылмады. Бірен-саран жазушы болмаса, сөз сөйлеген қалам қайраткерлерінің көбісі өздерінің алдағы творчестволық жоспарларымен таныстырмады.

Қазақстан жазушылары өзінің съезінде одақ жұмысын КПСС XXI съезінің тарихи шешімдеріне сәйкес қайта құрамыз, совет халқы сүйіп оқитын, ұлы заманымызға лайық шығармалар береміз деп уәделесті.

Социалистік реализм принциптеріне жетіле отырып, замандастарымыздың жарқын образын жасауға, Коммунистік партияның кеменгер саясатын, коммунизм орнатып жатқан совет халқының ерлік істерін шынайы бейнелейтін сүбелі шығармалар беруге республика көркем сөз шеберлерінің толық мүмкіндігі бар. Қазақ әдебиеті пролетарлық интернационализм мен халықтар достығының туын жоғары ұстауға міндетті.

Іске сәт, жазушы жолдастар!



# Совет Одағы Коммунистік партиясының тарихы

## X ТАРАУ

### Партия халық шаруашылығын қалпына келтіру жолындағы күресте

(1921-1925 жылдар)

#### I. Азамат соғысы аяқталғаннан кейінгі халықаралық және ішкі жағдай. Кәсіподақтар туралы дискуссия

Интервенттер мен аквாரдияшылар совет жерінен қуылғаннан кейін Коммунистік партия мен совет халқының алдында социалистік құрылысты өрістетуге міндеті тұрды.

Бейбіт социалистік құрылысқа көшу ісі шиеленіскен халықаралық және ішкі жағдайда өтті. Жұмысшылар мен шаруалардан ұрыс майдандарында жеңіліп қалған дүниежүзілік буржуазия совет құрылысын жоймақ болған арам ниеттерін қоймады. Бұл буржуазия Совет өкіметін экономика жағынан тұншықтыру жоспарын әбден ойластыруда болды.

Бірақ империалистердің арам ниеттерін жүзеге асыруына капиталистік дүниедегі мемлекетаралық және таптық қайшылықтар бөгет болды. 1920 жылы капиталистік елдерде экономикалық кризис басталды. Фабрикалар мен заводтар жабылды. Жұмысшылар жұмыстан шығарылып тасталды. Жұмыссыздар мен жартылай жұмыссыздардың саны 40 миллионға жетті. Экономикалық кризис Англия мен Францияның, Англия мен АҚШ-тың, АҚШ пен Жапонияның, Жапония мен Англияның араларындағы қайшылықтарын шиеленістіріп жіберді. Бұл империалистік державалардың әрқайсысы кризистен басқа елдердің, ең алдымен Совет елінің есебінен құтылуға тырысты.

Таптық қайшылықтар да шиеленісе түсті. Бүкіл жер жүзінің буржуазиясы жұмысшылардың 1919—1920 жылдардағы революциялық өрлеу кезінде қолы жеткен табыстарына шабуыл жасай бастады. Жұмысшы табы буржуазияның қысымына тойтарыс беріп отырды. 1921 жылы апрель айында Англияда жалақының кемітілуіне қарсылық білдірген кеншілердің жаппай стачкасы басталды. Дәл сол жылы Германияда (Гамбургте, Мансфельд кен өнеркәсібі ауданында және Орта Германияның бірсыпыра қалаларында) жұмысшылар көтеріліс жасап, оны социал-демократтардың көмегімен буржуазия басып тастады. Жанталасқан таптық ұрыстар Еуропаның басқа елдерінде де болып жатты.

Империалистердің позицияларын отарлар мен жартылай отарларда — Индияда, Иранда, Түркияда, Ауғанстанда, Қытайда және басқа елдерде — күшейе түскен ұлт-азаттық қозғалыс та әлсірете берді.

РСФСР-дің халықаралық жағдайын Ленин біраз тепе-теңдік жағдай деп, мүлдем берік болмаса да, сонда да болса дұшпандық капиталистік қоршауға қарамастан, социалистік республиканың өмір сүруіне және дамуына мүмкіндік беретін жағдай деп сипаттады.

Совет елімен қарым-қатынастар жасау мәселесі жөнінде империалистік державалардың билеуші топтарының арасында негізгі екі беталыс болды. Олардың біреулері совет республикаларымен экономикалық қатынастар жасасуға ұмтылды, ал онсоң көпшілігі Совет мемлекеті азғындап, өзгеріп кетеді дегеннен, сонымен қатар Россияны, Украи-



наны, Кавказды, Орта Азияны отарлық құлдыққа саламыз дегеннен үміттерін үзбеді. Екіншілері қолайлы кезеңнің ретін тауып қарулы интервенцияны қайтадан жасауымыз керек деп санады. Әртүрлі буржуазиялық елдердегі саяси жағдайға қарай біресе бірінші, біресе екінші беталыс күшейіп отырды. Міне сондықтан да Советтер Еліне соғыс шабуылының жасалу қаупі жойылмады. «Қандай да болса шалқыншылықтан біз әрқашан қыл үстінде тұрғандығымызды есте ұстау керек» деді Ленин (Шығармалар, 33-том, 138-бет). Сондықтан Қызыл Армияны нығайту, оның соғыс қуатын күшейту бұрынғыша партия мен совет үкіметінің міндеті бола бермек, деді ол.

Совет елінің ішкі жағдайы өте-мөте ауыр болды. Советтер республикасының экономикасы XIX ғасырдың екінші жартысындағы патшалық Россияның экономикасының дәрежесінде болды. Сонымен совет экономикасын қалпына келтіріп, одан әрі өркендету ісі аса төмен сатыдан басталды. Империалистік соғыс пен азамат соғысы, шетел соғыс интервенциясы халық шаруашылығын күйзелткен еді. Интервенттер мен аквардияшылар темір жол транспортын бүліншілікке жеткізді, Донбас шахталары мен рудниктерінің көпшілігіне су жіберді, Бакудің мұнайлы ауданына үлкен зиян келтірді, көптеген фабрикалар мен заводтарды қиратты. Ірі өнеркәсіп өнімі 1920 жылы соғысқа дейінгісінен жеті есеге жуық кеміді. Металлургия аса ауыр халде болды. 1920 жылы 116 мың тоннадай ғана шойын қорытылды, мұның өзі соғысқа дейін өндірілген шойынның 3 процентіндей еді. Соғысқа дейінгісінен көмір үш есе кем, мұнай екі жарым еседей кем өндірілді, макта мата тоқу жиырма есе азайды. Отын мен шикізаттың жоқтығынан кәсіпорындардың көбі тоқтап қалды. Жан басына бір килограмнан кем шойын, бір метрден кем макта мата өндірілді. Халық ең қажет өнеркәсіп бұйымдарына қатты мұқтаж болды.

Ауыл шаруашылығы да шектен тыс күйзелді. Оның өнімі 1920 жылы патшалық Россияның ауылшаруашылық өнімінің 65 процентіндей болды. Астық және басқа ең қажетті тамақ өнімдері жетіспеді. Өнеркәсіп орталықтарындағы жұмысшылар ашықты. Аштықтан қашып, көптеген жұмысшылар деревняға кетті. 1920 жылы индустрия жұмысшылары 1913 жылғыдан екі есеге жуық кем болды. Жұмысшы табы сиреді, оның кейбір бөлімі табынан азды. Сөйтіп пролетариат диктатурасының әлеуметтік базасы әлсірей түсті. Совет өкіметінің өмір сүруіне қауіп туды, өйткені болар-болмашы пролетариаты бар ұсақ-буржуазиялық елде мемлекетті басқару өте-мөте қиын еді. Аса зор шаруашылық бүліншілігінің жағдайында ұсақбуржуазиялық стихияның қаупі өте зор болды. Ал ұсақбуржуазиялық стихия дегеніміз Деникиндердің, Колчактардың және Юденичтердің түгел бәрінен де қауіптірек болады деді Ленин. Помещиктер мен ірі буржуазияның қанаушы таптары жойылды. Үй ішімен қоса есептегенде екі миллиондай помещиктер мен капиталистер шетелге қашып кетті. Олардың көбі империалистердің агенті болып алды. Совет елінен шығып қашып кете алмай қалған жау элементтер шаруаларды жұмысшыларға айдап салуға, олардың одағын бұзуға, сөйтіп пролетариат диктатурасын құлатуға бар күшін салып бақты. Оның үстіне ел ішінде кулактар сияқты қанаушылар табы қалып қойды. Азамат соғысының кезінде кулактардың күші едәуір мұқатылған болса да, кулактар Совет өкіметі үшін үлкен қауіп болды.

1921 жылдың басында экономикалық қиыншылықтармен қатар саяси сипаты бар елеулі қиыншылықтар да туды. Шаруалар азық-түлік салғыртына наразылық білдіре бастады, бұл салғырт шаруаларды шаруашылығын өркендету ынтасынан айырған еді. Жұмысшы табы мен шаруалар одағының азамат соғысы жылдарында қалыптасқан соғыстық-саяси формасы бейбітшілік жағдайда жеткіліксіз болып шық-



ты. Ұсақ товар өндірушілер болып табылатын шаруаларды азық-түлік салғыртының системасы қанағаттандырмады. Олар өз еңбегінің өнімдерін еркін пайдаланғысы келген еді, оларды базарға шығарып сатып, өнеркәсіп товарларын алғысы келген еді. Шаруалардың наразылығын контрреволюцияшыл партиялардың қалдықтары — кадеттер, эсерлер, меньшевиктер, анархистер, буржуазияшыл ұлтшылдар пайдаланды. Совет елінің соғыстан бейбітшілік құрылысқа көшу жолындағы қиыншылықтарын пайдаланып, олар Совет өкіметіне қарсы жанталаса әрекет жасады. Тамбов губерниясының, Украинаның, Донның, Сибирьдің бірсыпыра жерлерінде олар шаруаларды көтеріліске шығарды.

1921 жылғы март айының басында Кронштадта бүлік басталды. Кронштадт матростарының құрамы азамат соғысының кезінде мықтап өзгерген еді. Қарт теңізшілердің тандаулы бөлегі Совет өкіметін қорғау үшін майданға кеткен еді. Олардың орнына флотқа деревнядан саяси шикі, шаруалардың азық-түлік салғыртына наразылығын байқатқан жаңа адамдар келген еді. Эсерлер, меньшевиктер, анархистер, ақгвардияшылар Кронштадта большевиктік ұйымның әлсіз болып қалғанын пайдаланып, азық-түлік салғыртына қарсы қатты үгіт жүргізді.

Азамат соғысында талқандалған контрреволюцияшыл буржуазия Совет өкіметіне қарсы ашық бас көтеруге бата алмады да, ол күрес тактикасын өзгертті. Кронштадт бүлігін бастағандар «Өкімет партияларға берілмесін, Советтерге берілсін!» деп, бұқараны алдауға бағытталған ұран көтерді. Осы ұранды көтеріп контрреволюция бұқараны енді революцияны талқандауға, совет құрылысын жоюға жетелемекші болды. Бұл мақсатты кадет партиясының бұрынғы лидері эмигрант Миллюков «Советтер коммунистерсіз болсын!» деп ұсынған ұранында жасырын түрде тұжырымдады. Контрреволюция коммунистерді Советтерге басшылық етуден тайдыруға, буржуазияның диктатурасын орнатуға, сөйтіп Россияда капиталистік тәртіпті қайта орнатуға тырысты.

Халықаралық буржуазия Кронштадта болған бүлікті өз баспасөздерінде «халық революциясы» деп атады, сөйтіп өздерінің халыққа қарсы бағытталған арам ойлары мен әрекеттерін бүркемекші болды. Буржуазия Кронштадқа агенттерін жіберіп, оны көтерілістің бүкілроссиялық орталығына айналдыруды тапсырды. Буржуазия Кронштадт камалын Совет өкіметінің Қарулы Күштеріне алдырмайтын камал деп есептеді.

Бірақ Қызыл Армия жауынгерлерінің алмайтын камалы жоқ еді. Форттардан борай жауған оқ та, жұқа мұздан өтерде жауынгерлердің қырылуы да — ешнәрсе де ержүрек совет жауынгерлерін тоқтата алмады. РКП(б) X съезінің К. Е. Ворошилов бастап барып, бүлікті жоюға қатынаскан делегаттары батырлықтың, ерліктің үлгісін көрсетті. 1921 жылы 18 мартта бұл камал тіке шабуылмен алынды. Кронштадт бүлігі жойылды.

Кронштадта, Сибирьде және басқа жерлерде болған оқиғалар елімізде саяси кризистің бар екенінің айқын белгісі болды. Ленин оны былайша сипаттады: «... Біз Советтік Россияның үлкен, — меніңше ең үлкен, — ішкі саяси кризисіне кездестік, бұл кризис шаруалардың едәуір бөлегінің ғана емес, сонымен қатар жұмысшылардың да наразылығын туғызды» (Шығармалар, 33-том, 421-бет).

Жұмысшылардың әсіресе деревнямен байланысты бір бөлегі ұсақ-буржуазиялық стихияның ықпалына түсіп кетті. Аштықтың негізінде келіп бұл жұмысшылар Совет өкіметінің экономикалық саясатына наразылық білдірді. Кейбір кәсіпорындарында мәселе ереуілге дейін барды. Ленин елімізде болып отырған жағдайдың күллі қауіптілігін түсініп, азамат соғысының дәуіріне жараған саясаттан жаңа саясатқа, бейбіт социалистік құрылысты жүзеге асыруға негіз болатын саясатқа көшу жолдарын жасай бастады.



Елімізде болған саяси кризис партияға да әсерін тигізді. 1920 жылдың аяғында республикамыз душар болған ауыр жағдай партияның тұрақсыз мүшелерінің арасында, соның ішінде кейбір басшы қызметкерлердің арасында толқу туғызды. Мұның өзі ең алдымен кәсіподақтардың социалистік қоғам орнатудағы ролі туралы мәселеде білінді.

Партия кәсіподақтар арқылы жұмысшыларды ерлік еңбекке жұмылдыруға тиіс еді. Ал кәсіподақтар болса азамат соғысы кезінде едәуір нашарлап қалған-ды. Партияның міндеті енді кәсіподақтарды нығайту, олардың ролін, беделін көтеру болды. Бейбіт жағдайларға сай кәсіподақтардың жұмысын қайта құру қажет болды.

1920 жылғы ноябрьде Бүкілроссиялық V кәсіподақ конференциясында партия кәсіподақтар ішінде әскери жұмыс әдісінен бас тартып, кең қолданылатын демократияға көшу; кооптация жасау мен тағайындау тәртібінің орнына басшы органдардың сайлануына көшу, кәсіподақ мүшелерінің соғыс кезінде шақырылмады десе де болатын жалпы жиыналыстарын үнемі шақырып тұратын болу, сайланып қойылатын органдардың есеп беру тәртібіне көшу мәселелерін қойды. Кәсіподақтар ішінде жұмысшы демократиясын күшейтуге Троцкий қарсы шықты. Ол кәсіподақтарда әмір жүргізу, әкімшілік ету әдістерін қолдандыруға тырысып бақты; осындай әдісті оның өзі теміржолшылар мен су жолы қызметкерлері кәсіподағының Орталық комитетін (цектранды) басқарып тұрған кезінде қолданған еді. Ол кәсіподақтар қызметін жандандырудың бірден-бір шарасы олардың басшы кадрларын жоғарыдан төмен әкімшілік жолмен «сілкілеп алу» деп білді.

Кәсіподақтар туралы мәселе, асылына келгенде, еңбекші бұқараға жақындау әдістері туралы, оларды социалистік құрылымға тарту тәсілдері туралы, бұқараны бастау әдістері туралы мәселе еді. Кәсіподақтар мәселесі жөнінде Троцкиймен арадағы «шын келіспеушілігіміз», — деді Ленин, — бұқараға жақындау, бұқараны меңгеру, бұқарамен байланыс жасау әдістері туралы мәселе жөніндегі келіспеушілік болып отыр. «Істің бүкіл мәні осында» (В. И. Ленин. Шығармалар, 32-том, 5-бет).

Кәсіподақтар туралы мәселе партияның Орталық Комитетінде талқыланды. Орталық Комитеттің бес мүшесінен комиссия құрылды. Оның ішінде Троцкий де бар еді. Орталық Комитет кәсіподақтар мәселесі жөнінде Орталық Комитет ішінде біліне бастаған алауыздықтарды кең талқылауға салмау керек деп қаулы алды.

Алайда Троцкий партия тәртібін бұзып, Орталық Комитет ішіндегі алауыздықты жұртшылыққа жайып жіберді, өзінің атынан және өзін жақтайтын топтың атынан Орталық Комитет жолына қосылмайтындығын жариялады. Алда болғалы отырған партияның X съезі негізгі екі платформаның — лениндік платформа мен троцкистік платформаның бірін қалауы керек деді, сөйтіп партияға X съездің делегаттары платформалар бойынша сайлансын деген үндеу салды.

Троцкийдің мұнысы партияға қарсы фракциялық күрестің басы болды.

Орталық Комитеттің январь пленумы (1921 жыл) Троцкийдің Орталық Комитет ішіндегі алауыздықтар туралы жария сөзін теріс деп тапты. Пленум дискуссияны зиянды деп санай тұрса да, Троцкийді қарусыздандыру үшін дискуссия ашуға ұйғарды, РКП(б) X съезіне делегаттарды платформалар бойынша сайлауға да болады деп тапты. Мұның өзінің Троцкийді және басқа оппортунистерді әшкерелеуге көмектесетініне Орталық Комитет кәміл сенді.

Сөйтіп Троцкий еліміз үшін өте-өте қиын кезеңде, партия күштерін шаруашылық міндеттерді шешуден алаң қылып, партияға дискуссия ашқызды.



Дискуссияның кезінде бұдан басқа да оппозициялық платформалар пайда болды; бұлар Шляпников бастаған «жұмысшы оппозициясы» тобы, Сапронов бастаған «демократиялық централизм» тобы, Бухарин бастаған «буферлік» топ және басқалар еді.

Партияның ішінде топтар мен платформалардың болуы партияның тұрақсыз мүшелеріне ұсақбуржуазиялық стихияның әсер етуінен еді. 1929 жылдың аяғында партияда жарты миллионнан астам мүше болды. Өзінің элеуметтік құрамы жағынан партия бірыңғай болмады: оның қатарындағы адамдардың жартысынан кемірегі — жұмысшылар, төрттін бірі шамасындайы — шаруалар, қалғандары қызметшілер мен майдагерлер еді. Партияның көп мүшесі әлі де большевик болып шынықпаған еді. Оның үстіне, өздерінің большевизм позициясына көшкендігін жариялаған кейбір бұрынғы меньшевиктер, эсерлер, бундшылар, боротьбистер де партияға келген еді. Ұсақбуржуазияшыл аuyтқуларға ең алдымен осылардың өзі берілгіш болатын. Еліміздің бірсыпыра жерлерінде контрреволюциялық көтерілістер басталған кезде партияның осындай тұрақсыз мүшелері үрейленушілікке ұшырады. Троцкий, мысалы, Кронштадта болған бүлікке байланысты, Совет өкіметінің күні бітті, «көкектеген көкектің күні бітті» деді.

Кәсіподақтар туралы, олардың ролі мен қызметі туралы мәселе жөнінде оппозициялық топтың әрқайсысы өздерінің талаптарын ұсынды.

Троцкистердің ұраны кәсіподақтарды дереу мемлекеттендіру болды. Олар кәсіподақтарды мемлекеттік аппараттың шылауына айналдыруды, кәсіподақтардың мемлекетпен ұштастырылуын, мемлекеттік органдар есебінде кәсіподақтарға өндірісті басқару қызметін беруді талап етті. Міне мұның өзі кәсіподақтарды мемлекеттендіру еді. Троцкистердің платформасы кәсіподақтарды жұмысшылар бұқарасының материалдық, тұрмыстық және мәдени мүдделерін қорғау қызметінен айырды, оларды социализм рухында тәрбиелеу қызметінен айырды. Мұнымен Совет өкіметінің органдары шұғылдануға тиіс деді Троцкий. Сендіру әдісінің орнына Троцкий зорлап көндіру әдісін, жалаң әкімшілік жасау әдісін ұсынды. Ол жұмысшылар еңбегін милитаризациялады, кәсіподақтар мен өндірісте әскери әдіс қолдануды талап етті.

Троцкийдің платформасын жүзеге асыру іс жүзіне келгенде кәсіподақтарды жоюға, пролетариат диктатурасын әлсіретуге әкеп соққан болар еді.

«Жұмысшы оппозициясы» тобы халық шаруашылығын басқару ісін кәсіподақтарға — «өндірушілердің бүкілроссиялық съезіне» беруді талап етті. Ол ВСНХ аппаратын бөліп-бөліп тиісті кәсіподақтарға бермек болды, кәсіподақтарды Совет мемлекетіне және партияға қарсы қойды. Егер троцкистер кәсіподақтарды мемлекеттендіру керек деген болса, «жұмысшы оппозициясы», оның керісінше, мемлекеттік аппаратты «одақтандыру» керек деді, яғни мемлекетті кәсіподақтарға бағындыру, мемлекетті жоққа шығару керек деді. Мұның өзі пролетарлық мемлекеттің халық шаруашылығындағы жетекшілік ролін бекерге шығару еді. «Жұмысшы оппозициясының» көзқарастары шын мәніне келгенде анархо-синдикалистік көзқарас болды, өйткені нақ осы анархо-синдикализм, марксизмге қарама-қарсы келіп, капитализмнен коммунизмге өту дәуірінде пролетарлық мемлекеттің қажеттігін бекерге саяды. Анархо-синдикалистер жұмысшы табы партиясының және оның социалистік қоғам орнату күресіндегі жетекшілік ролінің дұшпаны болып табылады. Олар кәсіподақтарға пролетариаттың бірден бір ұйымдары деп қарайды, кәсіподақтар дегеніміз партиясыз-ақ, мемлекетсіз-ақ өкіметті өз қолына ала алатын, өндірісті басқара алатын ұйымдар деп біледі. «Жұмысшы оппозициясының» кәсіподақтық платформа-сының негізіндегі идеялар да осындай.



«Демократиялық централизм» («децистер») тобы ВСНХ-ның президиумын кәсіподақтар ұсынсын, партия ішінде фракциялар мен топтар бостандығы болсын, партия мен Советтің басшы органдарында істейтін жауапты қызметкерлер фракциялар мен топтардың қалауымен сайлансын деген талаптар қойды. «Децистер» кәсіпорындарда дара басшылықтың, қатаң тәртіптің болуына, басқару ісінде централизмнің болуына қарсы шықты. Олар кәсіподақтар бюрократтанып бітеді деп даурықты. Ленин бұл топты «барып тұрған даурықпалардың» фракциясы деп, ал оның платформасын — эсерлік-меньшевиктік платформа деп атады.

Бухариннің тобы дискуссияға «буферлік» платформа делінетін платформамен шықты. Мұның «буферлік» деп аталған себебі, Бухарин троцкизмді ленинизммен келістіруге тырысты, екі платформаның: лениндік платформаның — партия платформасының және троцкистік платформаның — антипартиялық топ платформасының түйіскен жерінде буфер ролін атқаруға әрекет жасады. Өзінің платформасын жасаған кезінде Бухарин оның кейбір формулаларын Лениннен, кейбір формулаларын Троцкийден алды. Бухариншілдер келіп шаруашылық басқару аппаратына кәсіподақтар өз кандидатураларын ұсынатын болсын, бұл кандидатураларды басшы совет органдары міндетті түрде қабылдайтын болсын деген талап қойды. Ленин мұны синдикализмге бой ұрған уклон деп сипаттады. Бухариннің платформасын Ленин «идеялық ыдыраудың ең шыңы» деп атады. Бухариннің «буферлік» платформасы, асылына келгенде, троцкизмді қорғау еді. Сондықтан Бухариннің өз платформасынан ұзамай бас тартып, Троцкийдің платформасына қосылуы әлдеқалай нәрсе еместі.

Ленин, Рудзутак, Сталин, партияның Орталық Комитетінің және басқа мүшелері қол қойған платформада («онның платформасында») кәсіподақтар партияны бұқарамен байланыстыратын жалғастырғыш белдік деп, коммунизм мектебі деп қаралды.

Ленин басқарушы таптың ең бұқаралық ұйымы болып табылатын кәсіподақтардың пролетариат диктатурасын жүзеге асыруда аса зор роль атқаратынын көрсетіп отырды. «Бұл мемлекеттік ұйым емес, — деп жазды Ленин кәсіподақтар туралы, — бұл күштеу ұйымы емес, бұл — тәрбиелеуші ұйым, іске тартушы, үйретуші ұйым, бұл — мектеп, басқару мектебі, қожайындық ету мектебі, коммунизм мектебі» (Шығармалар. 32-том, 2-бет).

Кәсіподақтар Коммунистік партияның бұқарамен байланысын орнатады. Партия партияда жоқ жұмысшылар бұқарасына басшылық еткенде «алдымен жұмысшыларды, одан соң шаруаларды» (бұл да сонда, 33-бет) ағарта отырып, оларды әзірлей, оқыта, тәрбиелей отырып басшылық етеді. Кәсіподақтар арқылы жүргізетін өзінің тәрбие жұмысымен партия әрбір одақ мүшесіне өз еңбегінің өнімділігін арттырудың қажет екендігін түсіндіруді көздейді, бүкіл совет халқының еңбек өнімділігін көтергісі келеді. Кәсіподақтардың міндетін белгілей келіп, Ленин былай деді:

«Пролетариат мемлекеттік өкіметті жеңіп алғаннан кейінгі жерде пролетариаттың ең басты және негізгі мүддесі өнімді көбейту, қоғамның өндіргіш күштерін орасан зор мөлшерде көтеру болып табылады» (бұл да сонда, 183-бет).

Ленин кәсіподақтардың социалистік шаруашылық құрудағы басты қызметі Совет мемлекетінің жоспарлаушы және шаруашылық органдарына олардың қатынасуы, еңбек өнімділігін көтеру және еңбек тәртібін нығайту жолында, жалпы жұмысшы және еңбекші бұқараның ішінен әкімшілік қызметшілер әзірлеп, оларды жоғарылату жолында



күресуі деп есептеді. Кәсіподақтардың қызметі жұмысшы демократиясын кең өрістетуде, бюрократизммен және әкімшілік жүргізумен күресуде, өз мүшелерін тәрбиелеуде, олардың творчестволық белсенділігін көтеруде. Кәсіподақтар жұмысшылардың материалдық және рухани мүдделерінің қамын ойлайды, мемлекеттік және шаруашылық аппараттарға қажет кадрлардың көзі болып табылады. Кәсіподақтардың қызметінің негізінде сендіру әдісі болады, ал зорлап көндіру әдісі онда көмекші ғана роль атқарады.

Қатты және аса кең көлемде жүргізілген дискуссияда кәсіподақтар жөніндегі лениндік көзқарас жеңіп шықты. Тек кейбір партия ұйымдарында ғана оппозицияшыл топтардың платформалары көпшілік дауыс алды.

Аса зор қиыншылықтар мен өсе түскен ұсақбуржуазиялық стихия жағдайында, капиталистік қоршау жағдайында дискуссия, Ленин айтқандай, кешірімсіз артық іс болды. Революцияның жаулары большевиктер партиясының ішіндегі күреске, партияның жікке бөлінуіне үміт артып, мұның өзі Совет өкіметінің күйреуіне жеткізеді деп сенді.

Елді, оның үстіне негізінен алғанда ұсақбуржуазиялық елді, басқару, социалистік құрылыста миллиондаған бұқараға басшылық ету деген мынадай бір сөзсіз қажет және шешуші жағдайда ғана — партияның бірлігі, мызғымас беріктігі, оның идеологиялық жағынан табандылығы, оның қатарында темірдей қатан тәртіптің болуы, оппортунистік бұлталақтар мен фракцияларға төзбейтін болу жағдайында ғана мүмкін еді. Сондықтан партияның ішіндегі фракциялар мен жікке бөлінушілікті қалай да жою қажет болды. Мұнсыз ел ішіндегі саяси кризисті жоюға, империалистердің жасайтын жаңа қысымдарына ойдағыдай тойтарыс беруге және социализм орнатудың дұрыс жолын табуға болмайтын еді.

Міне осы мәселелердің бәрін партияның X съезі шешті.

## 2. Партияның X съезі. Жаңа экономикалық саясатқа көшу

Партияның X съезі 1921 жылы 8—16 мартта болды. Съезге 700 мыңнан астам партия мүшелерінің өкілдері қатынасты. Съездің күн тәртібінде Орталық Комитеттің есебі, партияның бірлігі туралы, кәсіподақтар туралы мәселелер, ұлт мәселесі, салғыртты азық-түлік салығымен ауыстыру туралы және басқа мәселелер болды.

Ленин Орталық Комитеттің саяси қызметі туралы, салғыртты заттай салықпен ауыстыру туралы, партияның бірлігі және анархо-синдикалистік уклон туралы баяндамалар жасады.

Съезд соғыс коммунизмінен жаңа экономикалық саясатқа (нэп) көшу туралы мәселе қарады; бұл мәселе негізгі екі таптың — жұмысшы табы мен шаруалардың өзара қарым-қатынастары туралы мәселемен тікелей байланысты мәселе еді. Мәселенің мәні мынада еді: жұмысшы табы социализмді еліміздің халқының басым көпшілігі болып табылатын еңбекші шаруалармен қалайда бірге құруға тиіс еді. Егер помещиктер мен капиталистерді экспроприациялауға және қуып жіберуге болатын болса, еңбекші шаруалар сияқты ұсақ өндірушілерді «қуып жіберуге болмайды, бұларды жаншуға болмайды, бұлармен сыйысу керек, бұларды тек өте ұзақ, ақырын, сақтықпен жүргізілген ұйымдастыру жұмысы арқылы ғана қайта жасауға, қайта тәрбиелеуге болады (және солай етілуге тиіс)» (Шығармалар, 31-том, 29-бет). Ленин осылай деп үйретті. Еңбекші шаруалардың әуелі шаруашылығын қалпына келтіріп алуына, ал одан кейін бытыраңқы ұсақ жекеше шаруашылықтан өнім молшылығына жеткізетін қоғамдасқан машиналы ірі егіншілікке бірте-бірте көшуіне көмектесу керек еді. Мұның өзі социалистік құрылыстағы аса қиын міндет болатын.



Еліміздің артта қалған және күйзелген ел болғандығынан Россияда бұл міндет өте-өте қиын міндет болды. Бірақ оны қалай да болса шешу керек болды, өйткені мұнысыз социализм құруға болмайтын еді. Бұл міндетті шешерде өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы байланысының бұрынғы формалары еске алынды.

Деревняның қаламен экономикалық байланысы ғасырлар бойы ауыл шаруашылығының өнімдерін өнеркәсіп товарларына айырбастау жолымен жүргізілген еді. Айырбас ақшаға сату, сатып алу арқылы базарда жасалатын. Капитализмнен социализмге өтетін өтпелі дәуірде, көп укладты экономика тұсында, мемлекеттік өнеркәсіптің ұсақ товарлы шаруа шаруашылығымен сауда байланысы сөзсіз болатын, объективтік қажеттік еді. Мұның өзі қала мен деревняның экономикалық байланысының бірден-бір дұрыс формасы болатын. Октябрь төңкерісінен кейін іле-шала Совет өкіметі осы форманы пайдаланған еді. Бірақ азамат соғысы байланыстың бұл формасын жүзеге асыртпады. Сөйтіп сату мен сатып алудың орнына азық-түлік салғыртын енгізуге тура келді.

Ленин пролетариат диктатурасының ең жоғарғы принципі — жұмысшы табы мен шаруалардың одағы болады деп үйреткен еді. Шаруалардың бейбітшілік жағдайда азық-түлік салғыртына наразы болуы одақтың бұзылу қаупін туғызды. Бұл қауіпті жою үшін еліміздің ауыл шаруашылығы мен өндіргіш күштерін дамытуға жағдай туғыза алатын саясат жүргізу керек болды. Социалистік құрылысты өрістету үшін ең алдымен халық шаруашылығын қалпына келтіру қажет еді. Мұның өзін аса күйзелушілігінен өнеркәсіп орталықтарының астық пен өндіріс шикізаттары жөніндегі қажетін қанағаттандыра алмай отырған ауыл шаруашылығынан бастау керек болды. Бұлай етпейінше өнеркәсіпті, әсіресе социалистік экономиканың негізі болып табылатын ауыр өнеркәсіпті қалпына келтіруге және дамытуға болмайтын еді. Сонымен, ауыл шаруашылығын қалпына келтіріп, одан әрі дамыту ісі ол дәуірде социалистік құрылыстың барлық саласын көтерудің негізгі тұтқасы болды.

Жұмысшы табы мен шаруалардың өзара қарым-қатынасы туралы мәселе Орталық Комитеттің саяси есебінде және салғыртты заттай салықпен ауыстыру туралы баяндамада қаралды. Осы саяси есеп пен баяндамасында Ленин көп миллиондаған шаруаларды социализм құрылысына тартқанда азық-түлік салығын енгізетін жаңа экономикалық саясат арқылы ғана тартудан басқа әдісі жоқ екенін баса көрсетті.

«... Жаңа экономикалық саясаттың мазмұны, — деді кейінде Ленин, — пролетариат пен шаруалардың одағы болып табылады, оның мазмұны — пролетариат авангардының қалың шаруалар бұқарасымен байланысында» (Шығармалар, 33-том, 164-бет).

Бұл байланыс жаңа жағдайларда шаруашылық негізде жасалына алатын еді. Пролетариат мемлекеті, деді Ленин, шаруалардан азық-түлік салығы түрінде барлық артық азық-түлігін алмай, оның бір бөлегін ғана алуы керек. Ал қалған артық азығы еркін түрде базарға апарып сатуы үшін шаруаның өз қарамағында қалдырылуы керек. Мұның өзі ұсақ егіншінің шаруашылығын көтеруіне демеу болады. Шаруаның материалдық әл-ауқатын көтеретін неғұрлым көбірек артық өнім алуға ынталы болуы оны шаруашылығын көтеруге итермелейді, мұның өзі бүкіл еліміздің ауыл шаруашылығын тез көтергізеді. Осындай көтерілудің негізінде мемлекеттік өнеркәсіп қалпына келтіріліп, одан әрі дамытуға, еліміздің экономикасында социализмнің позицияларын нығайтуға, ауыл шаруашылығын социалистік жолмен қайта құратын негіз қалауға болады.

Бірақ азық-түлік салығын енгізу арқылы саудаға бостандық берілді. Ал сауда бостандығы дегеніміз капитализмнің бірсыпыра жандануына, кулактардың өсуіне, жекеше ұсақ кәсіпорындардың ашылуы-



на жол беру, жекеше саудаға рұқсат етілу болды. Сауда бостандығы дегеніміз социализмнің капитализммен өліспей беріспейтін күресі деген сөз.

Сауда бостандығына жол беру Совет өкіметіне, социализмнің тағдырларына қауіп туғызбады ма? Белгілібір дәрежеде туғызды. Алайда бұл қауіптің өзі қорқынышты емес еді, өйткені халық шаруашылығының негізгі тұтқалары: өнеркәсіп, банктер, темір жол және су жолы транспорты, сыртқы сауда, жер мемлекеттің қолында болатын. Кулактардың өсуі жоғарыдан жасалған мемлекеттік шаралармен тежеліп отырды. Нәп жағдайында жанданған жекеше капиталға мемлекеттік бақылау жасалды, сөйтіп оның белгілібір шамада ғана дамуына жол берілді. Ленин жекеше капиталды мемлекеттік капитализмнің арнасына түсіруіміз керек деді.

Мемлекеттік капитализм формаларының бір түрі есебінде Ленин жеке кәсіпорындарды өнеркәсіп өнімін алып отыру үшін шетел капиталистеріне концессияға (арендаға) беру мүмкіншілігін көрсетті. Сөйтіп советтік ірі өнеркәсіптің, ең алдымен ауыр өнеркәсіптің неғұрлым тез қалпына келтірілуіне мүмкіндік жасалды. Совет мемлекетінің бақылауымен істей отырып, мемлекеттік капитализм кәсіпорындары социализмге көмекші роль атқаратын еді. Сондықтан капитализмнің кейбір жандануынан қорқудың қажеті болмады.

Лениннің азық-түлік салғыртын азық-түлік салығымен ауыстыру туралы баяндамасын РКП(б) X съезінің делегаттары бірауыздан мақұлдады. Съезд үкіметке азық-түлік салғыртын азық-түлік салығымен дереу ауыстыруды ұсынды. Мұнымен қатар съезд азық-түлік салығының мөлшері азық-түлік салғырты бойынша түсетінінен анағұрлым кем болсын дегенді айтты.

Съезд кедей шаруалар кейбір салықтардан, ал ерекше жағдайларда заттай салықтың барлық түрлерінен де босатылсын, ұқыпты шаруаларға жеңілдіктер берілсін, жергілікті шаруашылық айналым көлемінде басы артық өнімімен сауда жасауға жол берілсін деген директива берді.

Жаңа экономикалық саясат жұмысшы табы мен шаруалардың социализм құрылысындағы берік экономикалық және саяси одағын қамтамасыз етті.

Совет мемлекетінің жаңа экономикалық саясаты капитализмнен социализмге өтуде бірден-бір дұрыс саясат болды. Ол саясат пролетариат пен шаруалардың одағын баянды етуге, пролетариат диктатурасын нығайтуға, еліміздің өндіргіш күштерін социалистік бағытта дамытуға бағытталып жүргізілген саясат еді. Ол саясат халық шаруашылығының негізгі тұтқаларын пролетарлық мемлекеттің қолында сақтай отырып, капитализмге белгілібір шамада жол беруге бағытталып жүргізілген саясат еді; ол саясат социалистік элементтердің капиталистік элементтерге қарсы күресіне, мұнда социалистік элементтердің жеңуіне, қанаушы таптарды жоюға, СССР-де социализм орнатуға бағытталып жүргізілген саясат еді.

Алғашқы кезінде жаңа экономикалық саясат соғыс коммунизміне қарағанда белгілібір шамаға дейін шегіну болды. Шегіну екі түрлі болады. Партиялар немесе армиялар жеңілудің салдарынан келіп шегінеді. Ал енді партиялардың немесе армиялардың жеңілмей-ақ шегінетін реттері де болады. Өздерінің жеңімпаз жылжуында олар кейде тылдағы базасынан бөлініп кетеді, мұның шабуылды іске асырмай тастауы мүмкін. Міне мұндай жағдайда партиялар немесе армиялар өзінің тылымен берігірек байланысу мақсатымен тылына қарай шегінеді, кейін толық жеңіске жеткенге дейін жүргізілетін жаңа шабуылға көшу үшін белгілібір уақытқа шегіну тактикасын қолданады. Жаңа экономикалық



саясатты енгізгенде партия міне осы сияқты шегінуді қолданған болатын.

Ленин: біз азамат соғысы жылдарында социализмге қарай бет алысымызда тым ілгері жүгіріп кеттік, сонан тылымыздан, яғни шаруалардан бөлініп кету қаупі туды, деді. Ленин азамат соғысы дәуіріндегі социализм құрылысының әдістерін камалға тіке шабуыл жасаумен тенеңді. Соғыс коммунизмі дәуірінде, деді Ленин, бізде қала мен деревнядағы капитализмді тіке шабуыл әдісімен, яғни «мейлінше қысқа, тез, тікелей» шабуыл әдісімен кирату, сөйтіп, «өндіріс пен бөлістің социалистік негіздеріне көшу» (Шығармалар, 33-том, 78-бет) әрекеті жасалды. Бірақ тәжірибе бұл көшудің табысты болуы үшін капитализмнің камалын ұзақ уақыт қамауымыздың қажет екенін көрсетті. «... Штурм атакасын жасау емес, — деді Ленин, — ұзақ уақыт қоршаудың өте ауыр, қиын және сүйкімсіз міндетіне көшу керек» (бұл да сонда, 79-бет).

Сондықтан уақытша өз тылымызға таман шегінуіміз, күштерімізді қайтадан топтастыруымыз, сөйтіп барлық еңбекшілер бұқарасы болып капитализмге қайтадан және батыл шабуыл жасауымыз қажет болды. Міне осы жағдайда, яғни шаруамен байланысты сақтаған жағдайымызда, деді Ленин, совет халқының социализмге қарай жылжу қарқыны кәзір біздің арман етуімізге де болмайтын дәрежеде күшті болады.

Жаңа экономикалық саясатқа көшу соғыс коммунизмі саясатынан шұғыл бұрылу еді. Сондықтан коммунистердің жаңа жағдайды тез түсінуі, өз жұмыстарының әдісін нәпке лайықтап өзгертуі, жаңа әдіспен шаруашылық жүргізе білуі, мәдениетті түрде сауда жүргізе білуі керек болды. Оларға мұның өзі үлкен қиыншылық еді, өйткені астыртын қызметте, түрмеде оларды ешкім халық шаруашылығын басқаруға, сауда жүргізуге үйреткен жоқ-ты, бұл жөнінде олардың өз тәжірибесі де жоқ және ол тәжірибені алатын жері де жоқ болатын, өйткені адамзат тарихында алғаш рет социализм құруға тура келген еді. Ленин социализм құрудың аса қиын іс екенін ескерткен болатын. Бірақ Ленин тәрбиелеген партия қиыншылықтардан қорықпады, жаңа экономикалық саясаттың социализмге апаратын бірден-бір дұрыс жол екенін біліп, оны жүзеге асыру жұмысын батыл қолға алды.

РКП(б) X съезінің жаңа экономикалық саясатты қабылдауынан Коммунистік партияның кемеңгерлігі, қоғамдық дамудың заңдарын терең білуге негізделген Лениннің даналық көрегендігі байқалды. Ленин марксистердің ішінен бірінші болып, пролетарлық мемлекеттің экономикалық саясатын теория жағынан негіздеп берді. Лениннің жасап берген жаңа экономикалық саясаты оның 1918 жылы көктемде «Совет өкіметінің кезектегі міндеттері» деген еңбегінде баяндалған социалистік экономиканың негіздерін жасау туралы қағидаларының одан әрі дамытылуы болды. СССР-де содан кейінгі жылдардың ішінде жүргізілген социалистік құрылыстың тәжірибесі Лениннің айтқандарының дұрыстығын, оның ғылыми, маркстік болжауларының керемет күштілігін көрсетті.

Жаңа экономикалық саясаттың халықаралық маңызы бар. Дүние жүзінде пролетарлық революция болған жерлердің бәрінде де, деген болатын Ленин, социализмді жұмысшы табы шаруалармен бірлесіп құрады да, онда нәп-ке тән шаралардың істелуі сөзсіз шарт.

Жаңа экономикалық саясаттың мына мағнада да халықаралық маңызы болды: Советтер Елін — дүниежүзілік революциялық қозғалыстың базасы мен тірегін нығайтып, дамыта келе, ол сонымен халықаралық революцияға, дүниежүзілік тарихтың бүкіл барысына әсер етті.

«Халықаралық революцияға біз кәзір әсеріміздің денін шаруашылық саясатымыз арқылы тигізіп отырмыз, — деді Ленин. — Бүкіл дүниежүзілік көлемде күрес осы майданға көшіріліп отыр. Біз бұл міндетті



шешсек — халықаралық көлемде сөзсіз және түпкілікті ұтқанымыз». (Шығармалар, 32-том, 465-бет).

РКП(б) X съезі бүкіл дүниежүзілік-тарихи маңызы болған ұлт мәселесін де талқылады, ұлт мәселесінің дұрыс шешілуі Совет елінде социализмді ойдағыдай құру ісіне көмектесті, отар және тәуелді елдердің халықтарын ұлт-азаттық күреске рухтандырып отырды. Ұлт мәселесі халық шаруашылығын қалпына келтіру міндетімен және оны негізінде социалистік жолмен дамытумен тығыз байланысты мәселе еді. Ұлт мәселесі асылына келгенде шаруа мәселесі болып табылады, өйткені еліміздің ұлт аймақтарының халқы тегісінен дерлік шаруалар болатын. Артта қалған халықтарды социалистік құрылысқа тарту — оған шаруаларды тарту деген сөз еді. Жаңа экономикалық саясат орыс шаруаларының ғана емес, сонымен қатар Советтер Елінің барлық басқа ұлттары шаруаларының да негізгі мүдделеріне сай келді. Алайда ұлт шаруаларының өз ерекшеліктері бар еді, олар өздеріне ерекше көзқарастың болуын қажет етті. Бұл көзқарастың мәні Сталиннің X съезде «Партияның ұлт мәселесі жөніндегі кезектегі міндеттері туралы» баяндамасында және съездің қабылдаған қарарында баяндалды. Социализм жолындағы күресте барлық совет республикалары еңбекшілерінің күшін біріктіру үшін бұрынғы үстем ұлт жұмысшы табы мен бұрынғы патша отарлары шаруаларының арасында дұрыс өзара қарым-қатынас орнату міндет болды. Патша өкіметі өз отарларының, әсіресе орта азиялық, кавказдық отарларының халқын қараңғылықта, نادандықта ұстады, олардың арасында патриархтық-феодалдық қатынастарды, экономикалық мешеулікті сақтап отырды. Отарлардың өндіргіш күштерінің дәрежесі өте-мөте төмен болды.

Коммунистік партия бұрын езілген халықтардың мемлекеттік, шаруашылық және мәдени жағынан артта қалғандығын жоюды өзінің мақсаты етті. X съезд артта қалған халықтардың даму дәрежесін алдыңғы қатарлы халықтардың дәрежесіне көтеру туралы, олардың іс жүзіндегі теңсіздігін жою туралы қаулы алды. Право жағындағы теңсіздік Совет өкіметінің алғашқы күндерінде-ақ жойылған еді. Ал іс жүзіндегі теңсіздікті жою үшін бірсыпыра уақыт керек болды және пролетариаттың бірсыпыра күш жұмсауы, артта қалған туысқан халықтарға материалдық көмек көрсету жөнінде еліміздің алдыңғы қатарлы халықтарының бірсыпыра күш жұмсауы керек болды. Артта қалған ұлт аймақтарының Орталық Россияны қуып жетуіне көмектесу үшін ең алдымен ұлт аймақтарында, съездің шешімінде айтылғанындай шикізат көздерінің өзінде кәсіпорындар салу жолымен өнеркәсіп орнату керек болды.

Артта қалған халықтардың іс жүзіндегі теңсіздігін жоюды тездету үшін съезд олардың советтік мемлекет құрылысын, ана тілінде істейтін шаруашылық және өкімет органдарын, сотын, баспасөзін, мектебін, театрын және т. б. дамытып, нығайтуына көмектесу, ұлт кадрларын әзірлеуін тездетуіне көмектесу қажет деп тапты.

Лениндік ұлт саясатын жүзеге асыруға екі уклон — ұлыдержавалық шовинизм мен жергілікті ұлтшылдық кедергі жасады. Съезд бұлармен батыл күресуге шақырды, ең алдымен, басты қауіп болып табылатын ұлыдержавалық шовинизмге қарсы күресуге шақырды, өйткені шовинизм социалистік революция жолындағы күресте интернационализм туы астына топтасып отырған халықтардың бірлігі мен туысқандығын бұзу қаупін туғызды.

РКП(б) X съезі партияның бірлігі туралы мәселеге ерекше назар аударды.

Еліміздің капиталистік қоршауда болуы, елімізде ұсақ буржуазия бұқарасының мол болуы партия ішінде оппортунизм мен фракцияшылдықтың болуына дем берді. Троцкистер, «жұмысшы оппозициясы», «децистер» және басқа оппортунистік топтар фракциялық күресін жүргізе



отырып және фракциялар мен жіктердің бостандығын талап ете отырып, партияны жікке бөлінуге итермеледі. Олар Совет мемлекетінде партияның жетекшілік ролі болуын жоққа шығармақшы болды. Партия өз қатарында оппортунизмнің және фракциялық жіктердің болуына қарсы батыл күрес жүргізді.

Ленин съездің өзін фракцияшылдықты біржолата жоюға және партия ішінде фракциялар мен топтардың болуына тиым салуға шақырды. Ленин: ерік, көзқарас, қимыл бірлігі, темірдей қатаң тәртіп дегеніміз — қандайда болсын фракцияшылдыққа және партия тәртібін бұзуға жол бермейтін маркстік партияның даму заңы, деп үйретті.

«Шаруалар елінде, — деді Ленин, — пролетариат өзінің диктатурасы мен өзінің басшылығының аса зор міндеттерін тек пролетарлық бұқараның осындай ынта-жігерінің арқасында ғана жүзеге асыра алады» (Шығармалар, 32-том, 178-бет).

Съезд партияның бірлігі туралы Ленин ұсынған қарарды қабылдады. Ол қарарда былай делінді:

«Съезд белгілі бір платформаға негізделіп құрылған топтардың бәрінің түгелімен дереу таратуға бұйырады және қандай да болса фракциялық аттаныстарға жол бермеу жағын қатаң қадағалауды барлық ұйымдарға тапсырады. Съездің бұл қаулысын орындамау жөніндегі айыптылар сөзсіз және дереу партиядан шығарылуға тиіс («КПС С... қарарлары», I бөлім, 564-бет).

Егер Орталық Комитет мүшелері партияның бірлігін бұзатын болса, фракция ұйымдастырса және партияны жікке бөлуге әрекет істесе, ең қатаң шара есебінде, Орталық Комитеттің әлгі мүшелерін де партиядан шығару шарасын қолдануды съезд Орталық Комитетке тапсырды. «Мұндай қатаң шараны (Орталық Комитет мүшелеріне, Орталық Комитет кандидаттарына және Бақылау комиссиясының мүшелеріне) қолданудың шарты Орталық Комитеттің барлық кандидаттары мен Бақылау комиссиясының барлық мүшелерін қатыстырып, Орталық Комитеттің пленумын шақыру болуға тиіс» (бұл да сонда, 564-бет), бұлар дауыстың үштен екі бөлегімен жазалау шарасы туралы мәселені шешуге тиіс.

Партия ішіндегі синдикалистік және анархистік уклон туралы Ленин жазып, съезд қабылдаған қарарда «жұмысшы оппозициясының» көзқарастары қатаң сыналды. Бұл көзқарастар марксизмнен мүлде қол үзу еді. Съезд «жұмысшы оппозициясының» көзқарастарын пролетариат диктатурасы үшін аса зор саяси қауіп бар көзқарас деп көрсетті. Оның идеяларын съезд ұсақбуржуазиялық ауытқуларды көрсететін антипартиялық идеялар, синдикалистік және анархистік идеялар деп сипаттады. Іс жүзіне келгенде «жұмысшы оппозицияның» идеялары, делінді қарарда, Коммунистік партияның ұстаған тиянақты басшылық жолын әлсіретіп, пролетарлық революцияның тап жауларына көмектеседі. Бұл идеяларды насихаттауды съезд РКП(б) қатарында болумен сиыспайтын әрекет деп таныды.

X съездің партияның бірлігі туралы, фракцияларға ешбір жол бермеу туралы қарарлары партияның өмірі мен құрылысында бұлжымайтын принципке айналды. Бұл қарарлар троцкизмге, ұлтшыл-уклоншылдыққа және басқа да сара жолдан оппортунистік ауа жайылушылықтың бәріне қарсы күресте партияны қаруландырды.

Съезд партия бірлігімен және оның жетекшілік ролімен тығыз байланысты партия құрылысы мәселелеріне ерекше көңіл бөлді. Азамат соғысы дәуірінде партия қызметіне әсіре ұйымдық централизм, коллективтік басшылық әдістерін жинап қоюшылық, сайлау орнына тағайындап қоюшылық және т. с. нәрселер тән еді. Бейбітшілік дәуір жағдайында жаңа міндеттердің өзі партия жұмысының ұйымдық формалары мен әдістерін өзгертуді керек қылды. Съезд партияның ішкі демократиясы-



ның жандандырылып, күшейтілуі қажет екенін атап көрсетті. Мұның аты басшы органдар төменнен жоғарыға дейін сайланып қойылады, олар есеп беріп отыратын болады, бақыланып отыратын болады, коллективтік басшылық күшейтіледі деген сөз еді.

Партияның жұмысының әдістері «аса маңызды мәселелердің бәрін кеңінен талқылау, партия ішінде сынға толық бостандық жасай отырып, бұл мәселелер бойынша дискуссия жүргізу әдістері... жалпыпартиялық шешімдерді коллектив болып әзірлеу әдістері» болуға тиіс болды («К П С С... қ а р а р л а р ы», I б ө л і м, 554-бет).

Қабылданған қарарлар партияның әрбір мүшесіне міндетті және дереу, дәл орындалатын қарар болды. Демократиялық централизм принципінің мәні — демократия мен централизмнің, еркін пікір айту мен темірдей қатаң тәртіптің ұштастырылуында, коллектив болып жасалған қарарлардың сөзсіз орындалуында.

Совет өкіметі тұсында партияға ұсақбуржуазиялық элементтердің кейбір бөлегі, соның ішінде солқылдақтыққа берілгіш, идеологиялық жағынан тұрақсыз бұрынғы меньшевиктер мен эсерлер кіріп кеткендіктен, партия қатарына мансапқорлар, пайдакүнемдер еніп кеткендіктен, съезд Орталық Комитетке партияны коммунист емес элементтерден тазарту туралы нұсқау берді.

Кәсіподақтар мәселесі жөнінде съезд, дискуссияның қорытындыларын шығара келіп, лениндік платформаны қабылдады. Съезд троцкистердің, «жұмысшы оппозициясының», «децистердің» және басқа оппортунистік топтардың көзқарастарын теріс деп мінеп, кәсіподақтар қызметінің негізгі міндеттерін белгіледі.

Съезд кәсіподақтар дегеніміз — коммунизм мектебі екенін баса көрсетті. Кәсіподақтардың басты міндеті — ұйымдастыру-шаруашылық және тәрбие міндеті еді. Кәсіподақтар өндірісті ұйымдастыру және еліміздің әлсіреген өндіргіш күштерін қалпына келтіру жөніндегі негізгі жұмысты атқаруға тиіс. Социалистік құрылыс дами келе кәсіподақтар бірте-бірте пролетарлық мемлекеттің көмекші органдарына айналатын болады.

«Кәсіпорынан бастап ВСНХ-ға дейін, — делінген съездің қарарында, — өнеркәсіпті басқару органдары одақ органдары мен тиісті шаруашылық органдарының арасындағы келісім бойынша өндірістік одақтардың және олардың бірлестіктерінің тарапынан кандидатуралар ұсыну негізінде құралады» (бұл да сонда, 578-бет).

Кәсіподақтар жұмысшы бұқарасының күнбе-күнгі өмірінің барлық жақтарын қамтып отыруға, олардың мүдделерін қорғап отыруға міндетті. Кәсіподақтардың жұмысының негізгі әдісі — сендіру әдісі.

Съезд азамат соғысы дәуірінде өте ықшамдалған жұмысшы демократиясы әдістерін ең алдымен және бәрінен де кеңірек түрде кәсіподақ қозғалысында қалпына келтіру керек деп көрсетті. Кәсіподақтар демократиялық централизм принципіне құрылуға тиіс. Кәсіподақтардың жұмысына Коммунистік партия бағыт сілтеп отыруға тиіс.

Бұл негізгі қағидалар социализм мен коммунизм құрылысының барлық кезеңінде кәсіподақтар жұмысының жетекші принциптері болып табылады.

Съезд жұмысшылардан шыққан көптеген партия мүшелері мемлекеттік аппаратқа көшіп, Қызыл Армияға алынып, фабрикалар мен заводтардағы қолма-қол жұмыстан қол үзгендігін атап көрсетті. Оның үстіне көптеген коммунистер азамат соғысының майдандарында қаза тапқан еді. Сондықтан съезд партияға жұмысшыларды батыл тарту қажет деді.

Партияның бірлігін нығайтып, беделін көтеру мақсатымен съезд бақылау комиссияларын құрды, олардың міндеті бюрократизмге, мансапқорлыққа қарсы, партия мүшелерінің партиялық және қызмет ба-



бымен пайдалануына, партияның ішінде жолдастық қатынастарды бұзуына қарсы күресу болды. Съезд Ленин бастаған Орталық Комитетті және Орталық бақылау Комиссиясын (ЦКК) сайлады.

РКП(б) X съезінің бүкіл дүниежүзілік-тарихи маңызы болды. Съезд капитализмнен социализмге өтудің жолдарын, социализм құрудың әдістерін белгіледі. Съезд социалистік құрылыс үшін пролетариат пен шаруалар одағының болуы қажет екендігін, еліміздің мемлекеттік, шаруашылық және мәдени өміріне басшылық ететін партияның шешуші ролі бар екендігін баса көрсетті. Съезд партияның бірлігі көздің карашығындай сақталсын және фракцияшылдыққа қарсы аяусыз күрес жүргізілсін деген директива берді. Съезд партияның партияда жоқ бұқарамен өте тығыз байланыс жасауының қажет екенін көрсетіп, бұқараға басшылық етудің формалары мен әдістерін белгіледі.

1921 жылы май айында жарияланған «Азық-түлік салығы туралы» деген аса көрнекті еңбегінде Ленин жаңа экономикалық саясатты теория жағынан дәлелдеп берді. Бұл шығармада дамытылған қағидалар марксизм-ленинизм қазнасына қосылған жаңа үлес болды.

Сорыс коммунизмінен жаңа экономикалық саясатқа РКП(б) X съезі жариялаған тарихи бетбұрысты 1921 жылы июнь—июль айларында Москвада болған Коминтерннің III конгресі мақұлдады. Конгрестің шақырылу қарсаңына коммунистік партиялардың саны едәуір артты. 1920 жылдың аяғында — 1921 жылдың алғашқы жартысында Францияда, Италияда, Чехословакияда, Румынияда және басқа бірсыпыра елдерде коммунистік партиялар құрылды. 1921 жылы июль айында Қытай Коммунистік партиясы құрылды, оның негізін қалаушылардың бірі Мао Цзэ-дун болды. Конгреске 52 елдің коммунистік және социалистік партияларының өкілдері қатынасты. Ленин конгресте РКП(б) тактикасы туралы баяндама жасады.

Коминтерннің конгресі РКП(б)-нің саясаты мен тактикасын бірауыздан мақұлдап, халықаралық пролетариатты Советтер Еліндегі социалистік революцияны қолдауға шақырды.

Конгресс капиталистік елдердегі революциялық күрестің уақытша бәсеңдей бастағанын айта келіп, буржуазияның басты әлеуметтік тірегі болып табылатын социал-демократия капитализмді және буржуазияның үстемдігін сақтауға көмектесетінін көрсетті. Конгресс коммунистік партиялардың негізгі міндеті пролетариаттың көпшілігін өз жағына шығарып алу болсын деді. Конгресс «Бұқараға бет бұрылсын!» деген ұран көтеріп, бірыңғай пролетарлық майдан құру тактикасын қолдануды ұсынды. Пролетарлық авангардтың жағына бұқараны шығарып алмайынша, капиталдың үстемдігін құлатуға және белгілі бір елде пролетариат диктатурасын орнатуға болмайтын еді.

### 3. Нәп-тің алғашқы табыстары. Партияның XI съезі. Совет мемлекетінің сыртқы саясаты. СССР-дің құрылуы.

Партия жаңа экономикалық саясатты жүзеге асыру жұмысын күшейтті. Партия ұйымдарының жұмысындағы басты мәселелер: ауыл шаруашылығын, өнеркәсіпті және транспортты қалпына келтіру, қала мен деревняның арасындағы товар айырбасын жандандыру, кредит-акша системасын жолға қою сияқты шаруашылық мәселелер болды.

Партия жаңа экономикалық саясатты түсіндіру жөнінде үлкен науқан жүргізіп, жаңа міндеттерге сай өз қатарын қайта құрды. Ленин бастаған партияның Орталық Комитеті мен Совет үкіметі еліміздің шаруашылығын қайтадан көтеру және экономикалық өмірін жолға қою мәселелерімен күнбе-күн шұғылданып отырды. Орталық Комитеттің көптеген мүшелері, Орталық Комитет мүшелерінің кандидаттары және партияның басқа да көрнекті қайраткерлері партиялық, мемлекеттік және



шаруашылық жұмыстың шешуші учаскелеріне жіберілді. Ф. Э. Дзержинский ВЧК—ОГПУ-дің председателі бола отырып, Қатынас-жол халық комиссары, одан кейін ВСНХ-ның председателі болып тағайындалды. Г. К. Орджоникидзе 1921 жылдан 1926 жылға дейін Закавказье өлкелік партия комитетінің секретары болып, Закавказье совет республикаларының халық шаруашылығын көтеру ісіне басшылық етті. С. М. Киров 1921 жылдың жазынан бастап Азербайжан Компартиясы Орталық Комитетінің секретары болып істеді; Кировтың басшылығымен республиканың шаруашылығы, әсіресе мұнай өнеркәсібі қалпына келтірілді. В. В. Куйбышев ВСНХ-ға президиум мүшесі және Главэлектро бастығы етіп жіберілді. Кейінірек Куйбышев ВСНХ-ның председателі болды. Л. В. Красин Сыртқы сауда халық комиссары болып тағайындалды. В. Я. Чубарь Украин ССР Халық Шаруашылығы Жоғарғы Советі президиумының председателі болып, одан кейін Донбас таскөмір өнеркәсібінің басқарушысы болып істеді, бұл өнеркәсіпті қалпына келтіру жұмысына Ленин үлкен маңыз берген еді.

Партия шаруашылық жұмысқа Қызыл Армиядан мыңдаған коммунистер жіберді. Көптеген комиссарлар, командирлер, саяси қызметкерлер завод директорлары, мемлекеттік сауда, кооперация және т. б. қызметкерлері болып істеді.

Орталық Комитет фабрикалар мен заводтардағы партия ұяларын нығайтуға зор көңіл бөлді. Партиялық және көпшілік-саяси жұмысты күшейту үшін совет мекемелерінен бұларға көптеген коммунистер жіберілді. Коммунистер шаруашылық жағынан маңызы кемдеу кәсіпорындардан маңызы жоғары кәсіпорындарға ауыстырылып отырды. Партия ұялары партияның жауынгер органдарына айналды. Олар кәсіпорындарындағы істің барысына жан-жақты әсер етті, кәсіпорын әкімшілігінің бұйрығына қол сұқпай-ақ, төменнен бақылау жасап отырды. Партия ұяларының алдына қойылған міндет кәсіпорынның өндірістік тапсырмаларының орындалуы жолындағы, еңбек өнімділігін көтеру жолындағы күреске партияда жоқ жұмысшыларды бастап отыру болды.

X съездің қарарын орындап, партия өз қатарын тазалады. Партия тазалауы ашық жиналыстарда жүргізілді. Партияда жоқ жұмысшылар, қызметшілер және шаруалар жат элементтерді, бұзылған, мансапқор элементтерді әшкерелеп, оларды партиядан қууға жәрдемдесті. Партия мүшелерінің төрттен біріне жуығы партиядан шығарылды. Партияның құрамы едәуір жақсарып шықты. Партия тәртібі күшейді. Партияның бірлігі нығайып, оның ұйымшылдығы күшейді. Партияның еңбекшілер арасындағы беделі өсті. Партияға партиядан жоқ бұқараның сенімі артты. Партия нәп негізінде социалистік құрылысты жақсы басқара бастады.

Партияның қолданған шаралары жақсы нәтиже берді. Жаңа экономикалық саясат еліміздің шаруашылығына күннен-күнге барған сайын игі әсерін тигізіп отырды. Еңбекші шаруалар азық-түлік салғыртын азық-түлік салығымен ауыстыру туралы заңды қанағаттана қарсы алды, сөйтіп 1921 жылдың көктемінде-ақ өздерінің егістерін молайтты. Олар еліміздің кейбір аудандарында болған кулак көтерілістерін, саяси бандитизмді жоюда Қызыл Армияға белсене көмек көрсетті. Жұмысшы табының күй-жайы жақсарды, сөйтіп оның табынан азу процесі тоқтады. Маман жұмысшылар фабрикалар мен заводтарға қайтып келді. Ірі өнеркәсіп жандана бастады. Еліміздің шаруашылығы бірте-бірте бүліншіліктен шыға бастады.

Егер еліміз адам айтқысыз аштыққа ұшырамаған болса, нәп-тің алғашқы жылындағы шаруашылық табыстарымыз бұдан да көбірек болған болар еді. Ашаршылықтың тууының негізгі себептері еліміздің экономика жағынан артта қалғандығында, әсіресе ауыл шаруашылығының артта қалғандығында, халық шаруашылығын интервенттер мен ак-



гвардияшылардың күйзелтуінде еді. Азық-түлік жағдайымызды 1920 жылғы құрғақшылық және 1921 жылы болған одан да күшті құрғақшылық өте шиеленістіріп жіберді. 30 миллион халқы бар 34 губернияда астық шықпай қалды.

Ашаршылықпен күресу жөнінде партия мен үкімет төтенше шаралар қолданды. Сөйтіп үлкен қиыншылықтармен болса да мұндай аса зор апатты жеңді.

Нәп негізінде жүргізілген бейбіт социалистік құрылыстың жылдық тәжірибесінің қорытындыларын РКП(б)-нің XI съезі (27 марта — 2 апрель, 1922 жыл) шығарды; бұл съезге жарты миллионнан астам партия мүшесінің өкілдері қатынасқан еді. Съезд Орталық Комитеттің саяси есебін, ұйымдық мәселені, партия тазалауының қорытындыларын, партия қатарын нығайту мәселесін және басқа мәселелерді талқылады.

Орталық Комитеттің саяси есебінде Ленин нәп-тің алғашқы жылының қорытындыларын шығара келіп: шегіну аяқталды, мақсатқа жеттік, шаруа экономикасымен байланыс жасалып жатыр, пролетариат пен шаруалардың одағы нығайды, шаруашылық табыстар көз алдымызда, деді. Партияның алдына енді жаңа міндет — капиталистік элементтерге шабуыл жасау үшін күштерімізді қайтадан топтастыру міндеті қойылды.

Нәп дегеніміз капитализм мен социализмнің арасындағы қиян-кескі күрес болды. Мәселе былай қойылды: «кімді-кім жеңеді?» Бұл аса қатаң арпалыста социализм жеңіп шыға ма, әлде капитализм өзінің айрылған позицияларын қайтарып ала ма?

Капитализмді жеңу үшін, деді Ленин, шаруашылықты жүргізе білуіміз керек. Өткен жыл коммунистердің әлі де болса шаруашылықты жүргізуге үйрене қоймағанын көрсетті. Ленин коммунистерді өздерінің шаруашылықты капиталистерден жақсы болмаса, жаман жүргізбейтінін халық алдында дәлелдеуге шақырды.

Партияның алдында тұрған міндеттердің негізгі буыны ол кезде сауда еді. Социалистік экономика шаруа экономикасымен сауда арқылы байланыстырылды. Сауда жөнінен жекеше капиталдың позициялары өте күшті, тәжірибесі мол еді. Рынокта жекеше капиталмен күресу коммунистер үшін өте-мөте қиын болды: олар әлі де болса сауда жүргізуге үйренбеген еді, сауда аппаратын меңгеріп кете қоймаған еді, көптеген коммунистер сауданың маңызын түсінбей, оған жирене қараған болатын. Ленин «Сауда жүргізе біліңдер» — деген ұран тастады. Ендігі міндет, деді ол, «қарапайым приказчикпен, қарапайым капиталиспен, купецпен жарыста төтеп беру...» (Шығармалар, 33-том, 273-бет).

Шаруашылықты жүргізе білу үшін мемлекетті басқара білу, мәдениетті түрде сауда жүргізе білу, жекеше капиталды ығыстырып шығару, социализм орнату үшін кадрларды дұрыс іріктеп алып, орналастыра білу қажет. Істің тетігі, деді Ленин, — адамда, кадрларды іріктеп алуда, істің орындалуын тексеруде.

Партия мен мемлекеттің саясаты адам арқылы, кадрлар арқылы жүзеге асырылады. Жұмыстың қай саласындағы болсын табыстарымыз көбінесе тәжірибелі, сыннан өткен және шын берілген қызметкерлерді дұрыс орналастыруға байланысты. Бірақ кадрлар бақылауды және көмек етуді керек етеді. Қызметкерлерді жұмысының нәтижесіне қарай үнемі тексеріп отыру керек, оларға көмек беріп отыру керек, егер жұмысты ақсатып тастаса, дер кезінде ауыстырып, орнынан алып отыру қажет. Кадрларды іріктеп алу және дұрыстап орналастыру, істің орындалуын тексеру партия мен Совет мемлекетінің негізгі назар аударған жұмысы болды.

Съезд партия қатарын нығайту мәселесіне үлкен көңіл бөлді. Социализм құрылысының аса зор міндеттерін шешуде бұқараның көсемі



және жетекшісі болып табылатын партия өз құрамының жұмысшы табының алдыңғы қатарлы отрядына қойылатын жоғары талаптарға сай болуын ерекше бақылап отыруға міндетті. Партия ішінде пролетарлық ұйтқыны өсіру және партияға пролетарлық емес элементтердің кіруін қиындату мақсатымен съезд партияға қабылдауда үш категория белгіледі: 1) жұмысшылар және жұмысшылар мен шаруалардан шыққан қызыләскерлер; 2) басқаның еңбегін қанамайтын шаруалар (қызыләскерлерден басқа) мен майдагерлер; 3) басқалар (қызметшілер және т. б.). Бұл категориялардың әрқайсысы үшін партияға алудың ерекше тәртібі және ерекше шарттары белгіленді: бірінші категория үшін партияға алу жеңілдетілді де, үшінші категория үшін — қиындатылды.

Фракцияшылдық жасау әрекеттеріне съезд ерекше қатаң қарады. «Жұмысшы оппозициясының» Шляпников бастаған лидерлері фракцияларды тарату туралы X съездің шешіміне бағынбады. Олар құпия жиналып, өздерінің партияға қарсы бағытталған қаулыларын жасырын таратқан еді. Съезд бұл топтың фракциялық жұмысын қатаң мінеп, Шляпниковты, Медведевті және Коллонтайды, өздері антипартиялық жұмысын жүргізе беретін болса, партиядан шығарылатынын ескертті. Бұл шешімімен партия өзінің бірлігін, өзінің темірдей қатаң тәртібін таза сақтайтындығын және өзінің қатарында ешқандай фракциялық жіктердің болуына ешбір төзбейтіндігін тағы да баса көрсетті.

РКП(б) XI съезі Ленин қатынасқан және ол басшылық еткен соңғы съезд еді. Съезді жаба келіп, Ленин былай деді: партия өзінің ақылының және өзінің тактикасының оралымдылығымен біздің революциямызды дүние жүзінде болып көрмеген биікке көтерді. Ленин мынадай кеменгерлік сөздер айтты:

«Әлі де миллиондаған және жүздеген миллион адамды қаншама жауыздыққа, күйзеліске және азапқа ұшырата алатын болса да, дүние жүзінде ешқандай күш біздің революциямыздың жеңіспен жеткен негізгі табыстарын қайтып ала алмайды, өйткені бұл енді «біздік» емес, бүкіл дүниежүзілік-тарихи табыстар» (Шығармалар, 33-том, 322-бет).

Съезд сайлаған Орталық Комитеттің бірінші мәжілісінде И. В. Сталин бас секретарь болып сайланды.

Ол кезде партияның кадрлар мен бұқараны идеологиялық жағынан шынықтыру жөніндегі, еңбекшілер арасына маркстік көзқарас енгізу жөніндегі жұмысы өте-өте үлкен маңыз алды. Өйткені бүкіл дүниежүзілік буржуазия баспасөзі большевизмге идеологиялық шабуыл жасап жатқан еді. Совет елінің ішінде нәп жағдайында кадеттердің, эсерлердің, меньшевиктердің, буржуазияшыл ұлтшылдардың әрекеттері күшейген еді. Еңбекшілерге буржуазиялық идеологияны сіңіруге тырысып, олар еңбекшілердің құлағына: елдің капитализмге қайта оралуы сөзсіз, «кімді — кім жеңеді?» деген мәселе нәпмандардың пайдасына шешіледі, Совет өкіметі буржуазиялық демократияға айналады дегенді күймен болды.

Советтік құрылыстың буржуазиялық демократияға айналуына шетелге қашып кеткен буржуазия да үлкен үміт артты. Эмигранттардың кейбір бөлегінің арасында «сменовехшыл» ағым тарады. Бұл ағымның осылайша аталуы 1921 жылы Прагада акэмигранттар тобы бастырып шығарған «Смена вех» жинағынан және акэмигранттар сол жылы Парижде шығара бастаған «Смена вех» журналынан шыққан еді. «Сменовехшылдар» нәп жағдайында халық шаруашылығын капиталистік жолмен дамиды деп дәмеленіп, Совет өкіметімен іс істесуді жақтады.

«Сменовехшылдық» ағымы Совет өкіметімен адал ниетпен іс істесуге әзір эмигранттар тобын да біріктіріп отырғандықтан партия оған дұрыс қарауды, оның арасынан шыққан буржуазия мамандарын совет жұмысына пайдалануды жақтады. Ал «сменовехшылдарды» ішінен Со-



вет өкіметімен іс істесуді өздерінің контрреволюциялық әрекеттеріне саяси бүркеніш ететіндері жөнінде партия қатаң жазалау шараларын қолдануды жақтады.

Партия буржуазия мен оның агенттерінің советтік құрылыс буржуазиялық демократияға айналады деген өтірігін әшкерелеп, капитализмге қайта оралу жайында әңгіме де болуы мүмкін емес екенін, нәп жолымен партия совет халқын социализмге жеткізетінін бұқараға түсіндіріп отырды. Партия бұқараның санасына пролетарлық, маркстік идеологияны, дүниеге маркстік көзқарасты сіңіре берді; бұл көзқарас қоғамдық дамудың заңдарын бірден-бір дұрыс түсіндіретін және капиталистік қоғамды социалистік қоғамға айналдыру жолдарын көрсетіп беретін көзқарас еді.

Партия кадрларын маркстік жолмен тәрбиелеуде және оларды буржуазиялық идеологияға қарсы ымырасыз күреске жұмылдыруда Лениннің 1922 жылы март айында «Под знаменем марксизма» («Марксизм туы астында» — Ред.) журналында жарияланған «Жауынгер материализмнің маңызы туралы» деген мақаласы үлкен роль атқарды. Ленин коммунистерге халықтың барлық топтарының арасында маркстік идеологияны, маркстік материализмді насихаттауға, идеализм мен дінишілікті әшкерелеуге бағыт сілтеді.

Коммунистер, деді Ленин, дәйекті материалистермен, кәзіргі заманғы жаратылыс таңу ғылымының Коммунистік партия қатарында жоқ өкілдерімен тығыз одақтаса отырып, қызмет істеуге тиіс. Солармен бірге істей отырып, оларға басшылық ете отырып, коммунистер материалистік сана-сезімді бұқараның көкейіне күйеуге тиіс. Ленин барлық коммунистер мен дәйекті материалистерді, табиғи-ғылыми білімдерді тарату негізінде халық бұқарасының арасында кең түрде атеистік насихат жүргізуге, олардың діни соқыр сенімдерден құтылуына көмектесуге шақырды. Ленин жаратылыс зерттеуші совет ғалымдарының назарын маркстік диалектикалық материализмді меңгеру қажеттігіне аударды.

«... Біз, — деп жазды Ленин, — мынаны түсінуге тиіспіз: елеулі философиялық дәлелге сүйенбесе ешқандай жаратылыс ғылымдары, ешқандай материализм буржуазиялық идеялардың тегеуірініне және дүниеге буржуазиялық көзқарасты қайта орнатуға қарсы күресте төтеп бере алмайды. Бұл күресте төтеп беру үшін және оны ақыр аяғына дейін жеткізіп толық табысты ету үшін жаратылыс зерттеуші адам кәзіргі кездегі материалист болуға тиіс, Маркс қолданған материализмнің саналы жақтаушысы болуға тиіс, яғни диалектикалық материалист болуға тиіс» (Шығармалар, 33-том, 230 — 231-беттер).

Ленин коммунистерді сектанттық тар өрістіліктен сақтандырып, ескі қоғамның Совет өкіметіне адал күштерінің бәрін социализм орнату ісіне пайдалану керек деді. Коммунизмді тек коммунистердің ғана қолымен құруға болады деп ойлау, — ең үлкен және ең қауіпті қателердің бірі болады. Әралуан жұмыс саласында істеп жүрген партияда жоқтармен одақтаспайынша, ешқандай табысты коммунистік құрылыс туралы әңгіме де болуы мүмкін емес, — деп жазды Ленин.

Ленин буржуазиялық «кәзіргі демократияны», әсіресе Америка Құрама Штаттарын үнемі әшкерелеп отырудың аса маңызды екеніне коммунистердің назарын аударды. Осы «демократияға» әралуан «социалистер» бас иеді, оны мадақтап «бастарын тасқа ұрады». Шынына келгенде бұл мақтаулы «демократия» дегеніміз «буржуазия үшін нені уағыздау пайдалы болса, соны уағыздау бостандығы ғана» болып табылады, «ал буржуазия үшін пайдалы нәрсе — барып тұрған реакциялық идеяларды, дінді, қаратүнекті, қанаушыларды, т. е. жақтауды уағыздау». (Шығармалар, 33-том, 229-бет).

Лениннің нұсқауларын басшылыққа ала отырып, социализм құрылысына жұмысшылар мен шаруаларды ғана емес, сонымен қатар бур-



жуазиялық интеллигенцияны да қатыстыра отырып, партия Совет елінің шаруашылығын көркейту міндеттерін ойдағыдай шешті. 1922 жылдың аяғына таман жұмысшылар мен шаруалардың материалдық хал-жағдайы жақсарды. Еліміздің саяси жағдайы нығайды. Кулак бандитизмнің азды-көпті ірі күштерінің бәрі талқандалды. 1922 жылдың күзінде Қызыл Армия Қиыр Шығысты жапон интервенттерінен тазартты. Советтер елінің саяси беделі халықаралық майданда едәуір өсті.

Социалистік құрылыстың табысты болуы үшін бейбітшілік қажет болды. Ленин: «... бізге бейбітшілік сақтау және барлық күшті шаруашылықты қалпына келтіруге жұмсауға толық мүмкіншілік алу бәрінен де қымбат...» деді (Шығармалар, 32-том, 106-бет). Екі системаның — социализм мен капитализмнің — бейбіт өмір сүруі жөніндегі Лениннің нұсқауына сүйене отырып, партия капиталистік мемлекеттермен қарым-қатынасты түзеуге тырысты. 1921 жылы Совет үкіметі Англиямен сауда келісін жасады, бұдан кейін іле-шала тағы бірсыпыра мемлекетпен де осындай келісімдер жасалды. ВЦИК 1921 жылы АҚШ-қа да сауда қатынастарын жасау жөнінде ұсыныс енгізді. Алайда Құрама Штаттар үкіметі интервенцияшыл позицияларда қала беріп, бұл ұсынысты қабылдамады. Францияның билеуші топтары да Советтік Россиямен сауда жасауды іске асырмады.

1921 жылдың күзінде Совет үкіметі капиталистік елдермен экономикалық байланыс жасасу мәселесін жеңілдетуді көздеп, патша үкіметінің соғыстан бұрынғы борыштарын белгілі бір шарттармен мойындауға өзінің әзір екенін жариялады және шет мемлекеттердің Россияға қоятын талаптары мен Совет республикасының оларға қоятын талаптарын қарайтын, сөйтіп Россия мен оның дұшпандарының арасында түпкілікті бітім договорын жасайтын халықаралық конференция шақыруды ұсынды.

Экономикалық кризистің салдарынан рыноктардың мықтап шағындалуы жағдайында Антанта державалары «Европаның экономика жағынан қайтадан көтерілуіне көмектесу мақсатымен» деген болып Генуяда (Италия) барлық европалық мемлекеттердің, Советтік Россия мен жеңілген Германияны қоса отырып, экономикалық және финанстық конференциясын шақырмақ болды.

Конференция 1922 жылы апрель—май айларында болды. Совет делегациясының басшысы болып Ленин тағайындалды. Бірақ жұмысшылар Ленинге қастандық жасалуынан қауіптеніп, оның шет елге жүруіне қарсы болды. Сонымен Ленин делегацияның жұмысына Москвадан басшылық жасап отырды. Генуяда болған конференцияда делегация басшысының міндетін сыртқы істер халық комиссары Г. В. Чичерин атқарды. Лениннің нұсқауларын орындай отырып, совет делегациясы әртүрлі қоғамдық системалары бар мемлекеттердің бейбіт қатар өмір сүруінің қажет екенін жұрт алдында жариялады. Совет үкіметі капиталистік елдермен кең түрде экономикалық қатынастар жасауға және берік бейбітшілік орнатуға тырысты. Совет делегациясы капиталистік мемлекеттерге кейбір икемге келуге ризалығын білдірді. Бірақ патша үкіметінің соғыстан бұрынғы борыштарын мойындаудың шарты есебінде совет делегациясы Россияға жаңа заем беру және Совет үкіметін заң жүзінде мойындау мәселелерін қойды. Совет делегациясы елімізде меншігі болған шетелдіктердің Россияда ұшыраған шығындарын белгілі дәрежеде өтеуге әзір екендігін білдірді. Ал өз тарапынан совет делегациясы интервенттер әскерлерінің және Антанта қолдаған орыс ақгвардияшыларының елімізді ұшыратқан шығындарын өтеу талабын қойды.

Бірақ империалистердің өз ойлары бар еді. Олар Совет елімен тең праволық негізде істес болғысы келмеді, сөйтіп экономикалық, дипломатиялық қысымдар арқылы Советтік Россияда отарлық тәртіп орнатпақ болды. Олар барлық борыштарды төлеуді және национализация-



ланған меншікті бұрынғы шетелдік иелеріне толығынан қайтарып беруді талап етті. Олардың арсыздығы мынаған дейін жетті: олар совет финансына және тіпті Россияның бүкіл халық шаруашылығына шетел бақылауын орнатқысы келді. Совет делегациясы мұндай талаптарға бағыл қарсы шығып, ол талаптардың тонаушылық сипаты бар екенін әшкереледі.

Конференцияда империалистік державалар арасында, ең алдымен бірінші дүниежүзілік соғыста жеңіп шыққан елдер мен жеңілген Германияның арасында шиеленіскен қайшылықтар туды. Германия Версаль договоры бойынша мойнына түскен репарациялық төлемдердің шамасы келмейтін ауыртпалығын жеңілдетуді Антантадан сұранып әуреленді. Мұндай тонаушылық договорға қарсы шығып, Германияның тағдырын жеңілдетуді жақтаған бірден-бір мемлекет Советтік Россия еді. Немістің билеуші топтарының неғұрлым көреген өкілдері Советтік Россиямен жақындасу Германияның халықаралық позициясын нығайтады, Антантадан кейбір жеңілдіктер алуға көмектеседі деген, сонымен қатар Россиямен сауда жасауға үлкен мүмкіндіктер туғызады деген қорытындыға келді.

Өз тарапынан Совет үкіметі совет республикаларының оқшауланып қалуына жол бермеуге мүдделі еді. Сонымен өзара жақындасу мүмкіндігі байқалды. 1922 жылы апрель айында Рапаллода (Генуяның шет жағы) совет-герман договорына қол қойылды. Екі елдің арасында дипломатиялық қатынастар қайта орнады. Советтік Россия мен Германия бір-біріне талаптар қоюдан, Версаль договоры бойынша Россияның Германиядан алатын репарацияларынан, ескі борыштарды төлеуден, национализацияланған меншік орнын толтырудан бас тартты.

Рапалло договорын жасап, Совет үкіметі империалистік державалар майданын бұзды. Совет үкіметі империалистік қайшылықтарды бейбітшілік пен Советтік Россияның қауіпсіздігі мүдделеріне шебер пайдаланды.

Генуяда Антанта мемлекеттерімен келісімге қол жетпеді. Бұл жөніндегі келіссөздердің жалғасы 1922 жылдың жазында Гаагада болған конференцияда жүргізілді, бірақ бұдан да нәтиже шықпады.

Партия мен Совет үкіметі Генуя конференциясын қарусыздану жолындағы күресті бастау үшін пайдаланды. Генуя конференциясында Совет үкіметі қарулануды жаппай қысқарту және соғыстың неғұрлым тағылық құралдарына: «улы газдарға, әуе қарулы күресіне және басқаларға» тиым салу мәселесін талқылау жөнінде ұсыныс жасады. Империалистік мемлекеттер бұл ұсынысты талқылаудан бас тартты. Алайда Совет мемлекетінің қарусыздану мәселесі жөнінде ұсыныс жасауы бұл күннен бастап тарихта алғаш рет қарусыздануға шын ниетімен және дәйекті түрде тырысатын үкіметтің жер бетінде пайда болып отырғанына бүкіл дүние жүзіндегі қалың халық бұқарасының көзін ашты.

Партия мен Совет үкіметі езілген және тәуелді халықтармен жақындасуға үлкен күш салды. 1921 жылы Советтік Россия Иранмен, Ауғанстан және Түркиямен договор жасады, сөйтіп ол бұлардың ұлт азаттығын алуы жолындағы күресіне едәуір көмек көрсетті. Бұл договорлар Шығыс елдерінің ұлы мемлекетпен жасасқан ең алғашқы тең праволы договорлары еді. Совет үкіметі патшалық Россияның бұл елдердегі империалистік артықшылық жағдайы мен концессияларының бәрінен тегін бас тартты.

1921 жылы монғол халқы сол жылы март айында құрылған Монғол халық-революциялық партиясының басшылығымен, совет әскерлерінің көмегімен өз елінен жапон агенттерін — акгвардияшыларды қуып шығып, халық үкіметін құрды. Сол кезден бастап совет халқы мен монғол халқының арасында мызғымас достық орнады.



1922 жылы өзінің тәуелсіздігі үшін күрескен Түркия мен ағылшын империалистері қолдаған Грецияның арасындағы соғыс аяқталды. Түркия жеңіп шықты. Бітім шарттарын жасасу үшін Лозаннада халықаралық конференция шақырылды. Империалистік мемлекеттер бұғаздардың тағдыры туралы бір ғана мәселені талқылауға қатысу үшін Советтік Россияны шақырды. Совет үкіметі бұғаздарға Түркияның суверенитеті болуын, Түркияның соғыс кемелерінен басқа соғыс кемелердің бәріне бұғаздардың сөзсіз жабық болуын және сауда теңіз жолының толық еркін болуын жақтады. Басқа мәселелерді талқылауға Совет үкіметінің өкілдерін қатыстырудан империалистер бас тартты, өйткені олар Совет мемлекетінің Шығыс халықтарына ұнайтын антиимпериалистік позициясы езілген елдерде ұлт-азаттық қозғалыстың өршуіне көмектеседі деп қорықты. РСФСР-дің қарсылық білдіруіне қарамастан конференция бұғаздар мен Қара теңіз барлық мемлекеттердің соғыс кемелеріне ашық болатын болсын деген қарар алды. Сөйтіп, империалистер өз қарулы күштерін Совет елінің оңтүстік шекараларына шығатын етіп алды. Лозанна конференциясының шешімдері капиталистік елдер тарапынан соғыс қаупі бар екенін, сондықтан оқ-дәріні әрқашан құрғақ ұстау қажет екендігін совет республикаларының еңбекшілеріне тағы ескертті.

Империалистік мемлекеттердің Советтер Еліне қарсы сансыз көп дұшпандық тиісулері де мұны үнемі еске салып отырды. Мысалы, 1923 жылы ағылшын үкіметі Совет үкіметіне ағылшын сыртқы істер министрінің есімімен «Керзон ультиматумы» аталған ультиматум қойды. Ультиматумда совет өкілдері Иран мен Ауғанстаннан шақырып алынсын деген талап және басқа бірсыпыра демегөйлік талаптар болды. Совет үкіметі бейбітшілік сақтау мүдделерін көздей отырып, даулы мәселелерді шешу үшін ағылшын-совет конференциясы шақырылсын деген ұсыныс жасады, бірақ ультиматумның — жоғарыда аталған елдерден өкілдерінді шақырып ал деген басты талабын үзілді-кесілді қабылдамай тастады. Батыл тойтарыс берілген жауапты алып, ағылшын үкіметі шегінді. Совет мемлекетіне күш көрсету саясаты тағы бір жеңіліс тапты.

Партияның табандылығының, большевиктік қырағылығының және кеменгер бейбітшіл саясатының арқасында совет халқы 20 жыл бойы — 1941 жылға дейін — үлкен соғыстан құтылды.

Совет елінің суверенитетін қорғау, шаруашылық бүліншілігін жою, социализм орнату міндеттері совет республикаларының экономикалық, саяси, соғыс ресурстарын, олардың дипломатиялық шараларын тығыз біріктіруді қатты талап етті.

Біртұтас болып бірігу қажеттігін барлық ұлттық совет республикаларының еңбекшілері түсініп отырды. Пролетариат диктатурасын орнату және нығайту жолындағы ортақ күресте, социализм орнатудағы бірлесіп істелетін еңбекте бірігіп отырған совет халықтары Ұлы Октябрьдің жеңістерін сақтап қалу және социализмге тез жету үшін мемлекеттік жағынан бірігуге де ұмтылды.

Совет халықтарының бірігуге бағытталған талабын партия білдірді. Бірігу мен оның формалары туралы мәселе партияның Орталық Комитетінде әзірленіп талқыланды.

Орталық Комитеттің октябрь Пленумында (1922 жыл) Совет республикаларының, соның ішінде РСФСР-дің де, тең праволы болып мемлекеттік жана құрылымға — СССР-ге ерікті түрде бірігулері туралы Лениннің ұсынысы қабылданды. Пленумның қаулысында былай делінді:

«Украинаның, Белоруссияның, Закавказье республикалары федерациясының және РСФСР-дің арасында бұлардың «Советтік Социалистік Республикалар Одағы» болып бірігуі туралы договор жасалуы қажет



деп танылсын; бұлардың әрқайсысының «Одақтың» құрамынан еркін шығу правосы сақталатын болсын».

1922 жылы октябрь — декабрь айларының ішінде Украина, Белоруссия, Азербайжан, Грузия, Армения Коммунистік партиялары Орталық Комитеттерінің пленумдары советтік республикалардың ССР Одағына бірігуін жақтады. Бұл шешімдерден кейін бірігу қозғалысы жалпыхалықтық көлемге шықты. Халықтардың көңілін ұлт республикалары Советтерінің съездері, соның ішінде РСФСР Советтерінің X съезі де білдірді, бұл съездер 1922 жылдың декабрінде болып, СССР-ді құруды бірауыздан жақтап шықты.

1922 жылы 30 декабрьде Москвада Советтік Социалистік Республикалар Одағы Советтерінің I съезі болды. Съезд СССР-дің құрылуы туралы декларация мен Одақтық договорды қабылдады. Съезд ең жоғарғы заң шығарушы органды — СССР Орталық Атқару Комитетін сайлады. Орталық Атқару Комитетінің Председателі болып М. И. Калинин, СССР Халық Комиссарлары Советінің Председателі болып В. И. Ленин сайланды.

Сөйтіп, Ленин бастаған партияның басшылығымен көп ұлтты социалистік совет мемлекеті құрылды. Ол мемлекет ықтиярлы негізде, СССР-ге енген әрбір совет республикасының ұлттық суверенитетін сақтау негізінде ұйымдастырылды.

СССР-дің құрылуы ленинизм идеяларының, Коммунистік партияның лениндік ұлт саясатының зор салтанаты болды. Бүкіл прогресшіл адамзатқа ұлт мәселесін шешудің, ұлттар мен халықтардың тең правосыздығын жоюдың жолы көрсетілді, коммунизм орнату үшін халықтардың бірыңғай туысқандық семья болып бірігуінің жолы көрсетілді.

1924 жылы СССР Советтерінің II съезінде Советтік Социалистік Республикалар Одағының бірінші Конституциясы қабылданды.

1922 жылы ноябрь — декабрь айларында Коминтерннің IV конгресі болды, оған 58 елдің коммунистік партияларының өкілдері қатынасты. Конгресте Ленин «Россиялық революцияның бес жылдығы және дүниежүзілік революцияның перспективалары» деген тақырыпта баяндама жасады. Бұл жылдардың басты қорытындысы социализм позицияларының бекуі болды. Жаңа экономикалық саясат пайда келтірді ме? Мұның өзі, деді Ленин, басты мәселе және оның барлық коммунистік партиялар үшін бірінші дәрежелі маңызы бар. Егер пайда келтірмеді деген жауап келіп шықса, онда «біздің бәріміз апатқа ұшыраған болар едік» (Шығармалар, 33-том, 421-бет). Ал енді совет мемлекетінің біржарым жыл ішіндегі нәп негізінде жүргізген жұмысы партияның соғыс коммунизмі саясатынан жаңа экономикалық саясатқа көшкенінің тіпті дұрыс болғанын ыспаттады.

Коминтерннің IV конгресіндегі Лениннің сөйлеген сөзі оның конгрестердегі соңғы сөйлеуі еді. Лениннің баяндамасының мазмұны капитализмге қарсы, пролетариат диктатурасы үшін күресуде барлық туысқан коммунистік партияларға Россия Коммунистік партиясының тәжірибесінен үйрену керек, оны өз елдерінің нақтылы жағдайларына творчестволықпен қолдану керек деп айтқан өсиеті сияқты болып шықты.

Коминтерннің IV конгресі Советтік Россия дүние жүзі пролетариаты үшін революциялық тарихи тәжірибенің аса мол қазнасы болып табылатынын атап өтті.

Халықаралық жағдайды талдай келе, Коминтерн конгресі дүние жүзілік шаруашылық кризистің шиеленіскенін, жұмыссыздықтың арта түскенін, жұмысшы табының жеңістеріне капиталдың дүние жүзі көлемінде ұйымдасып шабуыл жасап отырғанын айтып өтті. Капиталистер ең алдымен жұмысшылардың жалақысын, бүкіл тұрмыс дәрежесін тө-



мендетуге тырысты. Барлық елдерде де пролетариат қорғануға көшуге мәжбүр болды.

Капиталдың күшейіп бара жатқан қысымының әсерімен жұмысшылардың арасында бірлікке ұмтылушылық өзінен-өзі туып, бұл қысым бұқараны коммунистерге жақындата түсті. Конгресс: коммунистік партиялардың негізгі міндеті — жұмысшы табының көпшілігін өз жағына шығарып алу болып табылады, бұл жолдағы күрес бірыңғай майдан тактикасына негізделіп жүргізілуге тиіс деп тағы да көрсетіп өтті. Жұмысшылардың бірыңғай майданы дегенде, капитализмге қарсы күресуді тілейтін барлық жұмысшылардың, оның ішінде социал-демократтарға, анархистерге, синдикалистерге және сондайларға ергендерінің де бірлігі айтылған еді.

Конгресс коммунистердің алдына — империалистік соғыстарды болдырмау үшін буржуазиялық құрылысты жою қажет екенін қалың жұмысшы бұқараға түсіндіруді міндет етіп қойды.

#### 4. В. И. Лениннің соңғы мақалалары. СССР-де социализм орнатудың лениндік жоспары

Совет мемлекетінің сыртқы саяси жағдайының нығаюы, социалистік құрылыс саласындағы табыстары партия мен совет халқын қуантты. Бірақ бұл қуанышқа В. И. Лениннің науқасы дақ салды. Лениннің көп жылдар бойы жан аямай істеген орасан зор қызметі оның денсаулығын нашарлатып жіберді. Оның үстіне, әсерлердің жауыздықпен салған жақаратының зардабы да тиді.

1922 жылдың күзінде Лениннің науқасы күшейе түсті. Науқасынан аздап тәуір болған кезінде, 20 ноябрьде Ленин Москва Советі депутаттарының алдында сөз сөйледі. Жаңа экономикалық саясат негізінде еліміздің біржарым жыл ішіндегі өркендеуінің қорытындыларын айта келіп, Ленин бұл саясатқа өту қиын болды, бірақ қиындықтарды жеңеміз деді. Партия сол кездің өзінде-ақ белгілі табыстарға жетті: «Біз социализмді күнделікті өмірге әкеп енгіздік» деді. Ленин өзінің сөзін жұрттың ду қол шапалақтау астында: нәптік Россиядан социалистік Россия болады» (Шығармалар, 33-том, 444-бет) деген берік сеніммен аяқтады.

Мұның өзі партия мен совет халқы көсемінің жұрт алдында соңғы сөйлеген сөзі еді.

1922 жылдың декабрінде науқасы бұрынғысынан да күшейе бастады. 1923 жылдың январь—февраль айларында Ленин өзінің: «Күнделік дәптердің беттері», «Кооперация туралы», «Біз Рабкринді қайтадан қалай құруымыз керек», «Біздің революция туралы», «Аз болса да жақсы болсын» деген соңғы мақалаларын ауызша айтып тұрып жаздырды. Бұл мақалалар Лениннің СССР-де социализм орнату жоспарын жасау жұмысының аяқтаушы кезеңі болды. Бұл мақалалар Лениннің партияға айтқан саяси өсиеті тәрізді еді.

Ленин партияның алдына елімізді индустрияландыру міндетін қойып, оны қандай әдіспен жүзеге асыру керектігін көрсетіп берді. Өзінің мақалаларында Ленин, социализм орнатудағы басты мәселе — ірі өнеркәсіпті, әсіресе, социализмнің экономикалық базасы болған ауыр өнеркәсіпті дамытуды негізге алды.

«... Мемлекетімізде шаруашылықты үнемдеуді ерекше күшейтудің арқасында әрбір титтей де болса үнемделген жинақты өзіміздің машиналы ірі индустриямызды дамыту үшін, электрлендіруді, шымтезекті өркендету үшін, Волховстройды және басқаларды орнатып болу үшін сақтауға мүмкіндік аламыз.

Біздің үмітіміз осында, тек осында ғана болмақ» (Шығармалар, 33-том, 504-бет)



Осымен қабат, деревняны социалистік жолмен қайта құру мәселесі алға қойылды. Пролетариат өзінің негізгі міндетін тек шаруаларға басшылық етуді өз қолында ұстаған күнде ғана, шаруаларды социалистік құрылысқа тартқанда ғана орындай алатын еді. Жұмысшы табының еңбекші шаруалармен одағын нығайтуды Ленин СССР-де социализм орнатудың негізгі шарттарының бірі деп есептеді. Ленин шаруаларды социалистік құрылысқа тартудың жолы — кооперация деп білді. Капитализм тұсында кооперация капиталистік сипатта болады, ол Лениннің анықтамасы бойынша, «коллективтік капиталистік мекеме» болып табылады. Ал өкімет билігі пролетариаттың қолында болған, пролетариат пен шаруалардың одағы және жұмысшы табының басшылығы қамтамасыз етілген, өндірістің бүкіл негізгі құрал-жабдықтары, оның ішінде жер де мемлекеттің қолында болған совет құрылысы тұсында кооперация социалистік кәсіпорын болып табылады. Мұндай жағдайларда кооперация шаруаларды ірі коллективтерге біріктірудің ең қолайлы түрі болады. Кооперацияда шаруаның жеке, өз басының мүдделері мен бүкіл қоғамның мүдделері ұштасып жатады.

«... Кәзір біз жеке мүддені, — деп жазды Ленин, — жеке сауда мүддесін біріктірудің, оны мемлекет тарапынан тексеріп, бақылап отырудың тәсілін таптық, ол мүддені жалпы мүдделерге бағындыру тәсілін таптық; бұл бұрын талай-талай социалистердің сүрінетін жері болатын» (Шығармалар, 33-том, 469-бет).

Пролетариат өкімет билігін қолына жеңіп алғаннан кейінгі ең қиын міндет — шаруалардың ұсақ өндірісін кооперацияға біріктіру. Бұл міндетті тек мемлекет тарапынан орасан зор жәрдем көрсетіліп, шаруалар бұқарасының өзі белсене қатынасқан күнде ғана орындауға болады. Шаруаларды кооперативтерге біріктіру ықтиярлы түрде жүргізілуге тиіс, мұнда ешқандай әкімшілік шаралар қолданылмауға тиіс. Еліміздің халқы кооперацияға ұйымдастырылған күнде, бұл — мәдениетті кооператорлар құрылысы болып шығады, деп жазды Ленин. Ал мұндай құрылыс пролетариат мемлекетінде, өндіріс құрал-жабдықтары қоғамдық меншікте болған жағдайда, социализм құрылысы болып табылады.

Лениннің шаруаларды социалистік жолға көшірудің бірден-бір мүмкін жолы болған кооперация туралы ілімі марксизмді жаңа жағдайларда творчестволықпен дамытқандық еді. Ленин деревнядағы социалистік құрылыстың, осы аса маңызды, аса қиын мәселені шешуде Совет өкіметі жеңісінің айқын перспективасын белгіледі.

Бүкіл социализм орнату ісіндегі сияқты деревняда кооперативтік құрылысты жасау және оны нығайту ісінде Ленин мәдени революцияға орасан зор маңыз берді. Ол: партия мен Совет өкіметі халықты тегісінен сауатты етуге тиіс, деп көрсетті. Ленин фабрика-завод жұмысшыларынан мәдени-ағарту және қамқоршы ұйымдар құруды ұсынды, бұл ұйымдар шаруалардың мәдени өсуіне көмектесуге, жұмысшылардың деревняға ұдайы барып тұруын ұйымдастыруға тиіс еді.

Ленин өзінің соңғы мақалаларында социализм орнатудың құралы — Совет мемлекеті екендігін тағы да атап көрсетті. Оны ұдайы жақсартып, нығайтып отыру керек деді. Ленин РКИ мен ЦКК-ны біріктіруді, осы біріккен органға мемлекеттік аппаратты мейлінше қысқарту, жаңғырту, арзандату ісінде кең өкілдік беруді ұсынды. Оның үстіне, РКИ мен ЦКК-ны қосқанда, партияның Орталық Комитеті де ұтып шығады, өйткені, ЦКК — РКИ арқылы Орталық Комитет бұқарамен тығыздық байланысты болады, көбірек хабардар болып отырады және Орталық Комитет қоғам өмірінің барлық мәселелерін жақсырақ, дұрысырақ шешіп отыратын болады, деп жазды Ленин. «... Мынадай да пайда болады, — деп жазды Ленин — біздің Орталық Комитеттің ішінде әркімнің қара басына жататын және кездейсоқ жағдайлардың әсері



азаяды, сөйтіп жікке бөліну қаупі азаяды» (Шығармалар, 33-том, 487-бет).

Ленин бәрінен де гөрі партияның бірлігін, тұтастығын сақтауға қатты көңіл бөлді. Ол партияның, партия ішінде әртүрлі фракциялар мен топтар құрылуына қатты тиым салған РКП(б) X съезінің шешімін әрқашан да есте ұстауын қалады. Егер де партияның ішінен жік шықса, онда ізінше жұмысшылар мен шаруалар одағы да сөз жоқ ыдырайды, деді Ленин. Бұл Совет өкіметінің құруы, капитализмге қайта оралу деген сөз. Совет құрылысында жұмысшылар мен шаруалар одағының ыдырауына себеп жоқ. Мұндай ыдырау тек партия, совет органдарының қателіктерінің, теріс істерінің нәтижесінде ғана тууы мүмкін. Сондықтан Ленин Орталық Комитет пен Орталық бақылау комиссиясының тұтасынан алғанда партияның негізгі міндеті «жік туғыза алатын жағдайларды мықтап қадағалап отыру, олардың алдын алу, өйткені түбінде біздің республикамыздың тағдыры мынаған байланысты болады: шаруалар бұқарасы жұмысшы табымен жасаған одағынан айнымай, онымен бірге бола ма, немесе жұмысшылардан өзін ажыратуға, олардан айырып әкетуге «нәпмандарға», яғни жаңа буржуазияға ырық беріп қорғама — міне осыған байланысты» (Шығармалар, 33-том, 488-бет) деді.

Ленин өзінің соңғы мақалаларында халықаралық жағдайға да: дүниежүзілік буржуазияның қысымынан өзінің тәуелсіз өмір сүруін сақтап қалу үшін, социализм құрушылардың бейбіт еңбегін қорғау үшін Совет мемлекетінің күші жете ме? Совет елі социализм жеңісіне жете ала ма? — деген мәселелерге тоқталды.

Халықаралық жағдай мен қоғам дамуының объективтік заңдарына ғылыми талдау жасай келе, Ленин әлгі мәселелерге барынша айқын етіп оң жауап берді.

Империалистер лагерінде бірлік пен толық ынтымақ болуы мүмкін емес, өйткені олар пайда қуалап, дүниежүзілік рынокте үстем болуды көздеп, сөзсіз өзара қырқысып отырады. Ал Совет Одағының халықаралық саясаты басқалардың территорияларын басып алуды, соғыс шығаруды көздемейді, — бейбітшілік үшін күресуді, капиталистік мемлекеттермен, екі жаққа да пайдалы етіп, шаруашылық келісімдерін жасауды, екі системаның да — социализм мен капитализмнің — бейбіт қатар өмір сүре беруін көздейді. Ленин: біз, империалистердің ешқандай арандатулары мен қорқытуларынан ықпалдан тізгінімізді берік ұстап, өз жолымызбен жүре беруіміз керек. Коммунистер табандылық пен ұстамдылық көрсетуге тиіс деді.

Дүние жүзі пролетариаты революциялық қозғалысының жеңуі кешеуілдеп отырған болса, бұл тек уақытша жағдай. Капиталистік елдердегі антагонистік таптардың арасындағы «татулық» — тек сыртқы көрініс қана. Шындығында, тап күресі үздіксіз жүріп жатыр, ол бірде бәсеңсіп, бірде шиеленісіп отыр. Алдағы жерде, пролетариаттың жеңіп шығуы сөзсіз екені сияқты, тап күресі де сөзсіз шиеленіседі.

Ұлт-азаттық күресі де сөз жоқ күшейеді. Бірінші империалистік соғыстың нәтижесінде, ең алдымен Ұлы Октябрь социалистік революциясының арқасында, Шығыстың бірқатар елдері — Қытай, Үндістан және басқалары бүкіл дүниежүзілік революциялық қозғалыстың жалпы ағымына қосылды. Шығыс елдерінің жүздеген миллион еңбекшілерін империалистік қанаушылар адам басына түсер мұқтаждық пен төзімнің ең соңғы сатысына жеткізген еді. Олардың жыл санап өсе беретін революциялық қозғалысына ешқандай реакциялық күш тосқауыл бола алмайды. Отар халықтардың өз азаттығы үшін күресі капитализмнің іргесін қаусата сөгіп, күшін әлсіретіп, капиталистік елдердегі пролетариаттың революциялық қозғалысының өрістеуіне себепші болады.



Советтік Россиямен бірге жер шары халқының орасан басым көпшілігі болатын Қытай, Үндістан және басқалары сияқты Шығыс елдерінің ұлы халықтары ұлт-азаттық күресіне адам айтқысыз тез тартылып келеді, деп Ленин көрегендікпен болжап айтып еді. Сондықтан, деп жазды Ленин, «дүниежүзілік күрестің түпкілікті шешілуі қандай болатыны туралы ешқандай күдік болуға тиіс емес. Осы мағнада айтқанда социализмнің түпкілікті жеңуі әбден және сөзсіз қамтамасыз етілген нәрсе» (Шығармалар, 33-том, 503-бет).

Өзінің соңғы мақалаларында Ленин СССР-де социализм орнату жоспарын дәлелдеп, ілгері дамытты. Лениннің Октябрь революциясынан кейінгі данышпандық шығармаларында айтылған социализм құрудың лениндік жоспарының негізгі қағидаларын қорытып айтқанда мына төмендегідей деуге болады:

1. Толық социалистік қоғам орнату үшін қажет нәрсенің бәрі де совет елінде жеткілікті. Партияның басты міндеті — өнеркәсіпті, әсіресе ауыр өнеркәсіпті қайта жандандырып, оны дамыту, елді электрлендіру, бүкіл халық шаруашылығында еңбек өнімділігін жоғары көтеру. Социализмнің материалдық-техникалық негізін жасау үшін, Совет мемлекетінің қорғаныс қабілетін арттыру үшін елімізді индустрияландырып, оның техника-экономика жағынан артта қалушылығын жою керек.

2. Социалистік пролетариат социалистік құрылысқа еңбекші шаруаларды тарта білуге тиіс, оларға өздерінің бытыраңқы жеке шаруашылықтарын қоғамдасқан ірі шаруашылық етіп қайта құруға көмектесуге тиіс. Шаруаларды социалистік құрылысқа тартудың ең қолайлы формасы — кооперация. Коммунистік партия деревняда кооперативтік құрылыс тұрғызу үшін шаруаларға көмектесуге тиіс. Шаруашылықтың коллективтік түрінің артықшылығына шаруалардың өз тәжірибелері арқылы көздері жетіп, кооперативтік жолға өз ынталарымен, зорлықсыз түсулері үшін, бұл құрылысты біртіндеп, бірте-бірте ғана жүргізу керек. Шаруашылықтың коллективтік түріне көшудің қажеттігіне шаруалардың көздері жеткен күнде олардың социализмге бет алған қозғалысының қарқыны да тездей түседі.

Шаруашылықты ең жаңа машиналы техникамен байытқан жағдайда ғана шаруалардың ұзақ шаруашылықтарын социалистік жолға көшіруге болады. Ленин 1919 жылы, партияның VIII съезінде-ақ, егер біз деревняда жүз мың маңдайалды трактор бере алсақ, онда шаруалар коммунизмді жақтап шығар еді, деген болатын. Елімізді индустрияландырып, ауыр өнеркәсіпті басымырақ етіп өрлетсек, деревняны машиналы техникамен байыта аламыз.

3. Ірі өнеркәсіптің өркендетілуі, бүкіл халық шаруашылығын ең жаңа техникамен байыту, шаруаларды кооперативтерге біріктіру, мемлекетті және бүкіл халық шаруашылығын басқару жұмыстары халықтың мәдени дәрежесін шұғыл көтеруді жоғары мамандығы бар совет қызметкерлері кадрларын жеткілікті мөлшерде дайындауды талап етеді. Бұл үшін: халықтың жаппай, түгелдей сауатын ашу, бастауыш, орта мектептердің, жоғарғы оқу орындарының санын анағұрлым көбейту, кітап басу жұмысын ұлғайту, ғылымның барлық салаларын өрістету қажет. Қысқасы мәдени революция жасау қажет. Мәдени революция болмайынша, халық интеллигенциясы кадрын жасап алмайынша социализм құруға, оны нығайтуға болмайды.

4. Социализм құрудың негізгі шарты — пролетариат диктатурасының болуы. Жұмысшы табы қолындағы мемлекет — социализм құрудың құралы. Мемлекеттік аппараттың ролін көтеру мақсатымен, сонымен қабат қаржыны үнемдеу мақсатымен ол аппаратты, бюрократтанған және жат элементтерді қуу жолымен мейлінше ықшамдау, еңбекшілерден шыққан тың күштермен жаңарту керек. Мемлекеттік аппаратты жақсартудың, ықшамдап арзандатудың құралы — партия мен мемле-



кеттің біріккен органы — ЦКК—РКИ болуға тиіс. Бұл орган еңбекшілердің көмегіне сүйене отырып, совет аппаратының қызметін тексеріп, жақсартып отырады, оны жаңа қоғамдық құрылысқа лайық етеді.

5. Жұмысшылар мен шаруалардың одағын сақтап, оны нығайтқанда ғана социализм құруға болады. Бұл одақта жетекші рольді Коммунистік партия бастаған жұмысшы табы атқарады. Одақты ыдырату қаупін туғызатын жағдайларды дер кезінде тежеп тастау үшін партия мұндай жағдайларды қадағалап қарап отыруға тиіс. Жұмысшылар мен шаруалар одағының берік болуы үшін партия бірлігінің шешуші маңызы бар. Егерде партия ішінен жік шықса, онда ізінше екі таптың одағы да ыдырайды, мұның аты — пролетариат диктатурасы құриды деген сөз. Сондықтан партия өз ішінде ешқандай фракциялар мен жіктерге жол бермеуге тиіс. Тек құрыштай берік партия мен оның дұрыс саясаты ғана жұмысшылар мен шаруалар одағының мызғымауына кепіл болады және СССР-де социализм құруды қамтамасыз ете алады.

6. СССР-де социалистік қоғам орнату халықаралық тұрғыдан да әбден қамтамасыз етілген. Капиталистік дүниеде таптар және мемлекеттер арасындағы қайшылықтар арта береді. Пролетариат пен буржуазия арасындағы тап тартысы сөзсіз күшейе береді. Отарлар мен жартылай отарларда, әсіресе Шығыс елдерінде өріс алып отырған ұлт-азаттық қозғалысы империалистердің үстемдігін барған сайын күштірек қаусата түседі. Осының бәрін қоса алғанда капитализмнің негіздерін барған сайын шайқалта түседі. Империалистердің совет құрылысын жоймақшы болған әрекеттерінің бәрінен де түк шықпайды.

7. Совет елінің капиталистік қоршауда отырғанын, халықаралық жағдайды ескеріп, Коммунистік партия мен Совет үкіметі дана сыртқы саясат жүргізуге, буржуазиялық мемлекеттермен соғыс қақтығыстарын болдырмауға ұмтылуға тиіс. Бейбітшілік үшін, социализм системасы мен капитализм системасының бейбіт қатар өмір сүруі және экономикалық жарысқа түсуі үшін табан тіреп күресу — партияның бұлжымайтын саясаты міне осы болуға тиіс. Ленин осы жарыста социализмнің жеңіп шығатындығына кәміл сенетіндігін білдіріп, «социализмнің негізінде орасан зор күштер бар екенін және дамудың керемет жақсы мүмкіндіктер беретін жаңа сатысына адам баласының көзінде көшіп отырғанын» (Шығармалар, 33-том, 501-бет) айтты.

Лениндік жоспар партияның социализм жолындағы күресіндегі өте күшті теориялық және практикалық қаруы болып алды. Ол жұмысшы табы мен еңбекші шаруаларды социализмнің капитализмді жеңуі жолындағы еңбекте ерлік көрсетуге рухтандырды.

### 5. Партияның XII съезі. Троцкизмге қарсы күрес.

Шаруашылықтағы қиыншылықтарды жеңіп шығу. Лениннің қайтыс болуы. Ленин құрметіне партияға адам алу

СССР-де социализм құрудың лениндік жоспарының идеялары РКП(б) XII съезінің шешімдерінен орын алды. Партияның 400 мыңдай мүшесінің өкілдері қатнасқан бұл съезд 1923 жылы 17—25 апрельде болып өтті. Бұл Октябрьден кейінгі жердегі Ленин науқас болғаны себепті қатыса алмаған алғашқы съезд еді.

Партия мүшелері санының кему себебі — XI съездің қарсаңында және одан соң жүргізілген партия тазалауынан еді.

Съездің қарауына күн тәртібінде: Орталық Комитет пен Орталық Бақылау Комиссиясының есептері, өнеркәсіп, ұлт мәселелері, деревнядағы салық саясатының мәселесі және басқа да мәселелер болды.

Орталық Комитеттің есепті баяндамасы бойынша алынған қарарда съезд нәп жағдайы партия ішінде уклондар шығып кетуіне негіз болып отырғанын атап көрсетті. Әсіресе Совет мемлекетін жұмысшы табы-



на қарсы, партияны—мемлекетке қарсы қоятын уклондар қауіпті және апатты болды. Съезд революцияның тағдыры үшін зор маңызы бар осындай мәселелерде партия ішіне абыржушылық туғызуға, партияны лениндік жолдан тайғызуға, партияның бірлігін бұзуға әрекеттенген адамдарға қарсы партиядан шығаруға дейін шара қолданылып, қатты күрес жүргізілетінін мықтап ескертті.

Съезд мемлекеттік аппаратты ұдайы жетілдіріп отыру қажет екендігін, бұл партияның ең бірінші міндеті екенін көрсетіп өтті. Съезд шын социалистік мемлекеттік аппаратты құру ғана жұмысшылар мен шаруалар одағының беріктігін қамтамасыз етеді деп атап көрсетті.

Лениннің нұсқауын орындап, съезд РКИ мен ЦКК-ны қосу туралы шешім шығарды және ЦКК—РКИ-ге мемлекеттік аппаратты жақсарту ісіне өндірістегі жұмысшыларды тартуды міндеттеді.

Съезд партия және совет ұйымдарының өз алдарына істейтін жұмыстарын дәл анықтап алудың, шаруашылық және әкімшілік қызметкерлерін мамандандыруды жақсартудың, тапсырылған іске жеке адамның жауапты болуы принципін қатал қолданудың қажет екендігін көрсетіп өтті.

Халық шаруашылығындағы табыстарды және фабрикалар мен заводтарда еңбек өнімділігінің артқанын көрсете келіп, съезд жұмысшы табын өнеркәсіпті, ең алдымен «бір өзі ғана нағыз социалистік құрылыстың берік фундаменти бола алатын» («КПСС... қарарлары», I бөлім, 727-бет) ауыр өнеркәсіпті өрлетуге бар күшін салуға шақырады.

Ауыр өнеркәсіппен бірге және соның негізінде жеңіл өнеркәсіп те тез өріс алуға тиіс еді.

Өндірістік табыстың не кемістіктің тамыры фабрикалар мен заводтардың өзінде жатыр. Әрбір кәсіпорында, оның өз ерекшеліктеріне лайықтай, жұмысын дұрыс жолға қою — аса маңызды мәселе. Съезд «тұншықтырушы орталықтандырудан, инициативаларды басып таптаудан», кәсіпорындарының «жұмысына орынсыз қол сұғудан барынша аулақ болуға» (бұл да сонда, 743-бет) кеңес берді.

Партияның XII съезі шаруашылық және жалпымемлекеттік органдардың жұмысы үшін басты жауапкершілік партияның мойнында екенін, партия осы жұмыстың ең маңызды мәселелерін белгілеп, барысын тексеріп отыруға тиіс екенін баса көрсетті. «Шаруашылыққа бұрынғыдан гөрі де жақындай түсу, шаруашылық органдарға бұрынғыдан да көбірек көңіл бөлу, бұрынғыдан да көбірек басшылық жасау, бұрынғыдан да көбірек күш салу,— міне партияның таяу уақытқа арналған ұраны осындай» (бұл да сонда, 728-бет).

Партияның назары өнеркәсіп товарларын өткізуді ұйымдастыру жұмысына аударылды. Товар өткізу жұмысы дұрыс ұйымдастырылмағандықтан сол кезде-ақ үстеме шығындар тым көбейіп, ішінара товар өтпей іркіле бастаған еді. Осы кемшілікті жою үшін ең алдымен сауда аппаратының төменгі буындарының системасын құру керек болды, ондағы мақсат өнеркәсіп пен шаруа рыногі арасындағы байланысты қамтамасыз ету еді. Товарлардың нарқын да тәртіпке салу керек болды, өйткені өнеркәсіп бұйымдарының нарқы ауыл шаруашылығы өнімдерінің нарқынан анағұрлым жоғары еді.

Шаруалардың хал-жайын жеңілдету және елімізде товар айналымын ұлғайту мақсатымен, шаруалардан алынатын бүкіл мемлекеттік тікелей салықтарды (азық-түлік салығы, үй басына түсетін ақшалай салық, еңбек-көлік салығы), сонымен қабат бүкіл жергілікті тікелей салықтарды бірыңғай тікелей ауыл шаруашылығы салығы етіп қосып жіберуге кеңес берілді. Бұл салықтың бір бөлегін ақшалай өтеуге рұқсат етілді. (Кейін, 1924 жылдан бастап бірыңғай ауыл шаруашылығы салығы алтын сом есебімен есептеліп, түгелдей ақшалай алына бас-



тады). Салықтың басым салмағы неғұрлым әлді шаруаларға салынды (мұның өзі кулактарды тежеу саясатының көрінісі еді); кейбір кедей шаруалар салықтан мүлде босатылды.

Съезде оппортунист элементтер партияны лениндік жолдан адастыруға әрекеттенді. Троцкий өнеркәсіпті мықтап шоғырландыруды жақтап сөйледі. Мұның астары: ауыр өнеркәсіпті азайту, алғашқы кезде пайда келтірмей отырған бірқатар кәсіпорындарын жауып тастау деген сөз еді. Троцкий съездің алдында-ақ Путилов, Брянск және басқа да осындай аса ірі заводтарды, олар сол кезде зиянға түсіп отырғандықтан, жабуды ұсынған болатын. Мұндай заводтардың жабылуы ауыр индустрияға орасан зор зиянын тигізген болар еді және жұмысшыларды партияға қарсы шығарар еді.

Партияның Орталық Комитеті Троцкийдің ұсынысын үзілді-кесілді қабылдамай тастаған еді, оның ұсынысын қабыл алу — бүкіл совет республикасының саяси жеңілісі болатынын, совет республикасын апатқа ұшырататынын көрсеткен еді. Партияның XII съезі де осы бағытта қаулы алды.

Троцкий өзінің XII съезге арнап жасаған тезистерінде «өнеркәсіп диктатурасын» орнату ұранын тастады. Троцкийдің аузынан шыққан бұл ұран өнеркәсіптің халық шаруашылығындағы жетекші ролін көрсеткендік емес еді, немесе өндіріс құрал-жабдықтарын тұтыну жабдықтарынан басымырақ өндіру керегін айтқандық емес еді. Троцкийдің ұғымында бұл ұран — өнеркәсіпті шаруаларды қанау есебінен өрістетуге деген сөз еді. Мұндай бағыт жұмысшылар мен шаруалардың одағын бұзуда әкеліп соғар еді, совет құрылысын апатқа ұшыратар еді.

Съезд, Троцкийдің бұл ұранына қарсы, халық шаруашылығы дамуының кәзіргі кезеңінде еліміздің бүкіл экономикасы үшін ауыл шаруашылығының бірінші дәрежелі маңызы бар екенін өзінің шешімдерінде баса көрсетті.

Съезде кейбір делегаттар (Красин және басқалары) совет елінің өнеркәсібін қалпына келтіру үшін шетел капиталистеріне бас иіп бару керек деген оппортунистік ұсыныстармен шықты. Олар: капиталистерден несие, қарыз алу үшін капиталистер не айтса да көну керек, концессия туралы шарт жасасқанда кіріптарлық жағдайларға да бару керек еді.

Съезд қарсаңында Сокольников пен Бухарин сыртқы сауда монополиясын ішінара өзгерту керек деп ұсынды, бұл іс жүзінде сыртқы сауда монополиясын жоюға апарып соғатын еді.

Мұндай оппортунистік ұсыныстардың барлығын да съезд қабыл алмай тастады.

Ұлт мәселесі жайында Сталиннің баяндамасын тыңдап, съезд ұлттардың іс жүзіндегі теңсіздігін жоюды тездету керек деді. Орыс пролетариаты СССР-дің артта қалған халықтарының шаруашылық және мәдени жағынан көркеюіне көмегін күшейтуге тиіс болды.

РКП(б) XII съезі де, X съезд сияқты партияны ең басты қауіп болған ұлыорыстық шовинизмге және жергілікті ұлтшылдыққа қарсы бағытталған күресуге шақырды.

Нәп жағдайында буржуазияшыл элементтердің жандануымен байланысты, буржуазияшыл ұлтшылдық та жанданып, бас көрсете бастады. Ол барлық республикаларда бас көтеріп, әсіресе Грузияда айқын біліне бастады. Грузин уклонистері (Мдивани, Окуджава және басқалары) Грузиядағы грузин емес басқа ұлттар жөнінде ұлыдержавалық шовинизм саясатын жүргізуге әрекеттенді. Олар Закавказье федерациясын құруға да, Грузияның СССР құрамына кіруіне де қарсы шықты. Олар Грузияда шетел банкілерін ашуды талап етті, бұл — Грузияны шетел капиталының шылауына айналдыру, онда капитализмді қай-



та орнату үшін жағдай туғызар еді. Съезд грузин уклонистерінің әрекеттерін мүлде теріс деп тапты.

Партияның XII съезінен кейін халық шаруашылығына басшылық ету ісі жақсарды. Ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіпті қалпына келтіру жұмысы ойдағыдай жүрді. Егіс көлемі ұлғайды, өнеркәсіп өнімінің жылдық өсімі артты. ВСНХ жоспарлайтын ірі өнеркәсіптегі жұмысшылардың саны 1923 жылы өткен жылмен салыстырғанда 14 процент артты. Бірақ ірі кемшіліктер де болды. Еңбек өнімділігі мен жұмысшылардың жалақысы әлі де соғыстан бұрынғы дәрежесінен төмен еді. Мемлекеттік және кооперативтік сауда орындарының жұмысы нашар болды. Өнеркәсіп товарлары мен ауыл шаруашылығы товарларының нарқындағы айырмашылықты жою туралы партияның XII съезінің нұсқаулары орындалмады. Нарық айырмашылығы («қайшы») 1923 жылдың күзі қарсаңында орасан ұлғайып кетті. Осымен байланысты совет ақшасының құны тұрақсыз болып, төмен түсе бастады.

Осылардың бәрі қосылып, жұмысшылар мен шаруалардың материалдық жағдайына, олардың сатып алу қабілетіне зиянын тигізе бастады. Ол кездерде товар аз өндірілгеніне қарамастан, товар үйіліп өтпейтін болды. Өнеркәсіп товарлары қоймаларда іркіліп жатып қалатын болды. Бұл товарларға шаруалар мұқтаж болғанымен де, нарқы қымбат болғандықтан, сатып ала алмады. Мысалы, шаруа бір пұт шеге сатып алу үшін 50—60 пұт бидай сатуға тиіс болды, ал соғыстан бұрын бір пұт шегенің құны 3—3,5 пұт бидайдың құнына тең еді. Осындай нарық саясатына байланысты деревняда наразылық басталды. Жұмысшылар да наразы еді, өйткені товар үйіліп өтпей жатқандықтан олардың жалақысы кешікті. Тіпті кейбір кәсіпорындарда жұмысшылар ереуіл жасауға дейін барды.

Партияның Орталық Комитеті мен Совет үкіметі шаруалар мен жұмысшылардың наразылықтарының себебін жою үшін шұғыл шаралар қолданды. Көпшілік қол бұйымдардың нарқы арзандатылды. Товар айналымына 1922 жылы октябрьде шыққан червон ақша көбірек өндіріліп, бұл тұрақсыз қағаз ақшаның орнына жүретін тұрақты, тиянақты валюта болып алды. Жұмысшылардың жалақысы мезгілінде беріле бастады, сауданы тәртіпке келтіру, одан жеке саудегерлерді ығыстыру, жалдаптыққа қарсы батыл күресу жөнінде шаралар белгіленді. Ауыл шаруашылығы өнімдерінің нарқы жоғарылатылды, шаруаларға шаруашылықтарын көтеру үшін арзан кредит ұйымдастырылды. Осы арзан кредит кедейлерді кулактардан кіріптарлық шартпен қарыз алудан, сөйтіп іс жүзінде оның жалшысы болудан құтқарды.

Осы шаралардың арқасында шаруалар мен жұмысшылардың наразылығы жойылып, халық шаруашылығының ілгері дамуы қамтамасыз етілді.

Шаруашылық майданындағы қиыншылықтардың үстінде партиядағы антилениндік элементтер қайтадан бас көтере бастады.

Партияның көсемі — Лениннің саптан шығып қалғанын, қатты науқасын пайдаланып Троцкий тағы да лениндік Орталық Комитетке, партияға қарсы күресе бастады. Ол ел ішінде туып отырған қиыншылықтар өзінің арам ойын жүзеге асыруға: партия басшылығын өз қолына алып, ақыр-аяғында капитализмді қайта орнататын жолға түсуге — қолайлы болып отыр деп білді.

1923 жылы октябрьдің бас кезінде Троцкий партияның Орталық Комитетіне хат жолдап, онда Орталық Комитеттің жұмысына жала жапты. Басшы партия органдары мүшелерінің аралары дұрыс болғанда партия ішіндегі кемшіліктерді жою туралы мәселелер әрқашан да Саяси бюро мәжілістеріне немесе Орталық Комитет пленумдарына қойылып, соларда қаралып шешілуші еді, ал Троцкий бұлай етудің орнына, өзінің жақтастарының бәрін партияның Орталық Комитетіне қар-



сы күреске шығарды. Троцкийдің Орталық Комитетке жазған хатынан кейін көп ұзамай-ақ, троцкистер, «децистер», «солшыл коммунистер» мен «жұмысшы оппозициясы» топтарының қалдықтары қол қойған 46-ның арызы түсті. Бұлардың ішінде Орталық Комитеттің кейбір мүшелері де бар еді. Олар: партияның орнын партия аппараты басып отыр, деп жала жауып, коммунистерді партия аппаратына айдап салуға, партия аппаратын партияға қарсы қоюға тырысты. Партия аппаратына қарсы бұл троцкистік жорық — партия жұмысына басшылық етудің принципінің өзін теріс дейтін меньшевизмнің рецидиві (қайталануы) еді. Троцкистер мен басқа да оппортунистер фракциялар мен жіктерге ерік берілуін талап етті. Сөйтіп олар фракцияларға тиым салу, жол бермеу жөніндегі партияның X съезінің шешімдерін бұздырғылары келді және нәп жағдайын да ашықтан-ашық саяси майданға шығуды аңсаған меньшевиктердің, эсерлердің, жаңа буржуазияның арманын білдірді.

Троцкийдің хаты мен 46-ның арызын троцкистер жергілікті партия ұйымдарында таратты.

Партия ішіндегі жағдай туралы мәселе Орталық Комитет пен Орталық Бақылау Комиссиясының ірі-ірі он партия ұйымының — Петроград, Москва, Харьков және басқа да ұйымдардың өкілдерімен бас қосқан октябрь пленумында қаралды. Пленум Троцкий мен 46-ның арыздарын «партияның бірлігіне соққы беру қаупін төндіруші және партияның кризисін тудырушы фракциялық аттаныс сипатын алған» («К П С С... қ а р а р л а р ы», I б ө л і м, 819-б е т) саяси зор қате деп мінеді.

Пленумның қаулысы Троцкийге эсер етпеді. Ол «Жаңа бағыт» деген кітапша жазып шығарып, онда партия басшылығын азғындады деп айыптады, партияның ескі кадрларын II Интернационалдың оппортунист көсемдеріне теңеді, партияның ескі, табанды кадрларына партиялық жағынан шикі жастарды, әсіресе студент жастарды қарсы қойды, оларды жағына мақтап, «партияның барометрі» деп атады.

Троцкий мен троцкистер фабрика-заводтардағы, жоғарғы оқу орындарындағы партия ұяларының жиналыстарына барып, Орталық Комитетті айыптап сөйлей бастады. Сөйтіп троцкистер тағы да, 1921 жылдағыдай, партияны дискуссия ашуға мәжбүр етті. Бүкіл елдегі партия ұйымдарында қатты дискуссия басталды. Партия халық шаруашылығын қалпына келтіру жұмысынан тағы да айтысқа ауып кетті. Москваның, Петроградтың, Украинаның, Оралдың, Бакудің және еліміздегі басқа да ірі өнеркәсіп орталықтарының партия ұйымдары троцкистердің бұл бас көтерулеріне өлтіре соққы берді. Троцкистер дискуссияда мықтап жеңілді. Партия лениндік Орталық Комитеттің маңына топталды.

РКП(б)-ның 1924 жылы январьда болған XIII конференциясы дискуссияның қорытындысын шығарды. Конференция Троцкий мен троцкистердің партияға қарсы фракциялық күресін қатты сөгіп, «кәзіргі оппозициядан біздің көріп отырғанымыз большевизмді ревизиялау әрекеті ғана емес, ленинизммен турадан-тура шегіну ғана емес, сонымен қатар айқын білінген ұсақ буржуазиялық уклон болып отыр» («К П С С... қ а р а р л а р ы», I б ө л і м, 835-б е т) деп мәлімдеді.

Троцкистердің бұл кезекті бас көтерулері нәп жағдайында буржуазия мен оның идеологтерінің жандануымен байланысты елімізде тап күресінің шиеленіскенінің белгісі еді. Қалада — жекеше саудагерлер мен әртүрлі нәпмандар, ал деревняда — кулактар пролетариат диктатурасына қарсы күресті күшейтті. Троцкистер сол тап жауларының айқайшысы болды.

Троцкизмнің қауіптілігін партия мүшелерінің жақсырақ ұғынуына көмектесу үшін РКП(б) тарихын, партияның өз ішіндегі әртүрлі фракцияларға, жіктерге, уклондарға, оппортунизмге, жұмысшы қозғалысындағы буржуазия агентураларына қарсы күресін оқып білу жұмысы өрістетілді. Партияның жас мүшелері Троцкийдің меньшевиктерге жақ бол-



ған, Ленинге қарсы, большевиктер партиясына қарсы, көп жылғы масқаралық күресінің тарихымен танысты. Партия тарихын оқып үйрену партия мүшелерін марксизм-ленинизммен қаруландырды. Бұл істе Сталиннің 1924 жылы шыққан «Ленинизм негіздері туралы» деген кітабының көмегі тиді, бұл кітапта ленинизмнің, пролетарлық революцияның теориясы мен тактикасының, пролетариат диктатурасының теориясы мен тактикасының негізгі мәселелері қысқаша және анық баяндалған, Лениннің марксизмге енгізген жаңалықтары көрсетіліп берілген еді.

РКП(б)-нің XIII конференциясынан соң көп ұзамай партия, совет халқы, дүние жүзі пролетариаты, бүкіл прогресшіл адамзат өте зор қайғыға ұшырады — 1924 жылы 21 январьда Владимир Ильич Ленин қайтыс болды. Лениннің қайтыс болғаны туралы хабарға совет халқы, бүкіл дүние жүзіндегі жұмысшылар мен езілген халықтар қатты аза тұтты. Партияның Орталық Комитетінің тығыз шақырылған пленумы «Партияға, Барлық еңбекшілерге» үндеу қабылдады. Бұл үндеуде Орталық Комитет ұлы көсемнің қайтыс болғанын хабарлады.

«Пролетариат бойындағы шын мәнісіндегі ұлылық пен қаһармандықтың бәрі, — делінген үндеуде, — қажырлы ақыл, темірдей берік, қайыспайтын, табанды, бәрінде жеңетін ерік, құлдық пен езушілікке деген нағыз күшті өшпенділік, өле-өлгенше өшпенділік, тау қозғайтын революциялық жігер, бұқараның творчестволық күшіне шексіз сенушілік, орасан зор ұйымдастырушылық даналық, — осының бәрі есімі батыстан шығысқа дейін, оңтүстіктен солтүстікке дейін жаңа дүниенің символы болған Лениннің бойында өзінің аса тамаша кемеліне келді» («ЖПСС... қарарлары», I бөлім, 858—859-беттер).

Халық Ленинмен тұтасынан бір аптадай қоштасты. Үскірік аязға қарамастан, мәңгі ұйқыға кеткен көсемімен қоштасу үшін халық күнітүні бірдей Одақтар үйінің Колонналы залына қарай ағылып жатты.

Ленин қойылатын күні барлық қалалар мен селоларда совет халқы өзінің атасын, ұстазын, досын қатты қайғымен кабіріне шығарып салып, бес минутқа жұмыстарынан тоқтады. Лениннің денесі салынған табыт Қызыл алаңдағы Мавзолейге қойылғанда бүкіл еліміздегі фабрика, завод, паровоз гудоктері қайғырып дауыс етіп тұрды. Ленинмен қоштасып, совет халқы оның есиеттерін ақырына дейін орындап шығуға ант берді.

Совет халқымен бірге халықаралық пролетариат, бүкіл дүние жүзі еңбекшілері де қатты қайғырды. Ленин қойылатын күні көптеген капиталистік елдердің жұмысшылары, көңілінде бүкіл дүние жүзі жұмысшыларының көсемімен қоштасып, бес минутқа жұмыстарынан тоқтады.

Көсемнің қайтыс болғанына жұмысшы табы партияның маңына бұрынғыдан да тырызырақ топтасуымен жауап берді. Азалы күндерде РКП(б) қатарына алу туралы жұмысшылардан мыңдаған арыздар түсті. Бұл қозғалыстың кең өріс алғанын еске алып, Орталық Комитет өндірістегі жұмысшылардан Ленин құрметіне партияға алуды жариялады. Орталық Комитет жұмысшыларға арнап үндеу жариялап, бұл үндеуде: көсемнің қайтыс болуы жұмысшы табына қозғау салып, жүздеген мың жұмысшылар партияға көмекке қолын созды, делінген еді.

Ленин құрметіне партияға алу кезінде партияға ең жақсы, революциялық ұрыстарында шыныққан, озат жұмысшылар келді. РКП(б)-ге кіру туралы арыздар қаралған партия жиналыстарында партияда жоқ жұмысшылар да белсене қатынасып партия қатарына өндірістің озаттарын, пролетариат революциясына нағыз берілген адамдарды іріктеп алуға көмектесті.

Ленин құрметіне партияға алудың нәтижесінде РКП(б)-ге 240 мыңнан астам жұмысшы енді. Мұның өзі жұмысшы табы мен оның партиясының бұлжымас бірлігінің айқын көрінісі болды.



## 6. Партияның XIII съезі. Деревняда партия жұмысының күшейтілуі. Троцкийдің жаңадан бас көтеруінің әшкереленуі

Көсем қайтыс болғаннан кейін партия қатарының берік топталғандығын РКП(б)-нің XIII съезі көрсетіп берді (1924 жылғы 23—31 май). Ол съезге 736 мыңдай партия мүшесінің өкілдері қатынасты. XII съезден кейінгі жерде партия, өз қатарын көбінесе жұмысшылармен толықтырып, екі есе дерлік өсті. Бір осының өзі ғана партияның жұмысшы бұқарасымен байланысының артып, нығайғандығына, бұқараның партия маңына топталғандығына, партияның беделінің өскендігіне дәлел еді.

Съездің күн тәртібінде: Орталық Комитет пен Орталық Бакылау Комиссиясының есепті баяндамалары, сауда туралы, кооперация туралы, деревнядағы жұмыс туралы және басқа да мәселелер қаралды.

Партия Лениннің тікелей басшылығынан айрылғанымен де, партияның Орталық Комитеті қиын, ауыр жағдайларда барлық жұмыс салаларында өте маңызды табыстарға жеткендігін съезд ырза болып атап көрсетті. Съезд Орталық Комитеттің троцкизмге қарсы күресудегі, ленинизмді бұлжымай қорғаудағы табандылығын, Лениндей ымырасыздығын толық мақұлдайтынын білдірді. Съезд Орталық Комитетке алдағы жерде де партияның бірлігін, партия жолының бұрмаланбауын қандай уклоннан болса да осындай батыл, берік қорғауды тапсырды.

Съезд РКП(б) XIII конференциясының троцкизмді ұсақбуржуазиялық уклон деп сипаттаған қарарын бекітті.

Съезд партия мүшелеріне, әсіресе мемлекет, шаруашылық, кәсіп-одақ, кооперация органдары мен басқа да органдарда қызмет істейтін партия кадрларының қоры болып отырған Ленин құрметіне партияға алған партия мүшелеріне маркстік-лениндік тәрбие беру жұмысына ерекше зор маңыз берді. Съезд «Ленин жолдастың біздің партияның тарихындағы жетекші идеяларының ерекше маңызымен байланысты... бүкіл партиялық-ағарту жұмысын сол тарихтың негізгі кезеңдерімен» («К П С С... қ а р а р л а р ы», II бөлім, 24-бет) байланыстыруға міндеттеді.

Съезд елімізде шаруашылықтың жалпы өрлеп келе жатқандығын көрсетіп өтті. Социалистік өнеркәсіп, транспорт ойдағыдай қалпына келтіріліп жатты, жұмысшы табының саны өсті, ауыл шаруашылығының өнімділігі артты.

Көмір өнеркәсібін қалпына келтірудегі, транспорт жұмысындағы қол жеткен табыстарға сүйене отырып, съезд металл үшін, ауыр өнеркәсіпті көтеру үшін, еліміздің өз ішінде өндіріс құрал-жабдықтарын өндіруді жолға қою үшін күресті күшейту туралы директива берді.

Ауыл шаруашылығындағы табыстармен байланысты съезд партияның деревня халқын кооперативтерге тарту жұмысын күшейту қажет екенін көрсетіп өтті. Деревняда кедейлердің кулактарға кіріптарлыққа түскенін еске алып, съезд деревня партия ұйымдарына кедей шаруаларға берілетін салық жеңілдіктері туралы, олардың мүдделерін қорғау туралы заңдарды жүзеге асырғызып отыруға, кулактардың өсуін тежеу мақсатымен кулактар жөніндегі салық саясатын дәл қолданып отыруға міндеттеді.

Сауда жайында съезд, өнеркәсіп товарларының нарқын арзандату жөніндегі саясаттың өте дұрыс болып шыққанын айтты. Съезд Ішкі сауда халық комиссариаты құрылғанын мақұлдады. Бұл комиссариаттың негізгі міндеті — ішкі рынокті өз қолында ұстау, ең алдымен көтерме сауда айналымын мемлекет қолына алу, жекеше капиталдың жұмысын бақылау, оны саудадан ығыстыру болды.

Партия-ұйымдастыру мәселелері жөнінен съезд «Партия құрылысының кезектегі міндеттері туралы» қарар алды. Бұл қарарда партияға



пролетариаттың өндірістегі негізгі кадрларын кеңінен тарту қажеттігі туралы баса айтылды. Ленин құрметіне партияға адам алуға байланысты партия жұмысшылардың есебінен едәуір өсті, фабрика-заводтардағы партия ұяларының саны көбейді. Съезд партия ұйымдарын партияның жаңа мүшелерінің арасында партиялық, саяси жұмысты белсене жүргізуге, оларды партия, мемлекет, қоғам өміріне мейлінше кең араластыруға міндеттеді. Фабрика-заводтардағы партия ұяларының жұмысын жақсарту, олардың өндіріс өміріндегі ролін көтеру, оларға басшылықты күшейту керек болды.

Съезд жастар арасындағы жұмыс туралы мәселе қарап, комсомолға партия басшылығын күшейту керектігін айтты. Лениндік комсомол партияның айнымас адал көмекшісі болды. Партияның басшылығымен комсомол азамат соғысы жылдарында жас Совет республикасын жауларынан ерлікпен қорғады. Комсомол халық шаруашылығын қалпына келтіру жолында күресті. Съезд комсомолды социалистік құрылысқа, партия мен Совет өкіметінің қала мен деревнядағы барлық қоғамдық-саяси және мәдени жұмыстарына, жастарға коммунистік тәрбие беруді, маман жұмысшы және интеллигент кадрлар дайындауда, білімді меңгеруде белсене қатнасуға шақырды.

Съездің барлық шешімдері социалистік құрылысты өрістетуге, жұмысшы табы мен шаруалардың байланысын нығайтуға, партияның басшылық ролін көтеруге бағытталған еді.

XIII съезде оппозициялық жіктер ашық шыққан жоқ. Егер VII съезде антилениндік оппозиция Германиямен бітім жасау мәселесінде съездегілердің төрттен бірінің дауысына, ал X съезде оппозиция съездегілердің сегізден бірінің дауысына ие болса, XIII съезде оппозиция жағынан ешбір сөз болған жоқ. Мұның өзі партияның идеялық бірлігінің айқын белгісі еді.

Съезде әрбір делегацияның өз ішінде В. И. Лениннің өсиеті деген атпен мәлім, оның «Съезге хаты» жарияланды. Бұл хатта Ленин партияның бірлігін сақтаудың қажеттігін, партияның жікке бөлінуіне жол бермеу қолынан келетін тиянақты Орталық Комитет құру керектігін баса айтқан еді. Осы мақсатпен Ленин, Орталық Комитеттің беделін көтеру, аппараттың жұмысын жақсарту үшін, «Орталық Комитеттің аз ғана бөлегінің дау-жанжалдары партияның бүкіл тағдыры үшін тым зор маңыз алып кетпейтін ету үшін» (Шығармалар, 36-том, 591-бет) ең алдымен Орталық Комитет мүшелерінің санын көбейтуді ұсынды. Хатында Ленин Орталық Комитеттің кейбір мүшелеріне мінездеме берді. Зиновьев пен Каменев туралы Ленин: олардың «октябрьдегі уақиғасы», әрине, кездейсоқ нәрсе емес, деп жазды. Ленин Троцкийдің «большевизмге жатпайтын қылығын» айтып, осы сөзімен Троцкийде өте қауіпті меньшевизм рецидивтері болуы мүмкін екендігін партияға ескертті. Бұдан әрі Троцкий туралы: ол «өзіне өзі сенушілікке тым салынып кеткен және істің таза әкімшілік жағына тым әуес адам» (бұл да сонда, 593-бет) деп жазды Ленин. Бухаринді Ленин: бір схоласт, ол схоласт «ешқашан да диалектиканы үйренген емес және диалектиканы ешқашан да толық түсінген емес деп ойлаймын» деп сипаттады (бұл сонда, 593-бет).

Ленин Октябрь революциясының жеңуі үшін партияның жүргізген күресінің шешуші кезеңдерінде партия бағытына қарсы шыққан, партия қатарын жікке бөлуге әрекеттенген осы адамдарға қорытынды мінездеме берді. Октябрь кезіндегі Зиновьев пен Каменевтің штрейкбрехерлігіне қарсы, Брест кезіндегі Троцкий мен Бухариннің апатқа ұшырататын сатқындық саясатына қарсы, кәсіподақтар туралы дискуссия кезіндегі олардың антипартиялық бағыты мен фракцияшылдығына қарсы күрестегі Лениннің партияның Орталық Комитетінің табандылығы мен ымыраға келмейтіндігі ғана партияның дұрыс бағытын жүргізуді



және партия қатарының мызғымастығын қамтамасыз етті, Октябрь революциясы жеңуінің және оның жеңістерін қорғап қалудың шешуші шарты осы болды.

Ленин өзінің хатында Сталинге де мінездеме берді. Сталиннің жақсы қасиеттерін айта келіп, ол партияның көрнекті қайраткерлерінің бірі екенін көрсете отырып, сонымен қабат Ленин оның кемшіліктерін сынады. Ол «Сталин жолдас бас секретарь болып алғаннан кейін, ұшан-теңіз билікті өз қолына жиінеп алды, сондықтан осы билікті оның әрдайым жеткілікті түрде абайлап пайдалана алар-алмасына мен сене алмаймын» деп жазды. Ленин «Сталинді осы орнынан ауыстырудың әдісін ойластырып көруді және бұл орынға басқа адамды тағайындауды ұсынамын, бұл адамның Сталин жолдастан басқа жағынан бір ғана артықшылығы болатын болсын, атап айтқанда, неғұрлым ұстамды, неғұрлым әділ, неғұрлым сыпайы және жолдастарға неғұрлым ілтипатты болсын, қыңырлығы кем болатын болсын, т. т. Бұл жағдай болмашы ұсақ нәрсе болып көрінуі мүмкін» бірақ «бұл ұсақ нәрсе емес, немесе мұның өзі шешуші маңыз алып кетуі мүмкін ұсақ нәрсе» (бұл да сонда, 593 — 594-беттер) деді.

Лениннің хатын талқылағаннан кейін делегациялар, Сталиннің сіңірген еңбектерін, оның троцкизм және басқа да антипартиялық жіктерге қарсы ымырасыз күрескенін ескеріп, оны бас секретарь қызметінде қалдыруға ұйғарды, бірақ та Лениннің айтқан сынын ескеріп, Сталин бұдан тиісті қорытынды жасауы керек делінді.

Партия троцкистердің өз оғын әсіресе, ленинизмді табанды және тиянақты қорғаған Сталинге қарсы кезегенін ескерді. Мұндай жағдайларда Сталиннің Орталық Комитеттің бас секретарьлығы қызметінен босатылуын троцкистер партияның, марксизм-ленинизмнің зиянына, СССР-де социализм құрудың зиянына пайдаланып кетулері мүмкін еді.

Партияның XVIII съезі Орталық Комитеттің мүшелерінің санын едәуір көбейту туралы Лениннің нұсқауын орындады.

РКП(б)-нің XIII съезінен кейін көп ұзамай, 1924 жылы июнь — июль айларында Москвада Коминтерннің V конгресі болып өтті. IV және V конгрестер арасында Батыс Еуропа елдеріндегі тап тартысы жұмысшылардың жеңілуімен аяқталды. Буржуазия пролетариаттың шабуылын тойтара алды. Жұмысшы табының жеңілуіне көбінесе социал-демократия көсемдерінің сатқындығы және кейбір коммунистік партиялардың жіберген елеулі қателіктері себеп болды. Германиядағы және басқа да кейбір елдердегі жұмысшы қозғалысы мен коммунистік партияларға басшылықта отырған оңшыл оппортунистердің капитулянттық беталыстарының үлкен қырсығы тиді, бірақ бұлардан коммунистік партиялар кейін тазарды.

1924 жылы капитализмнің тұрақтау дәуірі басталды. Бұл тұрақтау ішінара баянсыз еді.

Халықаралық жағдайды талдап тексерудің нәтижесінде Коминтерннің V конгресі коммунистік партиялардың жаңа жағдайлардағы күресінің тактикасын белгілеп берді. Мүлде дұрыс бірыңғай майдан тактикасы орнықты тактика болып қалды. Бұл тактика жұмысшы бұқарасының бірлігіне, төменнен құралған бірлікке негізделді.

Конгресс капиталистік елдердің коммунистік партияларын большевиктендіруді басты міндеттердің бірі етіп көтерді. Мұның мәнісі ол партиялардың большевизмнің идеялық, ұйымдық, тактикалық принциптерін үйреніп алуы, марксизм-ленинизмнен ауа жайылушылыққа қарсы ымырасыз күресу, пролетариат диктатурасы жолындағы күресті жұмысшылардың күнделікті талаптары жолындағы күреспен шебер ұштастыру, бұқарамен тығыз байланысты болу деген сөз еді.

V конгресс РКП(б) ішіндегі Троцкий зорлап таңған дискуссия туралы мәселені талқылап, троцкизмді мінеді. Конгресс РКП(б) XIII



конференциясы мен XIII съезінің троцкизмді партия ішіндегі ұсақбуржуазиялық уклон деп сипаттаған шешімдерін бекітті. Троцкистердің әрекеттерін конгресс партияның бірлігі үшін, демек, СССР-дегі пролетариат диктатурасы үшін қауіпті деп тапты.

Партияның XIII съезі мен Коминтерннің V конгресінің шешімдері Совет Одағы коммунистерін социализм құруды күшейтуге рухтандырды. Фабрикалар мен заводтарда коммунистер еңбек өнімділігінің жоғары үлгілерін көрсетті. Коммунистерден партияда жоқ жұмысшылар үлгі алды.

Коммунистер сауда аппаратын жетілдірді, сауданы, рынокті менгеріп, жекешелерді барған сайын көбірек ығыстыра бастады. Коммунистер деревняға мәдени қамқорлық етуді ұйымдастырды, еңбекші шаруаларды кооперацияның барлық түрлеріне тарту жұмысына басшылық етті. Мысалы, Ленинград жұмысшылары 300 болысқа, Москва жұмысшылары 200-ден астам болысқа, Тула жұмысшылары 400 селенеге және т. с. қамқорлық етті.

Партияның Орталық Комитеті деревняда не болып жатқанын қадағалап бақылап отырды. Нәп жардайында деревняда саяси өмір жанданды. Шаруалар қоғам істеріне белсене қатынаса бастады. Бірақ кулактар да белсене кірісті. Олар орташаларға ықпалын тигізе бастады. Орташалар тағы да қобалжып, олардың көмегімен кей жерлерде кулактар Советтерге еніп алып, өз бағыттарын жүргізе бастады. Мұндай Советтер Совет үкіметінің салық саясатын кулактардың пайдасына қарай бұрмалап, кедейлердің мүдделерін тежеп отырды. Кейбір жерлерде кулактар пролетариат диктатурасына қарсы күрес жүргізіп, совет қызметкерлерін, деревня белсенділерін, өздерінің антисоветтік әрекеттерін әшкерелеген село тілшілерін өлтірді. Грузияның Гури уезінде кулактар 1924 жылы августа Совет өкіметіне қарсы бүлік шығарған меньшевиктерді белсене қолдады. Меньшевиктер шетел буржуазиясынан материалдық көмек алған еді. Бірақ Грузияның еңбекші шаруалары меньшевиктерді қолдамады, сондықтан бұл көтеріліс бір күннен кейін басылды.

Орталық Комитеттің 1924 жылы октябрьде өткен пленумы деревнядағы жұмыстың кезекті міндеттері туралы мәселені талқылап, кулактардың орташаларға ықпал етуіне қарсы күресу шараларын белгіледі. Орташаларды кулактардан айырып алып, орташалар мен кедейлердің одағын нығайту керек еді. Пленум шаруалардың белсенділігін ең алдымен Советтердің жұмысын жандандыруға, кооператив және басқа да қоғамдық ұйымдардың жұмысын күшейтуге кеңес берді. Қарарда Советтерді жандандыру міндеті «кәзіргі кезеңдегі негізгі және өте-өте шұғыл міндеттерінің бірі болып табылады» («КПСС... қарарлары», II бөлім, 112-бет) делінді. Советтерді жандандыру арқылы деревняда кулактарды саяси жағынан оқшаулау керек болды.

Шаруа бұқарасымен байланысты нығайту үшін, шаруаларды мемлекет басқару жұмысына кеңірек тартуға ұйғарылды. Пленум одақтық және автономиялы республикалардың орталық атқару комитеттерінің құрамында партияда жоқ шаруалардың санын көбейтуге кеңес берді. Бірқатар халық комиссариаттарының, мысалы, Жер халық Комиссариатының, Оқу халық комиссариатының, Ішкі істер халық комиссариатының, Жұмысшы-шаруа инспекциясының және басқаларының коллегияларын шаруалардан шыққан бір-екі мүшемен толықтыру керек болды. Шаруалар әлгі комиссариаттардың губерниялық, уездік бөлімдерінің коллегияларына мүше етіліп тартылды, болыстық, уездік атқару комитеттерінің председателдері болып сайланды.

Сөйтіп, пленум бүкіл партияның назарын деревняға аударды. Пленум шешімдерінің негізінде деревня партия ұйымдарының жұмысы



қайта құрылды. Олар шаруа бұқарасының тілектері мен мұқтаждарына бұрынғыдан да бетер зейін қоя бастады.

Орталық Комитеттің октябрь пленумы шешімдерінің жүзеге асырылуы партияның еңбекші шаруалар ықпалын күшейтті, кулактарды саяси оқшаулауға жәрдемдесті, жұмысшылар мен шаруалардың одағын нығайтты.

Орталық Комитет, бүкіл партия, еліміздің өндіруші күштерін тезірек қалпына келтіріп, социализмге қарай ілгері басуға бар күшін салып жатқанда Троцкий мен троцкистер партияның осы күш-жігерін әлсіретуге, партияны лениндік жолдан бұрып әкетуге тағы да әрекет жасай бастады.

1924 жылдың күзінде Троцкий партияны тағы да дискуссия ашуға мәжбүр етті. Ол «Октябрьдің сабақтары» деген атпен, партияның тарихын бұрмалаған, Ленинге, ленинизмге жала жапқан мақала жазды. Троцкийдің айтуынша, большевизм тек 1917 жылдан бастап қана, ол Троцкийдің «перманенттік революция» идеясымен қаруланғаннан кейін ғана дәйекті ағым болыпты-мыс. Октябрь төңкерісінде жетекші рольді Троцкий партияға, Ленинге бермей, өзіне алғысы келді. Сөйтіп, Ленин қайтыс болғаннан кейін Троцкий ленинизмді троцкизммен ауыстыруға арсыздықпен әрекет жасады.

Ленин баяғыда-ақ, буржуазия идеологиясының қысымын білдіріп отырған оппортунистік көзқарастар деп әшкерелеген шіріген идеяларын Лениннің тірі кезінде жарыққа шығаруға Троцкийдің батылы бармаған еді. Ал енді Ленин қайтыс болғаннан кейін Троцкий өзінің оппортунизм уымен уланған қаруын — ленинизмге жала жабуын — қайта жұмсай бастады.

Троцкий партияның дүниеге көзқарастарының негіздеріне, ленинизмге қарсы шықты. Троцкийдің жауыздық жаласын әшкерелеу керек болды. Осы үшін партияның Орталық Комитеті мен партия қызметкерлерінің бәрі де істеп жатқан жұмыстарынан қалды. Олар баспасөзде және партия жиналыстарында Троцкийге қарсы шықты. Троцкийді оның жақтастары қорғады. Дискуссия қыза түсті.

Троцкизмді әшкерелеуде Сталиннің «Троцкизм бе әлде ленинизм бе?», «Октябрь революциясы және орыс коммунистерінің тактикасы» деген еңбектері үлкен роль атқарды. Бұл еңбектерінде Сталин ленинизмді, Лениннің пролетарлық революция теориясын қорғады, Троцкийдің «перманенттік революция» теориясының бүкіл антимаркстік мазмұнын көрсетті. Бұл «теория» жұмысшы табын Еуропаның алдығы қатарлы капиталистік елдерінде социалистік революцияның жеңуін, сол жеңген Батыс Еуропа пролетариатының Совет еліне мемлекеттік көмек көрсетуін күтіп қарап отыруға душар етер еді. Сталин Троцкийдің партияға үздіксіз тап беріп келе жатқан қас шырық бұзар екенін, қитетсе: Совет өкіметін құриды деп ылғи сәуегөйлік құрып, партия мен Совет елі еңбекшілерінің айбынды творчестволық жұмысына ірткі салуға әрекеттеніп, ұдайы үрей туғызып келе жатқан адам екенін көрсетті. Сталин Троцкийдің барлық өтіріктері мен партияға ленинизмнің орнына троцкизмді өткізбек болған әуре-сарсанын әшкереледі. «Партияның міндеті — троцкизмді идеялық ағым ретінде жерлеу болып табылады» (Шығармалар, 6-том, 401-бет) деді Сталин.

Партияның Орталық Комитеті мен Орталық Бақылау Комиссиясының біріккен пленумы (1925 жылы январьда) Троцкий туралы мәселені талқылағаннан кейін оған ең қатты ескерту жасап, оның сөз жүзінде ғана емес, іс жүзінде де партия тәртібіне бағынуын, ленинизм идеяларына қарсы күрес атаулыдан сөзсіз бас тартуын талап етті. Пленум Троцкийді СССР Революциялық-соғыс советінің председателі қызметінен алды. Оның орнына СССР Революциялық-соғыс советінің председателі етіліп адал ленинші М. В. Фрунзе тағайындалды. Пле-



нум дискуссияны аяқталды деп танылсын деген қаулы алды, бірақ та партиялық насихатта троцкизмнің 1903 жылдан бастап «Октябрьдің сабақтары» жарыққа шыққанға дейінгі антибольшевиктік, ұсақбуржуазиялық сипаты түсіндіре берілсін деді.

Сөйтіп Троцкий мен троцкистердің партияны ленинизм позициясынан бұрып әкетуге тырысқан тағы бір әрекеті іске аспай қалды.

Троцкийдің кезекті бас көтеруіне батыл соққы бергеннен кейін партия еселей түскен қайрат-жігермен өзінің тарихи міндетін — СССР-де социализм орнатуға басшылық ету жұмысын атқара берді.

### 7. СССР-де социализмнің жеңу мүмкіндігі туралы мәселе.

#### ВКП(б) XIV съезі. Елімізді социалистік жолмен индустрияландыру бағыты. «Жаңа оппозицияны» талқандау

Совет халқының партия басшылығымен істеген ерлік еңбегі өзінің нәтижелерін берді: халық шаруашылығын қалпына келтіру жұмысы аяқталуға жақын еді. Совет елі барған сайын нығая түсті. Нәп жағдайында совет құрылысы азғындап капиталистік құрылысқа айнала ма деген дүниежүзілік буржуазияның үміті іске аспай қалды. Шетел капиталистері Совет елімен экономикалық байланыстарын кеңейте берді. СССР-ді «танымау» саясаты оның нығайып, табысқа жете беруіне бөгет бола алмайтынына капиталистердің жетекші топтарының көзі жетті. Мұндай саясат тіпті, капиталистік елдердің СССР-мен экономикалық қатынастарының дамуына бөгет болып, олардың өздеріне зиянға соқты, ал мұндай қатнастардан олар аз пайда көріп отырған жоқ еді. Осыны ескеріп, 1924 жылы Англия, Италия, Австрия, Норвегия, Греция, Швеция, Дания, Мексика және Франция Совет үкіметін танып, онымен дипломатиялық қатынас жасай бастады. СССР мен Қытай арасында да дипломатиялық қатынас орнатылды (сол жолы Қытайдың шетелдік ұлы державамен жасасқан ең алғашқы тең праволы договорына қол қойылды). 1925 жылы әлгі мемлекеттердің үлгісіне Жапония қосылды. Ұлы державалардан тек АҚШ ғана өзінің СССР-ді «танымау» саясатынан жазбады.

Совет елінің халық шаруашылығы соғыстан бұрынғы дәрежесіне тез жетіп келе жатқандықтан, ал капитализм бүкіл дүние жүзінде тұрақталуға айналғандықтан, экономика және техника жағынан мешеу қалған Советтік Россияда социализм құруға бола ма, жау капиталистік қоршауда отырғанда бұған оның өз күші мен ресурстары жете ме? — деген мәселе өте қатты қойылды.

Троцкистер партияға қарсы күрестерінде: Батыс Европа пролетариаты жеңіп шығып, мемлекеттік көмек көрсетпейінше Советтік Россияда социализм құруға болмайды, деді. Олар жұмысшы табын капитализм алдында капитуляция жасауға итермеледі.

Партия троцкистердің капитулянттық ұағызына батыл соққы берді. XIV конференция (1925 жылдың апрелі) «пролетариат партиясы социалистік қоғамды құрғанда, егер елді қандай да болсын реставрация әрекеттерінен сақтап қала алсақ, бұл құрылыс жеңімпаз болуы мүмкін және болады да деген сеніммен құруға барлық күшті жұмсауға тиіс» («К.П.С.С. қ а р а р л а р ы», I б ө л і м, 183-бет) деп мейлінше айқын етіп мәлімдеді.

Партия жұмысшылар мен шаруалардың өз буржуазиямызды экономика жағынан жеңіп шығуға күші жететінін анық білді. Бірақ та Совет мемлекетінің, толық социалистік қоғамды құрған күнде де, капиталистік елдер тарапынан интервенция жасалмауына, олардың СССР-де капитализмді реставрациялау әрекеттері болмауына кепілі жоқ еді.



Конференцияның қарарында: «Олай болса, социализмнің түпкілікті жеңіп шығуының бірден-бір кепілдігі, яғни реставрация болмауының кепілдігі бірқатар елдерде жеңімпаз социалистік революцияның жасалуы болып табылады» («К П С С... қарарлары», II бөлім, 182-бет) делінген.

XIV конференцияның СССР-де социализм құрудың мүмкіндігі туралы шешімдері партияның әрбір мүшесі үшін партиялық заң болып алды. Бұл шешімдер социализмнің ең әуелі жеке алынған бір елде жеңуі мүмкін деген лениндік теорияның мәнісін, Совет Одағында социализм құру жайындағы лениндік жоспардың мәнісін көрсетіп берді.

1925 жылдың аяғында партия мен совет халқы социализм құруда едәуір табыстарға жетті. Халық шаруашылығы негізінен қалпына келтірілді. Оның Совет мемлекетінің қолында отырған тұтқалы орындары нығайтылып, өріс алды. Экономикалық негізде жұмысшылар мен шаруалардың одағы нығайды, демек, пролетариат диктатурасы нығайды.

Еліміздің ауыл шаруашылығы соғыстан бұрынғы өнімінің 87 процентін берді. Егіс көлемі 1913 жылғы дәрежесінің 99,3 процентіне жетті. Елімізде сиыр мен шошқа саны 1916 жылғысынан асты.

Ауыл шаруашылығы кооперациясы да едәуір ілгері басты: 1924 жылдың 1 январынан 1925 жылдың 1 июліне дейін әртүрлі кооперацияға біріккен шаруа шаруашылықтарының саны 1 740 мыңнан шамамен 5 миллионға жетіп, үш есе дерлік көбейді.

1925 жылы ірі өнеркәсіп соғыстан бұрынғы өнімінің төрттен үшіндейін өндірді. Мемлекеттік және кооперативтік өнеркәсіптің жалпы өнімдегі үлесі 81 процент, ал жекешелердікі — 19 процент болды. Бірақ та металлургия өнеркәсібі соғыстан бұрынғы дәрежесінен әлі де көп төмен еді. Шойын соғыстан бұрынғысының, шамамен, үштен біріндей, болат, шамамен, жарты мөлшеріндей ғана қорытылды. Металлургия жөнінен партияның алдағы жерде көп жұмыс істеп, зор қиыншылықтарды жеңіп шығуы керек болды. Тұтыну бұйымдарын өндіретін өнеркәсіп салаларының жалпы өнімі соғыстан бұрынғы дәрежесінің үштен екісінен асты. Темір жол транспорты қалпына келтіріліп жатты: оның тасыған жүгі 1913 жылы тасыған жүгінің 80 процентіне жетті.

Лениннің ГОЭЛРО жоспары да ойдағыдай орындалып жатты. Шаруашылықты қалпына келтіру дәуірінің аяқ кезінде: Кашир, Шатур, «Красный Октябрь» (Ленинград), Кизел, Нижегород (Балахна) электр станциялары салынып болды. Штер және Волхов электр станциялары салынып бітіп қалған еді.

Өнеркәсіптегі ірі табыстарға қарамастан, жұмыссыздық әлі жойылмаған еді. Елімізде бір миллиондай жұмыссыздар болды. Бұлар көбінесе деревнядан жұмыс таба алмай келгендер еді. Жұмысшылардың саны бір жылдың ішінде 1,5 миллионға өссе де, өнеркәсіп пен халық шаруашылығының басқа да салалары деревнядан келгендердің бәрін өндіріске орналастыра алмады. 1925 жылдың аяғында барлық жұмысшылар армиясы, өнеркәсіптегісі, ауыл шаруашылығындағысы бар, бұларға жұмыссыздарды да қосқанда — 7 миллионнан астам адам болды.

Ішкі сауда саласында үлкен табыстарға қол жетті. Оның жалпы айналымы соғыстан бұрынғы дәрежесінің 70 процентіне жетті. Осы айналымда мемлекеттік сауда 50 процент, кооперация — 25, жеке саудагерлер — 25 процент орын алды. Сөйтіп коммунистер Лениннің: сауда жасай біліндер, деген нұсқауын абыроймен орындап шықты. Олар рыноктен жекеше саудагерлерді ойдағыдай ығыстырып жатты.

Еңбекшілердің материалдық жағдайы жақсарды. Мемлекеттік өнеркәсіптегі жұмысшылардың нақтылы жалақысы соғыстан бұрынғысынан асты. Еңбек өнімділігі өсуінің жалақы өсуінен кейін қалушылығы



ғы жойылды. Шаруа семьясы тамаққа астық, ет, мал майы, өсімдік майы, қант сияқты өнімдерді анағұрлым көбірек тұтына бастады.

Пролетариаттың табынан азу процесі тоқталды, сөйтіп жұмысшы табы диктатурасының таптық негізі нығайтылды.

Халық азарту және мәдени құрылыс салаларында да кейбір, бірақ әлі мардымсыз табыстар болды. Барлық халықтың сауаттылығы 1920 жылғы 32 проценттен 1926 жылдың аяғында 40 процентке жетті. Деревняда 2 мыңнан астам оқу үйі жұмыс істеді; шаруалардың тұрмысына радио, кино ене бастады.

Халық шаруашылығын қалпына келтіру жылдарында партия мемлекеттік аппаратты едәуір нығайтты. Партияның басшылығымен өнеркәсіпті басқару системасы қалыптасты, мұның негізіне Лениннің демократиялық централизм принципі алынды.

Партия халық шаруашылығын, әсіресе өнеркәсіпті жоспарлау жөнінде табысқа жетті. Бұл жұмыста партия ауыр өнеркәсіптің халық шаруашылығында артықша ролі барын бір минут те есінен шығарған жоқ. Жылдан-жылға нығайып келе жатқан жоспарлау жұмысының негізінде халық шаруашылығы капиталистік елдердің соғыстан кейінгі экономикасы білмеген, біле де алмайтын, бұрын-соңды болмаған тез қарқынмен қалпына келтірілді.

Халық шаруашылығын қалпына келтіру дәуірінің аяқ кезіне таман СССР бұрынғысынан да гөрі нығайды. 1924 — 1925 жылдары ұлт саясатында ірі-ірі шаралар жүргізілген жылдар болды. Орта Азияда дербес советтік республикалар — Түркмен және Өзбек республикалары, ал бірнеше жылдан кейін Тәжік республикасы құрылып, бұлар толық тең праволылық негізінде өз еріктерімен Совет Одағына қосылды. Мұнымен байланысты Түркменстан, Өзбекстан, ал одан кейін Тәжікстан коммунистік партиялары құрылды. Одақтық республикалардың коммунистік партияларының алдында халық бұқарасын социализм құрылысына тарту міндеті тұрды.

Ақырында, партия өзінің сыртқы саясаты арқылы бейбітшілікті нығайтты, СССР-дің халықаралық аренадағы ролін күшейтті. Совет мемлекетінің капиталистік елдермен қатар бейбіт өмір сүруі жөніндегі лениндік принцип ойдағыдай жүзеге асырылды.

Бұл дәуірдің ішінде партияның өзі идея жөнінен анағұрлым шындалды, оның саны артты. Бұл — партияның бұқарамен байланысының мықты екендігінің, бұқара алдында инабатты, талассыз беделді екендігінің, саясатының дұрыс екендігінің белгісі еді. Партия біржарым миллионнан астам комсомолға, жеті миллион мүшесі бар кәсіподаққа, он миллион мүше армиясы бар ерікті қоғамдарға басшылық етті. Осы толып жатқан қоғамдық ұйымдардың қызметі бұқараның белсенділігі өскендігінің, шын пролетариат демократиясының өріс алғандығының, партияның орасан зор тәрбие жұмысын жүргізгендігінің белгісі еді және совет халқының социализмге қарай шапшаң алға басуының кепілі болды.

Еліміздің шаруашылық және саяси өміріндегі табыстар нәптің бастапқы кезіндегі Лениннің: «кімді-кім женеді?» деп қойған сұрағының социализм пайдасына шешілгендігін көрсетті. Жана экономикалық саясат дұрыс болып шықты: совет халқы тоқтаусыз социализм жолымен ілгері басты.

Бірақ социализмге бет алған жүрістің қарқынын тездету қажет болды. 1925 жылы 18—31 декабрьде болып өткен партияның XIV съезі осындай нұсқау берді. Съезде партияның 643 мың мүшесі мен 445 мың кандидатының өкілдері болды. Съезд Орталық Комитет пен Орталық Бакылау Комиссиясының есепті баяндамаларын, партия Уставын өзгерту туралы мәселені және басқа да мәселелерді талқылады.



Партияның XIV съезі Орталық Комитеттің саяси және ұйымдастыру бағытын мақұлдады, бұл бағыттың жүзеге асырылуы халық шаруашылығының жалпы өрлеуін қамтамасыз етті, оны соғыстан бұрынғы дәрежесіне жақындатты, социализмнің позицияларын нығайтты.

СССР-дің капиталистік қоршау жағдайында отырғанын, Англия мен АҚШ-тың басшылығымен Совет еліне жаңадан шабуыл жасау үшін капиталистік мемлекеттердің блоктарға бірігіп жатқандығын ескеріп, съезд Орталық Комитетке: провокацияларға берілмеуге, бүкіл дүние жүзінде бейбітшілік орнауы үшін таймай күресе беруге, халықаралық пролетариатпен және езілген халықтармен одақты нығайта түсуге, еліміздің қорғаныс қабілетін мейлінше нығайта беруге, қарулы күштеріміздің қуатын арттыра беруге директива берді.

Экономикалық құрылыс саласында съезд елімізді социалистік жолмен индустрияландыру жөніндегі лениндік жоспарды жүзеге асыруды тапсырды. Съездің қарарында: «СССР-де социалистік құрылыстың жеңуі үшін күресу партиямыздың негізгі міндеті болып табылады» делінген («К П С С... қ а р а р л а р ы», II бөлім, 209-бет). Шаруашылық құрылыс-машиналар мен жабдықтарды шеттен әкелетін елімізді енді машиналар мен жабдықтарды өзі істеп шығаратын, ең жаңа техникамен қаруланған индустриялы елге айналдыру бағытында өріс алуға тиіс деп көрсетті съезд. СССР дүниежүзілік капиталистік шаруашылықтан тәуелсіз, дербес экономикасы бар ел болуға тиіс еді.

Елімізді индустрияландырумен байланысты партия алдына қойылған маңызды, қиын міндеттер толық ауызбірлік болып, партия қатары тығыз топталғанда ғана орындалуы мүмкін еді. Съезд Орталық Комитетке: «...қайдан шықса да және кім бастаса да, партияның бірлігін бұзу әрекеттерінің қандайымен болсын батыл күрес жүргізуді» тапсырды («К П С С... қ а р а р л а р ы», II бөлім, 216-бет).

Бұл шешім XIV съездің алдында Орталық Комитеттің Саяси бюросының мүшелері Зиновьев пен Каменев басқарған «жаңа оппозиция» дейтіннің ұйымдасуына байланысты да алынған еді. Бұлар бұрын троцкизмге қарсы шығып келсе, РКП(б) XIV конференциясынан кейін өздері троцкистік позицияға сырғып түсті. XIV конференцияда олар партияның СССР-де толық социалистік қоғам құруға бет алуы керек деген қарарға дауыс берді, ал конференциядан кейін көп ұзамай-ақ, Батыста социалистік революция болмай тұрып, СССР-де социализм құруға болмайды дегенді айта бастады. Бұлары Зиновьев пен Каменевтің 1917 жылғы октябрьдегі, партияның социалистік төңкеріс жасауға алған бағытына қарсы күрескендегі капитулянттық позициясының қайталамасы (рецидиві) еді, онда олар пролетариаттың күшіне және оның еңбекші шаруаны өзіне ертуге қабілеті жететіндігіне сенбеген еді. Троцкий де, Батыс Еуропа пролетариаты билікті қолына алғаннан кейін мемлекеттік көмек көрсетпейінше Россияда социализм құруға болмайды деп баяғыдан айтып келе жатқан болатын. Сөйтіп, Зиновьевтің, Каменевтің және Троцкийдің идеялық позициялары Советтік Россияда социализмнің жеңуі мүмкін емес деген меньшевиктік көзқарасқа келіп тоғысты.

СССР-де социализм құру мүмкіндігі туралы мәселе басты мәселе болды, барлық оппортунист, барлық жіктер мен фракциялар Ленинмен, партиямен осы мәселеден ажырасты. Совет елінде социализм орнату жөніндегі лениндік теорияға мықтап қарсы шыққан да: Троцкий, Каменев, Зиновьев, Радек болды.

СССР-де социализм орнатуды мүмкін емес деп, партияның елімізді индустрияландыруға алған бағытына қарсы шыға отырып, «жаңа оппозиция» Совет Одағының мемлекеттік өнеркәсібін социалистік өнеркәсіп емес, мемлекеттік капиталистік өнеркәсіп, деді, ал нәп — тек



қана шегіну, шегінгенде — капитализмге қарай шегіну, деді. Бұл оппозиция жұмысшы табының орта шаруамен одақтасуы жөніндегі партияның лениндік бағытына қарсы күрес жүргізді, мұның өзі пролетариат диктатурасының тірегін қаусату деген сөз еді. «Жаңа оппозиция»: партия азғындап барады дегенді айтып, жала жапты.

Өзінің көзқарастарында еліміздің ұсақбуржуазиялық жіктерінің қысымын білдірген «жаңа оппозиция» социализм орнатудағы орасан зор қиыншылықтардан қорыққан партия ішіндегі оппортунистік элементтердің, капитулянттар мен күдікшілердің жиналған ұясы болды. Бұл «жаңа оппозиция» дүниежүзілік капитализмнің күшінен үрейі ұшып қорықты, кулактың белсенділігінен шошынды. «Жаңа оппозиция» партияны кулактарға қарсы күреспейді, кулактар туғызған қауіпті көргісі келмейді, деп жала жапты.

Бірақ партия екі майданға қарсы — кулак қауіпін асыра бағалап, орташалардың ролін жете бағаламағандармен де, кулак қауіпін көрмегендермен де — күресті. XIV съездің қарарында былай делінді:

«Деревнядағы жіктелуді жете бағаламайтын, кулактардың ... өсуіне байланысты қауіптерді көрмейтін... уклонды съезд қатты айыптайды.

Бірақ мұнымен бірге съезд коммунистік саясаттың деревнядағы негізгі мәселесін, егіншіліктегі негізгі күш ретіндегі орташа үшін күресу туралы, деревняның социализмге қарай алға басуының негізгі ұйымдастыру формасы ретіндегі кооперация туралы мәселені бүркемелеу әрекеттерін де сондай қатты айыптайды.

Съезд осы соңғы уклонмен күресудің қажеттігін ерекше атап көрсетеді» («К П С С... қ а р а р л а р ы», II б ө л і м, 212 — 213 - б е т т е р).

СССР-де социализм орнатудағы қиыншылықтарды жеңіп шығу үшін партияны оппортунистік былықтардың бәрінен тазартып, партияны бір тұтас, мызғымас ету қажет болды. «Жаңа оппозиция» троцкизм платформасында қалыптасты. Сондықтан троцкизмді бұқара алдында әшкерелеп, меньшевизмнің бір түрі ретінде оны жеріне жеткізе талқандау керек еді. Троцкий мен троцкистер партияның революция мен социалистік құрылыстағы жетекші күш ретіндегі ролін бұрмалап, кемітуге тырысты. Партия ішінде фракцияларға орын берілуін талап етіп, олар шындығында партияны ыдыратуды, оны құлатуды көздеді, өйткені партияның ішінде фракцияларға орын берілсе ол, әсіресе арпалысқан тап күресі жағдайында, сөзсіз құритын еді.

Троцкистер жұмысшы табының еңбекші шаруалар мен одағын бұзуды көздеді, олар шаруаларды социализмге қарсы күресетін реакцияшыл күш деп қарады. Сөйтіп троцкистердің ұстаған бағыты пролетариат диктатурасын жоюға бет алды, өйткені Совет өкіметі жұмысшылар мен шаруалар одағының, бұл одақта Коммунистік партия бастаған жұмысшы табының жетекші ролінсіз өмір сүре алмайды.

Партияның СССР-де социализм орнатуды көздеген бағытына қарсы күрескенде троцкистер жұмысшылардың арасына капитулянттық идеяларды таратты. Троцкистердің көзқарасынша, жұмысшы табына тек капиталистерге пенде болып бас иіп бару ғана қалған еді.

Сөйтіп, ленинизмнің барлық негізгі мәселелері жөнінен троцкистер антилениндік, антипартиялық позицияда болды, сондықтан қалай болғанда да троцкизмді біржола жою керек болды.

«Жаңа оппозицияны» әшкерелеуде Сталиннің 1926 жылы январьда шыққан «Ленинизм мәселелері жөнінде» деген кітабы үлкен роль атқарды. Бұл кітабында Сталин ленинизмді «жаңа оппозицияның» троцкизмге ыңғайлап бұрмалау әрекеттерінен қорғады. Мұндай әрекетті, мысалы, ленинизмді троцкизммен ауыстыратын «Ленинизм» деген антилениндік кітап жазып шығарған Зиновьев жасаған еді. Сталин троцкистердің ленинизмді көміп, меньшевиктенген троцкизмді марксизм етіп көрсету жөніндегі ниеттерін әшкереледі. Ол «жаңа оппози-



цияның» партияға қарсы күресінің негізінде СССР-де социализм орнатудың мүмкіндігіне, жұмысшы табы мен оның Коммунистік партиясының күшіне сенбеушілік болғанын дәлелдеп берді.

Сталиннің кітабы коммунистерге ленинизмді бұрмалаушылыққа қарсы күресуде көмектесті. Бұл кітап, Батыс Европа пролетариатының мемлекеттік көмегін күтпей-ақ, Совет елінде өз күшімен социалистік қоғам құруға болатындығына жұмысшы табының сенімін нығайтты.

«Жаңа оппозицияның» орталығы Ленинградта болды. Зиновьев пен оның пікірлестері партияның Орталық Комитетімен өздерінің таластарын Ленинград коммунистерінен уақытша жасырып жүрді. Өздерін Орталық Комитеттің бағытында, партияның бағытында етіп көрсетіп келді. Жұртты алдап XIV съезге делегат болып өтіп алғаннан кейін, «жаңа оппозиция» съезде жекеленген топ болып шығып, Орталық Комитетті құлатып, партия басшылығын өз қолдарына алу мақсатымен, Орталық Комитетпен күресуге бел байлады.

«Жаңа оппозиция» Орталық Комитетке қарсы өзінің қосымша баяндамашысы етіп Зиновьевты шығарды, ол барлық негізгі мәселелер жөнінен партия жолына «жаңа оппозицияның» көзқарастарын қарсы қойды. Ленинградтың губерниялық конференциясы Орталық Комитетке сенім білдіріп дауыс берген еді, ал партияның XIV съезінде «жаңа оппозиция» Орталық Комитетке сенім білдіруге қарсы дауыс берді. «Жаңа оппозиция» съездің шешіміне бағынбайтынын мәлімдеуге дейін барып, Ленинградқа қайтқан соң Ленинград коммунистерінің арасында осы бағытта жұмыс жүргізді.

«Жаңа оппозицияның» лидерлерін әшкерелеу үшін съезд Ленинград партия ұйымына арнаған үндеуінде Ленинград делегациясының съездегі қылықтарын айтып берді.

Съезд аяқталғаннан кейін, съездің шешімдерін түсіндіріп, «жаңа оппозицияның» антипартиялық істерін әшкерелеу үшін Орталық Комитет Ленинградқа А. А. Андреевті, К. Е. Ворошиловты, М. И. Калининді, С. М. Кировты, В. М. Молотовты, Г. И. Петровскийді және басқаларды жіберді. Ленинград коммунистерінің жиналыстары қызу өтті. Олар «жаңа оппозицияның» істеген ісіне қатты ызаланды. Ленинград коммунистерінің 97 процентінен астамы съездің шешімдерін мақұлдап, «жаңа оппозицияны» сөкті. Ал съезден кейін бір айдан соң жиналған Ленинградтың губерниялық конференциясы Зиновьев басшылығын тайдырып, С. М. Киров бастаған жаңа губерниялық комитет сайлады.

Партияның бірлігін бұзуға, ленинизмді троцкизммен ауыстыруға әрекеттенген тағы бір антипартиялық жік маскара болып құлады.

XIV съезд партияның жаңа уставын қабылдады және РКП(б)-нің атын Бүкілодақтық Коммунист (большевиктер) партиясы — ВКП(б) деп өзгерту туралы шешім алды.

ВКП(б) XIV съезі тарихқа елімізді индустрияландыру съезі болып кірді. Оның шешімдері фабрикаларды, заводтарды, ауыл шаруашылығын ең жаңа техникамен қаруландыра алатын, шаруалардың шаруашылығын социалистік жолмен өзгерте алатын ауыр индустрияны, ірі машиналы социалистік өнеркәсіпті тезірек өрістетуді көздеген партияның лениндік бағытын білдіреді.

И. В. Сталин съезде: «Елімізді аграрлық елден индустриялы елге, қажетті жабдықтарды өз күштерімен жасап шығара алатын елге айналдыру керек, — біздің сара жолымыздың мазмұны, негізі міне осында» деді (Шығармалар, 7-том, 380 — 381-беттер).

Елімізді индустрияландыруға бағыт алу экономика мен саясаттағы табыстардың, партия мен пролетариат диктатурасын нығайтудың, СССР-дің халықаралық аренадағы беделі мен ролі артуының нәтижесінде мүмкін болды.



Елімізді индустрияландыру шаруашылық құрылыс міндеттерінің тізбегіндегі негізгі буын болып табылады, осы буыннан ұстап социалистік құрылыстың барлық тізбегін тартып шығаруға, СССР-де социалистік қоғам орнатуға болатын еді.

Партия әртүрлі оппозицияшыл топтардың партияны лениндік жолдан адастыруға тырысқан толып жатқан әрекеттерін тойтарып, жаңа тарихи кезеңге біртұтас болып, лениндік Орталық Комитеттің маңына тығыз топталған күйінде көшті.

### ҚЫСҚАША ҚОРЫТЫНДЫЛАР

1921 — 1925 жылдар — бейбіт құрылыс жылдары — партия мен халықтың халық шаруашылығын қалпына келтіру, Совет елінің социализмге қарай ілгері басуы үшін күш салған күрес жылдары болды.

Жаңа экономикалық саясатты тұтасынан капитализмнен социализмге көшу дәуірі үшін бірден-бір дұрыс саясат деп қабылдап, партия осы даналық қадамы арқылы жұмысшылар мен шаруалардың одағын нығайтты, пролетариат диктатурасын бекіндірді, сөйтіп, халық шаруашылығының социалистік секторын өрлете бастады, оның капиталистік сектормен ойдағыдай күресуін қамтамасыз етті.

Өзінің дұрыс, маркстік-лениндік ұлт саясаты арқылы партия Совет еліндегі халықтарды бірлескен, туысқан халық етіп біріктірді, оларды мызғымас Советтік Социалистік Республикалар Одағына топтастырды.

Партия Лениннің Совет елінде толық социалистік қоғам орнату үшін керектінің бәрі де жеткілікті бар деген нұсқауын батылдықпен жүзеге асырды. СССР-де социализм орнату мүмкіндігі туралы мәселе негізгі, ең қиын мәселе болды, барлық оппортунистер ішінде троцкистер тобы басшылық роль атқарған барлық фракциялық жіктер партияға қарсы осы мәселе жөнінде арпалысқан күрес жүргізді. Бұлардың бәрі де партияны лениндік жолдан адастырып, оны басқа жолға, буржуазиялық демократияға, Совет елінде капитализмді қайта орнатуға бастайтын жолға салуға тырысты.

Партия бұл жіктердің бәрін де батыл талқандады. Бұл істе, оппортунистер мен ымыраға келмеудің үлгісін көрсеткен, партияға өз қатарының бірлігі мен мызғымас беріктігі үшін, темірдей тәртіп болу үшін, фракцияшылдықтың бәріне жол бермеу үшін күресуде аса күшті идеялық қару берген ұлы Лениннің еңбегі орасан зор еді.

Партия лениндік саясатты бұлжытпай жүзеге асыра отырып, капиталистік элементтермен кескілескен тап күресі үстінде осы дәуірде нәп жолында орасан зор табыстарға жетті. Партияның басшылығы мен совет халқы тарихи қысқа мерзімнің ішінде халық шаруашылығын қалпына келтіру міндетін шешті. Партияның басшылығымен социалистік құрылыстың жаңа кезеңіне көшудің берік фундаменті салынды.

Екі системаның — социализм мен капитализмнің — қатар өмір сүруі туралы лениндік принципті жүзеге асыра және бейбітшілікті сақтау жолында күрес жүргізе отырып, партия СССР-дің халықаралық аренадағы ықпалын анағұрлым күшейтті.

Сөйтіп, партия өз өміріндегі ең қиын кезеңдердің бірінде тарихи сыннан өтті. Еңбекшілердің алдында оның беделі әбден көтерілді. Халық партияның даналылығына, оның біліп басшылық ететініне іс жүзінде сенді, еңбекші халық мүдделерін қорғайтынына, қызметі түгелімен советтік қоғам игілігіне бағытталатындығына сенді.

Шаруашылықты қалпына келтіру дәуірінің негізгі міндеттерін шешкеннен кейін партия совет халқын жаңа, аса маңызды міндеттерге, жаңа тарихи дәуірге — СССР-ді-социалистік жолмен индустрияландыру дәуіріне бастап алып келді.



## КПСС ХХІ съезінің шешімдері бұқараға кеңінен түсіндірілсін

С. БАЙЕДІЛОВ,

*Оңтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі*

Оңтүстік Қазақстан еңбекшілері КПСС ХХІ съезінің тарихи шешімдерін және елімізде коммунизм құрудың жетіжылдық жоспарын зор қуанышпен қарсы алып өнеркәсіпті, ауыл шаруашылығын, мәдениетті гүлдендіре беру жолында қажырлы да өнерлі еңбек етуде.

Жетіжылдықты мерзімінен бұрын орындайық! Кәсіпорындарда, колхоздар мен совхоздарда социалистік жарыс міне осы ұранмен бұрынғыдан да кең өрістей түсті. Бұл патриоттық істің жемісті нәтижелері кәзірдің өзінде-ақ көріне бастады. Мысалы, облыс еңбекшілері мемлекетке ет сатудың тоқсандық жоспарын мерзімінен бұрын артығымен орындады. Георгиев, Келес, Сарыағаш, Сайрам, Түлкібас, Шәуілдір, Шаян және Арыс аудандарының колхоздары мен совхоздары ет сатудың тоқсандық тапсырмасын біржарым-екі есе асыра орындады. Сөйтіп облыстың ауыл-село еңбекшілері ет тынын игеруде алғашқы жеңіске жетті. Биыл біздің облыс мемлекетке 57 мың тонна ет сатуға тиіс. Партия, совет және шаруашылық ұйымдары бұл міндеттемені 1-июньге дейін орындауға болады деп ұйғарып отыр. Облыс еңбекшілері осымен бірге мал санын, оның өнімділігін шұғыл арттыру, астықтың және мақта егістерінің шығымдылығын арттыру жөнінде де көтеріңкі міндеттемелер қабылдады.

Партия комитеттері мен партия ұйымдары съезд материалдарын насихаттау мен оқып үйрену ісін еңбекшілердің осы міндеттемелерін толық және асыра орындау жолындағы күресімен тығыз ұштастыра жүргізуді көздеп, оны жан-жақты ұйымдастырды. Съезд материалдарын түсіндіру, насихаттау дегеніміз әрбір жұмысшыға, колхозшыға, маманға, қызметкерге коммунистік құрылыстың партия белгілеген жоспарын жүзеге асыру жолындағы күресте өз ролін айқындауға, жетіжылдықтың күрескерлері қатарынан өз орнын таба білуге көмектесу деген сөз. Съезд қорытындылары барлық аудандарда партия активінің жиналыстарында кеңінен талқыланды. Сонымен қатар 400-ге жуық ашық партия жиналыстары өткізілді. Оған қатысқан 10 мыңға жуық адамның біржарым мыңнан астамы съезд материалдарын талқылауға белсене ат салысты. 40 мыңнан астам адам қатысқан 350-ге жуық еңбекшілер жиналыстары болды.

Бұл жиналыстарда съезд шешімдерін талқылауға белсене қатынаса отырып, еңбекшілер елімізде коммунизм құрылысын жүзеге асыруға лайықты үлес қосу үшін өздеріне жана, көтеріңкі міндеттемелер қабылдады. Мәселен, Түлкібас ауданындағы «Победа» колхозының атақты сауыншысы, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты Екатерина Шилина биыл әр сиырдан 4 100 литрден сүт саумақшы. Бұл өткен жылғыдан 500 литр артық. Ленгір көмір тресінің № 5 шахтасының көмір құлатушылар бригадасы жыл аяғына дейін жоспардан тыс 1 000 тонна көмір өндіруге, Ильич ауданындағы «Заря коммунизма» колхозының Ю. Павел жолдас басқаратын бригадасы 190 гектар мақтаның әр гектарынан 44 центнерден өнім жинауға, осы ауданның Ворошилов атындағы колхозының аға шопаны комсомолец Әуесқанов жолдас әр жүз саулықтан 115 қозы алуға міндеттеме алды.



Кәзір партия комитеттері мен партия ұйымдары өзінің бүкіл жұмысын КПСС XXI съезінің шешімдерін түсіндіруге, бұқараны халық шаруашылығын өркендетудің жоспарларын орындауға жұмылдыруға бағыттап отыр. Сондықтан съезд шешімдерін жоғарыда айтылған жиналыстарда талқылаумен бірге, партия ұйымдары бұл үшін үгіт-насихат жұмыстарының басқа түрлерін де кеңінен қолдануда. Облысымыздың кәсіпорындарында, колхоздары мен совхоздарында, РТС-терінде 14 мыңнан астам үгітші съезд шешімдері жөнінде әңгіме өткізіп жүр. Съезд материалдарын бұқара арасында кең түсіндіруге партия, совет, комсомол, кәсіподақ қызметкерлері, ауыл-село интеллигенттері түгелдей тартылған.

Съезд материалдарын насихаттау және оқып үйрену жұмысын алғашқы күндерден дұрыс ұйымдастыруға көмектесу үшін біз февраль айының өзінде-ақ аудандық партия комитеттері секретарьларының кеңесін өткіздік. Кеңесте бұл жөнінде облыстық партия комитетінің секретарьлары И. Юсупов, Х. Байғалиев жолдастар баяндама жасады. Секретарьлар съезд шешімдерін насихаттауды ұйымдастыру туралы өзара пікір алысты.

Съезд материалдары мен шешімдерін насихаттау мен оқып үйрену ісін ұйымдастыруда жергілікті партия ұйымдарына практикалық көмек көрсетудің маңызы да орасан зор. Облыстың партия ұйымдары бұқара арасындағы саяси-ұйымдастыру, үгіт-көпшілік жұмыстарын жүргізуге колхоздар мен совхоздарға басшы қызметкерлерден 170 адам насихатшылар тобын, ал аудандық партия комитеті 400-ден астам саяси ұйымдастырушылар жіберді. Біз алдағы уақытта да басшы партия, совет қызметкерлерін олардың бұқара арасында тікелей саяси жұмыс жүргізуі үшін кәсіпорындарға, колхоздар мен совхоздарға үздіксіз жіберіп отырамыз. Олар съезд шешімдерін оқып үйренуді ұйымдастыруда жергілікті партия ұйымдарына, ондағы үгітшілерге зор көмек көрсетеді, сонымен бірге партия, совет органдарының бұқарамен байланысын нығайта береді. В. И. Ленин басшы кадрлар бұқараны тәрбиелеуге тікелей қатынасуы керек, онсыз саяси қызмет, ұйымдастыру жұмысы болуы мүмкін емес деп үйреткен болатын.

Кәзір партия оқуы жүйесіндегі сабақтар да түгелдей съезд материалдары мен шешімдерін оқып үйренуге көшірілді. Біз оқу жылын 1-июньде аяқтаймыз. Осыған дейін саяси мектептер мен үйірмелерде съезд материалдары бойынша 8—10 сабақ, теориялық семинарларда 3—4 сабақ өткізіледі. Көптеген коммунистер съезд материалдарын өздігінен оқып үйренуде.

Партия оқуы жүйесінде съезд материалдарын терең оқып үйренуге байланысты насихатшы кадрлардың ролі бұрынғыдан да арта түсті. Сабақтардың идеялық мазмұнының жоғары болуы ең алдымен насихатшыларға, олардың саяси әзірлігі мен творчестволық іскерлігіне байланысты. Съезд материалдарын оқып үйренуге кірісер алдында партия комитеттері облыстың барлық аудандарында насихатшыларды, лекторлар мен аудандық партия комитеттерінің консультанттарын түгел қатыстыра отырып, екі-үш күндік семинар өткізді. Насихатшыларды съезд материалдарын оқып үйренудің тематикасымен таныстырдық, нақты нұсқаулар бердік. Сонымен қатар олар XXI съездің шешімдері жөнінде бірнеше теориялық лекциялар мен баяндамалар, облыстың аудандардың басшы қызметкерлерінің практикалық кеңестерін тыңдады.

Насихатшылар семинары әсіресе Қаратас ауданында жақсы әзірлікпен өткізілді. Аудандық партия комитеті семинарға насихатшыларды ғана емес, бастауыш партия ұйымдарының секретарьларын да шақырды. Насихатшылар семинары Георгиев ауданында да ұйымшылдықпен өтті. Семинарға 61 насихатшының 55-і қатысты. Насихатшы-



лар ХХІ съезд шешімдері мен материалдары туралы баяндамалар тыңдады. Бұл баяндамаларда Георгиев ауданының шаруашылығын өркендетудің жоспары да толық баяндалды. Ауданның экономикасы мен мәдениеті жетіжылдықта алып адыммен ілгері басады. Ленгір шахталарында көмір шығару 1965 жылы 750 мың тоннаға жеткізіледі. Керамикалық завод кірпіш өндіруді жылына кәзіргі 7 миллионнан 12 миллионға дейін арттырады. 1960 жылы Ленгір қаласында тұрмыс қажетін өтейтін комбинат салынады. Ауданның колхоздары мен совхоздарында дәнді дақылдардың шығымдылығы гектарына 13 центнерге жеткізіледі. 1965 жылға дейін қой саны колхоздар мен совхоздарда 150 мыңға, сиыр саны 6 мыңға дейін артады, әрбір сиырдан 2 700 литр сүт сауылатын болады. Семинарда насихатшылар өзара тәжірибе ауысты.

Облыстың барлық партия ұйымдары да съезд материалдары мен шешімдерін оқып үйрену және насихаттау ісін кәсіпорынның, колхоз бен совхоздың алдында тұрған нақты міндеттермен тығыз байланысты жүргізуге тырысады. Бұл жөнінде партия ұйымдарының едәуір тәжірибесі бар.

Мысалы, Мақтаарал ауданының орталығындағы экономикалық мектепте және Славян мақта заводының жанындағы КПСС тарихын оқып үйренетін үйірмеде съезд материалдары бойынша алғашқы сабақтар жоғары дәрежеде өтті. Экономикалық мектептің жетекшісі Тарасова жолдас программалық материалды түсіндіре келіп, тыңдаушыларға ауданның «Коммунизм», Ворошилов атындағы ауылшаруашылық артельдері, Велико-Алексеев және Славян мақта заводтары сияқты алдыңғы қатарлы шаруашылықтарының қол жеткен табыстарын нақты мысалдармен көрсетіп берді. Сонымен қатар насихатшы мүмкіншілігі, жер жағдайы осы озат шаруашылықтарымен бірдей «Политотдел», «Алғабас» колхоздарында шаруашылықтың не себептен нашар өркендеп отырғанына және ол шаруашылықтардағы пайдаланылмай жатқан резервтерге тоқталды. Бұл сабақтарға тыңдаушылар белсене қатынасты.

Облыста съезд материалдарын төрт мыңдай коммунист өздігінен оқып үйреніп жүр. Партия ұйымдары оларға практикалық көмек көрсетуді дұрыс ұйымдастыру шараларын іздестіруде. Атап айтқанда, олар үшін лекциялар циклін ұйымдастыру, консультациялар мен теориялық конференцияларды жиі өткізу шараларын белгіледі. ХХІ съездің материалдары бойынша алғашқы теориялық конференцияның бірі Шаян ауданында өткізілді. Конференцияға колхоз председателдері, совхоз директорлары, бастауыш партия ұйымының секретарьлары, ауыл шаруашылығының мамандары, мектеп директорлары, партия оқуы жүйесінің насихатшылары — барлығы 300 адам қатысты. Онда төрт баяндама талқыланды. Аудандық партия комитетінің секретары Аманқұлов жолдас партия ХХІ съезінің тарихи шешімдерінің маңызы, аудандық партия комитетінің насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі Бершімбаев жолдас екі системаның өзара экономикалық жарысы туралы, ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі Тілекбаев жолдас коммунизмнің екі сатысы, аудандық газеттің редакторы Серімбетов жолдас коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау туралы баяндама жасады. Баяндамаларды конференцияға қатысушылар қызу талқылады, көптеген сұрақтар берілді.

Теориялық конференциялар Түлкібас, Түркстан аудандарында да өтті, оған партия, совет активтері, ауыл-село интеллигенттері кеңінен қатысты. Кәзір осындай теориялық конференция өткізуге басқа аудандық партия комитеттері де әзірленіп жатыр. Шымкент қаласында жақында Педагогика институтында КПСС ХХІ съезінің шешімдерімен байланысты партия тарихының мәселелері жөнінде және Технология



институтында саяси экономия мен нақты экономика мәселелері бойынша конференция өткізбекпіз. Бұл конференциялардың жоспары жасалып, облыстық партия комитетінде мақұлданды, баяндамашылар бекітілді. Мұндай теориялық конференциялар қаланың барлық ірі кәсіпорындары мен мекемелерінде де өткізіледі.

Марксизм-ленинизм теориясын өздігінен оқып үйренетіндер үшін қалада облыстық партия комитетінің лекторийі айына екі рет лекция ұйымдастырып отырады. Лекторийдің тыңдаушылары кәзірдің өзінде «КПСС тарихы — жүзеге асқан марксизм-ленинизм», «Социалистік меншіктің екі формасы және олардың дамуы туралы», «Кәзіргі ревизионизм» деген тақырыптарда лекция тыңдады. Оқу жылының аяғына дейін біз лекторийде съезд материалдары бойынша тағы да бес лекция ұйымдастырамыз.

КПСС ХХІ съезінің материалдары мен шешімдерін оқып үйренумен байланысты және оны бұқараға кеңінен насихаттауда партия комитеттерінің оқу үйлеріне, саяси-ағарту кабинеттеріне қойылатын талап та анағұрлым артып отыр. Олар насихатшыларға және саяси білімін өздігінен көтеруді ойлаған жолдастарға теориялық және методикалық кеңесті жақсартуға түсуге міндетті. Кәзір саяси-ағарту кабинеттері өздерінің жұмысын съезд материалдарын насихаттауға лайықтап қайта құрды, олар жергілікті материалдарды көп жинап, стендтер, диаграммалар жасады, методикалық кеңестер ұйымдастыруда.

Съезд материалдарын насихаттауға Георгиев аудандық партия комитетінің партия кітапханасы үлгілі әзірлікпен кірісті. Мұнда кәзірдің өзінде 21 лекция оқылды. Консультация коммунистер мен партияда жоқ активтердің тілектері бойынша әртүрлі тақырыптарда ұйымдастырылуда. Кітапхананың штаттан тыс 12 консультанты бар. Оның екеуі инженер, үшеуі ауыл шаруашылығының маманы. Партия кітапханасына өнеркәсіптің, ауыл шаруашылығының озаттары мен жаңашылдары да жиі келеді. Мәселен, шахтерлер Сеницин, Богданов, Тілеуов, Хасанов жолдастар съезд материалдары бойынша қажетті кеңестер алып отырады. Кітапханада Қазақстанның, Ленгір қаласының, Георгиев ауданының экономикасын көрсететін стендтер қойылған. Мәселен, «біздің жетіжылдық» деген стенд Ленгір қаласы мен Георгиев ауданының болашағын көрсетеді. Мұнда озат тәжірибе бұрышы, КПСС ХХІ съезінің материалдарын оқып үйренушілерге кеңес беретін стол ұйымдастырылған.

Съезд материалдарын насихаттау мен оқып үйренуде лекциялық насихаттың алатын орны, атқаратын ролі зор. Лекциялық насихатты бізде партия комитеттерінің штаттағы және штаттан тыс лекторларымен қатар саяси және ғылыми білімдер тарату қоғамы да жүргізеді. Саяси және ғылыми білімдер тарату қоғамының облыстық бөлімшесінің мүшелері съезд материалдары бойынша аз уақыттың ішінде еңбекшілер арасында екі мыңдай лекция оқыды.

Түркістан, Сарыағаш аудандары мен Шымкент және Кентау қалаларында қоғамның мүшелері лекциялар циклін өткізумен бірге жастар арасында тематикалық кештер, сұрақ және жауап кештерін өткізуге көмектесті.

Қоғамның облыстық бөлімшесі ауыл-селода лекция оқуға өзінің 59 мүшесін жіберді. Көптеген лекторлар мен баяндамашылар бұқараға съезд материалдарын насихаттауда бар білімін, бар тәжірибесін салып, ынтасымен жұмыс істеп жүр. Жұртшылық әсіресе Технология институтының оқытушысы, қоғамның мүшесі Сәлібаев жолдастың техникалық прогресс туралы, Сарыағаш аудандық бөлімшенің мүшесі Бабаянның «КПСС ХХІ съезі — совет халқының коммунизмге қарай басқан алып адымы», Темірбеков жолдастың «Қазақстан халық шаруашы-



лығын өркендетудің жетіжылдық жоспарының негізгі міндеттері» деген тақырыптардағы лекцияларын сүйсіне тыңдады.

Облыстық партия комитеті мен аудандық партия комитеттері марксизм-ленинизм идеяларын насихаттауда жергілікті баспасөздің күшті роль атқаратынын ескере отырып, баспасөз қызметкерлерінің назарын коммунизм құрылысының теориялық және практикалық мәселелерін облыс еңбекшілерінің алдында тұрған міндеттермен терең байланыстыра жазуға аударып отырады. «Оңтүстік Қазақстан» және «Правда Южного Казахстана» газеттері Н. С. Хрущев жолдастың XXI съезде жасаған баяндамасының тезистері жарияланғаннан бастап-ақ бұл жұмысқа қызу ат салысып келеді.

Облыстың партия ұйымдары еңбекшілерді жетіжылдық жоспарды орындау және асыра орындау жолындағы күреске жұмылдыруда насихаттың кино, радио сияқты қуатты құралдарын да шебер пайдалануға назар аударып отырады. Облысымыздың қалалары мен аудандарында «Совет Одағының Коммунистік партиясы — совет халқының ұлы жеңістерінің ұйымдастырушысы», «Ғылым мен техника жаңалықтары» деген тақырыптарда кинофестиваль өткізіледі.

Облыс еңбекшілеріне КПСС XXI съезінің тарихи шешімдерін түсіндіру, сөйтіп оларды жетіжылдық жоспардың, сол сияқты биылғы жылғы жоспардың тапсырмаларын орындауға және асыра орындауға жұмылдыру ісінде осы сияқты игілікті жетістіктермен қатар елеулі кемшіліктер де бар. Кейбір партия ұйымдарының басшылары бұл жөніндегі жауапкершіліктерін жеткілікті сезбейді. Шымкент қаласының, Созақ, Киров аудандарының бірқатар партия ұйымдарында съезд материалдарын оқып үйрену кеш басталды. Киров ауданының кейбір партия ұйымдарында съезд материалдарын оқып үйрену үстірт, формальді жүргізіліп келеді.

Мұндай кемшілік Арыс ауданының бірсыпыра партия ұйымдарында да бар. Жакында облыстың партия комитетінің бюросы ауданның К. Маркс атындағы колхозында партия тарихын оқып үйренетін үйірменің жұмысын қарады. Үйірменің жетекшісі колхоз председателі Диенко жолдас съезд материалдары жарияланғаннан бері бірде-бір сабақ өткізбеген болып шықты. Облыстық партия комитетінің бюросы Арыс аудандық комитетіне партия оқуын ұйымдастырудағы бұл және басқа кемшіліктерді қатты ескертіп, еңбекшілердің съезд материалдарын оқып үйренуін тыңғылықты ұйымдастыруды тапсырды.

Облыстың мәдени-ағарту мекемелері съезд материалдарын насихаттау ісін жеткіліксіз жүргізіп келеді. Саяси және ғылыми білімдер қоғамның кейбір мүшелерінің оқитын лекциялары үстірт, өмірден алыс болады, коммунизм құрылысының міндеттерімен тығыз ұштастырылмайды. Көптеген клубтар, кітапханалар және басқа да мәдени ағарту мекемелерінің жұмысы партияның XXI съезі қойған міндеттердің дәрежесіне сай емес, олардың көпшілігі жөнді жабдықталмаған, съезд материалдарын насихаттауда жеткілікті жұмыс жүргізбейді. Партия комитеттері мен партия ұйымдары келешекте мұндай кемшіліктерді үзілді-кесілді жоюға тиіс.

КПСС XXI съезінің шешімдерін насихаттау және жүзеге асыру жөнінде істелген бұл жұмыстардың бәрі әлі де ұзақ уақыт бойы жүргізілетін үлкен істің игілікті бастамасы ғана. Сондықтан Оңтүстік Қазақстан облысының партия ұйымдары съезд шешімдерін насихаттау және оқып үйрену жұмыстарын мұнан былай да кеңінен өрістете жүргізіп, облыс еңбекшілерін еліміздегі коммунистік құрылыстың ұлы программаларын жүзеге асыру жолындағы күреске жұмылдыра береді.



# Жетіжылдықтың алғашқы жылында біздің алдағы асу

Қ. СЫЗДЫҚОВ,

*Қазақстан КП Қорғалжын аудандық комитетінің секретары*

Кәзіргі Қорғалжын Ақмола облысындағы астықты, малды ірі аудандардың бірі.

Мұнан аз ғана бұрын біздің аудан тек мал шаруашылығымен шұғылданатын. Ол уақытта колхоздар ұсақ, егіс көлемі аз еді. Ал, ұлан-байтақ құнарлы жер игерілмей жатты.

КПСС Орталық Комитетінің 1953 жылғы сентябрь Пленумының шешімдері Қорғалжын даласына да жан кіргізді. Ғасырлар бойы пайдаланылмай жатқан жерлер игерілді. Жаңадан 7 совхоз ұйымдастырылды, колхоздар ірілендіріліп, олар саналуан жаңа техникамен, қуатты тракторлармен қаруландырылды. Кәзір бізде 11 совхоз, 6 ірі ауылшаруашылық артелі бар. Партияның шақыруымен Қорғалжын даласын игеруге мыңдаған патриоттар келді.

Аудан шаруашылықтары партия ұйымдарының басшылығымен соңғы бес жылдың ішінде 300 мың гектардан астам тың және тыңайған жер игерді. Осының нәтижесінде колхоздар мен совхоздардың шаруашылығы жан-жақты дамып өркендеді.

Аудан колхоздары мен совхоздарының астық өндірудегі табыстарын, өсу жолын төмендегі цифрлардан айқын көруге болады. Біздің дихандарымыз сүйікті Отанымызға:

1953 жылы 1,5 миллион пұт,  
1954 жылы 1,5 миллион пұт,  
1955 жылы 10 миллион пұт,  
1957 жылы 12 миллион пұт,  
1958 жылы 17 миллион пұт астық берді.

Тың игеруге дейін Қорғалжын ауданының барлық колхоздары мен совхоздары өндірген астықты кәзір бір совхозымыз ғана өндіретін болып отыр. Совхоздар кәзір негізінен мол өнімді, табысты шаруашылыққа айналды. Жаңа совхоздар өздерін құруға жұмсалған мемлекет қаржысын толық өтеді. Бізде бірсыпыра совхоздарда өндірілген астықтың түсер құны жоспарлы мөлшерден әлдеқайда төмен. Мысалы, өткен жылы Армавир совхозында бір центнер астықтың түсер құны 26 сом 30 тиын болды.

Тың және тыңайған жерді игеру тек астық молшылығын жасап қойған жоқ. Ол мал шаруашылығын өркендетіп, мал басын өсіріп, оның өнімділігін арттыруға да кең жол ашты. Мысалы, ауданда қой саны екі есе көбейді, сүт, жүн, ет және басқа өнімдер өндіру едәуір артты. Міне біздің аудан еңбекшілерінің тың игеруден алған алғашқы сыйы осындай. Тыңның күші әлі нелер кереметті көрсетеді!

Ауданымыздың еңбекшілері өткен жылды елеулі табыстармен аяқтап, коммунистік жетіжылдықтың алғашқы көктеміне жақсы әзірлікпен кірісті. Біздің егіншілеріміз, мал өсірушілеріміз, жетіжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау жолындағы күреске лайықты үлес қосу үшін өздеріне нақты міндеттеме алған. Кәзір ауданымыздың барлық колхоздары мен совхоздары көктемгі егіс жұмыстарына кірісті.

Біздің аудан Ақмола облысының шығыс жағын алып жатыр, ауа райы едәуір құрғақ болады. Міне мұның өзі көктемгі егіс кезінде де,



егін жинау жұмыстарында да агротехникалық шараларды қатаң сақтауды талап етеді. Менімше, біздің ауданның колхоздары мен совхоздарының көктемгі егісті 5—25 майдың аралығында жүргізгені қолайлы. Онда да бізде барлық шаруашылықтар көктемгі егісті бір мезгілде жүргізбейді, ал әрбір жеке шаруашылықты алғанда дәнді дақылдар егісін 7—8 жұмыс күні ішінде аяқтау керек. Кәзір аудандық партия комитеті барлық шаруашылық басшыларының, партия ұйымдарының назарын осы мерзімдерді берік сақтауға аударып отыр.

Біздің колхоздар мен совхоздар көктемгі егіске кірісуден бұрын барлық тракторларды, машиналарды және басқа да ауыл шаруашылық құралдарын толық әзірлеп қойды. Барлық шаруашылықтарда да егіс қостарын жақсы ұйымдастыруға, оларды жабдықтауға баса көңіл бөлінді, егіс қостарында қызыл бұрыштар, радиоқабылдағыштар, музыкалық аспаптар болады. Әсіресе қоғамдық тамақтың жақсы ұйымдастырылуына, егіншілердің мәдениетті дем алуына алдын-ала қам жасалынып отыр. Міне мұның бәрі көктемгі егіс кезінде егіншілер мен механизаторлардың өнімді еңбек етуіне жағдай жасайды.

Бастауыш партия ұйымдары жетіжылдықтың бірінші жылын табысты аяқтау үшін социалистік жарысты кеңінен ұйымдастыруда. Мысалы, Армавир совхозының механизаторлары (партия ұйымының секретары И. М. Домрачев) техниканы жөндеуді КПСС ХХІ съезінің ашылуына дейін бітіруге міндеттенген болатын. Механизатор коммунистер жөндеушілер арасында социалистік жарысты кеңінен ұйымдастырды. Жарысты пәрменді ұйымдастырудың сыннан өткен құралдары жауынгерлік листокті, саяси әңгімені, көрсеткіш тақтаны кең пайдаланды. Мастерской менгерушісі коммунист Мақсұтов күн сайын бес минуттық кеңес шақырып, сол күнгі жұмысты қорытып отырды. Осының нәтижесінде совхоз механизаторлары сертінде тұрып, барлық тракторларды КПСС ХХІ съезінің ашылуына дейін сапалы жөндеп бітірді.

Аудан колхоздары биыл өз қарамағындағы техникамен жұмыс істейді. Олар да техниканы, оны басқаратын кадрларды жетіжылдықтың алғашқы көктеміне сақадай сай етуге күні бұрын әзірлік жасады. Көктемгі егіске әзірлік кезінде колхоздарда механизатор кадрларының жетіспейтіні байқалды. Бұрынғы МТС механизаторларының бірсыпырасы колхоздарға бармай қалды. Сөйтіп колхоз партия ұйымдарының алдына колхозшылардың өздерінен жеткілікті етіп механизатор кадрларын даярлау міндеті қойылды. Мысалы, Сталин атындағы колхозда 20 тракторшы жетпеді. Бұл мәселені қалай шешу керек? Колхоз партия ұйымы (секретары А. Ыдырысов жолдас) бұл мәселені партия жиналысының талқысына қойды. Жиналыста коммунистер колхозшыларды, әсіресе жастарды техниканы менгеруге шақырып, механизаторлар курсына ашу керек деген ұсыныс айтты.

Партия ұйымының, коммунистердің колхозшылар бұқарасы арасында жүргізген ұйымдастыру, үгіт-көпшілік жұмыстары өз нәтижесін берді. Ондаған колхозшылар техниканы менгеру үшін механизаторлар курсына оқуға тілек білдірді. Бұл игілікті іске бірінші болып үн қосқан озат колхозшы Төлеубек Әбділдин жолдас жиналыста былай деді:

— Біздің колхоз өз техникасы бар, астықты, мал өнімдерін мол өндіретін ірі шаруашылық. Ендеше ол техниканы менгеретін өз механизаторларымыз болу керек. Мен тракторшы боламын.

Колхозшылар жиналысында сөйлеген Шолпан Ғизатуллина жолдас колхоз жастарын, жас қыздар мен келіншектерді комбайншы, тракторшы мамандықтарын менгеруге шақырды. Бұл бастаманы колхоз жастары қызу қолдады. Кәзір Сталин атындағы ауылшаруашылық артелінде 29 колхозшы тракторшы, 18 колхозшы комбайншы курсына бітіріп, өздеріне машина алды. Олар да тәжірибелі механизаторлармен бірлесіп отырып, биылғы көктем егісіне белсене ат салысуда.



Өткен жылдың декабрь айында аудандық партия комитетінің Пленумы колхоздар мен совхоздарда механизатор кадрлар дайындау жөнінде арнаулы мәселе қарап, Сталин атындағы колхоздың бұл бастамасын мақұлдап, барлық колхоздар мен совхоздарда да механизаторлар курсы ашуға ұйғарған болатын. Кәзір бізде 612 адам механизаторлар курсы бітіріп, мамандық алды.

Техниканы меңгеру жөніндегі бастамаға аудан орталығындағы мекемелерде істейтін жастар да қызу үн қосты. Аудан орталығынан бір топ жастар механизаторлар курсы бітіріп, кәзір «Дружба» совхозы механизаторларының қатарына қосылды.

Егіннен жоғары өнім алудың шешуші шарттарының бірі — сапалы тұқым. Сондықтан біздің колхоздар мен совхоздар биыл тұқым әзірлеуге қай уақыттағыдан болса да ерекше көңіл бөлді. Өткен жылы бізде сортты тұқым аз болды. Оның сапасы да айтарлықтай болмады. Мысалы, Ушаков атындағы совхозда Лукьянов жолдас басқарған № 3 бригадада соңғы 1200 гектар егінді салу ұзаққа созылды. Оның себебі әзірленген тұқым болмай, тұқымды астық пунктінен тасыды. Осының салдарынан бұл егін ала пісті. Биыл бұл совхоз өткен жылғы кемшіліктен қорытынды жасай отырып, керекті тұқымдарын күн ілгері дайындап алды. Мұның 60 проценті сортты тұқым. Бізде әлі де барлық егіске сортты тұқым себілмейді. Біз барлық шаруашылықтардың алдына келесі жылдың егініне бүтіндей сортты тұқым әзірлеп, себу міндетін қойып отырмыз.

Биылғы көктемгі егісті партия ұйымдары шебер ұйымдастырулары керек. Өйткені өткен жылы күзде ауа райының қолайсыз болуынан егіске жер аз даярланған болатын. Бізде биыл көктемде 260 мың гектар жер жыртылып, тұқым себіледі. Бұл үшін бастауыш партия ұйымдары техниканың барлық түрін де өнімді пайдалана отырып, көктемнің әрбір күнін, сағатын барынша сарқа пайдалануға назар аударуы керек.

Біздің аудан облыстағы ірі астықты аудан. Біздің дихандар Баранкөл ауданының егіншілерімен социалистік жарысқа түсіп, биыл дәнді дақылдардың гектарынан 12 центнерден өнім жинауға, егіннің жалпы түсімін 21 миллион пұтқа жеткізуге міндеттеме қабылдаған болатын. Бұл міндеттемені орындау үшін бізде зор мүмкіншіліктер бар. Оның ең бірінші шарты көктемгі егісті жоғары агротехникалық дәрежеде қысқа мерзімде өткізу екенін әрбір колхозшы, механизатор айқын сезеді.

Колхоздар мен совхоздарда ауылшаруашылық өнімдерін молайту жөнінде әлі де пайдаланылмай жатқан мүмкіндіктер көп. Өткен аудандық партия конференциясында делегаттар біздің ауданда тағы да 100 мың гектар тың және тыңайған жер игеру жөнінде ұсыныс жасады. Биыл 50 мың гектар тың игеріледі. Келесі жылы тағы да осынша тың игеріледі. Осының нәтижесінде біз 1961—1962 жылдары астықтың жыл сайынғы жалпы түсімін 25 миллион пұтқа жеткіземіз.

Біз кәзір көктемгі егіс жұмыстарымен қатар егін орағына да тыңғылықты әзірлік жасауға кірістік. Өйткені коммунистік жетіжылдықтың міндеттеріне лайықты өнім алудың екінші шешуші шарты — егінді қысқа мерзімде шашпай-төкпей жинап алу. Егінді шығынсыз жинап алудың озат әдісі — бөлектеп жинау. Өткен жылы біздің колхоздар егіннің негізгі көпшілігін бөлектеп жинады. Бөлектеп жинау жөнінде біздің механизаторларымыздың бай тәжірибесі бар. Кәзір партия ұйымдары бұл тәжірибені барлық шаруашылықтарға кеңінен таратуға, егінді бөлектеп жинауға керекті техниканы әзірлеуге көңіл бөліп отыр.

Аудан партия ұйымдары өзінің ұйымдастыру, саяси-көпшілік жұмыстарын жақсартып отырып, ауыл шаруашылығының еңбеккерлерін 1959 жылға қабылдаған міндеттемелерін сөзсіз орындауға жұмылдырады.



# Коммунистік жарыс — жетіжылдықты мерзімінен бұрын орындаудың қуатты құралы

Т. СӘМБЕТОВ,

*Ақтөбе химия комбинаты партия ұйымының секретары*

Комбинаттың жұмысшылары мен инженер-техник қызметкерлері КПСС ХХІ съезінің қарарларын және халық шаруашылығын өркендетудің жетіжылдық жоспарының тапсырмаларын аса зор қуанышпен қарсы алып, оны мерзімінен бұрын орындау ісіне лайықты үлес қосуға белді бекем байлап, қажырлы еңбек етуде. Бүкіл еліміздегі сияқты, біздің коллективтің арасында да ХХІ съездің шешімдері ерекше еңбек өрлеуін, зор саяси белсенділік туғызды.

Комбинаттың жұмысшылары мен инженер-техник қызметкерлері съезд қарсаңындағы социалистік жарысқа қосылып, бұл жарыста елеулі табыстарға жетті. Комбинат өткен жылы жалпы өнім шығарудың жоспарын 110,3 процент орындап, жоспардан тыс мыңдаған сомның өнімін шығарды. Бір жылдың ішінде өнім шығару 11,5 процент артты. Осымен бірге шығарған өнімдердің түсер құны жоспарлы мөлшерден едәуір төмен болды, комбинаттың жұмысшылары мен инженер-техник қызметкерлері жүздеген рационализаторлық ұсыныстар енгізді, бұларды жүзеге асырудың нәтижесінде 1 119 мың сом қаржы үнемделді.

Кәзір комбинаттың партия ұйымы коммунистерді, жұмысшылар мен инженер-техник қызметкерлерді осы табыстарды баянды ете отырып, жетіжылдықта алда тұрған зор міндеттерді орындау ісіне жұмылдыруды өзіне негізгі мақсат етіп қойып отыр.

Жетіжылдық жоспар бойынша біздің коллективтің алдында тұрған міндеттер аса зор. Комбинаттың өндірістік базасын дамытуға және қайта жабдықтауға жарты миллиард сомнан астам күрделі қаржы жұмсалады. Осының негізінде бұрынғы цехтар жоғары өнімді жабдықтармен қайта қаруландырылып, өндіріс процестері барынша механикаландырылады. Мұның үстіне жана цехтар салынады. Олар жергілікті шикізаттарды пайдаланудың негізінде химиялық өнімдердің бағалы жана түрлерін шығаратын болады.

Міне осы шаралардың бәрін жүзеге асырудың нәтижесінде комбинатта жетіжылдықтың ақырында жалпы өнім шығару 1958 жылғыдан екі есе артады. Химиялық өнімдердің аса бағалы түрлері — қышқылдар шығару 1,2 есе, ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығын арттыруға жұмсалатын тыңайтқыштар 2,3 есе, басқа өнімдер шығару 1,5 есе арттырылады.

Съездің материалдарын талқылауға және оқып үйренуге байланыста комбинат коллективінің алдында тұрған бұл міндеттер барлық цехтардың партия ұйымдарында, жұмысшылар мен инженер-техник қызметкерлердің жиналыстарында жан-жақты талқыланып, оны жүзеге асырудың нақты жолдары белгіленді. Партия ұйымы тәрбие жұмысын, үгіт-насихат жұмысын жүргізе отырып, елімізде коммунизм құрудың жетіжылдық жоспарының тапсырмаларын, съезд шешімдерін коллективтің әрбір мүшесі терең түсініп, өзінің орнын, міндетін, атқаратын ролін айқын сезетін болуы мақсатын көздеп отыр.

Партия ұйымы, коммунистер жүргізген ұйымдастыру, саяси-көпшілік жұмыстардың нәтижесінде комбинатта жетіжылдық жоспарды мер-



зімінен бұрын орындау жолындағы жарыс кең өрістеуде. Комбинаттың барлық сменалары, бригадалары бұл игілікті іске өз үлестерін қосу үшін нақты міндеттемелер алып, оны жүзеге асыру жолында қажырлы еңбек етуде.

Біздің озат коллективтеріміз москвалықтардың коммунистік еңбек бригадалары атағын алу жолындағы бастамасын қызу қолдады. Бұл жарысқа бірінші болып қосылған суперфосфат цехының Олег Николаевич Фартунов, Михаил Васильевич Грачев жолдастар басқарған сменалары болды. Бұл жарысқа кешікпей-ақ күкірт қышқылы цехының С. Стриженюк, Чернов жолдастар басқарған сменалары, жөндеу-механика цехының Бондарь, В. Кудинов жолдастар басқарған бригадалары, транспорт цехының Липшиц, Самсонов жолдастар басқарған сменалары қосылды. Кәзір біздің комбинатта барлығы 10 смена және 15 бригада коммунистік еңбек бригадалары атағын алу үшін жарысуда.

Жақында комбинаттың партия, кәсіподақ ұйымдары жетіжылдықтың алғашқы екі айының қорытындысын шығарды. Жарысушы коллективтердің алған социалистік міндеттемелерінің орындалуы туралы мәселе жұмысшылардың, коммунистердің жиналыстарында талқыланып, жарысты ұйымдастырудың жақсы жақтары атап көрсетілумен бірге кемшіліктері де ашылды. Жалпы комбинат бойынша алғанда алғашқы екі айдың өндірістік жоспары: январь айында 102,4 процент, февраль айында 103 процент болып орындалды. Бұл коллективтің елеулі табысы. Ол табысқа жетуде коммунистік еңбек бригадалары атағын алу үшін жарысып жатқан коллективтеріміз бағалы үлес қосты.

Коммунистік еңбек бригадалары атағын алу үшін жарысып жатқан патриоттар кәзір комбинат коллективіне өндірісте де, тұрмыста да үлгі көрсетуде. Аз уақыттың ішінде олардың қатарына 250-дей жұмысшы қосылды. Мұның өзі жұмысшылардың коммунизм құрылысы ісіндегі орны мен міндетін терең түсінетінін көрсетеді.

Коммунисте еңбек етіп жатқан коллективтердің бірі жөндеу-механика цехының коммунист Василий Алексеевич Кудинов жолдас басқаратын сменасы. Бұл сменаның жұмысында көптеген жаңалықтар, үлгі алатын игі істер бар. Коллектив күндік тапсырмасын үнемі 115 процент орындап отыруға, тек сапалы өнім шығаруға, өндірісте де, өмірде де үлгі болуға міндеттеме алды. Сменада кәзір 5—8 кластық білімі бар сегіз жас жұмысшы бар, олар өндірістен қол үзбей жетіжылдықтың ішінде орта білім, ал орта білімі барлар жоғары білім алып шықпақшы.

Смена коллективі өздерінің алған бұл міндеттемесін абыроймен орындап келеді. Бірінші тоқсан жоспарын артығымен орындады, оған социалистік жарыстың қорытындысы бойынша ауыспалы қызыл ту берілді.

Смена коллективі жарысқа қосылғалы көп өзгерістер болды, бұрын оның кейбір мүшелері тапсырманы орындамайтын, жұмысты салдыр-салақ істейтін. Солардың бірі Геннадий Лисовой еді. Январь айында ол тапсырманы 174 процент, февраль айында 150 процент орындады. Бригаданың басқа мүшелері де жарыста ысылып, мамандықтарын да арттыра түсті.

Жақында смена мүшелері мамандық көтеру үшін емтихан тапсырды. 10 адамның үшеуі өз мамандығы бойынша өте жақсы, ал қалғандары жақсы баға алды.

Смена коммунистік жарысқа қосылғаннан бері оның мүшелерінің бірде-бірі еңбек тәртібін, қоғамдық тәртіпті бұзған емес, өндірісте браққа жол берген жоқ. Бригада мүшелерінің жолдастық ынтымағы, коллективтік бірлігі күшейе түсті. Олар бір-біріне өндірісте де, тұрмыста да көмектесіп, қамқорлық жасап отырады. Бригада ұраны, мақсаты:



«ертең өнімді бүгінгіден көп шығару, ертең бүгінгіден көп білу, жолдасыңа бүгінгіден де сезімтал, қамқоршы болу».

Суперфосфат цехының М. В. Грачев басқаратын сменасы да коммунистік жарыста жақсы табыстарға жетті. Бұл сменада 14 адам жұмыс істейді, олар да берік топтасқан, ынтымақты коллектив. Сменаның табысқа жетуіне жағдай жасап отырған осы ынтымақ, коллектившілдік, бірлік десек асырып айтқандық болмайды.

Коммунистік жарысқа қосылған коллективтердің еңбегінде, тұрмысында басқа да көптеген жаңалықтар, үлгілі істер бар. Комбинаттың партия ұйымы олардың тәжірибелерін үгітшілер арқылы, қабырға газеттері, жауынгерлік листоктар, комбинаттың көп тиражды «Химик» газеті арқылы таратып отырады.

Коммунистік еңбек бригадаларының жұмысын ұйымдастыруда елеулі кемшіліктер де бар. Кейбір бригадалардың алған міндеттемелері нақты емес. Мұндай міндеттемелер бригада мүшелерінің ынта-жігерін көтеруге көмектеспейді. Мысалы, күкірт қышқылы цехының Стриженюк жолдас басқаратын сменасын алайық. Стриженюктің өзі инженер-химик, ол өз мамандығын сүйетін, ынталы, жігерлі жас. Бұл коллектив өз міндеттемелерін ұзақ талқылады, бірақ ол тиісті дәрежеде болып шықпады. Смена коллективінің міндеттемесі: өндірістік тапсырманы үнемі асырып орындаймыз, өзіміздің мамандығымызды, білімімізді арттыра береміз дегендер сияқты жалпылама болған.

Осындай кемшіліктердің салдарынан бұл смена коммунистік жарысқа қосылғанына біраз уақыт болса да айтарлықтай табысқа жете алған жоқ. Тіпті сменаның кейбір мүшелері еңбек тәртібін де бұзып жүр. Жақында комбинаттың партия бюросы бұл сменадағы жағдайды талқылап, бригада коллективіне коммунистік жарысты дұрыс ұйымдастыруға көмектесті.

Партия, кәсіподақ, комсомол ұйымдары коммунистік жарысты кеңінен ұйымдастыра отырып, комбинаттың жұмысшылар, инженер-техник қызметкерлер коллективін жетіжылдық жоспарды, биылғы жылдың жоспарын мерзімінен бұрын орындауға жұмылдыра береді.





# Оқушылардың сұрауларына жауап

## Социалистік қоғамның ұлттық табысы және оның бөлінуі

Социалистік қоғамның ұлттық табысының мәніне түсіну үшін алдымен қоғамдық жиынтық өнімнің құрамымен танысу қажет.

Қоғамдық жиынтық немесе жалпы өнім дегеніміз белгілі бір мерзім ішінде, айталық, бір жыл ішінде өндірілген әртүрлі материалдық игіліктерден құралады. Бұл жиынтық өнім — өндірістің әр саласындағы еңбектің жемісі. Оның құнына өндіріс құрал-жабдықтарына сіңіріліп затқа айналған ескі еңбекпен бірге кәзіргі жаңа еңбек қосылады.

Қоғам әралуан материалдық игіліктерді үздіксіз өндіреді де тұтынады. Қоғам мүшелері ішіп жемей, тұтынбай өмір сүре алмайды. Демек, үздіксіз тұтыну үшін материалдық игіліктер өндірісі де үздіксіз жүргізілуі керек. Ал қоғамдық өндірістің ұдайы қайталануы үшін жиынтық өнімнің белгілі бір бөлегі тұтынылған өндіріс құрал-жабдықтарының орнын толтырып отыруы қажет. Жиынтық өнімнің осы бөлегі өндірісте тұтынылған құрал-жабдықтардың орнын толтыру қоры деп аталады. Жалпы өнімнен бұл қорды шығарып тастағанда, өнімнің ұлттық табысты құрайтын бөлегі қалады.

Сонымен, социалистік қоғамның ұлттық табысы дегеніміз жалпы өнімнің тұтынылған өндіріс құрал-жабдықтарының орнын толтыру қорын шығарып тастағаннан кейінгі қалған бөлігі. Басқаша айтқанда, ұлттық табыс жаңадан өндірілген күн деп те аталады.

Ұлттық табыс тек материалдық игіліктер өндірілетін салаларда ғана жасалады. Материалдық өндіріс саласына өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, құрылыс транспорт пен сауданың материалдық өндіріске байланысты кейбір тарауы жатады. Бұл салаларда жұмыс істейтін адамдардың еңбегі өнімді еңбек болып табылады. Адам қызметінің мемлекетті басқару орындары, мәдени-ағарту мекемелері, денсаулық сақтау жұмысы сияқты саласында материалдық игіліктер өндірілмейді. Демек, бұл салалардағы қызметкерлердің еңбегі социалистік қоғам үшін, материалдық өндіріс үшін қажетті, қоғамдық пайдалы еңбек болғанымен өнімсіз еңбек болып табылады, яғни бұл еңбекпен материалдық игіліктер өндірілмейді. Мұндай еңбекке ақы материалдық өндіріс саласы қызметкерлерінің табысы есебінен, ұлттық табыстың қайта бөліске түсуі арқылы төленеді.

Социалистік қоғамда ұлттық табыс үздіксіз және шапшаң өседі. Мұның арқауы — социалистік ұлғаймалы ұдайы өндіріс. Социалистік өндірістің шапшаң қарқынмен өсуі негізінде біздің елде, басқа социалистік елдерде ұлттық табыс та үздік қарқынмен өсіп келеді. Мысалы, біздің елде ұлттық табыс 1913 жылдан 1957 жылға дейінгі дәуірде 20 еседей артты, ал алдағы жеті жылда 62-65 процент өседі. Бұл уақытта ұлттық табыс АҚШ-та 3 еседей, Англияда 1,9 есе, Францияда 1,8 есе ғана көбейді.

Ұлттық табыс материалдық игіліктер өндірісі саласындағы жұмысшылар мен қызметкерлердің еңбек өнімділігі артуы және олардың саны көбеюі арқылы өседі.



Еңбек өнімділігі неғұрлым жоғары болған сайын ұлттық табыстың жан басына келетін бөлігі солғұрлым мол болады. Мысалы, төртінші бесжылдық жылдары ішінде өндіріс қызметкерлерінің санын көбейту есебінен ұлттық табыстың 20 проценті өндірілген болса, еңбек өнімділігінің артуы есебінен 80 проценті өндірілді.

Біздің елде өндірістің ұдайы ұлғаюымен бірге жұмысшы, қызметшілер саны да үздіксіз өсіп келеді. 1928 жылы елімізде 10 миллион 800 мың жұмысшы, қызметші болған болса, өткен жылда 54 миллион 600 мың болды. Ал алдағы жеті жылда жұмысшылар мен қызметшілердің саны 66,5 миллионға жетпекші.

Капитализм тұсында материалдық игіліктер өндірмейтін саладағы қызметкерлер саны ұдайы өсіп отыратын болса, социализм тұсында ұдайы азая береді. Совет Одағында 1957 жылы жұмысқа жарамды ересек халықтың 85 проценті материалдық игіліктер өндірісінде жұмыс істеді.

Біздің партия еліміздің ұлттық табысын молайта беру мақсатымен материалдық игіліктер өндірісінде істейтін жұмысшылар мен қызметкерлердің санын арттыра беру бағытын берік ұстап келеді. Осы тұрғыдан басқару орындарындағы қызметкерлер саны ұдайы қысқартылып жүр. Осының арқасында, әсіресе соңғы жылдарда әкімшілік-басқару аппаратында жұмыс істейтін адамдардың жалпы саны едәуір ықшамдалды.

Ұлттық табыстың өсуінің енді бір маңызды шарты — өндіріс құрал-жабдықтарына сініріліп затқа айналған еңбекті үнемдеу. Үнемділік жолындағы барлық шаралар, сайып келгенде, жұмыс уақытын, еңбекті үнемдеу болып табылады. Кәзіргі жаңа еңбекті үнемдеумен бірге затқа айналған бұрынғы еңбекті үнемдеудің маңызы зор. Бұрынғы еңбекті үнемдеу дегеніміз еңбек заттарын неғұрлым үнемдеп жарату, өндіріс құралдарын барынша сарқа пайдалану деген сөз.

Социализм тұсындағы жоспарлы шаруашылық затқа айналған бұрынғы еңбекті мейлінше үнемдеуге мүмкіндік береді және оны үнемдеуге қажетті жағдайлар туғызады. Затқа айналған еңбекті үнемдеудің бірнеше жолдары бар. Алдымен, өнімнің әрбір данасына жұмсалатын отынның, шикізаттың, электр қуатының, жалақының тағы басқаларының мөлшерін үнемі кемітіп отыру үшін күресу керек. Еңбек өндіріс техникасы мен технологиясының жетіле беруі есебінен де үнемделеді.

Материалдық игіліктер өндірісі саласында өндірілген ұлттық табыс бірнеше бөліс сатысынан өтіп барып тұтынылады.

Ұлттық табыс социализм тұсында шын мәнінде халық табысы болып саналады. Сондықтан оның бөліну сипаты капитализм тұсындағыдан ерекше өзгеше. Еңбекшілер еңбегімен өндірілген ұлттық табыс капитализм тұсында қанаушылар қарамағында болып, солардың мүддесін өтеу мақсатында бөлінеді. Сондықтан да капиталистік елдерде халықтың жүзден бір бөлігі шамасындағы қанаушылар бүкіл ұлттық табыстың жартыдан астамын иемденеді, тек қалған бөлегі ғана халықтың басым көпшілігі болып саналатын еңбекшілер үлесіне тиеді. Мысалы, АҚШ-та жұмысшылар мен шаруалардың ұлттық табыстағы үлесі үнемі төмендеп келеді. 1929 жылы олар ұлттық табыстың 46,4 процентін алған болса, 1940 жылы 45,1 процентін, 1948 жылы 43,3 процентін, 1951 жылы 41,9 процентін алды. Мұның есесіне қанаушылардың ұлттық табыстағы үлесі үнемі артып келеді.

Социализм тұсында ұлттық табыс жұмысшылар мен шаруалардың әл-ауқатын үздіксіз арттыра беру, социалистік өндірісті ұлғайта беру мақсатында бөлінеді.

Ұлттық табысты бөлу алдымен материалдық игіліктер өндірісі саласында жүргізіледі. Материалдық игіліктер өндірісі совет елінде ком-



мунизмнің бірінші сатысында меншіктердің түрлеріне қарай мемлекеттік кәсіпорындарға және кооперативтік-колхоздық өндіріске бөлінеді.

Мемлекеттік кәсіпорындарда өндірілген ұлттық табыс екі бөлімге бөлінеді. Оның бір бөлігі материалдық өндіріс қызметкерлеріне жалақы ретінде беріледі, екінші бөлігі қоғамның таза табысы ретінде жалады. Бұл таза табыстың өзі екі түрге бөлінеді: 1) мемлекеттік кәсіпорындардың таза табысы немесе кәсіпорындардың пайдасы, 2) мемлекеттің орталықтандырылған таза табысы.

Мемлекеттік кәсіпорынның таза табысы оның өз қажетіне жұмсалады. Мемлекеттің орталықтандырылған таза табысы қоғамдық қажеттерге жұмсалады.

Кооперативтік-колхоздық шаруашылықта өндірілген табыс та екіге бөлінеді. Оның бір бөлігі кооператив мүшелерінің ақысы ретінде олардың қажетін өтеуге, екінші бөлігі таза табыс ретінде қоғамдық қажетті өтеуге жұмсалады. Кооперативтік өндірістің таза табысы өндірісті ұлғайтуға, кооператив мүшелерінің қоғамдық қажеттерін қанағаттандыруға жұмсалады және оның бір бөлігі табыс салығы ретінде мемлекеттің орталықтандырылған таза табысына қосылады.

Сонымен, қоғамның ұлттық табысы алдымен материалдық игіліктер өндірісінде бөліске түседі. Мұнан әрі ұлттық табыс екінші бөліске немесе қайта бөліске түседі. Ұлттық табыстың қайта бөлісі мемлекеттік бюджет арқылы жүзеге асырылады. Материалдық игіліктер өндіретін салаларда жұмыс істейтін жұмысшылар мен қызметшілер мемлекеттік бюджет арқылы ұлттық табыстан үлес алады.

Еліміздің мемлекеттік бюджеті орталықтандырылған таза табыстан (айналым салығы), мемлекеттік кәсіпорындардың таза табысынан (пайдаларынан) аударылатын қаржыдан, колхоздардан және басқа кооперативтік кәсіпорындардан алынатын табыс салығынан, әлеуметтік қауіпсіздендіру қаржысынан, еңбекшілерден алынатын табыс салығынан құралады. Мемлекеттік бюджет негізінен халық шаруашылығының табыстарынан құралады. Үстіміздегі жылда мемлекеттік бюджеттің барлық кірісі — 722,7 миллиард сом болса, ондағы социалистік шаруашылықтың үлесі 655,3 миллиард сом, немесе 90,7 процент, еңбекшілерден салықтар түрінде алынатын қаржы 56,0 миллиард сом, яғни 7,8 процент қана. Ал, капиталистік елдерде мемлекеттік бюджеттің дені халықтан алынатын салықтар болып табылады.

Біздің мемлекеттік бюджет халық шаруашылығын өркендету жоспарына сай қоғамдық өндірісті онан әрі ұлғайта беруге, оқу-ағарту ісіне, денсаулық сақтау шараларына, мемлекеттік аппарат қажетіне, еліміздің қорғаныс қабілетін нығайта беруге жұмсалады.

Ұлттық табыстың қайта бөлінуіне халыққа қызмет көрсететін орындар да қатысады. Еңбекшілер табысының белгілі бір бөлігі халыққа қызмет көрсететін орындар (кинотеатрлар, стадиондар, музейлер т. б.) арқылы бөлініп отырады. Бұл орындар өз шығындарын еңбекшілер табысы есебінен өтеумен бірге, мемлекеттік бюджетке де белгілі үлес қосып отырады.

Социалистік қоғамның ұлттық табысы ақырында екі түрлі қорға бөліну арқылы тұтынылады. Оның бірі — социалистік қор, яғни қор жинау, екіншісі — тұтыну қоры.

Социалистік қор — социалистік ұлғаймалы ұдайы өндірістің негізі. Ол өндірісті ұлғайту, материалдық резервтер жасау және мәдени-тұрмыстық құрылыстар үшін пайдаланылады.

Капитализм тұсында қор жинаудың капиталистік экономикалық заңының әрекеті нәтижесінде байлық қанаушы таптар қолына шоғырлана береді, ал еңбекшілер барған сайын кедейленіп, аштыққа, жалаңаштыққа, қайыршылыққа тап болады.



Социалистік қор халық шаруашылығын үздіксіз дамытуға, жұмысшылар мен шаруалардың әл-ауқат, мәдениет дәрежесін көтере беруге жағдай туғызады.

Тұтыну қоры дегеніміз ұлттық табыстың еңбекшілердің өскелең материалдық және мәдени қажеттерін қанағаттандыруға жұмсалатын бөлегі. Еңбекшілердің материалдық және мәдени қажеттерін өтеуге жыл сайын ұлттық табыстың төрттен үшке жуығы жұмсалады.

Тұтыну қорының халық ағарту, денсаулық сақтау істеріне арналған бөлігі социалистік қоғам өсіп, нығайған сайын ұдайы өсіп отырады; ал оның әкімшілік-басқару орындарының шығынын өтейтін бөлегі ұдайы кеміп отырады. Мұның өзі социалистік қоғамға тән объективті заңдылық. Бұл заңдылықты басшылыққа ала отырып, коммунистік партия әкімшілік-басқару орындарының қысқамдай беру жолында тынбай қамқорлық істеп келеді. Дүниежүзілік екінші соғыстан кейінгі бесжылдықта әлеуметтік-мәдени шараларға 524,4 миллиард сом жұмсалған болса, бесінші бесжылдықта 659,7 миллиард сом жұмсалды. Мемлекеттік басқару аппаратына бюджет қаражатының 1940 жылы 3,9 проценті жұмсалған болса, 1957 жылы 2 проценті жұмсалды, яғни 2 еседей кеміді.

Совет Одағының ұлттық табысы қоғамдық өндірісті тынбай ұлғайту негізінде еңбекшілердің өскелең материалдық және мәдени қажеттерін неғұрлым толық қанағаттандыру үшін жұмсалады.

**А. ФАРИЗОВ.**



## КПСС XXI съезінің шешімдері кен насихатталсын

Бұл күндері Совет Одағы Коммунистік партиясының тарихи XXI съезінің шешімдерінен үлкен қуат, нәр алып, асқан шабытпен жігерленген барша совет халқы жетіжылдықтың бірінші жылын табысты аяқтау үшін қызу еңбек етуде.

Съезд белгілеген маңызды міндеттерге орай, ұлы жоспардың зор тапсырмаларын ойдағыдай орындауға еңбекшілерді жұмылдыруда біздің газеттеріміздің атқарары мен істері көп. Баспасөздің бүгінгі күндердегі ең басты, ең маңызды міндеті — партияның XXI съезінің шешімдерін бұқараға жан-жақты пәрменді насихаттау. Әрқашанда Коммунистік партияның баспасөзді өзінің күшті құралы, жауынгер жәрдемшісі тұтып келгені сияқты, оған бұдан былай да жауынгерлік саптың бірінші қатарында болып, ең жауапты да құрметті міндетті атқара беру жүктеледі. Қазір жергілікті газеттер Н. С. Хрушев жолдастың КПСС XXI съезінде жасаған баяндамасын, съезд қабылдаған шешімдерді, халық шаруашылығын өркендетудің бақылау цифрларын қалың бұқараға көңілге қонымды, түсінікті, әрі әсерлі тілмен насихаттай білуі керек. Съездің материалдары мен шешімдерін насихаттау, сондай-ақ коммунистік қоғам орнатуды кен өрістетіп жүргізу дәуіріндегі аса маңызды теориялық және практикалық мәселелерді түсіндіру ісі қысқа мерзімдегі өткінші науқан емес. Біздің газеттеріміз елімізде коммунистік қоғам орнатудың негізгі теориялық мәселелеріне, халық шаруашылығын өркендетудің практикалық міндеттеріне арналған материалдарды жиі-жиі, әрі көп жариялап отыруы қажет. Сонымен бірге жетіжылдық жоспарды орындау күресіне еңбекшілерді бастай беруге тиіс.

Павлодар облыстық «Қызыл ту» (редакторы О. Құдышев жолдас), Қостанай облыстық «Коммунизм жолы» (редакторы С. Әбдібеков жолдас) газеттері КПСС XXI съезінің материалдарын қалай насихаттап отыр? Енді соған келейік.

Съезд материалдарын насихаттауда әсіресе Павлодар облыстық «Қызыл ту» газетінің алғашқы қадамы жаман емес. Бұл газетте съезд шешімдерін, Н. С. Хрушев жолдастың баяндамасын насихаттауға, түсіндіруге арналған қызыға, інкөрлана оқуға болатын жақсы жазылған мақалалар басылып, жетіжылдық жоспарға сәйкес облыс экономикасының, ауыл шаруашылығының, өнеркәсібінің дамуына арналған беттер берілуде.

Съезд алдындағы күндерде газет бетінен «КПСС XXI съезі қарсаңында» деген тұрақты рубрика ашылды. «Қызыл ту» газеті өзінің жаңа жылда шыққан номерінде «Жетіжылдықтың алғашқы жылы» деген бас мақала жариялады. 4 январьда газет «Таяудағы жеті жылда еліміз коммунизмнің материалдық-техникалық негізін қалауда шешуші қадам жасайды» деген арнаулы бет ұйымдастырды. Беттегі материалдарға қосалқы диаграммалар беріліп, коммунизмнің материалдық-техникалық негізі қалай жасалатыны жатық тілмен түсіндірілді.

Газет материалдарының — хабарлардың, мақалалардың, корреспонденциялардың, репортаждардың оқушыларға әсер етуінің өзі сол материалдардың жазылу, берілу нақысына байланысты. 9 январьда



«Қызыл ту» газеті «Ертіс өңірі екі съезд аралығында» деген үгітшіге көмек ретінде үлкен мақала жариялады. Онда Павлодар облысындағы екі съезд аралығында болған өзгерістер баяндалды. Атап айтқанда облыста ең ірі комбайн, алюминий заводтарының салына бастауы, егіс көлемінің ұлғаюы — 3 миллион 507 мың гектар тың жердің игерілуі, ірі қара малдың, қойдың көп өскені жазылды. Бұл мақаланың оқушыларға пайдалы болғаны ақиқат.

3 февральда жарияланған «Дүйім елді қуантқан съезд» атты бас мақалада жұртшылыққа КПСС XXI съезінің тарихи шешімдерінің маңызы түсіндіріліп, оның Павлодар облысы экономикасына нақты тигізер әсері сөз болды. Алдағы жеті жылда республикамыздың халық шаруашылығын өркендетуге 116—119 миллиард сом бөлінсе, оның ішінде Павлодар облысының экономикасын дамытуға 14—15 миллиард сом қаржы жұмсалатыны атап көрсетілді.

Облыстық газетте өнеркәсіпте, ауыл шаруашылығында еңбек өнімділігін еселеп арттыра бастаған, коммунистше еңбек етіп, коммунистше өмір сүрудің үлгі-өнегесін көрсетіп жатқан коммунистік еңбек бригадаларының мүшелері мен екпінділердің жарысы, ісі кең жазылуда. Жетіжылдықтың алып асқарын алуға, қиялды шындыққа айналдыруға кіріскен совет адамының ерлік еңбегін, ой-арманын жаңаша леппен жазған мақұл. Газеттің 20 февральдағы номерінде басылған «Құрбылар» (Ә. Баймұрзин) очеркінің негізгі өзегі — «тіліміз өзге болса да, ізгі тілегіміз, түпкі мақсатымыз бір» деп сонау Украинадан Қазақстан жеріне жұмыс істеуге келген жас патриоттардың, кәзіргі Екібастұз құрылысшыларының өмірі. Тың астығын құятын қоймалар жасап жүрген, Украинадан келген Василий Стельчук басқарған құрылысшылар бригадасы елімізде тұңғыш рет Москвада коммунистік еңбек бригадасы деген құрметті атақтың қарлығашы қанат қаққанда, осы атаққа ие болу үшін ұмтылғандардың бірі еді. Очерк еңбектегі жастардың, біздің замандастарымыздың бейнесін жақсы берген. Осы тақырыптас жазылған очерктің бірі — газеттің 8 марттағы номерінде басылған жұмысшы М. Мырзаханұлының «Коммунизм қыздары» деген очеркі. Автор «Алюминстрой» басқармасының аға сырлаушысы М. Глазкова жолдас басқарған коммунистік еңбек бригадасы мүшелерінің жұмысын біршама тәуір суреттеген. Очерк жаман жазылмаған. Бірақ соған қарамастан Мырзаханұлының қашаннан ел аузында етене болып кеткен теңеулерге үйір екендігі көрініп тұр. «Қыр мұрын, қыпша бел», «кер маралдай керілген», «қырмызы кірпік қызыл күн», «жалыны сексеуілдің шоғындай», «тойған қозыдай томпиған» сықылды теңеулері әбден жауыр болған, жаттанды теңеулер.

«Қызыл ту» газеті өзінің 21 февральдағы номерін түгелінен дерлік жетіжылдық жоспарға арнаған. «Жетіжылдық жоспар — коммунизмге апаратын нұрлы да даңғыл жол» деген жалпы тақырыппен ашылған ішкі екі бет жарқын да жақын болашақтың бақытты, шат-шадыман күндерін көз алдына келтіреді. Ұлы жоспардың ұлылығын, өткен жолдағы ерен табыстарды шола отырып, партияның XXI съезі белгілеген халық шаруашылығын өркендетудің 1959—1965 жылдарға арналған бақылау цифрларын ойдағыдай орындап шығу міндетін тартымды да жатық түсіндірген. Әрбір абзацтың қатарында газет оқушылары жақсы қабылдайтын, көкейге қона, көзге бірден түсе кететін кестелі диаграммалар мен суреттер басылған. Съезд шешімдерін бұлай көрнекті насихаттаудың оқығанға ой саларлық, толғантарлық жайы мол.

Газет материалын әрлендіру, әсіресе съезд шешімдерін насихаттауда керек-ақ. Газеттің 27 февральдағы номерінде басылған «Әлекең үйіндегі әңгіме» (Ә. Мурзин) деген очерк осындай ізденудің жемісі. Ә. Мурзин очеркке кейіпкер еткен үгітші әңгімені тектен-текке Әлекеңнің үйінде өткізбейді. 82 жастағы арнаулы пенсионер, қарт шахтер Әлі-



бай Жұмағұловты әдейі тандап алады. Ол 12 баланың атасы, екі өмірдің куәсі. Әлекеннің үйінде ғылым кандидаты да, инженер де, шахтер де, құрылысшы да бар. Бұл жерде үгітші ескі мешеу Екібастұзды, шахтерлердің бұрынғы мүшкіл өмірі мен бүгінгі күнді салыстырып, ертеңгі жарқын болашақты айқын көрсету үшін қарт шахтердің замана шежірелігін пайдаланады. Қарт шахтердің өмір жолын сабақ ете отырып, оны партияның ХХІ съезі шешімдерімен байланыстыру арқылы жастарды тәрбиелеуге құрал етеді.

Сөйтіп Павлодар облыстық «Қызыл ту» газетінің бетінде бүгінгі күннің ең маңызды тақырыбы саналатын КПСС ХХІ съезін насихаттауға арналған құнды да тәуір материалдарды біраз кездестіруге болады. Алдағы уақытта да осы қалпынан таймауға міндетті.

Алайда «Қызыл ту» газеті кемшіліктен құр алақан емес. Газетте жетіжылдық жоспар міндеттемелерінің қалай орындалып жатқанын көрсететін, өндірістің пайдаланылмай жатқан қорлары мен мүмкіншіліктерін ашып, оны іске қосу, еңбек өнімділігін арттыру мәселесін қозғайтын өндіріс озаттарының, ауыл шаруашылығы мамандарының, партия, совет қызметкерлерінің, колхоз, совхоз басшыларының мақалалары сирек беріледі. Коммунизмнің жас құрылысшыларын советтік патриотизм, халықтар достығы рухында тәрбиелеуге, совет жастарының биік моральдық бейнесін көрсетуге арналған жақсы корреспонденция, суреттеме, фельетондар әлі де аз. Жарияланған материалдардың барлығының дәрежесі бірдей емес.

Сөйлемдердің ықшамдылығы, сөздердің орынды қолданылуы, грамматикалық ереженің сақталуы оқушыға айтайын деген ойдың дәл жеткізілуіне мүмкіндік береді. «Қызыл тудың» бірсыпыра бас мақалалары мен очерктерінде, насихаттық мақалалары мен корреспонденцияларында кейбір сөйлемдер ұзақ. Мысал келтірейік. Газеттің 6 марттағы номерінде басылған үгіт-көпшілік жұмысының тәжірибесін көрсетуге арналған «Тура жолда» деген мақалада «өзінің осы міндетін жақсы түсініп, Ермак ауданындағы «Пограничник» совхозының бастауыш партия ұйымы (секретары Б. И. Семенюк жолдас) партияның кезектен тыс ХХІ съезінің тарихи материалдарын коллективтің арасына насихаттау, жетіжылдықтың алғашқы жылына арналған социалистік міндеттемені мерзімінен бұрын орындауға жұмысшыларды аттандыру жөнінде зор ұйымдық және саяси жұмыс өрістетіп отыр», немесе газеттің 17 марттағы партия тұрмысынан жазылған «Үгітшілермен жұмысты жақсарта түсеміз» деген Г. Анисимов жолдастың мақаласындағы «мұнда келген адамдар бір бөлмеден саяси, көркем әдебиет, ауылшаруашылық кітаптарын, газет-журналдарды оқып білім көтерсе, екінші бөлмеде шахмат, дойбы, домино ойнайды, радиоқабылдағыш арқылы музыка тындап, көңіл көтереді, үшіншісін келушілердің сыртқы киімдерін ілетін бөлме жасадық» деген сөйлемдер де оқуға ауыр, шұбалаңқы.

Газетте орашолақ ойға құрылған сөйлемдер де кездеседі. Бұған газеттің 4 марттағы «Бұқарамен байланысты нығайтайық» деген бас мақаласында «Май аудандық партия комитетінің секретарьлары, бюро мүшелері совхоздардың бригадаларында, мал фермаларында жиі болады, олар қонақ ретінде ғана келіп кетпейді(?), еңбеккерлермен әңгіме жасайды, жиналыстарға қатысып, сөз сөйлейді, баяндама жасайды, алынған міндеттемелерді орындаудың жолдарын түсіндіреді, пайдаға асырылмай жатқан резервтерді тауып, іске қосуды үйретеді», болмаса 11 марттағы «Мал төлдетуді үлгілі өткізейік» деген бас мақаладағы «Жолқудық совхозында ерте қоздайтын саулықтардың қоздай бастағанына қарамастан, қозы қоралар күні бұрын әзірленбеген, туған қозылар, жас төлді күтуге лайықсыз, ауасы тар, жарығы аз, жылуы кем орындарға орналастырылған» деген сөйлемдерді дәлелге келтірсек те жеткілікті.



Ал КПСС XXI съезінің материалдары Қостанай облыстық «Коммунизм жолы» газетінде жеткіліксіз, мардымсыз насихатталып отырғанын ескерту керек. Қайсы бір жарық көрген корреспонденциялар мен мақалаларда съезд шешімдері арқау етілгені болмаса, негізінен жалпылама, үстірт жазылып келеді. Газеттің съезд шешімдерін насихаттауға арналған материалдарының дені очерктер. Бірақ сол очерктердің өзі солғын, алған нысанаға дәл тимейді. Бұған мынадай мысалдар айғақ. Үстіміздегі жылдың 20 январында газетте «Коммунист» (С. Әсіпов) деген очерк жарияланды. Осы очерктің тақырыбы қаншама тартымды болса да, ішкі мазмұны көңіл толарлықтай емес. Съезд алдында басылған осы очеркте съездің рухы, ұлы жоспардың елесі беріліп, тәжірибелі шопанның сол туралы ізгі ойлары ортаға салыну орнына, очерк авторы отбасы, ошақ қасында айтылатын үй ішінің әңгімесі шеңберінен ұзап кете алмаған. Болмашы нәрселерді суреттеген: «Қозы екі тізесін (?) бүкпей-ақ емшекке жармасты. Боз саулық оның бүлкілдеген таңқы құйрығын емірене иіскеп, иіп тұрды» деген сықылды.

Очеркте Хасен шопанның еңбектегі өнегелі ісі көрінбейді, қайта айран ішкен Хасенді, құрттаған қойдың бірін көріп, тағы осындай «бақытсыздыққа» (?) ұшыраған қой-қозы жоқ па екен деп жүрген шопанды ғана көреміз. Немесе газеттің 4 февральдағы номерінде жариялаған «Партия мүшесі» (Н. Оразов, Т. Тасқожин) деген очеркті алайық. Авторлардың қазынасы көп, жетіжылдықтың алып құрылысы салынып жатқан Қостанайдан кен қопарған экскаватордың үнін естудің орнына, «Қолхоз орталығынан арсылдап шығарып салған бір-екі ала төбеттің шаңқылынан басқа» ештемені көріп, жазбауы қолайсыз.

Осы екі очеркте көзге ерекше түсетін нәрсе, авторлардың жұмыс басы, еңбек жанында көп болмай, оған араласпай, шайға оралып келе беруі. Еңбек адамын жазу — мәселенің нағыз қиыны да, сондай-ақ нағыз түйіні де. Сөйтсе де очерктерде ел құрметіне бөленген батыр шопандардың образы жоқ. Очерктер мәселенің байыбына бармай, тайыз, жалаң жазылған. Аталған очерктерде пікірлерді қысқа қайырып, шебер түйю жоқ, оның орнына орынсыз лепіру бар.

«Коммунизм жолы» газеті съездің материалдарын, Н. С. Хрущев жолдастың баяндамасын қалың көпшілікке жеткізе насихаттау мәселесін үстірт жазып отыр. Басқасын былай қойғанда газет бүкіл Қазақстандағы жетіжылдықтың асқан алыбы Соколов-Сарыбай кен байыту комбинаты құрылысы туралы жарытып ештеме жазбады. Газет жетіжылдық жоспарға арнап 11 марттағы «Облыс өнеркәсібінің алып адымы» деген беттен басқа көзге түсерліктей материал жарияламады.

Облыстық газетте жауыр болған кезекші сөздердің тақырып болуының өзі-ақ («Қойлы ауылда», «Отардары әңгіме» т. б.) салған жерден оқушысын өзіне тартпайды. Сондақ-ақ газетте Коммунистік партияның XXI съезі шешімдерін кеңінен ұдайы, тартымды түрде насихаттаудың орнына, бүгінгі күндерде қажеті шамалы материалдар көп жарияланып келеді.

«Коммунизм жолы» газетінің күллі халқымыз болып, жетіжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындауға жұмыла кірісіп отырғанда, ұлы істің дубірінен қағажу қалып отыруы үлкен кемшілік.

Біздің баспасөзімізге қазіргі қойылып отырған басты талап—Коммунистік партияның XXI съезінің шешімдері мен материалдарын насихаттауды барған сайын пәрменді жүргізу, берілетін теориялық мақалалар мен басқа да алуан түрлі материалдардың сапасын жақсарту беру. Міне осындай талаптардың үдесінен шығуға барлық газеттер мүдделі болуға тиіс.



# Сын және библиография

## Атеист лектордың кітапханасы

Осы бір өте қиын және беймаза тақырыпқа оралып, оны үзбей зерттеп, білімін молайтып, тілін ұстартып жүрген азды-көпті авторларымыздың еңбегі, көбінесе газет-журнал макаласынан аса алмай қалатын еді. Мұны біз әңгімелегелі отырған кітапхананы құрастырушылар да бекер демес. Олардың өзі жасаған тізімде көрсетілгеніндей, ғылыми-атеистік тақырыптан соңғы жылдары шыққан қазақ тіліндегі әдебиет кемде-кем.

Осы тұрғыдан Қазақ мемлекет баспасының «Атеист лектордың кітапханасын» шығаруы игілікті іс. Мұнда оқушы Е. Айтбаевтың «Маркс, Энгельс, Ленин дін туралы», Ж. Аралбаевтың «Коммунистік партияның дінге көзқарасы», Ә. Қәкімжановтың «Ислам дінінің шығуы және оның мәні», Ө. Жұмажановтың «Ғылым және дін өмір мен өлім туралы», Д. Сәрсенбаевтың «Ғылым және ислам діні адамның шығуы туралы не дейді», А. Құрманғалиевтің «Ислам дінінің мейрамдары мен әдет-ғұрыптары», Ж. Дүйсенбиннің «Ислам дінінде «әулиеге» және «әулие жерлерге» табыну салты туралы», Ә. Жиреншиннің «Ескі әдет-ғұрыптар және сәуегейлік деген не», Ә. Жәкетованың «Әйел және дін», М. Дүйсеновтың «Қазақ әдебиетіндегі атеизм туралы», С. Исаев пен Н. Шоқановтың «И. В. Мичурин ілімінің ғылыми-атеистік мәні», Қ. Мұқаметқалиевтің «Ғылыми-атеистік насихаттың кейбір әдістері мен формалары» және З. Блақбаевтың «Ислам дінінің адам санасындағы қалдықтарына қарсы күресті күшейтейік» деген кітапшаларымен танысады. Әп-әдемі көркем тысты осы 13 кітапша ғылыми-атеистік насихатымыздың алуан сырын қозғайды. Айта кететін бір жай, кітапша біткеннің бәрін бір суретпен, бір бояумен шығару әсте шарт емес еді. Бірақ біздің техникалық редакторларымыз қатарласа қол қойса да мұны ескермеді. Біздің сынымыз әдетте, кітаптың мазмұнымен шұғылданатынын баспаханалар, техредакторлар біліп алған. Жаныңа бататыны осы. Әйтпесе біздің қолымыздағы 13 кітапшаның көлемі бірдей келмей, бірінен-бірі сәл болса да, не биік, не аласа, не жалпақ шығуы қалай? Кейбір кітапшаның беттері біркелкі емес. Ал Жұмажанов кітапшасының олақ шебердің қолынан шыққан үлгідей қисық қиылуы әбден өкінішті.

Қазақ әдебиеті мен көркемөнерінің былтыр Москвада болған онкүндігі біздің полиграфия, баспа қызметкерлеріне де сын болды. Шынын айту керек, бізде кітап шығару мәдениеті мықтап өсті. Ал Азия мен Африка елдері жазушыларының Ташкент конференциясында Қазақстан баспасының кітабымен тең түскен үлгі Орта Азияда ілуде біреу болды. Мұның бәрі біздің шынайы, нақты мүмкіндігімізді аңғартады.

Енді кітапхананың мазмұнымен танысалық. Біз байқаған бір кемшілік, кітапхана ислам діні де сектанттықтан құр емес екенін айтпайды. «Бөтен діндерден айырмашылығымыздың, артықшылығымыздың бірі біздің біртұтастығымыз» деп кеудесін ұратын молдаларды жалғанның жарығына бұл арада да шығарған дұрыс еді. Шиит және суннит тобы арасындағы талас мәселелерді көрсету арқылы ислам діні де туған



күннен бастап түрлі талқыда, қилы дүдәмалда екенін, мұның өзі бұл дін де адамның туындысы деген пікірді дәлелдейтінін айту керек еді.

Екінші бір кемшілік кітапхананың сыңаржақтығында ма деп білеміз. Дінді әшкерелеу, сынау, оның мәнін түсіндіру өте жалпылама болып келеді. Оны кітапшаның бас тақырыптары да аңғартады. Мысалы, «Маркс, Энгельс, Ленин дін туралы», «Коммунистік партияның дінге көзқарасы», «Ислам дінінің адам санасындағы қалдықтарына қарсы күресті күшейтейік» деген кітапшалар бірін-бірі толықтырудан артыққа қалай барады. Діни мейрамдар мен әдет-ғұрыптар, «әулиеге» табыну салты, ескі әдет-ғұрыптар және сәуегейлік сияқты лекторлар мен насихатшыларға аз-мұз болса да мәлім, қанық мәселелер көп әңгімеленеді. Ал оның есесіне, діннің тұрмысқа, тәрбиеге, мәдениетке тигізген зиянды әсері жан-жақты көрсетілмей, арнайы талданбай қалып қояды. Үлкен суреткер Мұқтар Әуезов бейнелеген, өнер атаулыдан зәресі ұшып безетін Құнанбай сияқты жандар кәзір де кездесетіні бекер емес. Ол, әрине ислам дінінің кертартпа әсерінің бізге ілесіп жүрген қалдықтарының бірі екені анық. Діни нанымдардың, ескінін қалдықтарының біздің тұрмысымызға залалы аз тиіп жүрген жоқ. «Капитализмнің дақтары» әсіресе, тұмыста терең жатқаны мәлім. Сөз жоқ, социалистік экономика, қоғамдық және социалистік құрылыс біздің тұрмысымызға шешуші ықпал жасайды. Коммунистік мораль жүріс-тұрысымыздың берік дінгеі болып табылады. Дегенмен тұрмысымызда жеке меншіктілік психологиясы, әйелге ескіше қарау, бірденені ырым ету және тағы сондайлар әлі жойылмай отыр. Тұрмысымыздағы осы көлеңкелі жақтарды шебер, өткір және терең әшкерелейтін кітапша артық болмайтын еді.

Кітапшалардың денін жазған алматылық авторлар. Сондықтан кейбір кітапшада нақты өмірден алынған тың мысалдар мен фактілер жетпей жатады. Кітапшаны құрастырушы Қ. Мұқаметқалиев жолдастың бұл олқылықты толықтыруға мүмкіндігі бар болатын. Атеист лекторлар мен насихатшылардың республикалық семинарында болған бір-екі жолдасқа тікелей жұмыс жайлы сөз бергенде діни соқыр сенімдерге қарсы күрестің тәжірибесі де, жергілікті жердегі жұмыстың ерекшелігі де көрініп қалатын еді. Рас, Қ. Мұқаметқалиев жолдас өзі жазған кітапшада ғылыми-атеистік насихаттың кейбір түрлері мен әдістерін: лекцияны, әңгімені, газет мақаласы мен консультациясын, мәдени-ағарту мекемелерінің жұмысын, көркем әдебиетті қолдану жолын, мектептегі оқу-тәрбие жұмысының ролін көрсеткен. Ал егер «оқыған лекциялар әр қашан да тыңдаушыларға қонымды, қызықты» болатынын, кім лекцияға, әңгімеге қалай әзірленіп, «нақтылы мысалдармен өз тыңдаушыларын» қалай қызықтыра білетінін» өз аузынан айтып берсе жақсы болар еді.

Мұның бәрін тергіштеп айтып отырғанымыз келешекте пайдасы болар деген ой. КПСС Орталық Комитетінің 1954 жылғы 10 ноябрьдегі «Халық арасында ғылыми-атеистік насихат жүргізудегі қателіктер туралы» қаулысына сәйкес байсалды өрістеген бұл жұмысымыз жоғары мәдениеттілікті, шеберлікті талап етеді.

Ә. Кәкімжанов жолдастың жатық тілмен, желдірте жазылған кітапшасы дін «адамның маңдайына жазып қойған» ежелгі нәрсе емес екенін дәлелдейді. Дін адам санасы дамуының төменгі сатысында пайда болғанын, кейін ол үстем таптың құралына айналғанын автор жақсы баяндайды.

«Дін қоғамдық сананың бір түрі. Ол — дүниеге көзқарастың, төңіректегі дүниені түсіндірудің бір түрі. Дүниеге көзқарастар түрлі-түрлі болады. Олардың дұрыстары да, терістері де бар. Дінге келсек, ол — дүниеге теріс көзқарас» деген маркстік пайымдауды түсіндіре келіп, Кәкімжанов жолдас дүниеге алғашқы теріс көзқарастар, діни ұғымдар



адамның табиғат алдындағы дәрменсіздігінен, қорқудан, құбылыстарды түсіне алмаудан барып шыққанын жазады. Одан әрі автор дін тарихи категория екенін, адамның материалдық тұрмыс жағдайы өзгеруіне сәйкес оның да өзгеріп отыратынын атап көрсетеді. Ол «Бір құдайға құлшылық етуді уағыздайтын соңғы діндер қоғамның тапқа бөлінуіне және мемлекеттің пайда болуына байланысты шықты... Мемлекет шықпаған болса, патша, халиф, сұлтан, хан сияқты жеке билеп-төстеушілер шықпаған болса, бір құдай туралы ұғым пайда болмаған болар еді» деп айта келіп, «дін адам баласымен туа біткен және ежелден келе жатқан қоғамдық сана емес» деп түйеді.

Автор ислам діні қандай қоғамдық материалдық жағдайда пайда болғанын тарихи фактілерге сүйеніп түсіндіреді. Кәкімжанов жолдас ислам діні қазақ жеріне X—XI ғасырда тарай бастағанын, ол ең алдымен оңтүстік аудандарда, соның өзінде де көбінесе үстем тап арасында орын тепкенін, кейін бұл дін күшпен таратылғанын айтады.

Ә. Жәкетова жолдастың «Әйел және дін» деген тартымды публицистика тілмен жазылған кітапшасы ислам дінінің әйелдер жөніндегі кертартпа уағзын сынады. Әйелді кеміту, оның праволарын аяққа басу, әйелді қоғамдық өмірден алыс ұстау, түрлі діни қағидаларды бүркеніп, әйелдің ой-өрісін, талабын, жігерін тежеу ескіліктің зиянды қалдықтары дейді автор. Жәкетова жолдас діни әдет-ғұрыптардың әсерімен туған, әлі де жойылып болмаған күйінішті жайларды жирене әңгімелейді. Автор «Әйелдердің ар-намысына, адамгершілік қасиетіне нұқсан келтіруге тырысқан әрбір адам дер кезінде әшкереленіп, оған тиісті шара қолданып отыру керек, мұндайлардың алдын алу үшін ең алдымен әйелдердің өздері жұртқа үлгі болуға тиіс... қазақ әйелдері жасқаншақтықты қойып, ескі салт-сананың кейбір көріністеріне қарсы тұрып, совет өкіметі берген зор правоны орынды, толық пайдалана білуге тиіс» деп жазады.

А. Құрманғалиев жолдас өз кітапшасын «Мешіт-шіркеулердің ғылымға қарсы өтіріктерін ғылыми-дәлелдермен; ең алдымен коммунизм құрылысының тәжірибелерінен алынған нақты мысалдардың көмегімен теріске шығару керек» деген орынды пікірден бастайды. Автор ислам дінінің бес парызы, діни мейрамдары, шариятқа сәйкес кейбір әдет-ғұрыптары не екенін айтып береді. Құрманғалиев жолдас ислам дініндегі дәстүр тың нәрсе емес екенін, бұл дәстүр басқа діндерден алынғанын жазады. «Ораза, шынында, еңбекші халықты аш-жалаңаштыққа көнбіс ету, тіпті оның өзін құдай ісі деп ұғындыру үшін ойланып табылған айла» дейді автор. Кітапшада ораза және құрбан айтының көзі ертегі екені баяндалады. Құрманғалиев жолдас діни мейрамдарды кәдейтіндер қоғамға үлкен материалдық зиян тигізетінін, уақытын босқа өткізетінін дәлелдейді.

Ж. Дүйсенбин жолдас жазған кітапша дінге сенушілер «әулие» деп санайтын мекендердің сырымен таныстырады. Автор ислам дінінде «әулиелік» мекендер деп танылған... құрылыстардың еңбекші халықтың табан ет, маңдай терімен салынғанын, бұл діни орындардың адам ой-өрісін шырмал, бұқараны діни жалған нанымдарға сендіруге, бұл дүниеден үмітсіздендіруге қызмет етіп келгенін» жазады.

«И. В. Мичурин ілімінің ғылыми-атеистік мәні» атты кітапшада ғылымның нақты дәлелдері, табыстары алдында діннің дәрменсіздігі, құты қашатыны сөз болады. Белгілі бір құбылыстың себебі анық болмаса «құдай солай жаратты, солай болады» дейтін діншілдердің уағзы ми-чуриндік биологияның даусыз фактілері алдында желден ыққан түтіндей ыдырайды.

Кітапшада дін бүкіл ғылымға, әсіресе озат маркстік ғылымға жат екені баяндалады. Д. Сәрсенбаев жолдас «аллатағала адамды сұдан жаратты», «зергер сияқты балшықтан соқты», «бір түйір ұйыған



қаннан жаратты», топырақтан, «сыбысты құрғақ сары балшықтан», шайыр балшықтан, сасық балшықтан жаратты» деген сияқты құранның әр жерінде айтылған сөздерді келтіріп, діни уағыздың негізсіздігін әшкерелейді.

Ғылым дүниені құдай жаратқан жоқ, ол табиғаттың, жаратылыстың даму заңымен пайда болған дейді. Ғылымның бұл тұжырымы нақты фактіге сүйенеді, ал дін мұндай бірде-бір факт ұсынып көрген емес, оның фактісі жоқ, болмайды да.

Қоғам өмірінің материалдық жағдайы адамға, ұлтқа, нәсілге шешуші ықпал етеді. Ұлттың, жеке адамның, нәсілдің, түрлі қоғамдық-тарихи жағдайға байланысты артта қалуын материалдық жағдайды өзгерту арқылы жоюға болады. Бірақ материалдық жағдайды жанғырту ғана мысанаға жеткізеді деу ағаттық болады. Табиғат пен қоғам дамуының болашағын дұрыс бейнелейтін озат ғылымға негізделген мемлекеттік және қоғамдық құрылыс қана қолайлы материалдық жағдайды ізгі ниетте пайдалана алады, халықтардың әділ, үздік заман туралы үмітін сеніммен жүзеге асырады. Қоғамның езілген таптарының ой-арманына, мақсатына әбден сәйкес келетін озық талапты жүзеге асыруға дін атаулы кедергі болады. Атеист лектордың кітапханасында бұл жайлар едәуір әңгіме болады. Жарлы-жақыбай болғанын құдайдан, басына қасірет түссе — ол да тәнірден, шыда, шыдамды, көнбіс болсаң, сені құдай сүйеді, тулама, бұлқынба, қанаушыға қол көтерме деп, дін еңбекшілердің жігерін жасытады, талабын тоздырады. Сөйтіп ислам діні әділетсіз қоғамды сақтауға, қанаушының билігін нығайтуға, мәңгілік етуге тырысады.

Ислам дінінің басқа діндегі адамдарды дұшпан, қас деп уағыздауы да барып тұрған кертартпа әрекет.

Коммунистік партияның жарты ғасырлық орасан зор жұмысының арқасында пролетарлық интернационализмнің маңызын, мәнін іс жүзінде көрген қазақ халқы ұлы орыс халқымен, Совет Одағының басқа халықтарымен достықты нығайтты және шындай түсті. Мұның өзі діни уағыздардың ешуақытта жолы болмайтынының айқын бір айғағы. Атеист лектор кітапханасы еңбекшілерді пролетарлық интернационализм, советтік патриотизм, коллективизм рухында тәрбиелеуге шақырады.

«Советтік Отанда ғылыми білім бүкіл еңбекшілердің игілігі болып алды. Осы игілік арқылы елімізде дінді түпкілікті жеңіп шығу үшін барлық жағдайлар жасалып отыр. Бірақ дін әсері өзінен өзі жойылады десек қателескен болар едік. Ескілік әрқашан да күрессіз жойылмайды. Діни қалдықтарды жою үшін дінге қарсы ғылыми-атеистік насихатты, еңбекшілердің арасында саяси-тәрбие жұмысын өрістете беру қажет» дейді Ж. Аралбаев жолдас өз кітапшасында. Бұл бүкіл кітапхананың рухы, нысанасы.

С. ХАЙДАРОВ.



## Әлеуметтік-экономикалық терминдер

Республикамызда қоғамдық-саяси әдебиет, әсіресе марксизм-ленинизм классиктерінің еңбектері, партиямыздың қаулы-қарарлары қазақ тілінде кеңінен тарауда. «Совет Одағының Коммунистік партиясы тарихының» тараулары журналымыздың бетінде қазақша жарияланып жүр. Үстіміздегі жылы қазақ тілінде маркстік философия оқулығы шықпақшы. Бұдан бір-екі жыл бұрын саяси экономия оқулығы қазақ тілінде басылып шықты.

Аударма әдебиет көлемінің осылай өсуі нәтижесінде және ұлы орыс тілінің тікелей әсерімен қазақ тіліне терминдік мағнасы бар жаңа сөздер, ғылыми жаңа ұғымдар кеңінен еніп, тіліміздің сөздік қоры молыға түсуде. Міне осы жағдайды және оқушыларымыздың бұл жөніндегі көптеген тілектерін еске ала келіп, журналымыздың бұдан былайғы номерлерінде әлеуметтік-экономикалық терминдерге түсіндірме беріп отырмақшымыз.

Бұл қысқаша түсіндірме аударма әдебиеті арқылы қазақ тіліне енген әлеуметтік-экономикалық терминдерді, әрине толық қамти алмайды. Сондықтан редакция өзінің алдына партия оқуы жүйесінде қазақ тілінде оқытындарға көмек ретінде жалпы қоғамдық саяси әдебиетіміздегі, партия тарихы, философия және саяси экономия оқулықтарындағы, марксизм-ленинизм классиктерінің еңбектеріндегі ең негізгі, неғұрлым көп қолданылатын термин сөздерге ғана қысқаша түсінік беруді міндет етіп қойып отыр.

Сөздікті құрастырып, қазақша түсінік беруші КПСС Орталық Комитетінің жанындағы Марксизм-ленинизм институты қазақ филиалының аударма секторының меңгерушісі Хамит РАХИМОВ жолдас.

Оқушы жолдастар, өздеріңіздің бұл термин сөздер жөніндегі пікірлеріңізді, ұсыныстарыңыз бен тілектеріңізді редакцияға жіберіп отыруларыңызды сұраймыз.

### А

**Абсолют** — абсолют (идеалистік философияда — әлемнің мәңгілік, шегі жоқ түп негізі; құдай, тәңірі дегенге мәндес сөз<sup>1</sup>).

**Абсолютизм** — абсолютизм (шектеусіз монархия — жоғарғы өкімет бір ғана адамның тежеусіз, шектеусіз билігінде болатын басқару түрі. Мысалы, бұрынғы Россияда — патша, Батыс Еуропада — император, король т. т.).

**Абсолютная идея** — абсолюттік идея (Гегельдің идеалистік философиясы бойынша дүниенің табиғаттан, адамнан бұрын болған, соларды жаратушы алғашқы негізі. Гегельдің «абсолют», «абсолюттік рух», «абсолюттік идея» дегендері дінді ақтау үшін құдайға берілген жаңа атау).

**Абсолютная истина** — абсолюттік ақиқат (дүниені толық, жан-жақты, сарқа білгізетін ақиқат деген мағнада. Ғылым, практика ілгері барған сайын адамның табиғат жөніндегі түсініктері тереңдей, анықтала, жетіле түседі. Дүниені тануы

мыз қоғамдық практиканың даму дәрежесіне, қоғам өмірінің тарихи жағдайларына байланысты. Сондықтан дамудың белгілібір кезеңінде ғылымның анықтаған ақиқаты абсолюттік, түпкілікті, жеті анықталып болған ақиқат бола алмайды, ол относителді ақиқат. «Адамның ойы, — дейді Ленин, — ... бізге относителдік ақиқаттардың жиындығына құралатын абсолюттік ақиқатты білдіре алады... бірақ әрбір ғылыми қағиданың ақиқаттығының шегі относителді...» (Шығармалар, 14-том, 139-бет).

✓ **Абсолютное обнищание** — абсолюттік қайыршылану (капитализм жағдайында жұмысшы табының тұрмыс дәрежесінің бұрынғы дәрежемен салыстырғанда төмендей беруі. Пролетариаттың абсолюттік қайыршылануы капитализмнің экономикалық заңы).

✓ **Абсолютная прибавочная стоимость** — абсолюттік қосымша құн (капиталистік қанау жағдайында жұмыс күнін ұзарту арқылы өндірілетін қосымша құн).

✓ **Абсолютная рента** — абсолюттік рента (жерге жеке меншік монополиясы болғандықтан жерді жалға алушы арендаторлардан жер иелері алатын қосымша құнның бір бөлегі. Абсолюттік рента жер иелерінің еңбексіз табысы. Бұл рен-

<sup>1</sup> Жакпаның алдындағы сөздер — алынып жүрген терминдер, ал жакпаның ішіндегі сөздер — сол терминдерге берілген түсінік.



та ауылшаруашылық өнімдерінің бағасын көтеріп, капиталистік елдерде еңбекшілер бұқарасының тұрмыс күйін нашарлатады. Жерге жеке меншік болмағандықтан біздің елде абсолюттік рента жоқ).

**Абстрактный труд** — абстрактылы еңбек (қолданылу түріне қарамастан товар өндірушілердің товардың құнын жасайтын жалпы еңбегі. Еңбектің нақты түрлері — тігінші еңбегі, етікші еңбегі, егінші еңбегі дегендей аралуан болғанымен де, ол өзі адамның миы, жүйкелері, бұлшық еттері сарып етілетін жалпы адам еңбегі, қоғамдық жиынды еңбектің бір бөлшегі болады, сондықтан да абстрактылы еңбек дегеніміз — қоғамдық еңбек).

**Абстракция** — абстракция (жалпыламау, дерексіздендіру; ұғым арқылы білдірілетін, табиғаттың не қоғамның материалдық процесінің ішкі мәнін көрсететін ғылыми ұғым. Дүние тану процесінде қарастырылып отырған құбылыстың онша мәнді емес кейбір жақтарына соқпай, назарды оның негізгі, мәнді белгілеріне аудару — ғылыми абстракция).

**Авангард** — авангард (алдыңғы қатарлы, басшы отряд. Мысалы, Коммунистік партия — совет халқының күресерде шыныққан авангарды. Әскери мағнада негізгі әскер күшінің алдында жүретін бөлегі).

**Авантюра** — авантюра (тәуекелге негізделген қатерлі, арам ойлы, есуастық әрекет. Мұндай әрекет сәтсіздікке апарып соқтырады. Мысалы, империалистердің соғыс авантюрасы. Ал осындай әрекетке сүйенген принципсіз, арам ниетті, ұрыншақ адамды авантюрист дейді).

**Августовский блок** — август блогі (партияға қарсы топтар мен ағымдардың — трокистердің, жойымпаздардың, шақырымпаздардың, қолдан құдай жасаушылардың — 1912 жылы августта Троцкийдің басшылығымен құрылған бірлестігі — одағы. Бұл блоктағылар большевиктердің негізгі талаптарына — демократиялық республика, 8 сағаттық жұмыс күні, помещик жерлерін конфискациялау ұранына — қарсы шықты. Блок бұқарамен ешбір байланысы болмай 1913 — 1914 жылдары тарап кетті).

**Автаркия** — автаркия (капиталистік елдерде басқа елдермен экономикалық байланыс жасамай, экономика, шаруашылық жағынан дербес оқшау болғысы келетін мемлекет. Өзімен өзі болу).

**Автоматизация производства** — өндірісті автоматтандыру (машиналардың автоматтық жүйесін енгізу, бұл — өндірісті механикаландырудың жоғарғы түрі. Өндірісті автоматтандыру бізде өнеркәсіптің түрлі-түрлі саласында кең өріс алууда).

**Автономия** — автономия (өзін өзі басқару; бір мемлекет ішінде жеке ұлттардың саяси жағынан өзін өзі басқаруы, сол ұлттардың автономиялық өкімет билігін жүргізуге правосы. Автономиялы облыс, автономиялы республика).

**Агентура** — агентура (агенттік қызмет, іс; белгілі бір мекеменің жинақ аты — агенттік; шет мемлекеттердің тыңшылары, диверсанттары).

**Агностицизм** — агностицизм (объективтік дүние мен оның заңдылықтарын тану мүмкін емес дейтін идеалистік философиялық көзқарас. Агностицизм көзқарасындағы философ агностик деп аталады. Агностиктер айналамыздағы дүниенің бар екенін бекерге шығарады, немесе объективті шындықтың бар екенін сөз жүзінде мойындайды да, оны танып білуге болмайды дейді, сөйтіп, сайып келгенде, материяны жоққа шығарады).

**Аграрный вопрос** — аграрлы мәселе (деревнядағы жер қатынастарының, таптар мен тап күресінің мәселесі. Түрлі қоғамдық-экономикалық формацияда аграрлық мәселенің мазмұны түрліше болады. СССР-де аграрлық мәселе Ұлы Октябрь социалистік революциясының нәтижесінде толық шешілді. Жер мемлекеттік меншікке айналдырылып ауыл-деревня да колхоз құрылысы орнады).

**Аграрное перенаселение** — аграрлық артық халық (капитализм тұсында күйзелген шаруалардың есебінен құралатын ауыл шаруашылығындағы басы артық халық, бұлар ауыл шаруашылығымен болар-болмас қана шұғылданады, өнеркәсіпте өзіне жұмыс таба алмайды, сондықтан бұлар капиталистер мен помещиктер үшін арзан жұмысшы күшінің қайнар көзі).

(Жалғасы бар)

### РЕДАКЦИЯ КОЛЛЕГИЯСЫ:

Сағындықов К. (бас редактор), Айтмағамбетов З., Әбілдаев Қ., Бәйішев С., Бейсенбаев С., Жанкелдин Т., Омаров Б., Ордабаев Б. (жауапты секретарь), Ыдырысов Т.

Редакция адресі:  
Алматы қаласы,  
Комсомол көшесі, 103.  
Тел. 23-03, 24-95.

11/IV-1959 ж. басуға қол қойылды, қағаз 70×108<sup>1</sup>/<sub>16</sub>—3,5 к.—9,59 авт. т.

УГ02295. Тиражы 18500. Алматы, ҚКП Орталық Комитетінің баспаханасы. Заказ 185.

1049976



ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІН  
АЙ САЙЫН ШЫҒЫП ТҮРАТЫН ТЕОРИЯЛЫҚ  
ЖӘНЕ САЯСИ

*Қазақстан*  
**КОММУНИСТІ**

журналына бұдан былай да  
жазыла беруге болады.

«Қазақстан коммунисті» журналы маркстік-лениндік философия, Коммунистік партияның тарихы мен теориясы, саяси экономия мен нақты экономика жөнінде мақалалар, лекциялар және консультациялар жариялайды.

Журналда республика партия ұйымдарының ұйымдастыру және идеологиялық жұмыстары жазылады, партия комитеттерінің, бастауыш партия ұйымдарының жұмыс тәжірибелері қорытылады.

Журналда облыстық газеттерге және республикалық салалық журналдарға шолулар, жаңа кітаптарға рецензиялар жарияланады, сол сияқты әдебиет пен көркемөнер мәселелері бойынша мақалалар, оқушылардың сұрауларына жауаптар беріледі.

Журналдың 1958 жылғы 11 номерінде бастап Совет Одағы Коммунистік партиясының тарихы туралы жаңа оқулықтың тараулары жариялана бастады.

**ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:**

8 айға—12 сом,

6 айға—9 сом.

Журналға „Союзпечатьтін“ барлық бөлімдерінде, байланыс бөлімшелерінде жазылуға болады.